

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

7

С.Ч.Тұрсынғалиева
Р.Зайкенова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3(5Қаз)я72
Т 86

Т 86 Тұрсынғалиева С. Ч., ж.б.
Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық.
Тұрсынғалиева С. Ч., Зайкенова Р. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2017. – 192 бет.

ISBN 978-601-318-005-2

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3(5Қаз)я72

ISBN 978-601-318-005-2

© Тұрсынғалиева С. Ч.,
Зайкенова Р., 2017
© «Арман-ПВ» баспасы, 2017

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

Жаңа тақырыпты меңгеру тапсырмалары – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары

1 Білу

2 Түсіну

3 Талдау

4 Жинақтау

5 Қолдану

6 Баға беру


 **Зергер сөз** түйінді ой

 **Даналық ойдан дән ізде** ақын-жазушы туралы пікір, ойтолғау

 **Сөздің көркі – мақал** мақал-мәтелдер

 **Бағалы дерек** қызықты мәлімет

 **Сөзмаржан** – түсіндірме сөздік

 **Сұрақтар мен тапсырмалар** – әдебиет теориясын меңгерту тапсырмалары

 **CD 1–11** – фильмнен үзінділер, шығармалардың аудионұсқасы

 **Әдебиет теориясы** – әдебиеттану ғылымының түсініктері

 **Диалог құру** – сұхбаттасу, пікірлесу

 **Кітапсүйерлер үшін** – қосымша оқуға ұсынылған әдебиеттер

Артық болмас білгенің – танымдық мәліметтер

КІРІСПЕ

Зергер сөз

Әдебиет – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері – бұл сөз өнері болады (қазақша *асыл сөз*, арабша *әдебиет*, еуропаша *литература*). Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан.

А.Байтұрсынұлы

Қымбатты достар! «Қазақ әдебиеті» оқулығы сендерді өз әлеміне шақырады. 7-сыныпта қазақ ауыз әдебиетінің інжу-маржаны болып саналатын лиро-эпостық жырлар мазмұнымен танысасыңдар, халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, тұрмысы мен мәдениеті, шешендік сөз үлгілеріне үңілуге мүмкіндіктерің болады. Сондай-ақ жыраулармен, ХІХ–ХХ ғасыр әдебиеті өкілдерінің туындыларымен танысып, қазіргі заман ақын-жазушыларының шығармаларын оқып, талдайссыңдар.

Сыныптан сыныпқа көшкен сайын білімдерің жетіліп, қоршаған ортаға деген көзқарастарың өзгереді. «Ойларыңның ұшқыр, қиялдарыңның шексіз болуына әсер ететін нәрсенің бірі – сөз». Сөз арқылы айналаны, әлемді танысыңдар, ойларыңды жеткізесіңдер. Сөзді дұрыс, орнымен пайдалану да өнер. Ал сөз өнері дегеніміз – әдебиет. Әдебиет деген не? «Әдебиет» – араб сөзі, аударғанда «үлгілі сөз» деген мағынаны білдіреді. Әдебиет өнердің музыка, бейнелеу өнері, театр, кино сияқты түрлерімен тығыз байланысты.

Құрметті достар! «Қазақ әдебиеті» пәнінің мақсаты – көркем әдебиет туындыларынан жүйелі түсінік беру, көркем шығармалардың мазмұнын, идеялық-тақырыптық мәнін айқындай білу, көркем шығармадағы оқиғаға, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға беру, авторлық ұстанымды анықтай білу, сөздік қорды молайтуға, әдеби тіл нормасын игеруге жағдай жасау.

Қойылған мақсатқа жету үшін, оқулықта берілген тапсырмаларды мұқият орындауларың қажет. Күрделі тапсырмаларды орындауда хрестоматия материалдарын, әртүрлі сөздіктер мен анықтамалықтарды, басқа да қосымша дереккөздерін, ғаламтор арқылы қызықты мәліметтер қорын да пайдалануға болады. Мәтінмен

жұмыс істеу дағдысын дамыта отырып, жаңа жұмыс түрлерін де игеріп алуға тырысыңдар.

Оқулықтың құрылымы және оқулықпен қалай жұмыс істеу керек?

Қолдарыңдағы оқулық сендерді әңгімелесе отырып, тақырыптан тақырыпқа жетелейді, тапсырмаларды орындау алдында бағыт-бағдар, кеңес беріп отырады, білімдеріңді тексеруге де мүмкіндік туғызады. Оқулық *«Көне күндерден жеткен жәдігерлер»*, *«Толғауы тоқсан қызыл тіл»*, *«Балалар мен ұлкендер»*, *«Ұрпақ тәрбиесі»* атты бөлімдерден тұрады. Әр бөлім оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес тақырыптарды қамтиды.

Тақырыптардан кейін *«Білу»*, *«Түсіну»*, *«Талдау»*, *«Жинақтау»*, *«Қолдану»*, *«Баға беру»* деп аталатын қадамдардан тұратын **«Жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеру тапсырмалары»** берілді. Қадамдар тапсырмаларының мазмұны қарапайым білім мен түсінік деңгейіндегі, білімді қолдану және талдау деңгейіндегі, шығармашылық және ізденушілік сипаттағы тапсырмаларды қамтиды. Ойнап отырып ойлау – қиялдарыңа қанат бітіріп, жаңа да қызықты жайттарды біліп алуларыңа көмектеседі, сондықтан тапсырмалар мазмұнына оқыта-үйрету ойындары енгізілді. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы өздеріңнің алған білімдеріңді тексересіңдер, дайындық деңгейлеріңді көресіңдер, *«не білемін?»*, *«не білдім?»*, *«нені білгім келеді?»* деген сұрақтарға жауап та аласыңдар. **«Артық болмас білгенің»**, **«Бағалы дерек»** айдарларымен тақырып бойынша білімді кеңейтуге бағытталған танымдық материалдар ұсынылды. Онда ғылыми, тарихи, мәдени деректермен қоса ақын-жазушылар өміріне байланысты қызықты мәліметтер берілді. **«Даналық ойдан дән ізде»**, **«Сөздің көркі – мақал»** айдарлары өздеріңе ұнаған пікірлер мен ұлағатты, нақыл, қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді жинауды, есте сақтап, орнымен қолдануды үйретеді. Сөз құпиясын ашуға арналған **«Сөзмаржан»** айдары сөздік қорларыңды толықтырып, әдемі сөйлеп үйренуге ықпал етеді.

Достар! Өздеріңе арналған **«Қазақ әдебиеті»** оқулығына шағын зерттеу жүргізіңдер. Алдымен оқулықтың сыртқы мұқабасының безендірілуіне көңіл аударыңдар. Оқулықтың мұқабасы кітап мазмұнын аша ма? Оқулықтың құрылымы қандай екен? Қандай

Даналық ойдан дән ізде

Кітап – алтын сандық,
Іші толған қазына, құт,
Оқы, оқы, ойыңа тұт.

Халық даналығы

Көркем әдебиет – қоғам
өмірінің айнасы.

Қ.Жұмалиев

Әдебиет – ақиқат өмірдің
сырлы суреті, халықтың
көркем тарихы.

З.Қабдолов

ақын-жазушылардың шығармалары енгізілген? Қандай айдарлар берілген? Ұсынылған сұрақтар мен тапсырмалар жүйесінен қандай ерекшелікті байқадыңдар? Сюжетті суреттер шығарма мазмұнын аша ма? Сұрақтарға жауап бере отырып, оқулық туралы пікірлеріңмен бөлісіңдер. Іске сәт, достар!



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Әдебиет» дегеніміз не?
2. Өздеріңнің сүйікті кітаптарыңды, кейіпкерлеріңді атаңдар. Неліктен ол кітаптар ұнайды?
3. Қолдарыңдағы «Қазақ әдебиеті» оқулығын ашып көріңдер. Сыртқы мұқабасына, ішіндегі мәтіндерге назар аударыңдар. Оқулыққа енгізілген шығармалар, туындылары ұсынылған ақын-жазушылар туралы не білесіңдер? Берілген тапсырмаларға, суреттерге көңіл бөліңдер.
4. «Қазақ әдебиеті», «әдебиет» деген сөздерге байланысты түсініктеріңді сөздер, суреттер, сызбалар мен таңбалар арқылы бейнелеп көрсетіңдер.



Диалог құру

Мәтін мазмұны бойынша парталастарыңмен диалог құрыңдар.

I ТАРАУ

КӨНЕ КҮНДЕРДЕН ЖЕТКЕН ЖӘДІГЕРЛЕР

Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек.

Н.Назарбаев

Қымбатты достар! Қазақ әдебиетінің асыл қазынасының, бай мұрасының бір тармағы – лиро-эпостық жырлар. Олардың сендер 5-сыныпта өткен «Батырлар жырынан» қандай айырмашылықтары бар екен?

ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАР

Естеріңе түсіріңдер:

Халық ауыз әдебиеті дегеніміз не?

Қазақ ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар?

Меңгерілетін білім:

Лиро-эпостық жырлар дегеніміз не?

Лиро-эпостық жырлардың ерекшелігі қандай?



CD 01

Халық ауыз әдебиетінің бір саласы – лиро-эпостық жырлар.

Зергер сөз

Ғашықтық жырлардың тақырыбы – сүйіспеншілік, лиро-эпоста реалистік арна үстем. Лиро-эпоста қазақ қоғамының ішкі қайшылықтары, халық өмірінің шынайы суреттері көрсетіледі.

М.Әуезов

Ерте кезде туған және күрделі оқиғаға құрылған жырдың бір түрі – *лиро-эпостық жырлар*. Бұл жырлар *ғашықтық жырлар, тұрмыс-салт жырлары* деп те аталады. Лиро-эпостық жырлар – халық ауыз әдебиетінің бір саласы. «Эпос» баяндау дегенді білдіретін көркем әдебиеттің негізгі жанрларының бірі болса, «лирика» – адамның көңіл күйін, сезімдерін бейнелейтін жанр. Лиро-эпостық жырлар – лирика мен эпосқа тән элементтерді қамтиды.

Лиро-эпостық жырлардың тақырыбы қандай?

Егер батырлар жырының басты тақырыбы ел қорғау болса, лиро-эпостық жырлардың мазмұны халықтың тұрмыс-тіршілігіне, үйлену салтына, әдет-ғұрпына байланысты туады. Лиро-эпостық жырлардың кейіпкерлері – қарапайым адамдар. Негізгі тақырыбы – махаббат, екі жастың арасындағы ғашықтық пен сүйіспеншілік, олардың қайғысы мен мұңы. Мұнда, көбінесе, жастар, олардың бас бостандығы, махаббаты мен сүйіспеншілігі, ішкі сезімі, арманы, қуанышы мен қайғысы туралы айтылады. Лиро-эпостық жырларда жастардың бас еркі болмағандығы, олардың армандарына жетіп, сүйгендеріне қосылу жолында көптеген кедергілерге кездескендігі, ол бөгеттерді жеңе алмай, ауыр аза, зор қасіретке ұшырағандары суреттеледі. Демек, лиро-эпостарда адамның әртүрлі көңіл күйін, ішкі жан сырын, толғанысын, күйініші мен сүйінішін суреттеу басым болып келеді. Сондықтан да лиро-эпостық жырларды *ғашықтық жырлар* деп те атайды.

Лиро-эпостық жырларда халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі кеңінен бейнеленеді. Қазақ ауылдарының ішкі өмірі мен тұрмысы, адамдардың қарым-қатынасы, рулар тартысы да осы жырлардың

суреттеу нысаны болған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» жырлары қазақ халқының лиро-эпостық жырларының інжу-маржаны болып саналады.

Ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді лиро-эпостық жырлар да ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылып, көптеген өзгерістерге ұшырау арқылы жеткен. Мысалы, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпостық жырларының жиырмаға жуық нұсқалары бар екені анықталып отыр. Сондықтан да жырдың туған мерзімі мен шығу тегін, жанрлық белгілерін сипаттау, анықтау қиындық тудырады.

Даналық ойдан дән ізде

Халқын сүйген –
Салтын сүйер.

Халық даналығы

Ауыз әдебиетінің тіл байлығын пайдаланыңдар, одан үйреніңдер. Халықтың ауыз әдебиетін білмейінше, еңбекші халықтың нағыз тарихын білу мүмкін емес.

М.Горький

Артық болмас білгенің

«Лиро-эпостық жырлардың қай мезгілде пайда болғанын кесіп айту өте қиын. Өйткені ол кезде жырлар қағаз бетіне түспеген және басқа да жөнді дерек сақталмаған, тек ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтумен жетіп отырған. Мүмкін бұл нұсқалардың көпшілігі көне заманда туып, тарала бастады десек те, халық арасына жайылған аңызға қарағанда, сол жырлардың бірқатарын XVIII–XIX ғасырларда өмір сүрген атақты ақын-жыраулардың ел аралап айтып жүргені, өндеп, жөндегені мәлім. Қалайда олардың туып, дамып, сан түрлі өзгерістен өтіп, бізге келіп жеткеніне дейін талай замандар бастан кешірген болу керек».

Ы.Дүйсенбаев

1

Білу

1. Лиро-эпостық жырлар қандай шығармаларға жатады? Олардың басқа қандай атаулары бар?
2. Лиро-эпостық жырлардың мазмұны қандай оқиғаларды қамтиды?
3. Ғашықтық жырлар біздің дәуірімізге дейін қалай жеткен?
4. Лиро-эпостық жырлардың кейіпкерлері кімдер?
5. Лиро-эпостық жырлардың негізгі тақырыбы қандай?
6. Лиро-эпостық жырлардың ерекшеліктерін атап беріңдер.
7. Қазақ халқының қандай лиро-эпостық жырларын білесіңдер?
8. Қандай лиро-эпостық жырларды оқыдыңдар?

2


Түсіну

1. Неліктен лиро-эпостық жырларды ғашықтық жырлар деп те атайды?
2. Лиро-эпостық жырлардың көп нұсқалы болып келу себебі неде?

3

Талдау

Лиро-эпостық жырларды өздерің білетін батырлар жырымен салыстырыңдар. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын «Венн диаграммасы» арқылы көрсетіңдер.



4

Жинақтау

Лиро-эпостық жырлар туралы білгендеріңді жинақтап, тірек сызба түрінде көрсетіңдер.

5

Қолдану

1. Лиро-эпостық жырлар туралы мазмұндаудың жоспарын құрып, айтып беріңдер.
2. Мәтін мазмұны бойынша тест сұрақтарын құрастырыңдар. Компьютердің мүмкіндігін пайдаланып, дұрыс жауаптарды тексеру және бағалау кестесін құрыңдар.
3. Мәтіннен зат есім+сын есімнен тұратын сөз тіркестерін теріп жазыңдар.

6

Баға беру

1. Бөлімнің «Көне күндерден жеткен жәдігерлер» деп аталу себебі неде деп ойлайсыңдар? Пікірлеріңді білдіріңдер.
2. Зерттеуші-ғалым Ы.Дүйсенбаевтың лиро-эпостық жырлар туралы айтқан пікіріне қандай ой қосар едіңдер?
3. Лиро-эпостық жырлардың маңызы қандай?



Кітапсүйерлер үшін

«Бабалар сөзі» топтамасынан қазақтың лиро-эпостық жырлары туралы оқыңдар.



Диалог құру

Лиро-эпостық жырлар туралы екеуара сұхбат құрыңдар.

Қазақтың көшпелі өмірі мен әдет-ғұрпын кең көлемде суреттеп, қазақты күллі әлемге танытқан «Қыз Жібек» жыры әлемдік әдеби мұраға кірді. Жыр тарихы бізді де бейжай қалдырмайтыны анық.

«Қыз Жібек» жыры туралы

Шамамен 500 жылдық тарихы бар «Қыз Жібек» жыры – қазақтың көне мұраларының бірі, лиро-эпостық дастандарының ішіндегі ең көркемі. Қазақтың ұлт болып, бір ту астында хандық құрған кезінен басталған тарихы, көшпелі өмір салты мен дәстүрі «Қыз Жібекте» толық суреттелген. Бұл дастан XIX ғасырда қағаз бетіне түсіріліп, 1894 жылы алғаш рет Қазан қаласында басылып шықты. XV–XVI ғасырда шыққан жырдың «туған жері» – Батыс Қазақстан жері. Жырдағы жер-су атаулары мен рулар аты соны меңзейді.

«Қыз Жібек» жыры – аңыз емес, тарихи оқиға, кейіпкерлері өмірде болған адамдар. Жырдың негізгі кейіпкерлері – Төлеген мен Жібек – бірін-бірі шын сүйген ғашықтар. Әке батасынан аттап кеткен Төлегеннің өлімі мен Жібектің қайғылы тағдыры – жыр мазмұнының арқауы.

«Қыз Жібек» жырында қазақтың сол кезеңдегі тарихи тағдыры, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, сана-сезімі кең қамтылған.

«Қыз Жібек» жыры – қазақ халық ауыз әдебиетінің ең бір таңдаулы туындысы.

Естеріңізге түсіріңдер:

Лиро-эпостық жырлар дегеніміз не?

Қандай лиро-эпостық жырларды білесіңдер?

Меңгерілетін білім:

«Қыз Жібек» жыры қандай жыр?

Жырдың қысқаша мазмұны қандай?

Зергер сөз

Қазақтың өткеннен қалған эпостық мұрасының ішінде «Қыз Жібек» жыры асқан көркемдігімен оқшауланып, ерекшеленеді.

М. Әуезов

Бағалы дерек

1934 жылы жыр негізінде «Қыз Жібек» атты алғашқы қазақ операсы жазылып, Алматының опера және балет театрында премьерасы өтті. Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы республикадағы кәсіби опера өнерінің алғашқы бетін ашқан туынды болды. Музыкалық негізін халық композиторларының өндері мен күйлері құрады. Опера туған театр қабырғасында ғана емес, Үлкен театрдың онкүндігінде де үлкен табысқа ие болды. Мәскеу алғашқы қазақ операсын жылы қабылдап, баспасөзде қойылым туралы көптеген пікірлер айтылды. Тамаша әншілер, әсіресе, Күләш Байсейітова мәскеуліктерді өнерімен таңғалдырды. 1970 жылы режиссер С. Қожықов «Қыз Жібек» көркемфильмін түсірді. Ол әлемнің 43 елінде көрсетілді.

(«Қазақстанның мәртебе тәрі» сайтынан)

Жас достар! Сендерге жырдан Төлеген мен Жібектің алғаш кездескен сәтін, Төлегеннің Бекежанның қолынан қаза болған жерін бейнелейтін үзінділер ұсынылады. Қыз Жібектің сырт бейнесін жыршы қалай суреттегеніне назар аударыңдар.

Қыз Жібек (жырдан үзінді)

Жеті қырдан асқанда,
Күлдірлеген қоңырауды
Есітті сонда құлағы.
Шапса, балта өтер ме,
Жыңғырлаудың тасына?
Нелер келіп, не кетпес,
Ер жігіттің басына.
Қоңырау даусы келгенде,
Көк жорға атты қамшылап,
Жетіп бір келді-ау қасына!
Қыз Жібектің құрметі –
Жиһаннан асқан сәулеті.
Ләйлі – Мәжнүн болмаса,
Өзгеден артық келбеті.
Үш қызы бар қасында-ай,

Өзі он төрт жасында-ай
Кебісінің өкшесі,
Бұхардың гауһар тасындай.
Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашбау шашында.
Қыз Жібектің шаштары –
Қоғалы көлдің құрағы.
Көз сипатын қарасаң,
Сегіз пейіш ішінде,
Хорлардың жаққан шырағы.
Дүрі гауһар сырғасын,
Көтере алмай тұр құлағы.
Бой нұсқасын қарасаң,
Бектер мінген пырағы.
Қыз Жібектің ақтығы –
Наурыздың ақша қарындай.
Ақ бетінің қызылы –
Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары –
Жазғы түскен сағымдай.
Білегінің шырайы –
Айбалтаның сабындай.
Оймақ ауыз, құмай көз,
Іздеген ерге табылды-ай!
Өткірлігін байқасаң,
Ұсталар соққан кетпендей,
Нұр тұқымын еккендей.
Бір ауыз сөз сөйлескен,
Мұратына жеткендей.
Тірісі түгіл, Жібектің,
Өлігіне адам қайырылып,
Бетінен келіп өпкендей!
Қыз Жібекті Төлеген,





Қыз Жібек пен Төлегеннің алғашқы кездесуі.



Ақылыменен танып тұр,
Көз мейірі қанып тұр:
Пейіштен жанған шамшырақ –
Көзі ойнап жанып тұр.
Белі нәзік талып тұр,
Тартқан сымнан жіңішке,
Үзіліп кетпей, неғып тұр?!

...Әлқисса, Төлеген үш ай Жібектің ауылында қалыңдық ойнап, еліне қайтпақ болады... Неше милләт жол жүріп, еліне келеді. Сау-сәлеметтікпен ата-анасымен қосылып, той жасайды, тойдың үстінде Базарбай баласынан:

– Қандай адамға құда болдың? – деп сұрайды. Төлеген барлығын баян етеді.

Сонда Базарбай:

– Шырағым, қайныңа енді қашан барасың? – деді. Төлеген:

– Жазғытұрым барамын, – деді.

Атасы:

– Шырағым, мен бір тілек тілейін, бересің бе, бермейсің бе? Ендігі жылы осы уақытқа шейін бармағын, онан кейін өзім қасыңа көп әскер қосып жіберейін, тілегімді бердің бе? – деді.

Сонда Төлеген айтты:

– Ата, ел-елден артық болмайды екен, ешкімнің қызын көргенім жоқ, жақтырғаным да жоқ, немді берейін, – деп шығып кетті.

Сонда Базарбай кеп жұртына:

Зергер сөз

Ұлтымыздың салт-санасын, әдет-ғұрпын өрелі айшықтаған бұл дана жыр тәуелсіздігіміздің де бір тірегі бола алады. Барша адамзатқа тән ізгі сезім – махаббатты жырлаған осынау дастанның өн бойында елдігімізді нығайтар, Қазақстандағы алуан этностарды біріктіріп, топтастыра түсер толайым қуат бар.

Ә.Нысанбаев

Сөзмаржан



Жаһан – жер жүзі, бүкіл әлем.

Милләт – 1) ұлт; 2) мұнда әртүрлі ұлыстарды кезіп деген мағынада.

Дүр – маржан, інжу.

Бек – әкім, ел билеуші, ежелгі түркі қауымдас­тығында қолбасшылық дәрежесін білдірген әскери шен, атақ, жоғары басымдыққа ие тұлға.

Өбу – ернін тигізіп сүю.

Күлдірлеген қоңырау – дыбысы қатты шыққан қоңырау.

Бағалы дерек

Қособа көлі атақты Кіші Борсық құмының басталар жерінде. Ол Шалқардан оңтүстік-шығысқа қарай 45 шақырым жерде. Бірақ кейін Аралдың экологиялық апатқа ұшырауына байланысты кеуіп қалған. 1900–1903 жылдары теміржол салынғанда сол жердегі бекетке көлдің аты берілген. Әлі күнге Қособа бекеті болып аталады.

«География»
анықтамалығы



Сөзмаржан

Зарпынан – зардабынан, кесірінен.

Қорамсақ – жебе салып жүруге арналған арнайы қалта.

Борық – сулы жерде өсетін, қамыс тәрізді өсімдік.

Көззәп – қу, сұм, екіжүзді алаяқ.

Пәрмен тілеу – қуат тілеу.

Кіріс – садақтың керме бауы.

Әккі – қу, тәжірибелі, айлакер.

Бисағат күн – мезгілсіз, сәтсіз.

Лағыл – асыл тас.

Атырап – өлке, өңір, аймақ.

Лағынет – қарғыс.

Намаздыгер – 1) кешке таман; 2) күн батар алдында оқылатын үшінші намаз мезгілі.

– Бұл балам тілімді алмады, тілегімді бермеді, Төлеген қайнына барамын десе, маған көргенің ұстап, байлап алып келіп беріңдер, егер қошемет етіп, біреуің жолдас болсаң, қолымды теріс жайып бата беремін, – деді.

Қарияның бұл сөзінен қорқып, жұрт ұстап бермекші болды.

Асып туған Төлеген

Жағалбайлы халқынан,

Жабдықтап атын мінеді,

Гауһар, лағыл, алтыннан.

Жолдас ермей елінен,

Жалғыз өзі жөнелді,

Бір ғашықтың зарпынан.

Қаздың даусын есітіп

Сабыр етіп тұрмады.

...Жерге алып қойып інісін,

Қол ұстасып, қоштасып,

«Қош!», «Алла!» – деп жөнелді.

Базарбайдың Төлеген,

Жайыққа қарап жол тартып,

Алладан пәрмен тілеген.

Жайық пен теңіз арасы,

Он үш айлық жол екен.

Үш жарым айлық жолдың атырабы –

Қырық бес күндік шөл екен.

Шөл-жазира ішінде

Қособа деген көл екен.

Ұры, көззәп, қарақшы

Мекен қылған жер екен.

Төлеген сынды мырзаның

Шалдығып келген уақытта,

Соғып бір кетер кезі екен.

Атаңа лағынет Бекежан

Қыз Жібектің сыртынан

Көп ғашықтың бірі екен.

Баяғы алпыс жігіт қасында,

«Төлеген енді келер», – деп,

Қособаның көлінде

Жолын тосып жүр екен.

Төлеген тап сол күні келмесе,

Азықтары таусылып,

Қайтып бір кетер күні екен.

Құланнан атты қодықты,

Көлден тартты борықты,

Арада неше қоныпты.
Тұлпардан туған көк жорға
Жүз күншілік жолынан
Он жеті күн су ішпей,
Шөлдеуменен зорықты.
Шөлдеген соң Төлеген,
Атынан көңілі торықты.
Жақындап суға келгенде,
Бесін мезгіл болғанда,
Базарбайдың Төлеген
Бір шұбалған шаңға жолықты.
Шаңға таман салады,
Қасына жетіп барады.
Алдынан шығып алпыс жау,
Төлегенді қамады.
Базарбайдың Төлеген
Алды-артына қарады.
Бесінде жаумен атысып,
Намаздыгер болғанша,
Алдырмай кетіп барады.
Еркімен аты жеткен соң,
Жау ортаға алады.
Сол уақыттар болғанда
Жамандатқыр көк жорға ат
Шөлдеуменен зорығып,
Басын жерге салады!
Жау қамалап жеткен соң,
Атынан қару кеткен соң,
Базарбайдың Төлеген
Төңірге қылды наланы.
«Құдіреті күшті, Құдай-ай,
Батар күнмен батайын,
Бекежанды өлтіріп,
Тым болмаса, Құдай-ай,

Жастығымды ала жатайын!
Мұсылман болса бұл жаулар,
Жақындап жауап қатайын».
Бұл сөзді айтып Төлеген
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды.
Қарсы қарап тұра қап,
Садақты қолға алады,
Толғай тартып қалады.
Кірістен әрі кетеді,
Топ арғынға жетеді.
Селдіреген шетінен
Жетеуінен озып өтеді.
Енді оғын алғанша,
Қорамсаққа қолын салғанша,
Атаңа лағынет Бекежан
Арғыннан шыққан қу екен,
Әккі болған сұм екен.
Төлегеннің артында
Алпыс қадам жақындап,
Бір құрайды паналап,
Жеткен екен жағалап.
Төлегенді атқалы
Жақындап келіп тұр екен.
Мылтыққа білте басады,
Аруағы асады.
Төлеген сынды мырзаның
Қанын судай шашады...
Бекежан атқан жалғыз оқ,
Маңдайдан келіп ұрады.
Алтын сүйек Төлеген,
Алланың салған қорлығы-ай,
Иттердің қылған зорлығы-ай,
Талықсып аттан құлады!

Әлқисса, сол халден Төлеген есін жиып алып, көзін ашып қараса, шалқасынан жатыр екен, барлық киімдерін алып қойыпты, сонда «тым болмаса, бетімді жауып кетсеңші», – деп, Бекежанға бір сөз деді:

– Пұл жібердім қалаға,
Бисағат күн, Құдай-ай,
Мен шығыппын далаға.
Шығып едім, жолықтым,
Бұл секілді пәлеге.
Қарға-құзғын жемесін,

Жасыра кеткін жүзімді,
Замандас едің, жан аға!
Пұл жібердім бақшаға,
Қызыл тіл, енді қақсама.
Қарға-құзғын жемесін,
Жасыра кеткін жүзімді,

Замандас едің, жақсы аға!
Төлегеннің тілдері
Осы сөзге келеді.
Екінші сөзге келмеді.
Атаңа лағынет, алпыс ит,
Не айттың, сірә, демеді.
Бір баланың олжасын,

Алпыс адам бөледі.
Мал опасыз деген сол –
Төлеген мінген көк жорға ат,
Су ішіп әбден қанған соң,
Бір қарақшы астында
Ойнай басып жөнелді.

Әлқисса, Төлегенмен жерінен бірге шыққан алты қаз бар екен, суға келіп қонайын деп еді, жаулар атқылап қондырмады, айналып ұшып жүргенде Төлеген көріп «аһ, дариға!» деп, қимылдауға халі келмей жатқан жерінде, сол қаздарға қарап бір сөз деді:



– Әуелеп ұшқан алты қаз,
Етің шекер, сорпаң баз!
Атайын десем оғым аз,
Қонар болсаң, жануар,
Міне, майдан, міне, саз.
Өлмеген құлға, Құдай-ай,
Болып қалды енді жаз.
Атамды айтып қайтейін,
Шешемді айтып қайтейін.
Мен кеткен соң, дариға-ай,
«Көкешім» деп Сансызбай
Еркелеп кімге қылар наз?

Әуелеп ұшқан алтауың –
Жерге түсіп көлбейсің.
Сендер тірі, мен өлі,
«Жатырсың неғып» демейсің!
Мұнан былай кеткенде,
Теңізге таман жеткенде,
Төбеге шықса, «белім» деп,
Ойға түссе, «тыным» деп,
Қартайған әкем Базарбай
Алдыңнан шығып, жануар,
«Қарағым менің Төлеген,
Көрдің бе?» – десе, не дейсің?

Онан арман өткенде,
Үйге таман жеткенде,
Жая десе, жал берген
Майға салып нан берген,
Өр алуан ас берген,
Алақандап өсірген,
Еркелік қылсам, кешірген,
Алпыс жасар сорлы анам
Алдыңнан шығып, жануар,
«Құлыным менің Төлеген,
Көрдің бе?» – десе, не дейсің?
Онан арман өткенде,
Малға таман жеткенде,
Қарға жүнді қаттасым,
Үйрек жүнді оттасым,
Таласып емшек еміскен,
Тай құлындай тебіскен,
Асық ойнап алысқан,
Өлген ағасын көре алмай,
Бақұлдаспай, қоштаспай,
Ажалым жетті алыста-ай,
Жалғыз інім, бауырым –
Қанатымда қияғым,
Табанымда тұяғым,
Жылжымас жерден ауырым,
Алдыңнан шығып Сансызбай,
«Көкешім менің Төлеген,
Көрдің бе?» – десе, не дейсің?
Сауытының көзі сетіліп,
Сынбай кетті дегейсің!
Баратұғын жеріне
Жетпей кетті дегейсің!
Алтынды сауыт, шөже көз
Түймеден кетті дегейсің!
Өлі екенін білмейміз,
Тірі екенін білмейміз,
Қособаның жонында
Қоса кетті дегейсің!
Маңдайынан аққан қан
Жоса кетті дегейсің!
Алтыны, жабдық, көк жорға ат
Бір қарақшы қолында
Босқа кетті дегейсің!
Қособаның жонында,
Құс қонбас, құла жапанда

Жылай-жылай бір жалғыз
Дүниеден өтті дегейсің!
Төлегеннің тілдері,
Осы сөзге келеді,
Ендігі сөзге келмеді.
Батқан күнмен қарайып,
«Уа, дариға, Құдай», – деп,
Өз иманын өзі айтып,
Жалғыз шыққан Төлеген
Ақырет сапар жөнелді.
Маңдайдан атқан жалғыз оқ
Желкеден ағып өтіпті.
Алланың жазған пәрмені,
Ажалы бүгін жетіпті.
Айтып-айтпай немене,
Сол секілді асылдар
Көбіні жоқ, көрі жоқ,
Ит пен құсқа жем болып,
Мұратына жете алмай,
Арманда болып кетіпті.

CD 03



Төлеген мен Бекежан.
Бекежанның Төлегенді
өлтiру себебi неде?

Сөзмаржан



Баз – нәрлі, дәмді, құнарлы (тағамға қатысты).
Наз – өкпе, базына, реніш.
Бақұлдасу – өлім аузында жатқан адаммен қоштасу.
Қияқ – құстың қанаты, қанат қауырсыны.
Жапан – құлазыған елсіз дала, шөл, сахара.
Иманын айту – өлер алдында Құран аяттарын оқу.
Көбін – өлген адамның денесін орайтын ақ мата, ақырет.

1. «Қыз Жібек» қандай жыр?
2. «Қыз Жібек» жырында қазақ халқының қай кездегі тарихы суреттелген?
3. «Қыз Жібек» жыры алғаш рет қашан жарық көрген?
4. Жырдың туған жерін атаңдар.
5. Жырдың негізгі кейіпкерлері кімдер?
6. Жыр мазмұнының негізгі арқауы не?
7. «Қыз Жібек» жырында қандай оқиға баяндалады?
8. «Қыз Жібек» жырының маңызы қандай? Жыр қалай танымал болды?
9. Жырдағы Базарбай, Төлеген, Сансызбай деген кімдер?
10. Жібек туралы Төлеген кімнен естиді? Қандай шешім қабылдайды?
11. Төлеген мен Жібек қалай кездеседі?
12. Төлегенге кім көмектеседі?
13. Бекежан деген кім?
14. Төлеген Жібекке қандай уәде береді?
15. Базарбай баласының тілегіне қалай қарайды?
16. Жырда Төлеген өлімінен кейін Жібектің тағдыры туралы не айтылған?

1. Жырдың туған жері неліктен Батыс Қазақстан болып саналады?
2. Неліктен «Қыз Жібек» жыры тарихи жыр болып табылады?
3. Қандай себеппен Төлеген еліне оралады?
4. Неліктен Төлеген Жібектің еліне жалғыз аттанады?
5. Бекежанның Төлегенді өлтіру себебі неде?

1. Жырдың идеялық мазмұны қандай?
2. «Қыз Жібек» жыры мен өздеріңе таныс «Қобыланды батыр» жырын салыстырыңдар. Қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар таптыңдар?

«Қыз Жібек» жыры	«Қобыланды батыр» жыры
Ұқсастықтары	
Айырмашылықтары	

3. Жырда Төлеген қандай кейіпкер ретінде суреттелген? Бекежанмен салыстыра суреттеңдер.

4. Қыз Жібектің суретші салған портретіне назар аударыңдар. Жыр мәтінімен салыстырыңдар. Қыз Жібекті суреттеу үшін қандай теңеулерді пайдаланар едіңдер?
5. <http://el.kz>, kitap.kz сайттарынан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының мазмұнымен танысып, кейіпкерлерін салыстырыңдар.

4

Жинақтау

1. Жырдағы ең құнды нәрсе не деп ойлайсыңдар?
2. «Қыз Жібек» жыры туралы алған мәліметтеріңді тірек сызба арқылы көрсетіп, баяндап беріңдер.



5

Қолдану

1. Хрестоматияда берілген жыр нұсқасымен танысыңдар. «Қыз Жібек» жырында қазақтың бүкіл тарихи тағдыры, халқымыздың сана-сезімінің сұлулығы көрініс тапқан. Жер бетінде қазақ деген халық барда «Қыз Жібек» те жасай бермек», – деген пікірді қалай түсінесіңдер? Ой бөлісіңдер.
2. «Қыз Жібек» жыры негізінде қойылған опера туралы қосымша мәліметтер жинаңдар.
3. <http://el.kz> сайтынан «Қыз Жібек» фильмін көріңдер. Кейіпкерлері туралы пікір алмасыңдар. <http://massaget.kz> сайтынан фильм туралы материалдармен танысыңдар, айтылған пікірлер мен берілген бағалар тізбегін жалғастырыңдар. «Қыз Жібек» фильмі туралы қосымша мәліметтер тауып, сыныптастарыңмен бөлісіңдер.
4. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының мазмұнымен танысып шығыңдар, жыр туралы ой бөлісіңдер. Қыз Жібек пен Баян сұлудың портреттік сипаттамасын беріңдер.
5. Бір сәт өздеріңді қиял әлемінде сезініңдер де, «Қыз Жібек» жырының 500 жылдығын тойлау мерекесіне қатысқан куәгер ретінде алған әсерлеріңмен ой бөлісіңдер.

1. Хрестоматия материалдарын пайдаланып, Қыз Жібектің сырт келбеті мен ақыл-парасаты суреттелген жерлерді тауып оқыңдар. Не байқадыңдар? Қазіргі заманда ақылына көркі сай осындай сұлулар бар ма? Кіммен салыстыруға болады?
2. Жыр кейіпкерлерінің қандай қасиеттерін өз бойларыңнан көргілерің келеді?
3. Өздеріңе ұнаған жыр кейіпкеріне хат жазыңдар. Хатта өздеріңді толғандырып жүрген сұрақтарды қоюларыңа немесе тілектеріңді айтуларыңа болады. Жыр кейіпкерлерімен бүгінгі күннің Төлегендері мен Жібектері туралы ой бөлісіңдер.

Артық болмас білгенің

Мәліметтерге қарағанда, жыршылардың көпшілігі жырдың 1894 жылы Қазанда жарық көрген нұсқасын жырлайды екен. Қызылорда қаласында «Қыз Жібектің» 500 жылдығына арналған «Ғасырлар үні» фестивалі өтіп, Мұсабай деген жыршы «Қыз Жібектің» бұрынсоңды ел естімеген нұсқасын жырлап, ғалымдарды бір таңғалдырыпты. Бұл нұсқаны 1887 жылы орыс офицері И.Александров жазып алған екен.

«Қыз Жібек» көркем фильмі 1968–1970 жылдары түсірілген. Фильмнің тұсауы 1970 жылы Алматы қаласындағы кинотеатрлардың бірінде кесілген болатын. Бүкілодақтық тұсаукері 1971 жылы Мәскеу қаласында өтті.

Фильм сценарийінің авторы Ғабит Мүсірепов Жібек пен Төлегеннің махаббатын ғана жазып қоймай, ел-жұртты бірлікке шақырып, қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін көрсетуге ұмтылды. Фильм әнін саз сайыпқыраны Нұрғиса Тілендиев ұлттық нақышқа келтірсе, әннің сөзін Қадыр Мырза Әлі жазған.

1972 жылы «Қыз Жібек» фильмі Қазақ ССР-інің Мемлекеттік сыйлығына ұсынылды. Бұл сыйлыққа фильмнің сценарий авторы Ғабит Мүсірепов пен режиссер Сұлтанахмет Қожықов ие болды.

«Қазақ дастандары» кітабынан



Диалог құру

«Қыз Жібек» жыры, жыр кейіпкерлері туралы диалог құрыңдар.



Кітапсүйерлер үшін

«Бабалар сөзі» топтамасынан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының мазмұнымен танысыңдар.



Портрет туралы түсінік

Портрет – (француздың «бейнелеу», «бейнеленген» деген сөзінен алынған) өмірдегі немесе өмірде болған бір адамды немесе адамдар тобын бейнелеу немесе суреттеп жазу. Портрет – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.

Портрет бейнелеу өнерінде кескіндеме, мүсін, графика, фото өнерінің басты жанрының бірі болып табылады. Нақты адамның түр-сипатын бейнелеу портреттің негізгі белгісіне саналады.

Көркем әдебиеттегі **портрет** адамның сыртқы тұрпатын сипаттаумен ғана шектелмей, оның рухани ішкі әлемін ашумен қатар, сол тарихи дәуірдің, ұлттың, әлеуметтік ортаның қайталанбас өкілі екендігін шынайылықпен бейнелейді.

Қазақ поэзиясындағы портреттің тамаша үлгісі – «Қыз Жібек» жырындағы Жібектің сөзбен өрілген бейнесі.

Жырда Жібек:

Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашбау шашында.
Қыз Жібектің шаштары –
Қоғалы көлдің құрағы.
Көз сипатын қарасаң,
Сегіз пейіш ішінде,
Хорлардың жаққан шырағы.
Дүрі гауһар сырғасын,
деп сипатталады.

Көтере алмай тұр құлағы.
Қыз Жібектің ақтығы –
Наурыздың ақша қарындай.
Ақ бетінің қызылы –
Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары –
Жазғы түскен сағымдай.
Білегінің шырайы –
Айбалтаның сабындай, –

«Әдебиеттанудың үш саласы». Әдебиет теориясы

Тапсырмалар



1. «Қыз Жібек» жырындағы он алты қыздың портреттік сипаттамасына назар аударыңдар.
2. Өздеріңе таныс шығармалардан портретке мысал келтіріңдер. Хрестоматия материалдарын да пайдаланыңдар.
3. Жұп болып бір-біріңнің сөзбен өрілген портреттеріңді беріңдер.

Ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби, мәдени өмірін жыр еткен ғажайып ескерткіштер мазмұны қандай?

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Естеріңізге түсіріңдер:

Лиро-эпостық жырлардың қандай ерекшеліктері бар?

Меңгерілетін білім:

Ежелгі дәуір әдебиеті қандай кезеңдерге бөлінеді?

Орхон ескерткіштерінің маңызы қандай?

Бағалы дерек

Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк ескерткіштері (Орхон-Енисей) – мазмұны мен түрі жағынан да, тілі мен көркемдегіш құралдары жағынан да, өлең құрылысы, композициясы жағынан да ежелгі түркі халықтарына ортақ көркем туындылардың үлгісі болумен бірге, ол қазақ әдебиетінің де асыл қазынасына енетін әдеби мұра.

«Ежелгі дәуір әдебиеті» кітабы

Ежелгі дәуір әдебиеті VI–XV ғасырларды қамтып, өз ішінде үш кезеңге бөлінеді:

- VI–IX ғасыр аралығындағы көне түркі әдеби ескерткіштері.** Бұл ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштеріне Орхон жазба ескерткіштері – Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк туралы құлпытастарға қашап жазылған жырлар, сондай-ақ «Оғыз-нама» дастаны, «Қорқыт ата кітабы», әл-Фарабидің әдебиет саласындағы еңбектері кіреді.
- X–XII ғасырлардағы әдебиет. Ислам дәуіріндегі немесе Қараханидтер дәуірі әдебиеті.** Бұл дәуірдегі әдебиет, негізінен, Қараханид түріктерінің тілінде жазылған әдеби ескерткіштер: Жүсіп Баласағұнның «Құдадғу білік» («Құтты білік») атты дидактикалық дастаны, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі тілдерінің сөздігі»), Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») атты өлеңдер жинағы, Ахмет Иүгінекидің «Хибатул-хақайық» («Ақиқат сыйы») жыр жинағы.
- XIII–XV ғасырлардағы әдебиет. Хорезм дәуірі немесе Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет.** Аталған дәуірдегі туындылар – қыпшақ диалектісі негізінде жазылған «Кодекс Куманикус» («Қыпшақ тілінің сөздігі»), Хорезмидің «Мухаббат-наме», Дүрбектің «Жүсіп – Зылиха», Сараидың «Гүлстан бит-түркі», Құтыптың «Құсрау – Шырын» дастандары. Дулатидың «Тарихи Рашиди», Жалайридың «Жамиат-тауарих», Бабырдың «Бабыр-наме» шығармалары. Түркі қағанаты тұсында түркі тілі сол өлкедегі негізгі тіл болды. Көне түркі жазуы бертін келе тіл тарихында «руна жазуы» деп аталып кетті. «Руна» – «рунь» сөзі «құпия», «сыры ашылмаған» деген ұғымды білдіреді.

Қазақ әдебиетінің тарихы ертеден басталады. Оның түп-төркіні «Орхон-Енисей жазулары» деп аталатын әдеби-мәдени ескерткіште жатыр. Бұл әдеби ескерткіш

түркі тілінде сөйлейтін халықтардың бәріне, соның ішінде қазақтарға да ортақ мұра екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденді.

Орыс ғалымы Н.М.Ядринцев Солтүстік Моңғолиядағы Орхон және Селенга өзендері бойынан осындай руна жазулары бар үлкен құлпытастарды тапты. Ескерткіштер табылған орнына байланысты «Орхон-Енисей ескерткіштері» деп аталды. Бұл – Түркі қағанаты дәуіріндегі Білге қаған мен оның інісі, қолбасшы, батыр Күлтегінге, қағандар кеңесшісі дана Тоныкөкке қойылған ескерткіштер. Ескерткіште әрбір әрпі тасқа қашалып көне түркі тіліндегі алғашқы жыр-дастандар жазылған. Ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, мәдени, әдеби өмірін бейнелеген шығармалар «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырлары деп аталады.

1891 жылы Онгин өзені алқабынан тағы бір ескерткіш табылып, тарихта «Онгин ескерткіші» деген атауға ие болды. Бұл Күлтегін мен Білге қағанның әке-шешесіне қойылған ескерткіштер екені анықталды. Сонымен қатар ескерткіштер мазмұнында түркі қағанатының құрылуы, құлдырауы, өрлеуі мен күйреуі туралы тарихи деректер де берілген.

Зергер сөз

Көне түркі ескерткіштері – әлемдік мәдениеттің байлығы, елдік пен ерліктің ерекше ескерткіштері, жазба мәдениеттің бастау бұлағы.

Артық болмас білгенің

Енисей (үлкен су, өзен) – Бий-Хем (Үлкен Енисей) және Ка-Хем (Кіші Енисей) өзендерінің қосылуынан пайда болған Жер шарындағы аса ірі өзендердің бірі. Батыс және Шығыс Сібір шегарасын бойлай, негізінен, Ресейдің Красноярск өлкесі жерімен солтүстікке қарай ағып, Солтүстік Мұзды мұхиттың Қара теңізіндегі Енисей шығанағына құяды. Жалпы ұзындығы 5539 шақырымды құрайды. Енисейдің алабы, негізінен, таулы, көп жерін тайга, көпжылдық тоң алып жатыр.

Орхон – Селенги өзенінің оң жақ саласына құятын Моңғолиядағы өзен. Ұзындығы – 1124 км, жалпы көлемі – 132,8 мың шаршы. Өзен бастауын Архангай аймағындағы Хангай тауынан алады. Өзеннің жоғарғы жағы биіктігі 20 м, ені 10 м болатын Улаан-Цутгалан сарқырамасынан басталады. Өзеннің аңғарының ағысы терең, иректеніп келеді де, таудың шығар жерінде өзен арнасы 100–150 м-ге дейін кеңейеді.

Орхон өзенінің ең үлкен су құятын саласы – Туул мен Тамир-Гол өзендері.

«География» оқушы анықтамалығы



1

Білу

1. Ежелгі дәуір әдебиеті қандай кезеңдерге бөлінеді?
2. Көне түркі әдеби ескерткіштері мұраларын атаңдар.

2

Түсіну

Неліктен ежелгі дәуір әдебиеті мұралары түркі халықтарына ортақ болып саналады?

3

Талдау


«Венн диаграммасы» арқылы ежелгі дәуір әдебиеті мұраларын ауыз әдебиеті үлгілерімен (қазақ халық ертегілері) салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығына талдау жасаңдар.



4

Жинақтау

Берілген ақпараттарды пайдалана отырып, «Ежелгі дәуір әдебиеті» тақырыбы бойынша кластер құрастырыңдар, жұпта, топта талдаңдар.



5

Қолдану

Ежелгі дәуір әдебиеті туралы мазмұндап беріңдер.

6

Баға беру

Бүгінгі күні ежелгі дәуір әдебиеті мұраларының маңызы қандай? Пікірлерінді білдіріңдер.

Күлтегіннің жауынгерлік жорықтарын мадақтауға арналған қаһармандық жыр – «Күлтегін жазуы» – тарихи құндылығы маңызды ежелгі түркі жазба ескерткіші.

Күлтегін жазуы

Күлтегін жазуы – ежелгі түркі жазба ескерткіші. Күлтегін ескерткіші туралы алғашқы мәліметтер ХІХ ғасырдағы батыс зерттеушілерінің еңбектерінде жариялана бастады. Екі құлпытастағы құпия жазуларды түркітанушылар көпке дейін оқи алмай келді. Ғалымдар арасында тастағы белгісіз жазуларды көне кельт, гот, грек, славян, скандинавия, финн, тіпті моңғол немесе қалмақ жазулары деген тұжырымдар болды. 1893 жылы 25 қарашада Дания ғылым академиясының мәжілісінде Вильгельм Томсен Орхон жазба жәдігерлерін оқудың кілтін тапқанын, оның көне түркі тілінде жазылғанын, алдымен оқыған сөздері «төңірі» және «түркі» деген сөздер екенін жариялады. Содан кейін орыс академигі В.В.Радлов мәтінді аударды. Осы зерттеулерден кейін құлпытастарға қашалған жазулар Күлтегін батырдың ерлік істері туралы қаһармандық жыр екендігі белгілі болды.

Күлтегін қабіріне қойылған екі ескерткіштің бірі ғылымда «Кіші жазу», ал екіншісі «Үлкен жазу» деп аталады. Бұлардың әрқайсысы – түркі елінің даңқты әскери қолбасшысы Күлтегіннің жауынгерлік жорықтарын мадақтап, жырлауға арналған қаһармандық дастандар. Күлтегін туралы бұл дастандардың авторы – өз дәуірінің аса дарынды ақыны, көрнекті қоғам қайраткері Йоллығтегін. «Күлтегін» (Кіші жазу) жыры әрқайсысы өз алдына дербес әрі сюжеттік жағынан бір-бірімен тығыз байланысты сегіз топтамадан тұрады. Әрбір топтама – мазмұны жағынан бір-бір хикая. Оның бірінші топтамасы – қағанның өз халқына айтқан үндеуі; екіншісі – Түркі қағандығы жерінің кеңдігін суреттеуі; үшіншісі – түркілердің әскери жорықтарын жыр етуі; төртіншісі – көршілес табағаш халқының қастандық әрекеттері туралы әңгіме; бесіншісі – табағаштармен қарым-қатынастың түркілерге төндіретін қауіп-қатері жайында; алтыншысы – түркі халқының көрегендігі туралы; жетіншісі – түркі халқының даңқын көкке көтерген



Орхон жазуының мәдени мұраларының бірі – Күлтегін ескерткіші. Биіктігі – 3,5 метр, төменгі ені – 1,32 метр, жоғарғы жағының ені – 1,22 метр. Биіктеген сайын жіңішке береді, жоғарғы бөлігі өрнектелген. Тастың төрт жағы бірдей жазылған. Батысқа қараған бетінде қытай жазуы, қалған қабырғасы бірдей көне түркі жазуымен толған.

Сөздің көркі – мақал

Тізесі барлар бүгілер,
Басы барлар жүгінер.

Бек ұлдарың құл болмағай,
Пәк қыздарың күң болмағай.
Күлтегін

Бағалы дерек

Енисей жазбаларының жалпы саны – 85-тің айналасында. Олардың ішінде кішігірім жазбалармен қатар ірі мәтіндер де кездеседі. Енисей ескерткіштері көлемі жағынан, негізінен, шағын болып келеді. Ең үлкені 10–15, ең кішісі 1–2 жолдан ғана тұрады. Түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы – Орхон жазба мұралары.

bilim-all.kz

Сөздің көркі – мақал

Қағаны – батыр, ақылгөйі
кемеңгер елдің бағы
жанады.

Жан беріп, жан алысар
жорықта,
Жауым көп деп қорықпа.

Жеңілістің өзінен де ұяты
жаман.

Тоныкөк

Білге қаған жөнінде; сегізінші топтама – осы ескерткіш-жырды жазуға себеп болған жайттарды баяндауға арналған.

Ежелгі түркі поэзиясына тән дәстүр бойынша, осындай әрбір топтаманың өзі міндетті түрде мынадай үш бөліктен тұратын болған:

- 1) оқиғаның басталуы;
- 2) оқиға желісінің біртіндеп ұлғая түсуі;
- 3) осы топтамада айтылуға тиісті ой-пікірдің түйіні.

«Күлтегін» жырының Кіші жазуындағы екінші топтаманың алғашқы үш жолы – Білге қағанның түркі халқына айтқан үндеу сөзі, одан кейінгі төрт жол өлеңде Түркі қағандығы жерінің ұлан-ғайыр кең екендігі айтылған, одан кейінгі екі жол осы топтаманың түйіні – түркі елінің жері мол, ал халқының көп екендігін баяндауға арналған. «Күлтегін» жырының Үлкен жазуы көлемі жағынан 428 өлең жолынан тұрады (құлпытастағы руналық жазу бойынша есептегенде 53 қатар). Бұл жыр дербес алты хикаядан, яғни, алты оқиғадан құралған. Бірінші хикая – түркі халқының ұлы ата-бабалары туралы; екінші хикая – түркілерді табағаштардың бағындырып алғаны жөнінде; үшінші хикая – Елтеріс қағанды сипаттауға арналған; төртінші хикая – Қапаған қаған туралы; бесінші хикая – Білге қаған жайлы; алтыншы хикая – Күлтегін туралы.

«Күлтегін» жыры (Үлкен жазу) жер мен көктің және адам баласының жаралуы туралы философиялық толғаудан басталады (биікте Көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған). Бұдан кейін бүкіл адамзат баласына Білге қаған мен Күлтегін батырдың ата-бабаларының билік жүргізгені, түгел түркінің басын қосып, қуатты мемлекет орнатқан Бумын қаған мен Елтеріс қаған мадақталады. «Күлтегін» жырының авторы Түркі қағандығының бүкіл әлемді аузына қаратқан айбарлы да абыройлы дәуірін зор мақтаныш сезіммен жырлайды. Сондай-ақ ақын Бумын қаған мен Елтеріс қаған қайтыс болған соң, түркі елінің тағына дарынсыз қағандар отырғанын, халықты опасыз бектер мен жүгенсіз әміршілер билегенін күйінішке толы жыр жолдары арқылы жеткізген:

Соңындағы інісі ағасындай болмады,
Ұлдары әкесіндей болмады.

Біліксіз қағандар отырған екен,
Жалтақ қағандар отырған екен...

Табғаш елінің алдауына көнген Түркі қағандығының бектері өзара араздасып, елдің ішкі бірлігіне көп нұқсан келтіреді. Елде алауыздық туып, Түркі қағандығының іргесі шайқала бастайды. Бұл өте қауіпті кезең еді. Автор түркі халқы ата-баба дәстүрін берік ұстаған кездерінде ешкімге тәуелсіз, еркін өмір сүргенін жырлай келіп, ол осы жолдан тайып, дұшпанға алданған сәттерінде: «Бек ұлдары құл болды, Пәк қыздары күң болды», – дейді. Содан кейін Күлтегін батырдың көп әскер жиып, түркі елін жаудан азат етуге кіріскені мақтанышпен суреттеледі. Түркі әскерінің оғыз, соғды, түргештерге, т.б. қарсы жүргізген шайқастары, ал Күлтегін батырдың шайқас алдындағы жекпе-жекке шығып, жауды ұдайы жеңіп отырғаны шеберлікпен бейнеленген.

Жырдың авторы Күлтегін мінген аттың сипатын, ат өбзелдерінің әдемілігін, батыр қаруының сұсты көрінісін ұтымды теңеулер арқылы көрсете білген. Жырда Күлтегін түркі елінің «төрт бұрышындағы» барлық жауды жеңіп, елде тыныштық, бейбіт өмір орнатады. Ақын Күлтегіннің ерлігі туралы: «Бастыны еңкейтті, Тізеліні бүктірді», – дейді.

«Күлтегін» жырының басты идеясы – түркі халқы ауызбіршілікке, сыртқы жауға қарсы ұйымдасқан күреске, ежелгі ата-баба жолы мен салт-дәстүрін берік ұстауға үндеу. Жыр соңында Күлтегін батыр қайтыс болғанда, бүкіл түркі халқы қатты қайғырып, аза тұтқаны, оны жоқтап, жерлеу салтанатына әлемнің төрт бұрышынан көптеген атақты адамдар – елшілер, батырлар, бектер, тас қашайтын шеберлер, т.б. келгені айтылады.

Киелі құлшытаста:

«Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен.
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген.
Білге қағандар екен,
Алып қағандар екен!» –

деп келетін жыр жолдары әлемді аузына қаратқан алып мемлекетті елестетеді.

Сөздің көркі – мақал

Егер ел басшысы тоң-
мойын һәм сатқын бол-
маса – елдің бағы.

Тастағы жазудан тағылым
алғайсың.

Ел болып бірігуден асқан
бақыт жоқ.

Білге қаған

Зергер сөз

...Олардың мазмұнында
эпостық баяндау сазы
басым, аңыздың көркем-
дік түрі де соған орайлас.
Күлтегін, Тоныкөк немесе
Суджа жазуларында
қанша адам, қанша ерлік
бейнеленген десеңізші?!
Оларда әр алуан рулар
мен тайпалардың кескі-
лескен шайқастарының,
соғыс суреттерінің,
батырлар ерлігінің,
жорықтардың шежіресі
бар...

М.Әуезов

Даналық ойдан дән ізде

Жалаңаш халықты
 тонды,
Кедей халықты бай
 қылдым.
Аз халықты көп қылдым,
Тату елге жақсылық
 қылдым.
 Күлтегін

«Күлтегін» жыры – мәңгілік ел болудың, яғни, «Қазақ елі – мәңгілік» деген бүгінгі, тәуелсіздік қолымызға қонған тұстағы ұлттық идеямыздың темірқазық арнасын осыдан мыңдаған жылдар бұрын жазып кеткен жасампаз дастан.

«Күлтегін», «Тоныкөк» жырлары өзінен кейінгі кезеңдерде қазақ әдебиетінде туындаған батырлық жырлардың қалыптасуына әсер еткен.

Н.Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті»

Артық болмас білгенің

В.В.Радлов басшылық еткен Ресей Ғылым академиясы ұйымдастырған орыс экспедициясы 1891 жылдың маусым айының орта шенінде Моңғолия аумағына кіріп, тамыз айының ортасына дейін сол жерде өз ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Зерттеу нәтижесі топографиялық жағынан болсын, археологиялық жағынан болсын, өте бай, құнды нәтижелерді береді.

Саяхаттан қайтып келгеннен кейін В.Радлов көне түркі ескерткіштеріндегі жазудың «кілтін» ашу мәселесімен айналысады. Дәл сол уақытта ескерткіш сырын ашу мәселесімен даниялық лингвист, ғалым В.Томсен (1842–1927) де шұғылданады. Ол 1893 жылдың 15 желтоқсанында Дания Ғылым академиясының мәжілісінде әлемге Орхон жазба ескерткіштерінің сыры ашылғандығын жария етіп, «Орхон-Енисей жазуының ескерткіштері түркі халықтарының тілінде жазылған» деп мәлімдейді. В.Томсен түркі жазба ескерткіштерін оқудың «кілтін» ашқан кезде, В.Радлов та көне жазуларда кездесетін он бес таңбаның сырын ашып, оқыған еді.

Радлов Томсен ізімен 1894 жылдың 19 қаңтарында «Күлтегін» ескерткішін аударып шығады. Бұл «Моңғолиядағы көне түркі жазбалары» деп аталған үлкен шығарылымның бастамасы болды.

el.kz

1

Білу

1. Орхон жәдігерлері қай ғасырда табылған?
2. Оны ашқан кім? Ең алғаш оқыған сөзі қандай?
3. Онгин ескерткіштері қайдан табылған, олар кімдерге арналып қойылған еді?
4. Тоныкөкке арналған ескерткіш қайдан табылды?
5. Бұл жәдігерлерді зерттеп, тануға үлес қосқан ғалымдар кімдер?

2

Түсіну

1. Түркі халықтарының тарихы туралы не білесіңдер?
2. Бұл ескерткіштерде жазылған жырлардың тақырыбы мен идеясы қандай?
3. Қандай себептермен ақын Күлтегіннің ерлігі туралы: «Бастыны еңкейтті, Тізеліні бүктірді» дейді?
4. Зерттеуші ғалым М.Жолдасбеков бұл мұраларды «асыл арналарымыз» дейді. Неліктен деп ойлайсыңдар?

3

Талдау

Орхон ескерткіштерін қазақтың эпостық жырларымен салыстырыңдар.

«Алпамыс батыр» жыры	«Қобыланды батыр» жыры	«Күлтегін» жыры
Ұқсастықтары		
Айырмашылықтары		

4

Жинақтау

«Орхон ескерткіштері туралы» мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар.

5

Қолдану

1. «Күлтегін жазуының» маңызы туралы айтып беріңдер.
2. «Талқылау» ойынын жүргізіндер: Күлтегін туралы мәтінді оқып, тірек конспект жазыңдар. Жұптарға бөлініп, әркім серігіне конспектіге не жазғанын айтып береді. Жұптағы бірінші оқушы «мұғалім» рөлінде, екіншісі «оқушы» рөлінде болады. «Мұғалім» жауапты оқулық мәтінімен салыстырады, ал «оқушы» өз конспектісін пайдаланады. Бірінші айналым біткенде «оқушылар» өз орнында қалады да, «мұғалімдер» басқалармен алмасып, жаңа жұп құрады. Ойын осылай жалғаса береді. «Мұғалімнің» «оқушының» дәптеріне қойған балдарына қарай мұғалім ойынның ең белсенді оқушыларын анықтайды. Іске сәт!
3. Орхон ескерткіштерін зерттеумен айналысқан қазақ ғалымдары туралы мәлімет жинаңдар. PowerPoint программасын пайдаланып тұсаукесер дайындаңдар.

6

Баға беру

«Күлтегін – өшпес ерліктің, қаһармандықтың символы» тақырыбында ой бөлісіңдер. Күлтегінді сендер қалай елестетесіңдер? Пікірлеріңді білдіріңдер.

Түркі елінің VI–VIII ғасырлардағы әдет-ғұрып, наным-сенімін, өзіндік поэзиясын танып-білуде «Күлтегін» жырының маңызы қандай?

КҮЛТЕГІН

Естеріңе түсіріңдер:

Ежелгі дәуір әдебиеті туралы не білдіңдер?

Меңгерілетін білім:

Күлтегін кім?

«Күлтегін» жырының идеялық мазмұны қандай?



КҮЛТЕГІН
(684–731)

Құтылығұлы Күлтегін – екінші Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы, «көк түркінің көк семсері» атанған атақты батыры. Әкесінен жастай жетім қалып, ағасы Қапаған қағанның тәрбиесінде өскен. Күлтегін тым ерте есейіп, түркі еліне тұс-тұстан төнген басқыншы жауларға қарсы үлкендер қатарында тұрып, ерлікпен күреседі. Бұл ретте түркінің атақты Білге қағаны Күлтегін батырдың басына қойылған ескерткіш тасқа ойып жаздырған ғұмырнамасында: «Әкем қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды. Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына інім Күлтегін ер атанды», – деп жазды.

Тарихи деректер сол кездегі ел тәуелсіздігін сақтап қалу жолында болған қырғын соғыстардың бірде-біреуінің Күлтегінсіз өтпегенін баяндайды. Тас жазудың авторы Йолығтегін Күлтегін ерлігін былайша тізбелейді: «Он алты жасқа келгенде... алты чуб, соғдаларға қарсы аттандық. Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды. Оңтұтықты қарулы басшыларымен қолға түсірді. Ол әскерді сонда талқандадық. Жиырма бір жасында Чача Сеңүнмен айқастық. Күлтегін әуелі Тадықын чурдың боз атын мініп шапты. Ол ат сонда өлді. Екіншісінде Ышбар Ямтардың боз атын мініп шапты. Ол ат та сонда өлді. Үшіншіде Йегін Сілікбектің торы атын мініп шапты. Ол ат та сонда өлді. Күлтегіннің сауытына, қалқанына жүздеген оқ тиді, бірақ бірі де денесіне дарыған жоқ. Күлтегін жиырма алты жасқа келгенде, қырғыздарға қарсы аттандық. Күлтегін Байырқының ақ айғырына мініп, шабуылға ұмтылды. Бір батырын оққа ұшырды, екі батырын найзамен түйреп түсірді. Ақ айғырдың белі үзілді. Қырғыз қағанын өлтіріп, елін алдық... Тоғу қаласында шайқастық. Күлтегін асман ағын мініп ұмтылды. Алты батырын шаншып түсіріп, жетіншісін қылышпен шапты. Тоғыз батырын қуып жетіп, тақымға басты...

Оғыздармен соғыстық. Күлтегін Жетімек атты мініп шауып, тоғыз ерін шанышты... Түргеш халқы жау болды. Күлтегінді шағын қолмен жібердік. Жойқын соғыс жасапты. Қара түргеш халқы сол жерде өлім тауыпты».

...Осылай жалғаса береді. Күлтегін батыр 47 жасқа жетіп, қаза тапқанша, соғыссыз өткен жылы болмапты. Соның бәрінде ол түркі қолын жеңіске жеткізіп отырыпты.

Н.Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті»

Зергер сөз

Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанның алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі менен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады.
Күлтегін

Артық болмас білгенің

Күлтегін деген атаудың мағынасын зерттеушілер *күл* – «даңқты, атақты», *күл* – «от, оттың күлі», *көл* – «теңіз, көл, су», т.б. түрде түсіндіреді. Көне түрік бітіктастарында кездесетін «Күлтегін, Күлтұдын, Күлічұр, Күлүг» секілді атаулардағы *күл* сөзінің мәні біреу. Ол: «Ат, жылқыға, сәйгүлікке (**көл+ік // күл+ік**) мықты, берік адам, атқа бекем ер» деген сөз. Әсіресе, Күлтегін шабуылға қаншама рет аттанса, соншама сәйгүлік тұлпарға мінгені туралы ескерткіште анық айтылған. Сондықтан *күл* сөзіне *тегін, тұдын, чұр* және т.б. атақтары қосылып этномәдени атауы қалыптасқан. Демек, Күлтегін – «сәйгүлікке берік, бекем ер, атқа мықты бекзада» деген сөз.

massaget.kz

«Күлтегін» жыры

(Бірінші жыр)

...Қадырханның қойнауы –
Оның өзі бір қиыр.
Кері-Кену аймағы –
Оның өзі бір қиыр.
Қос қиырдың арасын
Тек түркінің баласы
Мекендесін, жайласын,
Қазандайын қайнасын.
Күнді болсын күндері,
Құлды болсын құлдары деп,
Еліме, жеріме, суыма
Осы бір түркі елі
Ел болсын деп бастаған ісіміз еді...
...Түркі, оғыз халқының
Сөзі иелік еткен жер.
Көкте Тәңірі шөкпесе,

CD 04



«Күлтегін» жыры –
ерлік дастаны.



Сөзмаржан

Қойнау – таудың жан-жағы биіктеу аңғары, іші.

Қаһан – қаған – ертедегі түркі қағанаттарының басшыларына берілетін ең үлкен атақ, хандардың ханы.

Қадырхан, Кері-Кену – жер атаулары.

Шад – көне. Батыс түрік қағандығындағы билеушілерге берілетін жоғары лауазым, атақ.

Құқай – ел атауы.

Иектеу – (ауысп.) үстемдік көрсету, басыну.

Қоңы жоқ – арық деген мағынада.

Дара кер – ерекше жаратылған деген мағынада.

Зәру – мұқтаж, қажет.

Төменде жер сөкпесе,
Түркіні кім қорламақ,
Иектемек, зорламақ?!
...Әкем қаһанды хан қылған,
Шешем қатынды паң қылған
Теңдесі жоқ тәңірім –
Көк аспанның әмірі.
Тозбасын деп түркілер,
Хан бол деп ел бағына,
Отырғызды тағыма.
Бірақ елім бай емес,
Ерлігіне сай емес.
Ішінде майлы қоңы жоқ,
Сыртында жылы тоны жоқ.
Аш-жалаңаш ел-жұртым,
Қабақтары тұнжыр тым.
Күшіктей ит талаған,
Бәрі жүдеп-жадаған
Құри ма деп ел өстіп,
Інімменен кеңестім.
Әкем құрап берген ел,
Ағам құрап берген ел
Осынау қуғын, қырғында
Кетпекші ме құрдымға?!
Бүкіл түркі халқы үшін
Түн ұйқымды төрт бөлдім,

Жанып-күйдім, өрт болдым.
Күлтегінім қасымда,
Екі шад та осында,
Аттап барлық кесірді,
Мен халқымды өсірдім.
Дауыл өшті, жел қайтты,
Өрісімді ұлғайттым.
Тынышталды ит-құсы,
Болдым елдің ұйытқысы.
Терістікте – оғыздар,
Шығысымда – құқайлар
Татабы мен қытай бар.
Қоқаңдаған алғашта,
Түстігімде – табғаштар.
Қорғау үшін қонысты,
Он екі рет соғыстым.
Он екі рет ұрыстым,
Тұрар жерде тұрыстым.
Сөйтiп жолым болды да,
Келдi бәрi орнына.
Жарылқады Тәңiрiм,
Жинады ел, өңiрiм.
Дұшпандарым күйiндi,
Жалаңашым киiндi.
Жарлыларды бай қылдым,
Төрт түлiгiн сай қылдым.
Аз халықты көп қылдым,
Көңiлдерiн тоқ қылдым.
Жинап байды, жарлыны
Тату қылдым барлығын.
Бәрi маған бағынды,
Тәңiрiндей табынды.
Еңбек етiп елi үшiн,
Көрдiм соның жемiсiн.
Қайтыс болды Күлтегiн,
Жан емес-тi ол тегiн...
Әкем өлiп, жетiде
Жетiм қалған Күлтегiн.
Анам Ұмай бағына
Ер атанған Күлтегiн.
Он алтыда ағамның
Елi-жұртын көбейттi.
Алдындағы қағанның
Жерiн әбден кеңейттi.
Соғдыларға аттандық,

Талқандадық, мақтандық.
Оңтұтық пен Табғашты
Қудық бiздер, жау қашты.
Күлтегiн оттай лаулады,
Елдiң дауын даулады.
Тырп еткiзбей қамадық,
Талаудайын таладық.
Жан-жағынан қыстадық,
Оңтұтықты ұстадық.
Көсемдерiн қарулы
Көрер күнге зөру ғып,
Тадық Чурдың алдымен
Боз атын мiнiп заулады.
Одан соң Ышбар Ямтардың
Боз атын мiнiп заулады.
Одан соң Йегiн Сiлiкбектiң
Торы атын мiнiп заулады.
Iлiкпей жатып пышаққа
Зорығып өлдi үш ат та!
Жаратқаны жар болды,
Жау iшiнде батырға
Тиiп жатты сансыз оқ
Сауытына сатырлап.
...Күлтегiн де болған-ды,
Отызға ол толған-ды.
Салмағы да сан батпан,
Бiр кезде ол қонды атқа,
Баяғыдай қайратты,
Қос батырды жайратты.
Қара көлде тоғыстық,
Аздарменен соғыстық.
Күлтегiн – ел қанаты,
Отыз бiрде болатын.
Алып Шалшы боз мiнiп,
Жауын тоз-тоз, тоз қылып,
Шабуылға жұлқынды,
Еске сақтар бұл күндi
Аздар мүлдем ұтылды,
Елтеберi тұтылды,
Елi қаған ағамның
Ортасында жаманның
Күңшiл, кекшiл болғанда
Малынды да қол қанға
Iзгiлдермен соғыстық,
Соғыс шештi көп iстi.

...Бір жылда бес айқастық,
Тоғу Кентте шайқастық.
Бозын мініп Күлтегін,
Алдаспанын сілтеді.
Алты жауын түйреді,
Жетіншісін сүйреді.
Құшлағатта айқастық,
Едіздермен шайқастық.
Күлтегіні дара кер,
Астында оның Қарагер.
Бір дұшпанын түйрепті,
Һәм тоғызын күйретті.
Жағдайы жоқ бұрынғы,
Едіз халқы қырылды.
Үшінші рет тоғыстық,
Оғыздармен соғыстық.
Сол азбаны астында,
Төтеп беріп тасқынға,
Алған беттен тайған ба,
Күлтегін жүр майданда.
Пышыратып әскерін,
Шығардық шын естерін.
Төртінші рет тоғыстық,
Үш үстінде соғыстық.
Ағын су да іркілер,
Қалжырады түркілер.
Күндетіп һәм түндетіп,
Қуып жүріп індетіп,
Тоңыралық он ерді
Тоңатегінде шөгерді.
Содан Езгенді Қадазда
Бесінші рет тоғыстық,
Оғыздармен соғыстық.
Күлтегінде Қарагер,
Тәңірі қуат бере гөр.
Екі жауын аунатты,
Алып жатқан аумақты,
Әскер түгел жайрады,
Бұл – Күлтегін ойраны.
Қыстап Мағы қамалын,
Аздап сонда демалып,
Тағы ілгері жылжыдық,
Жоқ түркінің ынжығы.

Бастаушымыз – Күлтегін,
Сол әскерін ертеді.
Оғыз басты маңайды,
Қолдан келсе – қамайды.
Бозын мініп Күлтегін,
Алдаспанын сілтеді.
Тоғыз жауын түйреді,
Біразы оның күйреді.
Бой бермеді бірақ та,
Көппен бірге анам да,
Жеңгем, әпкем алаңдап,
Болар еді бәрі күң,
Көрмей өмір жарығын...
Ақ найзасы күлтелі
Болмағандай Күлтегін,
Айырылдық біз одан
Тебірендік қазадан.
Көрер көзім көрместей,
Білгір басым білместей,
Айырылдым ақылдан,
Бауырымнан, жақыннан.
Көрмек бар да – көнбек бар,
Тумақ бар да – өлмек бар...
Шешем – қатын, онан соңғы

аналар,
Жеңгелерім, келіндерім,
ханымдар,
Тірілерің түгел күндікте
болар едіңдер.

Күлтегін жоқ болса,
Бәрің де өлімші едіңдер,
Інім Күлтегін қаза болды.
Өзім қайғырдым.
Көрер көзім көрместей,
Білгір ақылым білместей болды,
Өзім қайғырдым.
Тағдырды тәңірі жасар,
Адам баласы бәрі өлгелі туған.
Қайғырғаным соншама –
Көзге ыстық жас келер,
Көңілге ауыр шер келер.
Шексіз қайғырдым,
Қатты қайғырдым.

*Тарихи шығарманы бүгінгі
нұсқада жырлаған –Қадыр Мырза Әлі*

«Күлтегін» жыры

(Екінші жыр)

Бірінші жыр

Кіші жазу

1. Тәңірідей, тәңіріден жаралған,
Түркі Білге қаған,
Бұл шақта отырдым.
Сөзімді түгел естіңдер:
Бүкіл жеткіншегім, ұланым,
Біріккен өулетім, халқым,
Оңымда шад, апа бектер,
Солымда тархан, бұйрық бектер,
Отыз.

2. Тоғыз оғыз бектері, халқы,
Бұл сөзімді мұқият тыңда,
Терең ұқ.
Ілгері – күн шығысында,
Оң жақта – күн ортасында
Кейін – күн батысында,
Сол жақта – түн ортасында
Осының ішіндегі халықтың бәрі
Маған қарайды, халықты

3. Осынша көп еттім.
Егер қазір баяғы кексіз түркі қағаны
Өтүкен қойнауында отырса, (онда) елде мұң жоқ.

4. Ілгері – Шаңтұң жазыққа дейін жауладым,
Теңізге сәл жетпедім.
Түстікте – Тоғыз Ерсенге дейін жауладым,
Тибетке сәл жетпедім,
Батыста – Инжу өзенін кеше,
Темір қақпаға дейін жауладым.
Терістікте – Байырқы жеріне дейін жауладым,
Осыншама жерге дейін жорыттым,
Өтүкен қойнауының нағыз иесі жоқ еді,
Бірақ ел тұтатын жер осы Өтүкен қойнауы еді.
(Дәл) осы жерде отырып,
табғаш халқымен табыстым.

5. Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті
соншама шексіз беріп жатқан табғаш халқының
сөзі төтті, бұйымы асыл еді.

Сөзмаржан



Түркі Білге – кісі аты.

Білге – ақылды, данышпан, кемеңгер деген ұғымды білдіреді.

Шад, апа бек, тархан – түркі-моңғол халықтарында ақсүйектерге, әскери адамдарға берілген әскери атақ.

Бұл дәрежесі жағынан ханнан кейінгі екінші дәрежелі ақсүйектер.

Оң жақ – оңтүстік.

Сол жақ – солтүстік.

Жеткіншек – өсіп келе жатқан жас ұрпақ, жасөспірім.

Кексіз – зілсіз, кек сақтамайтын.

Өтүкен – қасиетті жердің аты.

Инжу – Сырдария өзені.

Бағалы дерек

Күлтегін 712–713 жылдары түріктердің әскерін Соғды мемлекетіне бастап келіп, оның билеушісі Гуректі жақтап, араб қолбасшысы Кутейба ибн Муслиммен соғысқан. Одан жеңіліс тауып, кері шегінеді. 712 жылы Алтайды мекендеген қарлұқтар мен түркілердің бір бөлігі бұларға қарсы шығады. Шегіну кезінде Күлтегін үлкен жасақпен кейін қалып, негізгі күшті қорғап қалды. 714 жылы Білге қаған мен Күлтегін бірлесіп қарлұқтар мен олардың одақтастарына соққы берді. 715 жылы Күлтегін аздарды Қаракөл өзені төңірегінде ойсырата жеңді.

«Ежелгі дәуір әдебиеті» кітабынан

(Олар) тәтті сөз, асыл қазынасын беріп, жырақтағы халықты (өзіне) сонша жақындатар еді. Жақын қонып, сосын (олардан) әдепсіз қылықты үйренуші еді.

6. Ақылды кісілерді, батыл кісілерді табағаштар қозғай алған жоқ. (Егер) бір кісі алданса, (онда) руы, халқы тұқымына дейін қалмас еді. Тәтті сөз, асыл дүниесіне көп алданып, Түркі халқы, қырылдың, Түркі халқы, жойылдың, Түстікте Шұғай қойнауы түгіл, Түн жазығына қоныстансақ десуші ең. Түркі халқы, жойылдың.

7. Сонда өш адамдар былай иландырып еді: «Жырақ болса, жаман сыйлық берер, Жақын болса, жақсы сыйлық берер», – деп. Осылай иландырып еді. Білімсіз кісілер сол сөзге нанып, Жақын барып, көбің қырылдың...

8. Ол жерге барсаң, Түркі халқы, өлімшісің. Өтүкен жерінде отырып, (Қазынаға керуен жіберсең, Еш мұңы жоқ. Өтүкен қойнауында отырсаң, Мәңгі елдігіңді сақтайсың сен, Онда түркі халқы тоқ. Ашсың ғой сен, Аштықта тоқтықты түсінбейсің, Бір тойсаң аштықты түсінбейсің.

9. Соның үшін алдандың, Қағаныңның тілін алмадың, Жер-жерге бардың, әбден алқындың, арылдың. Сонда қалғандар жер-жерге қаңғып өлімші босқын (боп еді). Төңірі жарылқағандықтан, Өзімнің бақытым бар болғандықтан, Қаған отырдым.



Сөзмаржан

Ол тас... тым – тастағы өшіп қалған жерге көп нүкте қойған.

Бәдізші – тасқа қашап, өрнек салатын бедерші.

Түстік – оңтүстік жақ.

Босқын – аштықтан, қуғын-сүргіннен үркіп көшкен ел.

Кіріптар – тәуелді, бағынышты.

10. Қаған болып, жоқ, кедей халықты көп көтердім,
Кедей халықты бай қылдым,
Аз халықты көп қылдым.
Осы сөзімде өтірік бар ма?
Түркі бектері, халқы, бұны тыңдаңдар!
Түркі халқын жиып,
Ел болғандарыңды мұнда бастым.
Жаңылып, көшкендеріңді де мұнда бастым.

11. Барлық сөзімді айтар,
Мәңгі тасқа бастым.
Бұған қарап біліңдер,
Түркі халқының қазіргі бектері –
Таққа кіріптар бектер,
Сендер жаңылғышсыңдар ғой?
Мен мәңгі тас...
Табғаш қағаннан бәдізші алдырдым, жазу жазғыздым,
Менің сөзімді бұзбады.

12. Табғаш қағаны ішкі өңірден бәдізшілерін жіберді.
Оларға бөлекше мазар салдырдым,
Іші-тысына жазу жазғыздым, тас қалаттым.
Көңілдегі сөзімді
Он оқ ұлдарына, таттарға дейін,
Бұны көріп, біліңдер,
Мәңгі тас қалаттым.

13. (Бұрын) бұл аялдама болса,
Қазірде аялдама жер болса,
Сол аялдама жерге
Мәңгі тас қалаттым, жаздырдым.
Бұған қарап мынаны біліңдер –
Ол тас... тым.
Бұл жазуды жаздырғанның аты Иоллығтегін.

Екінші жыр

Үлкен жазу

1. Биікте Көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының ел-жұртын
Қалыптастырған, иелік еткен.

Бағалы дерек

Күлтегін түркі мемлекетін нығайту мақсатымен бірнеше рет жорыққа шығып, өзін қабілетті қолбасшы ретінде танытты. 718 жылы қас жауы табғаштар шабуылын тоқтатты. Қағандық шамамен 721–722 жылдары Қытайға, 722–723 жылдары татабыға жорықтар жасаған. Өздерін толығымен іргелес мемлекеттерге мойындатқаннан кейін көрші елдермен саяси қатынастарын жақсартты. Ішкі-сыртқы саясатқа Күлтегін тікелей араласып отырған. 723–733 жылдар аралығында мемлекет ешбір елмен соғыспай, халық бейбіт өмір сүрді.

«Ежелгі дәуір әдебиеті» кітабынан



Сөзмаржан

Ымырасыздық – тіл табыса алмау, келісімге келмеу.

Бек ұлдары – мықты, аса қадірлі ұлдары.

Елсіреген – елін, ата-қонысын сағынған деген мағынада.

Біліксіз – қолынан ештеңе келмейтін.

Ілгері – шығыста.

Өрлепті – тауға шығыпты.

Індепті – таудағылар төмен түсіпті.

2. Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,
Сарбаздарымен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен,
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген,
Ілгері – Қадырхан қойнауына дейін,
Кері – Темір қақпаға дейін жайлаған.

3. Екі аралықта жүрген иесіз көк
Түрктерді осылай қоныстандырған екен.
Білге қағандар екен.
Алып қағандар екен.
Өміршілері де бірге болған екен,
Алып болған екен.
Бектері де, халқы да сенімді екен.
Сол үшін де елін сонша
(Ұзақ) билеген екен.
Ел ұстап, төрелік еткен,
Өздері қаза болған.

4. Жылаған-сықтаған:
Әуелі күн шығыстан
Беклі шөлінің елі,
Табғаш, тибет, авар, үрім,
Қырғыздар, үш құрықандар
Отыз татар, қытай татабылар
Осыншама халық келіп,
Сықтады, жылады.
Осындай сыйлы қағандар екен.
Соңындағы інілері қаған болған.
Ұлдары да қаған болды.

5. Соңындағы інілері қаған болған,
Ұлдары да қаған болды.
Соңындағы інісі ағасындай болмады,
Ұлдары әкесіндей болмады.
Біліксіз қағандар отырған екен,
Жалтақ қағандар отырған екен.
Өміршілері де біліксіз екен.
Жалтақ болған екен.

6. Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,
Табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен,

Арбауына көнгендігінен (сенгендігінен)
Інілі-ағалының дауласқандығынан,
Бекті – халқының жауласқандығынан
Түркі халқы елдігін жойды.

7. Қағандығынан айырылды.
Табғаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды.
Түркі бектер түркі атын жоғалтып,
Табғаш бектердің табғаш атын тұтынып,
Табғаш қағанына бағынды,
Елу жыл ісін-күшін берді.

8. (Олар) ілгері – Күншығыста
Бөккі қағанға дейін шапқындады,
Кері – Темір қақпаға дейін шапқындады,
Табғаш қағанына елін-жұртын алдырды.

9. Күллі түркі халқы былай десті:
«Елді халық едім,
Елім қазір қайда,
Кімге ел-жұрт іздермін?
Қағанды халық едім,
Қағаным қайда,
Қандай қағанға күш-қуатым берермін?» – десті.
Осылай деп табғаш халқына жау болды.

10. Жауы болып,
Қолдарынан түк келмей,
Қайта бағынды.
Бүйтіп күш-қуатын бергілері келмеді.
Түркі халқы: «Қырылайық, жойылайық» десті,
Ажалға жылжи бастады.
Көкте түркі төңірісі,
Түрктің қасиетті жері, суы.

11. Былай депті:
«Түркі халқы жойылмасын», – дейді.
«Ел болсын», – дейді.
Әкем Елтеріс қағанды,
Шешем Елбілге қатынды
Төңірі төбесіне ұстап,
Жоғары көтерген екен.
Әкем қағанға он жеті ер еріпті.

12. Шетте жортып жүр дегенді естіп,
Қаладағылар өрлепті,
Таудағылар індепті,
Жиылып жетпіс ер бопты.
Тәңірі қуат берген соң,
Әкем қағанның әскері бөрідей бопты,
Жаулары қойдай бопты,
Ілгері-кейін аттанып, жинапты, көтеріпті.

13. Қолы жеті жүз ер болыпты.
Жеті жүз ер болып,
Елсіреген, қағансыраған халықты,
Күңденген, құлданған халықты,
Түркі иелігінен айрылған халықты,
Ата-баба мекеніне қайта орнатты.
Төліс, тардұш (тарға)...

*М.Жолдасбеков. «Тастар сөйлейді»
кітабынан сөзбе-сөз алынды*

1

Білу

1. Көне түркі әдеби ескерткіштері мұраларын атаңдар.
2. Күлтегін кім?
3. Күлтегіннің әкесі қайтыс болғаннан кейін не болды?
4. Күлтегіннің ағасы кім?
5. Жырдың авторы туралы не білдіңдер?
6. Әр жорықта не болғанын сипаттаңдар.
7. Түркі халқының басты қарсыластары кімдер еді?
8. Жырда Күлтегін қандай адам ретінде суреттелген? Қандай ерлік істер жасаған?

2

Түсіну

1. Неліктен Күлтегін батырдың аты тарихта ерекше аталады?
2. «Күлтегін» жырында жорық сайын бір тұлпардың мерт болып отыруының себебі неде?
3. Орхон ескерткіштері туралы қандай жаңа түсінік алдыңдар?


3

Талдау

1. Күлтегіннің ерлік істерін өздерің таңдаған ертегі кейіпкерлерінің әрекеттерімен салыстырыңдар. Қандай ұқсастық бар екенін анықтаңдар.

Ертегі кейіпкері	Ерлік істері	Күлтегін	Ерлік істері

2. Хрестоматия материалдары негізінде «Венн диаграммасын» пайдаланып, Күлтегін мен Тоныкөкті салыстырыңдар.



4

Жинақтау

1. Берілген ақпараттарды пайдалана отырып, «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Орхон ескерткіштері» туралы мәтіндер бойынша кластер құрастырыңдар, жұпта, топта талдаңдар.



2. «Синквейн» әдісін қолданып, «Күлтегін» сөзіне қатысты бесжолды өлең құрастырыңдар:

Бірінші жол: Тақырыптың атауы (зат есім).

Екінші жол: Тақырыпты сипаттайтын екі сөз (сын есім).

Үшінші жол: Тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (етістік).

Төртінші жол: Тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы.

Бесінші жол: Бір сөз – тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз.

5

Қолдану

1. Парталастарыңмен тақырып бойынша диалог құрыңдар.
2. Мәтінді мұқият оқып шығып, оңай және қиын сұрақтар кестесін жасаңдар.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар

- Мәтінді өздерің негізгі деп санайтын бөліктерге бөліңдер. Әр бөлікке атау беріп, мәтін бөлігінің мазмұнын ашатын сұрақтар құрастырыңдар. Сұрақтарыңды бір-біріңе қойып, қысқа да нұсқа жауап алыңдар. Іске сәт!
- Ежелгі дәуір әдебиеті қандай кезеңдерге бөлінеді? Әр кезеңдердің қалай аталатынын, танымал өкілдері, олардың әдеби мұралары туралы жазып, кестені толтырыңдар:

Ежелгі дәуір әдебиетінің кезеңдері	Танымал өкілдері	Әдеби мұралары	Қысқаша мазмұны

- Оқулық, хрестоматия материалдары негізінде үзінділер мазмұны бойынша жоспар құрып, мазмұндап беріңдер.
- Берілген кестені жыр мазмұны бойынша толтыра отырып, мазмұнын баяндаңдар.

Күлтегіннің жас шамасы	Мінген аты	Кімдермен соғысты?	Нәтижесі	Ру-тайпалар атауы

- Оқулық суретімен жұмыс істендер. Күлтегінді сендер қалай сипаттар едіңдер?
- «Күлтегін» сөзімен өздеріңнің ассоциацияларыңды беріңдер. Ол сөз, сызба, сурет түрінде болуы мүмкін. Орындарыңды ауыстырып, бір-біріңнің пікірлеріңді, ойларыңды тыңдаңдар.
- Өздерің ізденіп, Күлтегін батыр туралы қосымша мәліметтер табыңдар, кімнің мәліметі құнды, өзекті болар екен? Мәтінде кездескен тәуелдік жалғаулы сөздерді теріп жазыңдар.
<https://kk.wikipedia.org>, bitig.org сайттары материалдарымен танысыңдар, қызықты деректер қорын жинаңдар.

6

Баға беру

- Неліктен ежелгі дәуір әдебиеті мұралары түркі халықтарына ортақ мұра болып саналады? Өз ойларыңды айтыңдар.
- Бала Күлтегін қандай болды деп ойлайсыңдар? Батыр Күлтегінді қалай елестетесіңдер? Пікірлеріңді білдіріңдер.
- «Күлтегін» жырының бүгінгі күнгі маңызы туралы ойларыңмен бөлісіңдер.

4. Тақырып бойынша берілген кестені пайдалана отырып, талдау жасаңдар.

Болжам	Жаңа ақпарат
Тақырып бойынша бұрыннан не білемін? Бұл туралы не білуім керек?	Бұл туралы енді не білдім? Қандай маңызды сәттерді мен енді анықтадым?

5. Жырға «Рафт (рөл/аудитория/форма/тақырып)» әдісі арқылы баға беріңдер.

Рөл	Аудитория	Форма	Тақырып
Ғалым	Парламент	Үндеу	«Күлтегін» жырының бүгінгі таңдағы маңызы
Оқушы	Мәдениет министрлігі	Хат	«Күлтегін» жыры – әдеби мұра

6. Мәңгілік ел болуға Күлтегін батыр өз үлесін қоса алды ма? Күлтегіннің атынан өз ойларыңды білдіріп көріңдер.

Артық болмас білгенің

1958 жылы моңғол-чехословак біріккен ғылыми экспедициясы Күлтегін ескерткішінің орнына қазба жұмыстарын жүргізді. Бұған басшылық еткен чех археологы Л.Иисль болатын. Бұл В.В.Радловтан кейінгі жасалған қазба жұмысы еді. Қазба жұмыстары барысында қорған астынан екі кісінің тасқа әдемілеп ойылып жасалған бас мүсінін тапты. Оның бірі Күлтегіннің, екіншісі әйелінің мүсіні екені анықталды.

Күлтегінге арналған ескерткіш пирамида тәрізді. Биіктігі – 3,15 метр, ені – 1,24 метр, қалыңдығы – 0,41 метр. Ескерткіштің жоғарғы жағы бесбұрышты, қырларында айдаһардың суреттері мен қаған таңбалары бейнеленген. Екінші жағында ескерткіштің орнатылған күні – «1-тамыз, 732 жыл» деп жазылған.

Ескерткіштің негізгі бетінде 40 жол жазу бар, ол ескерткіштің сол жақ бетіндегі 13 жол – жазудың жалғасы.

Ескерткіш, негізінен, табғаш (қытай) және көне түркі жазуымен толтырылған. Ескерткіш бетіндегі қытай жазуы 732 жылы Қытай императоры Хусен-Цунг тарапынан бедерленген. Мұнда қытайша ескерткіштің қысқаша мәні айтылған. Қытай жазуы алғаш орысша, французша, содан кейін неміс, ағылшын және кейінгі кездері түрік тілдеріне аударылды. Жазудың үстінде қытайша бір сөйлем бар. Онда «Марқұм Күлтегін жазуы» делінген.

«Ежелгі дәуір әдебиеті»



Кітапсүйерлер үшін

Н.Келімбетовтің «Ежелгі дәуір әдебиеті», М.Жолдасбековтің «Асыл арналар» еңбектерінен Орхон-Енисей ескерткіштері туралы толық мәлімет ала аласыңдар.



Диалог құру

Орхон-Енисей ескерткіштері, «Күлтегін» жыры туралы екеуара әңгімелесіңдер.



Әдебиет теориясы

Жырдың композициясы туралы түсінік

Композиция – әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкенді-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық бірлігі.

Орхон жазуларындағы оқиғаның баяндалуын төмендегідей бөліктерге бөлуге болады:

Күлтегін (Кіші жазу):

- 1) қарамағындағы халыққа үндеуі;
- 2) түркі қағанатының суреттелуі;
- 3) әскери жорықтар;
- 4) табғаш халқының араға іріткі салу әрекеттері;
- 5) түркі халқының өзіне тағылған кінәлары;
- 6) ескерткіштің қойылу себебі.

Күлтегін (Үлкен жазу):

- 1) түркі халқының ата-тегі жайында әңгіме;
- 2) табғаштардың түркілерді жаулап алуы;
- 3) Елтеріс ханның тұсында ел тұрмысының қайта өрлеуі;
- 4) Қапаған, Білге қаған жайындағы әңгіме;
- 5) Күлтегіннің жорықтары.

М.Жолдасбеков. «Асыл арналар»



Тапсырма

Қосымша дереккөздерден жырдың композициясы туралы тың мәліметтер тауып көріңдер.

Жыраулар поэзиясы – халқымыздың сан ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген асыл мұрасы.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ

Өз мемлекетін құрған қазақ елі үшін XV–XVI ғасырлардағы ең басты мәселе жаңа құрылған мемлекетті күшейту мен қорғау болды. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет сахнасына ақын-жыраулар шықты. Жыраулар мен шешендер өздерінің құдіретті сөзімен де, үлгілі ісімен де Қазақ хандығының қалыптасуына, дамуына, нығаюына үлкен үлес қосты.

Жыраулық өнер дала абызы, өз заманының терең ойшылы Асанқайғыдан басталып, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Үмбетей, Ақтамберді, Тәтіқара, Бұқар жыраулармен жалғасады. Олар шығарған әдебиет үлгілері – заман, қоғам, өмір туралы ойлы, сырлы толғаулар, ақыл-өсиет түріндегі шешендік сөздер, дидактикалық термелер, сондай-ақ жеңіске бастаған батырлардың ерлігін дәріптеген дастандар.

Жыраулар поэзиясының негізгі тақырыбы қандай? Жыраулар жырларына өз заманының қандай өзекті мәселелерін арқау еткен?

Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып – Қазақ хандығын құраған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі, бүтіндігі мен тұтастығы, мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру. Мұның өзі жыраулар поэзиясында ең мәнді де маңызды етіп қаһармандықты, елінің тәуелсіздігі мен мемлекетінің нығаюы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді мадақтап, көтермелеп жырлау дәстүрін қалыптастырды. Сөйтіп, жыраулар өз шығармаларында әміршінің идеал бейнесін жасады, сонымен қатар адамдар жоқшылық көрмей, бақытқа кенелген қоғамды суреттеді.

Жыраулар поэзиясы үш түрде жасалған: **толғау, арнау, мадақ-өлеңдер**. Өздерінің монолог түрінде айтылатын толғауларында жыраулар маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар заман мен қоғам, тұлға мен тобыр,

Естеріңізге түсіңіздер:

Орхон-Енисей ескерткіштері туралы не білдіңдер?

Меңгерілетін білім:

Жырау деген кім?

Жыраулар поэзиясының негізгі тақырыбы қандай?

Зергер сөз

Жыраулар толғаған адамшылық, имандылық, қаһармандық, жігерлілік һәм жайсаңдық жаңа қалыптаса бастаған қазақұлысының рухани келбетін кестелеуі тиіс еді. Солай болды да. Қазақ елінің ажары мен жан дүниесі сол шығармалардан танылды. Білім-білік, ақиқат, тіл, жаратылыс жайлы толғамдар да сол арнада желі тартты. Ежелгі түркі дүниесінің бар болмысы мен арман-мүдесі бір кезеңде қазақтың классикалық мәдениеті арқылы көрінді. Ол поэзияда, елдік құрылыста, тұрмыста материалдық һәм рухани мәдениетте бірдей айқын мүсінделді.

А.Егеубай

Даналық ойдан дән ізде

Тақпақ пен мақал тағы
артық,
Суырыпсалма жағы
артық,
Айтады олар ойланбай,
Сыпыра жырау,
Шортанбай,
Үмбетей мен Марабай
Алды-артына қарамай,
Соққанда жырды суылдап,
Жел жетпейтін құландай.
Шәкәрім

Бағалы дерек

Қазақ хандығының пайда болуы – Қазақстан жерінде XIV–XV ғасырларда болған әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси үрдістерден туған заңды құбылыс. Қазақ хандығы – бүгінгі Қазақстан Республикасы мен көрші аймақтардың аумағында 1465–1847 жылдар аралығында өмір сүрген мемлекет. Ол Еділден Жайыққа дейінгі аймақты, Сырдария мен Өмудария өзендерінің аралығын, Хорасан жерін қамтыған. Мемлекет басшысы – хандар саяси билік жүргізген. Олар төре тұқымынан шыққан сұлтандар арасынан сайланған.
«Қазақ энциклопедиясы»

имандылық пен қайырымдылық, өмірдің өткіншілігі мен заманның опасыздығы, өлім мен өмірдің қайшылығы сияқты мәселелерді көтеріп, қоғаммен байланыстыра жырлап отырды.

Жырау деген кім? Олар нені көздеді, мақсат тұтты? Жыршы мен жырауларға қандай қасиеттер тән болған?

Жырау, жыршы туралы XIX ғасырда айтылған пікірлер болғанмен, алғаш толыққанды түсінік берген – М.Әуезов пен Е.Исмаилов. Академик С.Қасқабасов та «*Жыраулар поэзиясы – авторлық ауыз әдебиеті*» деген еңбегінде дәл сипаттама берді: «Жырау хан сарайындағы көреген саясаткер, ханның ақылгөйі, мемлекеттің бас идеологы, елдің ақылшысы, қолбасы әрі дауылпаз ақын бола білді. Олар хандар кеңесінің белсенді мүшесі болған, мемлекетті басқару ісіне тікелей қатынасып, саяси, әскери, қоғамдық мәселелерді шешуге араласып отырған. Соғыс кезінде жыраулар әскери кеңесте ханның жеке өзіне де өз ойын ашық айтып, ақыл беріп, болжау жасаған. Қиян-кескі ұрысқа түсер алдында жауынгерлерге арнап жыр толғаған, олардың намысын қайрап, рухын көтерген. Қажет болған жағдайда өздері де шайқасқа қатысып, ерліктің үлгісін көрсеткен, сондықтан жыраулардың біразы қолбасы да болған, тайпалар мен руларды да басқарған.

Жыраулар жаңадан құрылған Қазақ хандығының, хан билігінің мықты болуын көздеп, сол кезеңдегі әдебиетті, күллі мәдениетті мемлекетке, ханға қызмет еткізді. Олар өздерін әміршінің, мемлекеттің қызметшісі деп білді, сол себепті хандықтың идеологияна айналды. Ханның ақылгөй кеңесшісі, бас саясаткері болғандықтан, жыраулар тек қана үлкен мемлекеттік маңызы бар мәселелер бойынша толғаған да, өз сөздерін тікелей әміршіге арнап айтқан. Олар, әдетте, елді абдыратқан, толғантқан жағдайлар мен төтенше оқиғалар кезінде сөйлеген. Сондықтан жырауларды әмірші де, халық та аса қадір тұтып, олардан хан да, халық та ел дағдарған немесе бүліншілік болған шақта я болмаса елге жау тигенде, ақыл-кеңес сұраған. Жыраулар мұндай сәттерде жұртшылыққа тоқтау айтып, болып жатқан оқиғаға немесе

жағдаятқа өз бағасын берген, өткенді еске түсіріп, бүгінін сипаттаған, болашақты барлаған. Өз заманы мен бұрынғы уақытты салыстыра толғап, дәуір туралы, қоғам жайлы, ел мен әмірші жөнінде пәлсапалық ой түйіндеген».

Жырау – ақын ғана емес, өз заманының ойшыл ғұламасы, ділмар шешені, хан атынан да, халық атынан да билік айта білген рухани көсемі, сәуегей сыншысы, сарқылмас қазынасы. Жыраудың ең үздік шығармасы – толғау. А.Байтұрсынұлы толғау жанрын мазмұнына қарай саф (таза) толғау, марқайыс толғау, налыс (мұңлы, шерлі) толғау, намыс толғау, сұқтаныс толғау, сөгіс толғау, күліс (күлкі) толғау, ойламалдау (ой-қиял тебіренісі) сияқты сегіз түрге бөлген.

Жыраулардың суырыпсалма ақын, батыр, данагөй және сәуегей болып келуінің себебі сол тұстағы Қазақ хандығының өмір салты мен тұрмыс-тіршілігіне байланысты еді. Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарып, өз қоғамының идеологияна айнала білді.

Жыршы – жаттап жыр айтушы, ел ішіне таратушы. Жыршы жырау сияқты өз жанынан жыр шығармайды, бірақ эпикалық дастандар мен толғауларды белгілі бір әуенге салып, айлап жырлайтын халық поэзиясының ірі өкілі. Мұрын Сеңгірбайұлы (1860–1952) деген атақты жыршыдан қазақтың көптеген жыр үлгілері жазылып алынған. Ол «Қырымның қырық батырын» да жатқа жырлаған.

Қазақ жыршылары көнеден келе жатқан терметолғаулар мен жыр-дастандарды біздің дәуірімізге дейін сақтап жеткізді. Жыршы болу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жыр-дастандардың құндылығын жоғалтпай, оны асқақтата жеткізу – жыршының басты міндеті. Жыршы – ғасырлар шежіресін, ел даналығын жадына сақтай білген тұлға. Оның өн бойында ойшылдық, парасаттылық, зерделілік, байсалдылық, сыпайылық сынды көптеген адамгершілік асыл қасиеттер, сонымен қатар әншілік, шешендік, күйшілік, ақындық шеберліктердің барлығы да тоғысуы қажет.

Жыраулық дәстүр – атадан балаға жалғасып, ғасырдан-ғасырға мұра болып жеткен ұлттық асыл қазына.

Артық болмас білгенің

«Қырымның қырық батыры» туралы жыр қырық тараудан тұрады, оның әрқайсысы жеке-жеке батырларға арналған. Сонымен бірге бір батыр екінші батырдың ұрпағы ретінде жырланады. Сондықтан қырық батыр жайлы жырлардың жиынтығы тегі мен композициялық құрылымы жағынан өзара тығыз байланысты. «Қырымның қырық батыры» деп аталатын жырлар жиынтығы – өзінің құрылысы жағынан қырғыздың белгілі «Манасын» еске түсіретін, бірақ көлемі бойынша одан екі есе үлкен, қалыпқа түскен тұтас бір мәдени дүние.

sarbaz.kz

Жиёмбет жырау – әскербасы, қазақ тарихындағы ел бастаған көсем деңгейіне көтерілген елеулі тұлғалардың бірі, еңсегей бойлы Есім ханның ұлы жорықтарында асқан ерлік көрсеткен ер тұлға.

ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ



ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ
(XVII ғасыр)

Естеріңізге түсіріңдер:

Жыршы мен жыраулар туралы не білдіңдер?

Жырау деген кім? Жыршы мен жырауларға қандай қасиеттер тән болған?

Меңгерілетін білім:

Жиёмбет жырау толғауларының тақырыбы мен идеясы қандай?

Жиёмбет жырау – шамамен XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың жырауы, биі, әскербасы батырларының бірі. Жиёмбет жыраудан қалған мұралардың көбі – Есім ханға арналған толғаулар. Әр толғауының өзіндік шығу тарихы бар.

Жас кезінен хандардың, билердің, батырлардың қасында жүріп, ел билігіне араласып, батылдығымен, батырлығымен, шешендігімен көзге түскен Жиёмбет жырау – Есім ханды ақ киізге салып, хан көтерушілердің бірі, оның барлық жеңісті жорықтарының қаһарманы. Кейін Есім ханның кеңесші биі әрі беделді батыры дәрежесіне дейін көтерілген. Бұл жайында ақынның өзі:

Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менің кеңесім...
Ес білгеннен, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін! –
деп жырлаған.

Зергер сөз

Есім ханның қабырғалы билерінің бірі болған Жиёмбет қарапайым көшпенділер қатарынан емес, қолынан билік кетпеген дала феодалдарының ұрпағынан.

М.Мағауин

1620 жылы ойрат-қалмақтар елдің тыныштығын кетіріп, қазақтарға қарсы күрес ашады. Қалмақтар қапыда соғу үшін Есім ханға бітімгершілік ұсыныстарымен елші жібереді де, артынан қазақ ауылдарына кенеттен шабуыл жасап, көп жұртты қырғынға ұшыратады. Осы кездегі оқиғалардың елесі Жиёмбеттің Есім ханға арнаған «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауында:

...Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр бурыл байталға,
Сонда бір жайдақ мінгенсің.
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Қаланың қасы бүлгенде,
Хандар қалаға қылаған,
Сұлтандар суға сылаған.
Қаз мойынды ханшаңыз
Қалада тұрып жылаған... –

деп суреттеледі. Бұл үзіндіден қалмақтардың аңдаусызда, тұтқиылдан берген соққысынан қазақ халқының үлкен зардап шеккендігін көреміз. Алайда көп ұзамай күш жинаған қазақтар қалмақтарға қарсы шабуылға шығып, дұшпан әскерін талқандайды. Осы соғыста жауды ойсырата жеңіп, бетін қайтаруда ерекше ерлікпен көзге түскен Жиёмбет Есім ханның алдында үлкен абыройға ие болады.

Менің ер екенімді көргенсің,
Әуелден бірге жүргенсің,
Дегенімді қылғансың
Қайратымды білгенсің, –
деген өлең жолдарынан Жиёмбет жыраудың Есім хан алдындағы беделін байқауға болады.

Жиёмбет жырларында өзінің ерлігін, өрлігін, баатырлығын сөз өтеді:

Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайыңдай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре мен жайындай.
Беріктігімді сұрасаң,
Қарағай мен қайыңдай.

Бағалы дерек

Жиёмбет бидің Есім ханмен достық қарым-қатынасы ұзаққа бармайды. Екеуінің арасында ел аралық бітімгерлік, жер дауы, жесір дауы кезінде келіспеушілік өрістей береді. Турасын кесіп айтатын Жиёмбет Есім ханның кейбір озбыр, жөн-жосықсыз іс-әрекеттеріне қарсы шығады. Оның бұл мінезі ханға да жаға бермейді. Сөйтіп хан мен бидің арасы суи бастайды. Жиёмбет ханнан іргесін аулақтатып, қол астындағы елге өзінше билік жүргізе бастайды. Мұны білген хан оның соңына түсіп, қуғынға салады.

*«Даланың дара
ділмарлары» кітабынан*

Жиёмбет жырау шығармаларынан қазақ халқының хандары мен билері, сұлтандары мен батырлары туралы құнды мәлімет алып қана қоймай, қазақ пен қалмақ арасындағы шайқастармен, тарихи оқиғалармен, халқымыздың басынан өткен ауыр жағдайлармен таныс боламыз. Жиёмбет – қазақ әдебиетінің тарихында үлкен орын алатын дарынды жырау, халқын сүйген қайраткер.

Артық болмас білгенің

Жиёмбеттің екі толғауы 1908 жылы Қазан қаласында Мақаш Бекмұхамедұлы бастырған «Жақсы үгіт» кітабында жарық көрді. Жыраудың тағы бір толғауын Х.Досмұхамедұлы ел арасынан жазып алып, Ташкент қаласында 1926 жылы жарық көрген «Аламан» атты еңбегіне енгізген.

Жиёмбет жыраудың ақындық таланты бағаланып, жыраудың өмірбаяны, шығармашылығы туралы бірнеше ғылыми-зерттеу еңбектер жарық көрді. Ғ.Әбетов, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Сыдықов, С.Қасқабасов, М.Мағауин, С.Дәуітов сияқты ғалым-жазушылар жырау шығармаларының көркемдік-стильдік ерекшеліктеріне талдау жүргізіп, өмірбаяны туралы құнды мәліметтер берді.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы



Сөзмаржан

Сүйесін – демеу, сүйеу болу.

Ебесін – дәрменсіз, қауқарсыз, әлсіз.

Демесін – таяныш, сүйеніш болу.

Ит түрткі болу – бәрінің көзіне түрткі болу, әркімнің мазағына ілігу.

Бүлгенде – бүлінгенде.

Қаз мойынды – иіліп келген, ұзын, әдемі мойын.

Ат құйрығын кесу – (дәстүр) ел арасында әртүрлі жағдайлармен қақтығысқан, енді көрместей болып біржолға кетіскен, бітіспес адамдар өз елінен, туғантуысқандарынан безеді. Мұндай жағдайда ол өз атының қыл құйрығын кесіп, қолын төбесіне қойып, елден шығады.

Еңсегей бойлы Ер Есім

Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менің кеңесім.
Ес білгеннен, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін.

Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда,
Айналып ақыл табарға
Есіктегі ебесін,
Сонда, ханым, не десін?!
Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит түрткіні көресің.
Жиёмбет қайда дегенде,
Не деп жауап бересің?..

Меніменен, ханым, ойнаспа,
Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайындай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре менен жайындай.
Беріктігімді сұрасаң,
Қарағай менен қайындай.
Көруші едім, Есім хан,
Ханымды күнім, сізді айымдай.

Сырым саған түзу-ді
Садаққа салған бұлындай.
Жұмыскерің мен едім
Сатып алған құлындай.
Жүруші едім араңда
Өзіңнің інің менен ұлындай...

Мен, өлсем, құнсыз кетер деме сен
Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген
Тілеуберді құлындай!
Тілеуберді құлың мен емес,
Мұның, ханым, жөн емес.
Менің ер екенімді көргенсің,
Әуелден бірге жүргенсің,
Дегенімді қылғансың,
Қайратымды білгенсің.

Ағбытпа, ханым, күннен соң,
Сіздің естен кеткенмен,
Біздің естен кеткен жоқ:
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр бурыл байталға
Сонда бір жайдақ мінгенсің...
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Қаланың қасы бүлгенде,
Хандар қалаға қылаған,
Сұлтандар суға сылаған,
Қаз мойынды ханшаңыз
Қалада тұрып жылаған...

Тал шарбаққа мал сақтап,
Тас қалаға жан сақтап,
Тасқан екен мына хан!
Қайырылып қайыр қылуға
Қылығың жоқ ұнаған.
Қайратым қанша қайтса да,
Мұныца, ханым, шыдаман!

Арқаға қарай көшермін,
Алашыма ұран десермін,
Ат құйрығын кесермін,
Ат сауырын берермін,
Алыста дәурен сүрермін,
Қарамасаң, ханым, қарама,
Сенсіз де күнімді көрермін!

Артық болмас білгенің

Есім хан – 1598–1628 жылдары Тәуекел ханнан кейін билік құрған қазақ ханы. Есім хан қазақ тарихында «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен әйгілі болды. Оған бұл атақ 1598 жылы ағасы Тәуекел ханмен бірге Мауреннахрға жасаған жорықта ерекше көзге түскені үшін берілген екен. Есім хан – Шығай ханның баласы, ол Қазақ хандығының Түркістан қаласындағы хан ордасында тұрған. Тәуекел Бұхараны қоршағанда, ол 20 мың әскерімен Самарқанды билеп тұрған. Ауыр жарақаттан қайтыс болған ағасының орнына хан сайланған Есім отыз жыл бойы буыны жаңа бекіп келе жатқан қазақ мемлекетін қорғау, күшейту жолында қанын да, жанын да аяған жоқ.

«Тарихи тұлғалар» кітабынан

1

Білу

1. Жыраулар поэзиясының тақырыбы қандай, оларға қандай ерекшеліктер тән болған?
2. Жиёмбет жырау туралы не білдіңдер?
3. Жиёмбет жырау толғауларының тақырыптарын атаңдар.
4. «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауында Есім хан қалай бейнеленген?
5. Өзі туралы жырау не дейді?

2


Түсіну

1. Жыраулардың хандықтың идеологияна айналу себебі неде?
2. Жиёмбет жыраудың толғаулары неліктен Есім ханға арналған?
3. Жиёмбет жырау толғауларының ерекшелігі неде?

3

Талдау

«Балық қаңқасы» тәсілімен ақын өлеңіне талдау жасаңдар.



4

Жинақтау

«Еңсегей бойлы ер Есім» өлеңінің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

Қолдану

1. Анықтамалықты, энциклопедияны пайдаланып «жыр», «жырау», «жыршы», «толғау» сөздерінің түсінігін жазыңдар.
2. Жыраулар поэзиясы қалыптасқан кездегі қазақ жеріндегі тарихи оқиғалар туралы мәліметтер тауып келіңдер. Тарих пәнінен алған білімдеріңді пайдаланыңдар.
3. Жиёмбет жырау толғауларындағы Есім хан образы туралы әңгімелендер.
4. «Дербес пікір» тәсілі арқылы «Егер мен Жиёмбет жырау сияқты Есім хан дәуірінде өмір сүрсем, не істер едім?» деген сұраққа жауап іздеңдер.

5. el.kz, <https://kk.wikipedia.org> және т.б. сайт материалдарын, «Қазақ әдебиеті тарихы» кітабын (3-том) пайдаланып, жыраулар поэзиясы туралы тұсаукесер дайындаңдар.
6. «Қазақстан тарихы» пәніне сүйене отырып, Есім хан туралы айтып беріңдер.

6

Баға беру

1. Бүгінгі күн тұрғысынан ақын өлеңі несімен өзекті?
2. Жырау толғауларында кездесетін өзі жайлы жолдар туралы не айта аласыңдар?

Кітапсүйерлер үшін



Жыраулар поэзиясы туралы «Бабалар сөзі», «Қазақ әдебиетінің тарихы» топтамаларынан оқып танысуға болады.

Диалог құру



Жиембет жырау толғауындағы Есім хан бейнесі туралы сұхбат құрыңдар.

Қазтуған Сүйінішұлы – жорық жыршысы, қазақ эпосын жасаушылардың бірі, артында сан алуан жырдан құралған мол мұра қалған жырау.

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ



ҚАЗТУҒАН
(XVII ғасыр)

Естеріңізге түсіріңдер:

Жиёмбет жырау туралы не білдіңдер?

Меңгерілетін білім:

Қазтуған жырау шығармашылығының ерекшелігі неде?
«Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» толғауының тақырыбы қандай?

Халық арасында «Қарға бойлы Қазтуған» аталып кеткен Сүйінішұлы Қазтуған Астрахань облысының Красный Яр қаласында туған. Көшпенді шонжарлар әулетінен шыққан Қазтуған рубасы көсемі, әскербасы батыры болған.

Толғамалы жақ тартқан,
Толассыз тұрып оқ атқан,
Тоғыз оқ торғауытты бегеген,
Тобылғыдан су татқан,
Жетпіс бесте жасы бар...
Қабыршақты жайлаған,
Ақсуды төмен бойлаған,
Шағанға атын байлаған
Қарға бойлы Қазтуған...

Зергер сөз

Жыраудың туған жерге деген махаббатында шек жоқ, бұл сезімде тіпті фәнилік емес бірдеңе бар.

М.Мағауин

Қазтуған жырау шығармаларынан бізге «*Мадақ жыры*», «*Алаң да алаң, алаң жұрт*», «*Белгілі биік көк сеңгір*» деп аталатын толғаулары жеткен.

Жырау «*Қазтуғанның қонысымен қоштасуы*» атты өлеңінде туып-өскен жері – Еділ, Жайық, Жем, Сағыз, Ойыл, Қиыл өзендері бойын өз еркімен тастап

кетпегенін, амалсыз қалдырып бара жатқанын, басқа өлкеге ауысуға мәжбүр болып отырғанын жырға қосып, қонысымен қимастықпен қоштасады.

Мазмұны мен әлеуметтік салмағы жағынан алғанда, «Қазтуған толғаулары... қазақ халқының халық боп құрыла бастау тұсындағы жайлы қоныс, құтты мекен іздеу мәселелерінің сол алыс замандағы жаңғырығы, поэзия өмірінде сақталған шағын ескерткіш үлгісі ретінде кейінгі дәуірге жетті. Бұлар өз дәуірі мен шығарушысы жайында кішкентай болса да елес, ұғым бере алса, өз міндетін артығымен орындағаны болып саналады».

Қазтуғанның қонысымен қоштасуы

Арайна, билер, арайна,
Арайна десем, болғай ма?!
Арайнасыз әр қайда
Ердің ісі оңғай ма?!
Арайна болған Қазтуған
Қайғыланып сонда толғай ма?!
Ел қияға қонғай ма?
Еділ, Жайық арасы
Кеңшілік қоныс болғай ма?!
Ебей басты құба үлек
Ернімен шырпы шалғай ма?!
Бұл қоныста отырып,
Біздің мұсылман баласы
Жағасы босап тынғай ма?!

Еділді қоныс етпеңіз,
Жағалай қалмақ алады.
Жайықты қоныс етпеңіз,
Сыдыра біткен көкжиек,
Кәшірлер қала салады.
Аштарханды қоныс етпеңіз,
Шөһөрін оның алады.

Еділді алса – елді алар,
Енді алмаған не қалар?

Сөздің көркі – мақал

Туған жер – тұғырың,
Туған ел – қыдырың.

Елінен безген ер болмас,
Көлінен безген қаз болмас.

Сағынған елін аңсайды,
Сары ала қаз көлін
аңсайды.

Ұлтарақтай болса да,
Ата қоныс – жер қымбат.
Ат төбеліндей болса да,
Туып-өскен ел қымбат.

Сөзмаржан



Арайна – сабыр, ұстам, тоқтам деген мағынада.
Ебей басты – қауқиған, селтиген.

Үлек – сыңар өркешті еркек түйе.

Мауыт – ең жағы майда түкті келген, бағалы саналатын қалың мата.

Мұшақат – мехнат, азап, бейнет.

Шалма – басты айналдыра орайтын еңдей мата, сәлде.

Кіре – жаз келгенде деген мағынада.

Талақ ету – тастау, безу.

Сырық – киіз үйдің киізін жөндеуге, түндікті көтеріп ашуға арналған таяқ.

Жайықты алса – жанды алар,
Жанды алған соң не қалар?
Ойылды алса – ойды алар,
Ойлашы, сонда не қалар?
Қара мауыты мұшақат
Бүтін тоғай жерді алар.
Жаз кіреге жақсы деп,
Дулығалы нарды алар,
Қыс кіреге жақсы деп,
Шудасы қалың айырды алар.
Сусынына шай алар,
Шайнауына май алар.

Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз,
Қайран саланың жатқан аңғары-ай,
Ақ шалмалы пірлердің
Мешітке жаққан шамдары-ай!
Менің бүйтіп қозғалақтап жүргенім
Аузы түкті кәпірдің
Күшті болған салдары-ай!
Кәпірден теңдік алуға
Қайта келер деймісің
Мұсылманның баяғы
Шыңғыстан туған хандары-ай?!
Бұл қоныстан кетпесең,
Мұны талақ етпесең,
Атаңа нәлет кәпірдің
Пайдасына қалмаса игі еді!
Ноғайлы, қазақ жұртымның
Кейінгі туған балдары-ай!

Адыра қалғыр көк Жайық,
Аңырап қалған қонысым!
Қонысымнан ауған соң,
Кетпегей еді ырысым.

Таудағы тарлан бөрі едім,
Тарылған сынды тынысым.
Кейінгі өскен жас бала,
Ақ балтырын түрініп,
Басарына ерініп,
Көкірегі күйініп,
Тек тірлікке сүйініп,
Ықтиярсыз жүгіріп,
Аузы түкті кәпірдің
Етпегей еді жұмысын!
Бұл қоныстан кетпесең,
Мұны талақ етпесең,
Екеу-екеу сөйлесіп,
Біздің кейінгі өскен жас бала
Аузы түкті кәпірдің
Соқпаса екен пайдасын!

Буыршынның жалғыз қырқар азуы,
Бөкеннің желіп өтер төрт саны,
Бұғының ауыр қара мүйізі,
Бидайықтың жалғыз соғары,
Қашағанның ұзын құрығы,
Ақ орданың тіреу сырығы,
Айдаса – қойдың көсемі,
Сөйлесе – тілдің шешені,
Арғымағын жаз жіберіп, күз мінген,
Күз жіберіп, жаз мінген,
Жазаласа екі жылда бір мінген,
Жолдасын жолай іздеген,
Өзіне тиген дұшпанын
Қарт бурадай тіздеген –
Мен – Қарғабойлы Қазтуған,
Қайғыланып асып барамын
Ноғайлы-қазақ елімнен!

1

Білу

1. Қазтуған жырау туралы не білдіңдер?
2. Қандай шығармаларын атап бере аласыңдар?
3. «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» өлеңінің мазмұндық желісі қандай?

2

Түсіну

1. Неліктен жырау өлеңдерінің тақырыбы ел мүддесін қорғауға арналған?
2. Қазтуған жырау мен Жиёмбет жырауды салыстырыңдар.

3

Талдау

Қазтуған жырау поэзиясының ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар?

4

Жинақтау

1. Қазтуған жырау туралы мазмұндаудың тірек сызбасын жасаңдар.
2. «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» толғауының тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

Қолдану

1. Қазтуғанның туған жер, туған ел туралы толғауларының мазмұнымен танысыңдар. www.zharar.com сайты материалдарын пайдаланыңдар.
2. Қазтуған өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктеріне мысалдар келтіріңдер.
3. «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» өлеңінің идеялық мазмұнын өлең жолдарына сүйене отырып ашыңдар.
4. «Туған жер – тұғырың, туған тіл – Қыдырың» тақырыбында эссе жазыңдар.

6

Баға беру

1. Қазтуған жыраудың «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» өлеңінің маңызы қандай? Ақын толғауында көтерілген мәселелер туралы ойларыңмен бөлісіңдер.
2. Жырау толғауларын бейнежазба, ұнтаспадан тыңдап, алған әсерлеріңмен бөлісіңдер.

Артық болмас білгенің

Қазтуған – Алтын Орда заманындағы ноғайлы-қазақ дәуірі әдебиетінің ірі өкілі. Оның шығармалары бүгінгі уақытқа толық жеткен жоқ, көбі мүлде ұмыт қалса, қолда бары, баспа бетін көріп келе жатқандары үзінді күйінде ғана ақын мұрасынан азды-көпті мағлұмат береді. Қазтуған жыраудың өлеңдері алғаш рет Ғ.Мұштақ құрастырған «Шайыр яки

қазақ ақындарының басты жырлары» жинағында жарияланса, кейіннен «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды», «Ұлы арман» жинақтарында, «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» хрестоматиясында басылды.

«Тарихи тұлғалар» кітабынан



Кітапсүйерлер үшін

Жыраулар, жыраулар поэзиясы туралы «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығынан, Ө.Қоңыратбаевтың «Қазақ әдебиетінің тарихы», С.Негимовтің «Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі», Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің тарихы», Қ.Сыдықовтың «Ақын-жыраулар» атты еңбектерінен қызықты мәліметтер табуларыңа болады.



Диалог құру

Туған жер туралы диалог құрыңдар.



Әдебиет теориясы

Толғау туралы түсінік

Толғау – көне дәуірлерде туып, қалыптасқан поэзиялық шығарманың бір түрі, философиялық ой қорытудың ұлттық үлгісі, табан астында суырыпсалып айтуға құрылған лиро-эпикалық жыр. Толғау – күрделі, көлемді лирикалық туынды, сюжетсіз поэма.

Толғау қазақтың «жыр толғау», «толғап айту» деген сөзінен алынып, жеке термин ретінде әдебиетімізде кейінгі дәуірде ғана қалыптасты. Толғау – өзінің табиғи сипатымен жүйелі оқиғасы бар жырға жақын, үндес жанр. Бізге жеткен толғаулардың халық өмірінің аса бір жауапты, күрделі де қиын тұсында айтылып, таралғанын аңғарамыз. Мұнда ел, жер, халық тағдыры, болашағы жүйелі сөз болады. Осы ерекшелік мұны эпикалық жырларға көп ұқсатады.

Толғау мазмұны адамның көңіл күйімен, тарихи оқиғаларды философиялық тұрғыдан пайымдауымен байланысты. Толғау белгілі бір мақаммен, музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен айтылады.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы



Тапсырма

Толғау жанрының ерекшеліктерін тірек сызба арқылы көрсетіңдер.

II ТАРАУ

ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ

Көп сөйлемей, азбен келтір иінін,
Бір сөзбен шеш, түмен сөздің түйінін.

Нақыл сөз

Қазақ тарихында өз дәуірінің ұраншылары, келешектің жыршылары болған қаламгерлерді тудырған XIX ғасыр әдебиетінің сипаты қандай болған?

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ



ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ
(1808–1881)

Естеріңізге түсіріңдер

Қазақ жыраулары туралы не білдіңдер?

Меңгерілетін білім

Шортанбай Қанайұлы кім?

Зар заман ақындары деген кімдер?

Шортанбай Қанайұлы Түркістан жерінде дүниеге келген. Елдегі төкпе ақындардың айтыстарын, жыршы-жыраулардың толғау-жырларын тыңдап өскен сөзге жүйрік, тілге шешен Шортанбай ақындық өнердің жолына ерте түседі. Ел арасында ақындығымен, шешендігімен танылған ол төкпе ақын атанады.

Шортанбай шығармаларының тақырыбы – заман, қоғам, халық тұрмысы, ел өмірі, талауға түскен жер, қоныс мәселесі, отаршылар мен жергілікті әкімдердің озбырлығы, жаңа қарым-қатынастан туындаған тонаудың жаңа түрлері, сатқын ел билеушілердің әділетсіздігі, қиянаты, т.б. Мысалы, «*Зар заман*» толғауында ақын:

Мынау заман, қай заман:

Азусызға тар заман,

Азулыға бар заман.

Байлар зорлық қылады,

Мал көзіне көрінбей,

Билер жейді параны,

Сақтап қойған сүріндей.

Ойлағаны жамандық,

Жарадан аққан іріңдей.

Зергер сөз

Шортанбай ойлары мен көзқарасы ақын өмір сүрген дәуірдегі халықтың ой-пікірінен алынғаны даусыз. Отаршылдықтан азап шеккен, әкімшіліктің әділетсіздігінен торыққан, екіжақты қанау астында зорлық көрген халық трагедиясын ол көзімен көрді, солардың сөзін сөйледі, арман-мұңын жырлады. Сондықтан Шортанбай өлеңдерін халық жанына жақын қабылдады, оны заманның зары есебінде ұқты. (С.Қирабаев)

Заман түрі бұзылды,
Текеметтің түріндей, –
деп теңсіздікті, байлардың үстемдігі мен зорлығын
ашық айтады.

Халық санасына, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне ене
бастаған жаңа заман жаңалықтарын көрген Шортанбай
ақын оларды:

Заман кетті қырынға,
Бұрынғы, шіркін, заманның
Иісі де келмес мұрынға.
Биттей нәрсе қалсайшы
Бұрынғы заңнан ырымға, –

деп қатты сынға алады. Ақын қазақ даласына келген
отарлаудың салдарын, халыққа тигізер зияны мен
зардабын, ел мен жер тағдырын жырлағанымен, одан
шығудың жолын көрсетпейді, жақсылықты өткен күн-
дерден іздейді, өткен күнді көксейді.

Шортанбай өлеңдерінде үлгі боларлық өсиет-нақыл
сөздер көп кездеседі. Ақын өмір туралы қорытынды
жасап, жақсы мен жаман туралы ой қозғайды:

Жақсыменен жанассаң,
Келеді ісің оңына.
Жаманменен жанассаң,
Пәле ертесің соңыңа,
Дұшпаның қарар оңына.
Жаманға түссе жұмысың,
Жағаңнан алар сорыңа.
Әркім тайып жығылар
Өзінің қазған орына.

Ш.Қанайұлы өз шығармаларында заманның кес-
кін-келбетін дәл басып, нақты көрінісін жасаған
шыншыл ақын ретінде танылды. Шортанбай мұра-
ларын алғаш зерттеушілердің бірі М.Әуезов Шортан-
баймен қатарлас өмір сүрген ақындар шығармашы-
лығын саралай келе, оларды «Зар заман ақындары»
деп атады.

Шортанбай Қанайұлы шығармаларына ерте
кезден-ақ терең көңіл бөлініп, қазақтың ішінен
шыққан өлең-жыр жинаушылар арқылы жырлары
жинақталып, Қазандағы татар баспасынан 1880 жылы
«Шортанбайдың «Бала зары» деген атпен жария-
ланған болатын.

Артық болмас білгенің

«Зар заман» деген –
XIX ғасырда өмір сүрген
Шортанбай Қанайұлының
заман халін айтқан өле-
ңінің аты. Шортанбайдың
өлеңі ілгері-соңғы ақын-
дардың барлық күй, сары-
нын бір арнаға тұтастыр-
ғандай жиынды өлең бол-
ғандықтан, бүкіл бір дәуір-
де бір сарынмен өлең айт-
қан ақындардың барлығы-
на «зар заман» ақындары
деген ат қойдық».

М.Әуезов

Бағалы дерек

Зар заман – қазақ әдебиетіндегі кезең атауы. Аталған кезең Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан Қазақ хандығындағы бұрынғы ел басқару жүйесінің жойылып, халықтың саяси, экономикалық және рухани езгіге ұшыраған тарихи уақыттың сипаттайды.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы



Сөзмаржан

Кесапат – бәле, қырсық.

Айбар – айбат, айбын, қаһар.

Дуан – (көне) бір уездік көлемдегі ауқымдық бекініс, аймақ.

Заманақыр – тар кезең, зобалаң шақ.

Сүр – ұзақ уақыт сақтау үшін, тұздалып сақталған ет.

Асылық – астамшылық, күпірлік.

Жөргем – пайда, олжа.

Керт бас – сүйенер ешкімі жоқ, жалғыз өзі.

Қоңсы – 1) кедей ауыл, кірме; 2) бірге отырған ауыл-үй, көрші-қолаң.

Азулы – 1) мықты, күшті; 2) (ауысп.) бет қаратпайтын өткір, өжет, озбыр.

Зар заман

Зар, зар заман, зар заман,
Зарлап өткен бір заман.
Сөздің басы – бисмиллаһ,
Біз айталық, сіз тыңда
Мұсылманның тарихын:
Төрт аяқты хайуан –
Бұ дүниенің жарығы.
Бағасы кеткен жігіттің
Бетінен алар зайыбы.
Бір Алладан басқаның
Көпті қылған айыбы.
Кесапаттың кесірі
Келе ме деп керт басқа,
Сол себептен қорқамын!

Әуелгі қорлар зор болды,
Сондай зорлар қор болды,
Әуелгі барлар жоқ болды,
Сондай жоқтар тоқ болды,
Жөн білмеген жамандар
Ел билеген бек болды.
Көтере алмай билігін,
Ұласқан үлкен кек болды.
Ниетіне қазақтың
Тым-ақ тәуір еп болды.
Заманақыр болар деп,
Сол себептен қорқамын!

Қыс көбейді – жаз аз боп,
Бай таусылды – мал аз боп,
Ағайыны көре алмай,
Атаға бала араз боп.
Әр нәрсенің болжалы
Келе жатыр жақындап.
Ағашты тауға үй салып,
Алды көпір ақында,
Елді еркіне қоймады
Буыршындай тақымдап.

Дуан басы болыс тұр
Кәпірдің сөзін мақұлдап.
Бейшараның пұлы жоқ,
Қорыққаннан қақылдап.
Жарысқа кірген жақсылар,
Аша алмассың көзің деп,
Сол себепті қорқамын!

Елге егін жайылды,
Байға қоңсы жоламас.
Алдап-арбап жүрем деп,
Өз тілегін тілемес.
Арам сулы балаға
Атаның сөзі ұнамас.
Заманақыр боларда
Алуан-алуан жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты.
Жарлы, кедей жоқ десек,
Қорлықпенен күн өтер.
Байлар ұрлық қылады,
Көзіне малы көрінбей.
Билер жейді параны
Сақтап қойған сүріндей.
Заманың сенің құбылды
Текеметтің түріндей.

Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жақсы – жаннан түңілген,
Жаман – малдан түңілген,
Мұның өзі – зар заман.
Зарлығының белгісі:
Бір-бірлерін күндеген,
Жай-жайына жүрмеген,
Мұның өзі – тар заман.

Тарлығының белгісі:
Мұсылманнан хал кетті.

Тәңірім болғай деместен.
Анты жұқпас бойына,
Әрне түсер ойына,
Жалмауыз болды үлкенің,
Қазақ, сенің сорыңа.
Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң,
Тіпті амал жоқ, қазақтар
Енді сенің торыңа.
Орыс – бүркіт, біз – түлкі,
Аламын деп талпынды...

Бұл асылық, асқан заманда,
Ұл туады атаменен егесіп,
Қыз туады анаменен теңдесіп,
Баласы кетіп тыюдан.
Патша жұртын қанады,
Байлар жөргем санады...
Жамандықтың белгісі:
Ұлдың көңілі – бір бөлек,
Қыздың көңілі – бір бөлек,
Алысар тұстар болса да,
Әлсіз айбар не керек?..

Зар заманның аяғы —
Заманың кетті баяғы,
Ықылас, ниет қалмады,
Үлкенге билік салмады,
Жарлының жалғыз сүйеніш
Мал болыпты таяғы.
Айырылмай дерт болды
Кедейге қылған қорлығың.
Көріңді көрдің піріндей,
Тілмашты көрдің жеңгендей,
Дуанды көрдің үйіндей,
Абақты тұр қасыңда
Қазылған қара көріндей!

1

Білу

1. Шортанбай Қанайұлы өмір сүрген заман туралы не білесіңдер? XIX ғасырда қазақ даласында қандай тарихи оқиғалар орын алды?
2. «Зар заман» өлеңінде ақын өткен заманның келбетін қалай суреттеген?
3. Заманның тарлығының белгісі өлеңнің қай жолдарында берілген? Өз сөздеріңмен түсіндіріп көріңдер.

2

Түсіну

1. Шортанбай ақын өлеңінің «Зар заман» аталу себебі неде?
2. Сол кездегі ақындарды не себепті М.Әуезов «Зар заман ақындары» деп атады?

3

Талдау

«Венн диаграммасы» арқылы Ш.Қанайұлының «Зар заман» өлеңін «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» өлеңімен салыстырыңдар.

Шортанбай
«Зар заман» өлеңі

«Қазтуғанның
қонысымен қоштасуы»
өлеңі

4

Жинақтау

Ш.Қанайұлының «Зар заман» өлеңінің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

Қолдану

1. Шортанбай ақынның шығармашылығы туралы баяндаудың жоспарын құрыңдар.
2. Шортанбай Қанайұлының өлеңдерінде көтерілген қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы ой бөлісіңдер. Жауаптарыңды өлең жолдарымен дәлелдеңдер.
3. Ақын өлеңдерімен танысып, берілген кестені толтырыңдар. Жауаптарыңда хрестоматияда берілген өлеңнің толық нұсқасын, www.zharar.com/kzw сайты пайдаланыңдар.

Зар заман
белгілері

Бүгінгі заман
белгілері

4. «Зар заман» өлеңін мәнерлеп оқыңдар. Қалауларың бойынша үзінді жаттап алыңдар.
5. «Ресей халқының қазақ даласына қоныстануының пайдасы мен зияны» атты тақырыпта пікір таластырыңдар.
6. «Бүгінгі және болашақтағы Қазақстанның келбеті» тақырыбына эссе жазыңдар.

6

Баға беру

1. Өлеңде ақынның ішкі жан дүниесі, сезімі қалай бейнеленген?
2. «Зар заман» өлеңінің мазмұны бойынша пікірлерінді «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер.
Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»
Екінші сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін ...»
Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...»
Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

Диалог құру

Қазіргі өмір келбеті туралы сұхбат құрыңдар.

Кітапсүйерлер үшін



«Үш ғасыр жырлайды» жинағынан, «Қазақ әдебиеті тарихы» (IV том) топтамасынан Шортанбай Қанайұлы шығармаларының мазмұнымен танысыңдар. Қалауларың бойынша жыр шумақтарын жаттап алыңдар.

Жасынан жыраулығымен елге танылған, Жамбыл ақын пір тұтқан, Мұхтар Әуезов «айтыс өнерінің алтын діңгегі» деп атаған Сүйінбай Аронұлы – айтыс ақыны.

СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ



СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ
(1815–1898)

Естеріңізге түсіріңдер:

Қандай қазақ ақын-жырауларын білесіңдер?
Шортанбай қандай ақындар тобына жатады?

Меңгерілетін білім:

Сүйінбай Аронұлы кім?
Сүйінбай мен Қатаған айтысының маңызы қандай?

Сүйінбай Аронұлы қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданы Байтөбе деген жерде 1815 жылы дүниеге келген.

Қоқан хандығы шапқыншылығының әсерінен жан-жаққа бытырай көшіп, қиын-қыстау кезеңде іргесі ыдыраған қазақ руларының басын біріктіруде Сүйінбайдың ықпалы зор болғандығы тарихтан белгілі. Сол заманды жырлаған «*Өтеген батыр*», «*Саурық батыр*», «*Сұраншы батыр*», «*Жабай батыр*», «*Қарасай батыр*» толғауларында жырау халықты тәуелсіздік үшін күресуге шақырды.

Сүйінбай Қабан, Жанак, Түбек, Шөже секілді алдыңғы толқын айтыс ақындарымен қатар өз замандастары, белгілі ақындар Майлықожа, Қаңтарбай, Бақтыбай, Қатаған ақындармен де айтысқа түскен.

Қырғыз ақыны *Қатағанмен айтысында* ақын адамгершілік, әлеуметтік мәселелерді жырлаған. Қатаған ақын белгілі бір рушылдық, байшылдық көзқарастың шеңберінен шыға алмайды, ал Сүйінбай болса, қырғыздар мен қазақтардың арасындағы адал достықты ардақтап, ұлттық бірлікті дәріптейді. Қай тайпаны, қай атаны ауызға алса да, руаралық береке мен бірлікті басты нысана етіп алады:

Зергер сөз

Сүйінбай – қынаптағы қылыш, аспаннан түскен жасын, соғып тұрған құйын, ескен қызыл жел, айтысқанды шаңына көмген жүйрік, айтысқанның басынан боран асырып, миын шайқаған жырдың боранды ақпаны, қияқты сұңқары.

«Қазақ әдебиеті»
анықтамалығы

Шапырашты елім бар,
Асқар таудай белім бар!
Байтақ жатқан елімнен
Шапыраштыға сенім бар...

Немесе:

Төрт Дулаттың баласы
Жердің жүзін жасырған.
Ерегескен дұшпаны
Алдына келіп бас ұрған!

Осылайша шабыттанған Сүйінбай барлық қазақ руларын түгендеп, халқының көптігін, елінің ерлігін, өрлігін, серілігін аспандата, асқақтата айта келіп:

Еменнен күшті ағашпын,
Еселесең сынбаймын!
Алдаспанға жолықтың,
Түбіңе жетпей тынбаймын!
Топ бастаған бұлбұлмын,
Сөз бастаған жүйрікпін,
Судан шыққан сүйрікпін,
Бәйгеден озған дүлдүлмін,
Шығарма, Қатаған, үніңді! –
дейді.

Академик М.Әуезов «айтыс өнерінің алтын діңгегі» атаған Сүйінбай поэзиясы терең философиясымен, ой сұлулығымен, ақын тіліндегі соны поэтикалық өрнек-айшықтарымен ерекше.

Даналық ойдан дән ізде

Сүйінбайдың бүкіл Жетісу ақындарына, әсіресе, ең талантты шәкірті, келешегінен зор үміт күткен Жамбылға берген ақындық, ұстаздық жолында екі үлкен ерекшелік бар. Бірі – айтыста болсын, шындықты жеткізіп, өткір, шешен, тапқыр тілмен тыңдаушыны құмарландырып сөйлеуі, екіншісі – тарихта болған батырларды үнемі желілі жырға айналдырып айтуы.

Б.Ысмайылов

Бағалы дерек

Жыраудың арғы атасы Күсеп әрі ақын, әрі қобызшы болса, нағашысы Қабан Жетісудағы ақындық, жыраулық өнердің ірі өкілі болған. Сүйінбай бозбала кезінде жеті тәулік бойы сол нағашы атасының көшінен қалмай, ілесіп жүріп, батасын алыпты. Сүйінбай 13–15 жасынан ақындық жолын қуады. Жыр-дастандарды, аңыз-қиссаларды жиын-тойларда жатқа айтып, өз жанынан да шығарады. Жыраудың 60 жылдан астам уақыт бойы тоқтаусыз шығарған жыр мұрасы ұшан-теңіз болған.

«Қазақ әдебиеті» газетінен

Зергер сөз

Ер жігіт – ел-жұртының панасындай,
Жақсы әйел әммә жұрттың анасындай.
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай.

Дүниеде қандай жақсы болсаң да –
тіленсең қадірің кетер.

Жаман жігіт белгісі – алғаны мен бергенін сырттан жүріп санайды.

С.Аронұлы

Артық болмас білгенің

Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты Қарақыстақ ауылына кіре берісте әдебиет әлемінде есімі алтын әріптермен әспеттелген атақты Сүйінбай Аронұлына арналған мұражай орналасқан. Мұражай 1996 жылдың 24 тамызы күні Алматы облысы әкімдігінің бастамасымен ашылған. Шығыстық үлгімен жасалған мұражайдың ішкі бөлігі екі үлкен зал мен фойеден құралған. Мұражай ауласында Сүйінбай ақынның мәрмәр тастан жасалған ескерткіші бой көтерген.



Мұражайда Сүйінбай ақынның өмірінен сыр шертетін асыл мұралар көздің қарашығындай сақтаулы. Оның қорында барлығы 775 жәдігер бар, оның 415-і негізгі қорда, 360-ы көмекші қорда.



Сүйінбайдың Қатағанмен айтысы

Қырғыз манабы Бәйтiк қазақтан келген қалың топқа көз салып: «Тезек-ау, мына бадана көз, сұрша жігітiң Сүйiнбай ақын емес пе?» – дейдi. Аты бiрiншi аталған Сүйiнбайдың айтқаны:

Ассалаумағалайкүм, сәлем бердiк,
Мұбарак жүздерiңдi жаңа көрдiк.
Атақты ас, жиынды құттықтауға,
Бауырлас қырғыз елi, саған келдiк.
Жүйрiктер жеткiзбейдi қою шаңға,
Қосылар қырағылар қашқан аңға.
Хан Жантай, Қара Бәйтiк, Өтекеңе,
Келiп ем сәлемдесе Орман ханға...
Қол жайып, құран оқып өткендерге,
Аруағын атаң, қырғыз, келдiм жоқтай.
Алдына қалың қырғыз келгеннен соң,
Жарай ма қайтып кету көңiл айтпай?!
Қырағы аспандағы ақиықпын,
Құмарым басылмайды борандатпай!

Сүйiнбай осылай деп тоқтағанда, Бәйтiктiң тасасында отырған қағiлез, қайыстай қара жігiт қарғып тұрып, қолына домбырасын ала айғайды салып, Сүйiнбайға тиiседi:

Сүйiнбай, тоқтат сөзiңдi...
Ақынмын деп ойлайсың,
Мен тұрғанда өзiңдi!
Қисық ағаш кездестi,
Басыңнан өлең жаудырып,
Бiр құрайын тезiмдi!
Сыртыңнан iздеп жүрушi ем,
Барың болса қарышта,
Барар жерiң сезiлдi.
Менiң атым – Қатаған,
Қоңыр Бөрiк асында
Бес жүз жылқы матағам.
Сүйiнбай тәуiр ақын деп,
Мұның несiн атаған!
Аяғыңды тарта бас,
Қырсықты жерiң таяған.
Қатағанға Сүйiнбай,

Бағалы дерек

«Қырғыз ханы Орман ас бередi» деген хабар көршiлес қазақ елiне алты ай бұрын тарайды. Орман Жетiсу бойын мекендеген қазақ руларын билеп отырған Тезек төреге арнайы шақыру хат жібередi. Хат иесi Тезекке атақты асқа не әкелу керектiгiн айтпағанмен, ақын, жыршы, жырауларды, найзагер, бапкер, палуандарды ала келуiн өтiнедi. Ас қырғыз жерiнде 1852 жылдың маусым айының бас кезiнде басталады. Асқа қазақ, қырғыздың ақсүйек, би-болыстарымен қатар, қарапайым халық та көп жиналады.

Сөзмаржан



Мұбарак – қайырымды, мейiрман, қайырлы.

Қағiлез – 1) арықша, жұқалтаң, талдырмаш; 2) жүрiс-тұрысы, қимыл қозғалысы шапшаң, тез қимылдайтын.

Матау – байлау.

Манап – рулық қоғам кезiндегi дәулеттi тап өкiлi, билiк иесi, бай.

Қырағы – тез байқайтын, көреген, өте сақ.

Бадана көз – бадырайған, үлкен көз.

Ақиық – бүркiт тұқымдасына жататын қыран құс.

Артық болмас білгенің

Сүйінбай мен Қатаған айтыстарының әрқилы нұсқалары бар. Сүйінбайдың жыр-жинақтарына, сонымен бірге әзірге толық жарияланбаған мұрағат материалдарына қарағанда, Қатаған рудың аты да, Арыстанбек сол рудан шыққан ақын ретінде аталады. Ал Арыстанбек Байлашұлының 1994 жылы шыққан алғашқы жыр кітабында Қатаған ру емес, ақын есімі ретінде алынады...

Сүйінбай-Арыстанбек айтысы ма, әлде Сүйінбай-Қатаған айтысы ма деген сауалдың жауабы қазақтың да, қырғыздың да әдебиеттануында әлі күнге толық анықталып, бұлтартпас дәлелдермен тиянақталып болған жоқ. Сүйінбай Аронұлының Қазақстанда шыққан кітаптарында Қатағанмен-Арыстанбекпен айтысы деп жазылды. Ал мұрағаттардағы Өмірзақ Қарғабайұлы, Өшім Нұрлыбайұлы, Өбдіғали Сариев, т.б. нұсқаларда біресе Қатағанның, біресе Арыстанбектің есімі аталады. Ал қырғыз әдебиетінде тек «Арыстанбек пен Сүйүмбай айтышы» ғана жарық көрді. Қатағанмен «жарысқан» нұсқасы бүгінге жетпеді деген тоқтам жасалды...

Б.Ыбырайым. «Айтыстың алдаспаны». «Қазақ әдебиеті» газеті



Сөзмаржан

Қарғы – иттің мойнына байлайтын жалпақ қайыс.

Сүйрік – сулы жерде өсетін қамыс сияқты өсімдіктердің жұмсақ, тәтті тамыры.

Шормақ – түйіншек.

Саңлақ – 1) ұшқыр, жүйрік; 2) (ауысп.) елден ерек, озат, шебер.

Мес – ешкінің бітеу терісінен жасалған ыдыс.

Қатадан – қателесу, байқамау.

Қияқты – қанатты, қауырсынды.

Аңдас – аңдысқан, ізін басқан.

Саппас – парықсыз, топас, санасыз.

Тезімді – күш көрсету, тезге салу мағынасында.

Ұрындың келіп қатадан.

Қырғыздан шыққан жүйрікпін,

Құс мойынды, қоян жон,

Тұлпардан туған жатаған.

Сүйінбай, сені жеңермін,

Ешкімге де сиынбай.

Сүйінбай, сенен жеңілсем,

Қатаған болмай қатайын,

Көкшешектен жатайын.

Қырғызға әкеп мақтанып,

Беш тиынға-ау сатайын.

Көптігімді де айтайын.

Күніне шауып жараған,

Жүйрік жалын тараған,

Қара Бәйтік бегім бар,

Падишадан шен алған,

Орман ханға балаған.

Аузына қырғыз қараған,

Батыр Жантай бегім бар.

Егізек пен Тоғызақ,

Бұғы деген қырғызым,

Маңдайға біткен жұлдызым.

Байлық десең, бізде бар,

Батырлық десең, бізде бар.

Ел шетінен айтайын,

Сарыбақ үш мың дұлым,

Жағамдағы құндызым,

Маңдайдағы жұлдызым.

Бұғы деген жұртым бар,
Байлық десең, мұнда бар,
Көптік десең, мұнда бар,
Беттік десең, мұнда бар,
Көкше қоян құмда бар,
Біздей ерчі қайда бар?!
Қасар ұры деген қырғызым,
Сары рудан қозғасам,
Тең келмес оған қаруың.
Ауадан былай көп Солты,
Найзасын тасқа жаныған,
Тұлпар мініп жаратқан,
Жанды аузына қаратқан.
Сол Солтының ішінде,
Қалың қара Қанайым,
Қанайымды қаптатып,
Қазағым, саған салайын!...

деп, демін алғанда Қатағанның екпінінен жасқанған Тезек төре Сүйінбайға жалтақ-жалтақ қарай береді. А дегенде Сүйінбай булығып қалады. Сол кезде Бөлтірік батыр Тезек төреге: «Ей, төрем, көтер басыңды, қаныңды қашырма. Сүйінбай өлең таппай отыр дейсің бе?! Булығып отыр. Сүйінжан, шығар даусыңды», – дегенде, Тезек төреден бастап сөйлеп кетеді.

Сондағы Сүйінбайдың Қатағанға айтқаны:

Қашырма, төрем, қаныңды,
Кіргізейін жаныңды.
Қатағаннан жеңілсем,
Талап алғын малымды!
Іздегенім осы еді,
Іздегенім табылды!
Көппін деп айттың, Қатаған,
Көптігің сенің қайда бар,
Үш атаның ұлысың.
Қазағымды қаптатсам,
Жұртта қалған күшіктей,
Айдалада ұлырсың.
Шапырашты елім бар,
Асқар таудай белім бар.
Байтақ жатқан елімнен,
Шапыраштыға сенім бар.
Тұлпар мініп жаратқан,
Жауын жеңіп қаратқан.
Маған қандай теңің бар?!

Сөзмаржан



Дұлым – қырғызша
«көппін» деген мағынада.
Ерчі – батыр, ер.

Осы айтыс туралы көптеген зерттеу еңбектерінің авторы Сұлтанғали Садырбайұлы өзінің «Өлең – сөздің жарық жұлдызы» атты мақаласында былай жазады: «Асылы, бұл айтыстың өтілу тарихын әркім әрқалай баяндайды. Мәселен, Жамбыл: «Сүйінбай мен Қатаған Орман ханның анасына арналған аста айтысыпты», – десе, Жамбылдың шәкірті Өмірзақ Қарғабаев аталған екі ақынның бұл айтысы қырғыздың шоң манабы Алыбайдың асында айтылған деп түсіндіреді. «Мен Қырғыз Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорында Сүйінбай мен Қатағанның айтысына қатысты бірнеше нұсқасын қарадым.

Соның бірі бұл айтыстың тарихын былай деп баяндайды: «1847 жылы хандық қозғалыстың кейбір басшылары Шу өзенінің жағасындағы қырғыз еліне жәбір көрсетеді, бірнеше ауылдар зардап шегеді, кісі өлімі болады, ақыры өздері де жазаға ұшырайды. Осы бір трагедиядан соң бір жыл өтеді, «Енді екі елдің арасында өкпе-наз қалмасын, достық, туысқандық салтымызды сақтап, Ыстықкөлдің жағасына жиналалық, ат жарыстырып, ақындарымызды айтыстырып, тамашалап тарасалық» деген екі жақтан ұсыныс болады. Осыған орай, 1848 жылы жазда, уағдалы жерде, қазақ-қырғыз елінің беделді уәкілдері бас қосқан үлкен ас болады. Асқа қатынасушылар: «Бұдан былай екі елдің бауырластық бесігіне ешкімнің қолы тимесін» деген тоқтамға келеді. Астың төртінші күнінде екі елдің көрнекті адамдары Орман ханның жүз кісілік шатырына жиналады. Мәслихатты Қара Бәйтік басқарады:

– Қазақ халқының игі жақсылары! Құмырсақдай қаптаған мына отырған қырғыз-қазаққа алыстан келген ақының сәлем берсін», – дейді».

(P.C.Каренов)

Сұраншы, Саурық аттанса,
Сыртқы жауға өлім бар...
Шапырашты қалың ел,
Жауды көрсе қаптаған,
Сабыр қылып саспаған.
Қарасай үлкен ер еді,
Есімі елге белгілі.
Асыл заттың бірі еді,
Аруағы дүркіреп,
Басылмай әлі келеді!
Тұлпар шапса талмаған,
Бар қазақтың ұлында,
Онан асқан болмаған!
Даңқты батыр болмаған!
Даңқты батыр ер еді,
Бүкіл қазақ жиналса,
Қарасай білсін дер еді!
Мен Қарасай ұлымын,
Наркелдемнің түрімін.
Айтулы ердің бірімін.



Сөзмаржан

Наркелде – нар тұлғалы ақын

Шапырашты батыр ел,
Батыр туған мен едім!
Екей деген ақын ел,
Өлең таппай қиналсаң,
Айтысқанда бізге кел.
Есқожа деген батыр ел,
Көсе-көсе көктеген.
Бүкіл қазақ халқында
Оған ерлік жетпеген.
Онан бері айтайын,
Қалың жатқан Ошақты,
Атамыз қойған осы атты.
Талай елді олжалап,
Талай жерді босатты!
Жасаған жауға осы атты,
Батырлары көп шығып,
Алтыннан сауыт жасатты!
Ошақты деген батыр ел,
Ішіндегі атақты.
Қатаған ақын оңбайды,
Тіл тигізіп халыққа,
Аруаққа тас атты.
Онан бері Ыстым бар,
Алатаудай күштім бар.
Сол Ыстының ішінде,
Ойық пенен Тілігім бар.
Барлығы түгел қозғалса,
Сырқырар сенің жілігің.
Елдесіп отырған екі елдің,
Қалаймысың бүлігің?
Шағыстырған жұртымды,
Жақпады маған қылығың.
Атағы жоқ Қатаған,
Құрысын сенің ырымың.
Онан бері Сары Үйсін,
Ұлы жүздің бәрі Үйсін.
Екенімді Сүйінбай
Осыларды қаптатсам,
Енді «батыр» танысың...
Онан бері Қаңлым бар,
Қаңлыны қаптатсам,
Аузы-басыңды қан қылар.
Шанышқылыны қаптатсам,

Кең дүниенді тар қылар.
Қожа менен Тоғышақ,
Сәлделері бір құшақ.
Қали пірім өз жұртым,
Сахарадан жөнейтін,
Көлден ұшқан қу құсап.
Онан бері Сіргелі,
О да бір жұрт іргелі.
Жігіттердің бәрі де,
Текежәуміт мінгені.
Дүниенің қызығы,
Тамаша дәурен сүргені.
Іледен ары өтейін,
Жалайырға жетейін.
Он екі атаның ұлы еді,
Абақ, Тарақ жұртым бар.
Ақ Көбікті өлтірген,
Орақ батыр сонда бар,
Арғы атасын айтайын,
Қоғалы көлді шалқытқан,
Туған айды балқытқан,
Сөзге шешен Балпықтан,
Он екі ата Жалайыр,
Аршынға қолын сермеген,
Маңына дұшпан келмеген.
Тұлпар деген сол елде
Алтын Ордада бағылып,
Дорбада тұрып жем жеген.
Сұлу деген сол елде
Ашпаған бетін пендеге.
Батырлары жасанып,
Аттары кетпес кермеден.
Қазақ деген – батыр ел,
Ешкімге намыс бермеген.
Онан әрі Дулатты,
Батырлары көп шығып,
Талай жерді шулатты.
Сыпатай аңдас Бәйсейіт,
Қарсы келген дұшпанын,
Садақ тартып найзамен,
Қылышпен кесіп турапты.
Төрт Дулаттың баласы,
Жердің жүзін жасырған.

Ерегескен дұшпаны
Алдына келіп бас ұрған.
Былай барсам Сиқымым,
Сиқымымды қозғасам,
Басыңа салар қиқуын.
Онан бері Жанысым,
Жанысымды қозғасам,
Жанып кетер намысым.
Батырлары көп шыққан,
Ешкімге бермес намысын,
Қалай екен шабысым?!
Сөзімді енді байқап көр,
Қатаған қайта барысып!
Онан бері Ботпайым,
Ботпайымды қозғасам.
Кетерсің жанып оттайын.
Етім қызып кеткенде,
Сабыр қып қалай тоқтайын?!
Тұра тұрғын, Қатаған,
Шымырымды жоқтайын.
Онан бері Шымырым,
Шымырымды қозғасам,
Кеудеңнен шығар шыбының...
Алты аталы Албаным,
Албанымды қозғасам,
Саған түсер салмағым.
Онан әрі Суаным,
Аз да болса жуаным.
Бүкіл дүние жүзінде,
Шөгіп жатқан мұнарым.
Одан әрі келейін,
Қазақты тере берейін.
Айта берсем таусылмас,
Жалпақ жатқан Ұлы жүз!
Орта жүзге келейін,
Орта жүздің ішінде,
Жалпақ жатқан Найманым.
Құлашын кең жайғаным.
Құдайындай сыйлайтын,
Үйіне келген мейманын.
Одан бері келейін,
Керейімнен терейін.
Байлық пенен көптік те,

Мырзалық пен бектік те,
Оған ешкім жетпеген,
Тәуекел қып көрейін.
Сарыарқаны жайлаған,
Мамаға атын байлаған.
Даладағы аттары
Құлын-тайдай ойнаған.
Қарсы келген дұшпанын
Қоралы қойдай айдаған.
Сол Арқаның жерінде
Арғын деген жұртым бар.
Былай барсаң Арғыным,
Арғыным атқа қонғанда,
Басыңнан сенің қарғыдым.
Сол Арғынның ішінде
Қаракесек елім бар.
Айта берсем қазақта,
Талай, талай керім бар.
Қатаған ақын қозғадың,
Менің де айтар жөнім бар.
Атығай мен Қарауыл,
Әрқайсысы әр ауыл.
Одан да ары барайын,
Жауған қардай борайын,
Алды артыңды орайын.
Тобықты менен Уағым,
Оған дағы барайын.
Байлық пенен бектікте,
Мырзалық пен көптікте,
Барлығыңды жисаң да,
Көре алмассың маңайын.
Жеті ата деген көп жұртым,
О да менің бек жұртым.
Жанқұтты деген бегі бар,
Керегеге алтын сырды жақтырған,
Керней-сырнай қақтырған.
Орал тауға бір қонып,
Қиғаштап төмен кетейін.
Бақ орнап Қызыр жайлаған,
Мыңдап бие айдаған,
Мыңдап бие байлаған.
Қарсы келген дұшпанын,
Қоралы қойдай жайпаған.

Кіші жүзге жетейін,
Елімнің қандай екенін,
Түсінген шығар көкейің!
Көктен төнген көк тұман
Кіші жүздің баласы,
Айналасы көк теңіз,
Сол теңізге құятын,
Еділ – Жайық екі су,
Сырдарияның саласы,
Арасында сол жердің,
Кіші жүздің баласы.
Сұлтан Сиық, Байсиық,
Хан қызы екен анасы.
Он екі ата Байұлы,
Жеті аталы Жеті ру,
Әлім менен Шөмекей,
Халқымның еді жағасы.
Кәнеки, бетке қарашы,
Қазағым түгел атқа қонғанда,
Ешкімнің келмес шамасы!

деп тоқтайды Сүйінбай.

– Ботам, Сүйінбай! Сен жеңдің, Қатаған жеңілді. Қатаған көппін деп мақтанды, аттың түгіндей қазақтан қырғыз қашан көп болып еді?! Бірақ қазақ алауыз ел, әттең, сен осыны айтпадың, Қатаған! – деп ашуланады батыр Жантай.

– Сүйінбай, ботам! Екі елдің бас қосқан үлкен айтысында Қатағанды жеңгенің үшін: ...алты қанат ақ орда, алтын бесік, бір бүркіт, мойнында күміс қарғысы бар екі тазы сыйлаймыз. Риза бол, қарағым! – дейді Қара Бәйтік асқа жиналған күллі қазақ пен қырғыздың ортасында.

Одан әрі шу дейін,
Ескен желдей гулейін.
Кіші жүздің ішінде,
Алшын менен Жаппасым,
Жаңадан бұрдым ат басын.
Қазақты жиып алғанда,
Тоқсан баулы Қоңыраттан,
Әңгімені қозғасам,
Жүре алмассың жалғанда.
Тоқсан екі ұлы бар,
Қыпшағымнан айтайын.
Күнің қандай болады,
Ноғайлыға барғанда.
Ноғайлыға қосымша,
Тағы да бар Тамасы,
Кәнеки, бетке қарашы!
Топ бастаған бұлбұлмын,
Сөз бастаған жүйрікпін,
Судан шыққан сүйрікпін,
Бәйгеден озған дүлдүлмін! –

1

Білу

1. Сүйінбай Аронұлы туралы не білдіңдер?
2. Сүйінбай туралы айтылған мына өлең жолдары нені білдіреді:
*«Сүйінбай он жасында қалды жетім,
Жылаумен секпіл басқан екі бетін.
Жетімді жетілдіріп, жүйрік еткен
Алланың көрмеймісің құдіретін?»*
3. Сүйінбай мен Қатаған айтысына қандай жағдай түрткі болды?
4. Айтыста Сүйінбай қандай қазақ батырларының, ұлы тұлғалардың есімдерін атады? Олар туралы не білесіңдер?
5. Қазақ халқы туралы не дейді?

2


Түсіну

Сүйінбай неліктен айтыста жеңіске жетті?

3

Талдау

«Венн диаграммасы» арқылы қазақ ақыны Сүйінбай мен қырғыз ақыны Қатағанды салыстырыңдар.



4

Жинақтау

Сүйінбай мен Қатаған айтысының мазмұнын тірек сызба арқылы көрсетіңдер. Жауаптарыңда хрестоматияда берілген айтыстың толық нұсқасын пайдаланыңдар.



5

Қолдану

1. Сүйінбай Аронұлы туралы білгендеріңді кластер арқылы көрсетіңдер. Алған білімдеріңді тиянақтаңдар.



2. «Сүйінбай мен Қатаған» айтысының мазмұнын «Ең бастысы» оқыта үйрету ойыны арқылы меңгеруге тырысыңдар. Ол үшін берілген айтысты мұқият, зейін қойып оқыңдар. Енді осы айтысты сипаттайтын бір сөз ойлаңдар да, параққа жазып қойыңдар. Содан айтысты бір сөйлеммен сипаттаңдар. Артынан оның бір «құпиясын» табыңдар, яғни, онсыз берілген айтыс мәтіні мағынасыз болатындай бір ерекшелігін табыңдар. Барлығын жазып отырыңдар. Енді кезек-кезек сөздерінді, сөйлемдерінді оқыңдар, «құпияларыңды» ашыңдар. Ең нақты, ең қызықты нұсқа таңдалады.
3. «Бір айналым сөйлесу» әдісі бойынша айтыс туралы өз ойларыңды бір сөйлеммен жеткізіңдер.
4. «Ақынның қолда бар шығармаларын түгелдей қарастырсақ, оларды негізгі үш салаға жатқызуға болады. Олар: толғаулар, арнаулар, айтыстар. Сүйінбайды тек қазақ елі ғана емес, көрші Орта Азия халықтары да жақсы білген. Әсіресе оның есімі туысқан қырғыз халқына жете таныс». Айтылған пікірді ақын шығармашылығына сүйене отырып, дәлелдеп көріңдер.
5. «Бабамнан қалған асыл сөз» тақырыбына эссе жазыңдар.

6

Баға беру

1. Сүйінбай мен Қатаған айтысына төреші болсаңдар, қандай шешім қабылдай едіңдер?
2. «Еркін жазу» әдісі бойынша тақырыпты қорытындылап, өз әсерлеріңмен бөлісіңдер, пікірлеріңді білдіріңдер.
3. Егер Сүйінбай қазіргі заман айтысына қатысқан болса, қандай мәселелерді тіліне тиек еткен болар еді? Қазақтар туралы не айтар еді деп ойлайсыңдар? «Қазақтар – алауыз» деген пікірмен келісесіңдер ме?

Диалог құру

«Сүйінбай мен Қатаған» айтысындағы қазақтар туралы екеуара әңгіме құрыңдар. Бүгінгі Қазақтан, қазақ халқы туралы қандай ақпараттармен алмасар едіңдер?

Артық болмас білгенің

Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қатысуымен қазақ ақыны Сүйінбай Аронұлының 200 жылдық мерейтойына орайластырылып, түрік тіліндегі ақын шығармалары топастырылған кітаптар жарық көрді. «Сүйінбай Аронұлы» атты кітапқа ақынның түрік тіліне

аударылған шығармалары енгізілді. Еуразиялық жазушылар одағының төрағасы Якуп Өмероғлу кітапқа: «Ақынның шығармашылығында пайдаланылған сөздердің түрік лексикасымен ұқсастығы бар. Түрік лексикасындағы сөздер заман өте келе түрленіп, өзгеруде. Сүйінбай Аронұлы кітаптарының түрік тіліндегі басылымы оқырмандарға түркі мәдениетімен жақындасуға көптеген мүмкіндіктер береді», – деп пікір жазған. Басылымдардың арасында Еуразия кеңістігінің «Бауырлас қыл қаламдар» (*Kardeş Kalemler*) атты айлық әдебиет журналының арнайы шығарылымы жарық көрді. Оған ақынның таңдаулы шығармалары енді. Журналда Түркия астанасының ең ірі аудандарының бірі Кечиөренде Сүйінбай Аронұлы атындағы саябақтың ашылу салтанаты өткені туралы баяндалды.



Кітапсүйерлер үшін

«Ақиық», «Сүйінбай ақын өлеңдерінің жинағы» және т.б. жыр жинақтарынан ақынның өлең-толғаулары, айтыстарының мазмұнымен танысыңдар.



Әдебиет теориясы

Айтыс туралы түсінік

Айтыс – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырыпсалып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. М.Әуезовтің сөзімен айтқанда, «Айтыс – сөз барымтасы».

«Айтыс – уәж, дәлелге құрылған екі қарсыластың ақындық сөз сайысы, өнер бәсекесі. Қазақ айтыстарын жіктеп, топтастырудағы мәселелер М.О.Әуезов зерттеулерінде ғылыми дұрыс шешімін тапты. Ол өзінің «Қазақ әдебиеті тарихы» еңбегінде айтыс өлеңдерін: әдет-ғұрып айтысы және ақындар айтысы деп ірі екі топқа бөліп қарастырған. Әдет-ғұрып айтысына бәдік пен жар-жарды, ал ақындар айтысына рушылдық, жұмбақ, дін айтыстарын жатқызды. (*«Қазақ әдебиетінің тарихы». Он томдық. V том*)

«Айтыс деген атау – *айтысу, тартысу, дауласу* немесе *жарысу, сынасу* деген мағынада қолданылады. Сыртқы көлемі мен түр ерекшелігіне қарай барлық ақындар айтысы түре айтыс, сүре айтыс деген екі жікке бөлінеді.

Түре айтыс – бір-бір ауыз өлеңмен қысқа да шапшаң қайтарылып отыратын жауаптасу үлгісі. Түре айтысты атақты ақындармен қатар жаңа машықтанып жүрген көпшілік те қолданады. Түре айтыс *қайым өлең, қара өлең* деген екі түрге бөлінеді. Қайым өлеңмен айтысуды кейде «қайымдасу» деп атаған.

Қайым өлеңнің бір белгісі бір ауыз өлеңнің алғашқы екі жолы екі ақынға ортақ болады және бір шумақпен кезектесіп айтылады. Бұл – айтысудың ең оңай үлгісі. Қара өлеңге мұндай талап қойылмайды.

Сүре айтыс – тек суырыпсалма өлеңге әбден төселген, нағыз ысылған ақындардың ұзақ сөйлеп, көсіле жырлайтын жауаптасулары (Біржан мен Сара, Жамбыл мен Құлмамбет, Сүйінбай мен Тезек, Әсет пен Ырысжан айтыстары). Айтыс өнерінің жүйрігі боп аты шыққан ақындар – Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Шөже, Жамбыл, Әсет, Ырысжан, Кемпірбай, Манат қыз, Түбек, Сабырбай, Тойбалалар.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында ақындық жарысқа діни айтысты енгізген. Бұл жұмбақ айтыс түрінде қалыптасты». (М. Әуезов. *Айтыс өлеңдері. // Айтыс. II том. – Алматы, 1965*)

«Қазақ әдебиетінің тарихы» топтамасында (2008) айтыс фольклорлық және ақындар айтысы болып үлкен екі жікке бөлінеді деп көрсетілген.

Тапсырмалар



Айтыс түрлеріне мысалдар келтіріңдер. Әр айтыс түрлерінің ерекшеліктері туралы айтып беріңдер.

Халық поэзиясының дүлдүлі, екі ғасыр шежіресінің куәсі – Жамбыл шығармашылығы – қазақ халқының асыл мұрасы.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ
(1846–1945)

Зергер сөз

Ғасырға жуық ұзақ ғұмырында ол екі дәуірдің, көптеген әлеуметтік дүмпүлердің куәсі болды, өмірдің ауыртпалығы мен тіршілік қуаныштарын да бір кісідей бастан кешірді, кедеймін деп мойыған жоқ, болдым-толдым деп тасыған жоқ. Жағымпаздық пен өтіріктің құнын жақсы білген Жамбыл ешқашан байлыққа да бас иіп көрген емес. Басқаның қасіретін терең қабылдап, зұлымдықпен де аяусыз күресті.

Ә.Кекілбаев

Естеріңізге түсіріңдер:

Сүйінбай Аронұлы туралы не білдіңдер?

Меңгерілетін білім:

Ж.Жабаяевтың «Зілді бұйрық» өлеңінің тарихи маңызы қандай?

Қазақ халқының ақындық өнерінің даму тарихында ерекше орын алатын Жамбыл Жабаяев 1846 жылы Жамбыл тауының бөктерінде дүниеге келген. Ол туралы ақынның өзі «*Менің өмірім*» деген өлеңінде:

Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үрей – көк найзалы жау торыған.
Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,
Жамбыл деп қойылыпты атым содан, –
дейді.

Бала Жамбылдың өлеңге, ақындыққа қызығушылығы ерте оянған. Өзінің айтуынша, он үш жасынан бастап, ақын болуға бел байлайды. Оның ақындық атын шығарған тұңғыш өлеңі «*Шағым*» деп аталады.

Жамбылдың бойында жыршылық, ақындық, айтыскерлік өнері ерекше дамыды. Айтысқа он жеті, он сегіз жасында араласып, жиырма жасында сол кездің атақты ақыны – Жаныспен айтысып, оны жеңеді. «*Менің пірім – Сүйінбай*» деген өлеңін осы Жаныспен айтысқанда айтады.

Жыршылық өнерді де ерекше дәріптеген Жамбыл «*Шахнаме*», «*1001 түн*», «*Көрүглы*», «*Өтеген батыр*», «*Сұраншы батыр*», т.б. дастандарды таңдытаңға жеткізіп жырлайтын болған.

Шешен кісі сөз бастар,
Адал кісі – ел бастар.

Жаманға ұйқы – жолдас,
тамыр – тамақ,
Болмайды көңілінде
басқа талап.
Ж.Жабеев

Артық болмас білгенің

Менің аты-жөнімді, «Абай жолы» романымды үнділер жақсы біледі екен, бірақ ұлтымды білмейді екен. Ұлтымның қазақ екенін білдіремін деп келтірмеген мысалым қалмады. Бір кезде аузыма Жамбыл түсті. Жамбылдың есімін атадым. Сол кезде залда отырғандар ду қол шапалақтап, дүрлігіп орындарынан тұрып кетті. Үндінің бір ақыны мінбеге шығып, Жамбылдың «Жаңа заң» дейтін өлеңін өз тілінде жатқа айтты. Жұрт қоша-мет көрсетіп, ұзақ қол шапалақтап тұрып алды.

– Міне, мен сол Жамбылдың ұлтынанмын, – дедім. Жамбылдың даңқы әлемге жайылғаны былай тұрсын, ұлы ақынның есімі қазақ ұлтының паспортына айналған екен.

М.Әуезов

Екі ғасырдың куәсі болған Жамбыл елімізде орын алған тарихи оқиғалардың барлығын жырларына арқау етті. 1916 жылғы 25 маусымдағы 19 бен 43 жас аралығындағыларды соғысқа алу туралы патша жарлығы қазақ халқына қасірет әкелген еді. Ресей патшасы күшпен қазақ ұлтынан майданға әскер жинауға кірісті. Мұндай қорлыққа шыдамаған қара халық күйзеліске ұшырады. Осы қиын-қыстау заманда Жамбыл ақын жырға кезек беріп, патшаның озбыр әрекетіне *«Зілді бұйрық» («Июнь жарлығы»), «Патша әмірі тарылды», «Халық кегі»* сияқты жырларын арнады.

«Зілді бұйрық» («Июнь жарлығы») өлеңінде суық хабар естіген халықтың қайғылы халі, бұйрыққа қарсы шыққан жастарды патша әскерінің абақтыға қамауы, көнбегендерін аяусыз жазалап, қарусыз халықтың азаттық жолында құрбан болуы суреттеледі.

Қара халық пен биліктің арасындағы қақтығыстың басталуын:

Пристав ашуланды «аламыз» деп,
Жігіттер тұр: «Бармаймыз, қаламыз, – деп.

Егер де бұл түріңді өзгертпесең,

Басыңа бір ойранды саламыз!» –

деп суреттейді. Мұнда ел-ел болып әрбір сайға жиналған халықтың ашу-ызасын, халық басына келген пәлені баяндайды.

«Верныйдың» қадам баспай қаласына,

Кемпір, шал жылап жатыр баласына.

Ешбір ем табылмады іздесе де,

Халықтың жүректегі жарасына, –

деп халықтың күйзелісін сипаттайды. Патша өкіметі қарсылық көрсеткендерді тізіміне тіркеп, жазалау шараларын одан ары күшейте түседі.

Жақсыдан жақсы қоймай, алды санап,

Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ.

Білмеді не болғанын сырттағы ел,

Қамалғандар тірідей тартты азап.

Қанша қарсылық көрсетсе де, қаруланған әскерге қарсы тұра алмаған қарапайым халық жер жастанды. Бұл туралы ақын:

Зергер сөз

Жырыңды, досың болса,
күлдіріп айт,
Жау болса, жау тигендей
бүлдіріп айт!
Жыр деген – біреуге оқ,
біреуге – бал,
Дәл тиген оқ берендей
жұлдырып айт!
Ж.Жабаев

Аттандық ұлығының қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына.
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,
Көксеген азаттықтың соғысында, –
деп толғайды.

Жыр дүлдүлі Жамбыл Жабаев 1945 жылы 100-ге қараған шағында қайтыс болды. Жүз жасаған ақын Жамбыл халық поэзиясының алыбы, «XX ғасырдың Гомері» атанды, өзінің өміршең поэзиясы арқылы қазақ халқын өлемге танытты.

Артық болмас білгенің




Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылында Жамбылдың әдеби-мемориалдық мұражайы орналасқан.

Мұражайда Жамбыл атаның жарыққа шыққан кітаптары, домбырасы, күнделікті киген киімдері, қолданған заттары (ыдыс-аяқ, телефон, сағаты, ұстаған таяғы, дәрет алған құманына дейін)

сақтаулы. Сондай-ақ ақынға көзі тірісінде сыйлаған ер-тоқым, жебелі садақ, қанжар, қылыш, т.б. көптеген түрлі зергерлік бұйымдар да осы мұражайда.

Ақынның жеке дәрігері, хатшысы, аспазы, көлік жүргізушісі де болған екен. Жамбыл атаның есте сақтау қабілеті өте тамаша болған. 92 жасына дейін оның бірде-бір өлеңдері қағаз бетінде сақталмаған екен. Тек 92 жасында ғана оған Ә.Тәжібаев, Қ.Сатыбалдин, Қ.Әбдіқадіров, Ғ.Орманов, Т.Жароков, М.Әуезов сынды ірі тұлғалар арнайы хатшы ретінде тағайындалып, өлеңдері қағаз бетіне түсіріліп отырған.

А.Рақышева



Зілді бұйрық (Июнь жарлығы)

«Верныйдан» жандаралдар бұйрық қылды,
Құйрығы бұйрығының тіпті зілді.
«Отыз бір – он тоғызды алад» деген,
Суық хабар халықты бұлқындырды.
Жылады сорлы халық малын айтып,
«Кеткен соң қолдан шығып, келмес қайтып», –
Дейді де еңірейді, егіледі,
Қайғының күні-түні күйін тартып.
«Верныйдың» қадам баспай қаласына,
Кемпір, шал жылап жатыр баласына.
Ешбір ем табылмады іздесе де,
Халықтың жүректегі жарасына.
Пристав келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр «Бермейміз» деп қойдай шулап.
«Қырсаң да баламызды бермейміз» деп,
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап.
Пристав ашуланды «аламыз» деп,
Жігіттер тұр: «Бармаймыз, қаламыз, – деп.
Егер де бұл түріңді өзгертпесең,
Басыңа бір ойранды саламыз!» – деп.
Ел-ел боп жиылды кеп әрбір сайға,
Ал әлеумет, қараңдар мына жайға.
Сеңдей болып соғылып толқындады,
Бір сая бола ма деп шыбын жанға.
Жиылды бозбалалар бір кезеңге,
Қарғалы деген тасқын бір өзенге.
Пристав кетті: «Еріксіз аламын, – деп,
Көресің бұл істі! – деп, – кезегінде!».
Бәрін де ол пристав жаттап алды,
Басшыларын қағазға хаттап алды.
Аттандырып бұл елге солдаттарын,
Басты-басты кісіні саптап алды.
Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жанында қан, малында қалмай маңыз.
Оразаның күні еді сол уақытта,
Бұл күнде оразаны не қыламыз!
Суында Қарғалының ауыз ашты,
Бір пәлекет халыққа душарласты.
Басшылары кеткен соң, тағат алмай,
Жиылған жұрт дағдарып, жанталасты.

Даналық ойдан дән ізде

Батырсыз халық болмайды. Қазаққа сондай бір жойқын батыр керек, әмбе ол өзінің бақ-дәулеті емес, туған халқының мұң-мұқтажын шынайы қорғаған ерекше кесек қимылдың адамы болуға тиіс.

Ғ.Мүсірепов

CD 05

Жамбылдың «Зілді бұйрық» өлеңінің тарихи сипаты қандай?

Сөзмаржан

Жандарал – (көне) патша кезіндегі полиция қызметкерлеріне берілетін атақ, лауазым.
Пристав – (көне) орыс князьдықтары мен патшалық Ресейдегі жазаның орындалуын қадағалайтын полицейлік іздеу, тергеу органы.
Сеңдей – аласапыран болды, сапырылысты.
Сая – 1) жанға жайлы, көлеңкелі салқын жер; 2) арқа сүйер, қамқор, пана.
Сарша тамыз – 1) аспан айналып, жерге түсетін ыстық; 2) тамыз айының ескіше атауы.

Зергер сөз

Рас, мен соғысуға
шықпақ болдым,
Басыңды жер астына
тықпақ болдым.
Рас десең, рас сөз
мен айтайын,
Ақ патшаның тұқымын
құртпақ болдым.
Бекболат Әшекеев
(Ұлт-азаттық көтеріліс
басшыларының бірі)

Бағалы дерек

Самсы – Алматы облысы
Жамбыл ауданындағы
ауыл, округ орталығы.
Ауыл 1916 жылы Жетісу
өлкесіндегі Ұлт-азаттық
қозғалыстың орталығы
болған. Қозғалыс Самсы
көтерілісі (Ботбай көтері-
лісі) деген атпен белгілі.
Самсының маңында
Ботпай руының ұранына
айналған Сәмен батырға
ескерткіш орнатылған.
Қазақ энциклопедиясы,
VII том

Келді де, алып кетті жақсыны айдап,
Барады боздақтардың көзі жайнап.
Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жөнелді абақтыға соры қайнап.
Жақсыдан жақсы қоймай, алды санап,
Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ.
Білмеді не болғанын сырттағы ел,
Қамалғандар тірідей тартты азап.
Шулайды абақтыға қамалған көп,
Сырттағы жүр: «Біз енді қайтеміз?» – деп.
Губернатор жандарал жауапқа алды:
«Жайлауда ту көтеріп шапқан кім?» – деп.
Ешқайсысы айтпаған соң, айғай сап кеп,
Өзі айтты жандаралдың «Бекболат!» деп.
Бекболат бола қалса ту көтерген,
Бұйрық қылды: «Дарға асып, тарт!» деп.
Қалиқұлды бірге жазды дарасына,
Байбосын қоса кетті арасында.
Абақтыда қалғандар естен танды,
Көзінің қамшы тиіп қарасына.
Әкетті байғұстарды арбаға сап:
«Иманыңды айтатын молданды тап.
Үндеріңді шығарма, өңкей надан,
Мұнан былай сөйлеме, аузыңды жап!»
Самсыны алған екен Ботпай қамап,
Оларды жігітімен кетті сабап.
Тұтқындарды босатып ала алмады,
Бір пәлеге екінші пәле жамап.
Пристав та Самсыға барған екен,
Жәнібектің мешітін қамап алған екен.
Жәнібек қажы жанына ара тұрды,
Бір болыс ел жиналып барған екен.
Ала алмай күні бойы әлек болды,
Жәнібек приставқа себеп болды.
Ертеңінде құтылып, Ұзынағашқа
Шаңдатып келе жатты қара жолды.
Бөлек-бөлек топтанып, шоқтай болып,
Бай көпесті өлтірді Ботпай болып.
Қолына онан басқа түк түспеді,
Кезсе де бұл маңайды әбден шолып.
Ақыры ұлыққа түк қыла алмастан,
Не боларын бұл істің біле алмастан,
Күш жинамай, қарусыз ұрыс қылып,
Бозбаланы бітірді кек алмастан.

Шиенде де әскерлермен ұрыс болды,
Сол ұрыста топ басы Саттар өлді.
«Саттар өлді, ел қашты» деген хабар
Ел-елдерге жайылды оң мен солды.
Шұбырып тауға қарап ел жөнелді,
Не боларын соңының кім біледі?
Тауға шығып өрмелеп, тасқа бұғып,
Елдің бәрі жанынан түңілді енді.
Ертеңінде ел-елге әскер барды,
«Шапшаң түсіп, келсін» деп хабар салды.
«Қашқандарды атады» дегеннен соң,
Таудағылар кірер жер таба алмады.
Аттандық ұлығының қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына.
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,
Көксеген азаттықтың соғысында.

Сөзмаржан



Ботбай – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, Ұлы жүз құрамындағы дулат тайпасынан тарайды.

Шиен – елді мекеннің аты.

Дар – адам мойнына арқан, жіп салып, асып өлтіру үшін құрылған қос бағана.

Көпес – (көне) меншігінде сауда жасайтын кәсіпорыны бар бай саудагер.

Ұлық – (көне) жоғары мәртебелі әкім, төре.

Артық болмас білгенің

1916 жылы 25 маусымда патшаның Қазақстан, Орта Азия, Сібір тұрғындарынан 19 бен 43 жас аралығындағы ер-азаматтарын тыл жұмысына алу туралы жарлығы шығады. Бұл жарлық 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің басталуына себеп болды.

Көтерілістің аса ірі ошақтары Жетісу, Торғай болды. Қазақ жастарын майданға тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның жарлығы халықтың шыдамын тауысып, олардың отарлау езгісі мен орта ғасырлық қанауға қарсы көтерілуіне себеп болды. Жарлық бойынша Түркістан мен Дала өлкесінен майданға окоп қазуға 400 мың, соның ішінде Қазақстанның далалық облыстарынан 100 мыңнан астам, Жетісудан 87 мың адам жіберу көзделді. Қазақтардың туу туралы куәлігінің жоғын пайдаланып, болыстық басқармалар мен ауыл старшындары жастарының асқандығына қарамастан, кедей жігіттерді майданға жұмысқа алынатын «қара тізімге қосты», ал бай балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің амалын жасап бақты. Мысалы, 60 жастағы кедей шалдары 30 жаста, 25–30 жастағы бай балалары 50 жаста болып жазылды. Бұл халықтың зор наразылығын тудырды. Елде болыстық басқармаларды талқандау, ауыл старшындарын, қатігез байларды өлтіру, шабуыл жасау, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым-салық қағаздарын, т.б. жойып жіберу секілді әрекеттер кең орын алды. Қозғалыс ұлт-азаттық сипатта болып, патша өкіметіне, отаршылдыққа, империалистік соғысқа және жергілікті жерлерде патша өкіметіне сүйеніш болып отырған феодал-байларға қарсы бағытталды. Бұл қозғалысты еңбекші халықтың өкілдері басқарды. Торғай даласында қазақ жастарын Ә.Жангелдин мен А.Иманов, Орал облысы мен Бөкей ордасында – С.Мендешев, Ә.Әйтиев, Маңғыстауда – Ж.Мыңбаев, Жетісуда Т.Бокин, Б.Әшекеев, Ұ.Саурықов, Т.Рысқұлов, т.б. басқарды.

«Қазақстан тарихы» оқулығынан

1

Білу

1. Жамбыл ақын туралы не білесіңдер? Не білдіңдер?
2. «Зілді бұйрық» өлеңінің туу тарихы қандай?
3. Өлеңде қандай географиялық атаулар мен тарихи тұлғалар аталады? Түсінік беріңдер.

2

Түсіну

1. Өлең неліктен «Зілді бұйрық» деп аталады?
2. «*Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып, Көксеген азаттықтың соғысында*», – деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?

3

Талдау

Өлеңде суреттелген оқиғалар мен тарихта орын алған оқиғаларды салыстырыңдар. Қандай қорытынды жасадыңдар?

4

Жинақтау

«Зілді бұйрық» өлеңінің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

Қолдану

1. Жамбыл Жабаев пен Жетісу ақындары туралы білгендеріңді ортаға салып, ақын шығармашылығының қазақ әдебиетіндегі орны туралы айтып беріңдер.
2. «Зілді бұйрық» өлеңіндегі халық күйзелісінің суреттелуін сипаттаңдар, өлеңді сюжеттік-композициялық құрылысына қарай талдаңдар.
3. «Зілді бұйрық» өлеңінің сюжеттік жоспарын құрыңдар. Жоспар бойынша мазмұндап беріңдер.
4. Өлеңдегі оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазыңдар. Қандай өзгерістер енгізер едіңдер?
5. «Зілді бұйрық» өлеңінің мазмұны бойынша киносценарий жазыңдар. Оқиғалардың сюжеттік дамуын көрсетіңдер. Шығармашылық жұмыстарыңды қалай аяқтар едіңдер? Қорытынды шығарыңдар.

6

Баға беру

1. Ақын Сәкен Сейфуллин: *«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халықтың қолына*

беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз», – деген. Н.Ә.Назарбаев: «Егер біз Жамбыл даналығына тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз», – дейді. Сендердің пікірлерің қандай?

2. «Зілді бұйрық» өлеңінің мазмұны бойынша пікірлеріңді «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»

Екінші сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Диалог құру



«Зілді бұйрық» өлеңінен алған әсерлеріңді диалог түрінде көрсетіңдер.

Кітапсүйерлер үшін



«Жамбыл Жабаев» таңдамалы шығармалар жинағынан ақын мұрасымен, «Ұлы жыршы туралы ұлағат» кітабынан ақын туралы қызықты деректермен танысыңдар.

Әдебиет теориясы



Импровизация туралы түсінік

Импровизация – латын тілінен аударғанда «кенеттен», «тұтқиылдан» деген мағынаны береді. Суырыпсалмалық – көркем туындыны орындау кезінде өнерпаздың аяқ астынан туындыға өз жанынан жаңалық қосып, оны орындауды жалғастырып өкетуі.

Қазақ халқының ақын-жыраулары, шешендері, күйшілері, әншілері импровизацияның озық үлгісін көрсеткен. Поэзиялық импровизация – ақын немесе жыршының алдын ала дайындықсыз берілген тақырыпқа кенеттен жыр шығаруы. Қазақ ауыз әдебиетінің өкілдері,

негізінен, суырыпсалмалық өнерге шебер болған. Ежелгі дәстүр бойынша жылдам әрі бөгетсіз өлең шығарып айта білмегенді халық ақын деп танымаған. Импровизацияның үздік үлгісі – ақындар айтысы.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы



Тапсырма

Ақын-импровизаторлар туралы мәлімет жинаңдар.

III ТАРАУ

БАЛАЛАР МЕН ҮЛКЕНДЕР

Балалар әдебиеті деген – ол қазақ
әдебиеті деген сөз.

Балалар әдебиеті – ең ұлы әдебиет.

Ө.Әбдіхалық

Ж.Аймауытов «...дыбыспен сурет жасауда, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізген» деп баға берген Мағжан Жұмабаев – «мәдениеті зор», қазақ әдебиетінің сыршыл да сезімтал ақыны.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ



МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ
(1893–1938)

Зергер сөз

Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазды. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді Мағжаннан таба алмайсыз.

Ж.Аймауытов

Естеріңізге түсіріңдер:

Мағжан Жұмабаев кім?

Қандай шығармаларын оқыдыңдар?

Меңгерілетін білім:

М.Жұмабаев шығармаларының тарихи-әлеуметтік негізі қандай?

Қазақ әдебиетінің сыршыл ақыны атанған Мағжан Жұмабаевтың алғашқы өлеңдері Абай дәстүрінде, ағартушылық сарында жазылды. Алғашқы өлеңдерінің бірін «*Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға*» деп атауының өзі ақынның ұлы Абайды ерекше құрмет тұтқанын көрсетеді.

Мағжан Жұмабаев қазақ поэзиясын «*Қорқыт*», «*Батыр Баян*», «*Тоқсанның тобы*», «*Жүсіп хан*», «*Ертегі*», «*Толғау*» атты кең құлашты эпикалық туындыларымен байытты. «*Қорқыт*» поэмасында өлім мен өмір туралы философиялық ой түйсе, «*Батыр Баян*» поэмасында аты аңызға айналған Баян батырдың өмірі мен ерлік істері суреттеледі.

«*Батыр Баян*» поэмасының ерекшеліктеріне оның романтикалық сипаты, поэмада ауыз әдебиеті дәстүрінің кеңінен байқалуы, ондағы оқиғалардың халық аңызы желісінде құрылуы, шығарманың тарихилығы жатады. Абылай хандық құрған кезең сипатталған бұл поэмада Абылай бастаған батырлардың қалмақтармен шайқасы, олардың жеңіспен елге оралуы өте әсерлі баяндалған. Поэманың басты кейіпкері батыр Баян образы поэмада:

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді,
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзбей,
Найзасын, сірә, шалғай сермеп пе еді? –
деп суреттеледі.

Баян батыр осындай бір жорықтан қалмақтың он төрт жасар аруын ала келеді. Қалмақ қызы поэмада:

Сол сұлу – сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шапақтай бет, тісі – меруерт,
Сөздері – су сылдырап құйылғандай, –
деп бейнеленеді.

Баян сұлу қызды өзіне жар еткісі келеді, бірақ қыз көнбеген соң, амалсыз аға болып қалуға мәжбүр болады.

Қалмақ қызына батыр Баянның туған інісі Ноян да ғашық болады. Осыны пайдаланған қыз жігітті өзімен бірге қалмақ еліне баруға көндіреді. Жас Ноян қыздың тілегін қабыл алып, екеуі елден бірге қашып кетеді. Інісі Ноян мен тұтқын қыздың қашып кеткенін естіген Баянның «бойын ашу билеп, ақылы өледі». Ашуға тұншыққан батыр Баян «Қанды өзек» деп аталып кеткен Жолдыөзекке жеткенде:

Алыстан екі қара көрді Баян...
Байланған белде сала садағына
Қалшылдап қалды салып қолды Баян...
Ер Баян арыстандай жаны жара.
Қалшылдап көзі қан боп, қолын алмай,
Байланған садағынан белге сала.
Жас Ноян: «Жан көке!» – деп сөз қатқанша,
Сұлу да жетіп келіп: «Баян аға!» –
Дегенше, қалды тартып Батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Оқ тиіп жүрегінен, құлап түсті
Атынан бүктетіліп бөбек Ноян...
Садағын сол секундта тартты тағы
Бір ашып, бір жұмбап да көзді Баян.
Үстіне інісінің денесінің
Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.

Бағалы дерек

Ұлы ағартушы Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар» атты мақаласында Баян батыр туралы мәліметтер бар. Онда «Абылайдан: «Үш жүздің батырларының ішінде бәрінен жақсы көріп, құрмет тұтатыныңыз кім?» деп сұрағанда ол былай деп жауап беріпті: «...Өз батырларымның ішінде байлығы мен батырлығы, мінезі жөнінен бәсентиін Малайсары, ақылы мен өжеттігі жөнінен уақ Баян бәрінен артық» делінеді.
З.Кәрімхан.

Сөзмаржан

Уақ, бәсентиін – қазақ халқының құрамындағы ру аттары.

Зергер сөз

Ақынның өзі көрінбейтін өлеңдерін оқысаңыз да, еріксіз бір сезім туғызады. Әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде жылатады, әлде аяқтызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді...
Ж.Аймауытов

Даналық ойдан дән ізде

Өз жүрегінің қалауымен,
жан дүниесінің тілегімен
ғұмыр кешкен адам ғана
бақытты.

М.Жұмабаев

Бағалы дерек

Шоқан келтірген тағы бір дерек: Кескілескен ұрыста жау ортасында қалған Абылай: «Мына қоршауды бұзып өтер кім бар?» – деп айқайлайды. Екі рет айқайлағанда ешкім болмапты, тек үшінші дауыстағанда Баян батыр суырылып шығып, қоршауды бұзады. Ұрыстан соң, Абылай жас батырды іздеп тауып: «Жауға шабарың бар, үш рет неге айтқыздың?» дегенде, Баян: «Алдымен жолды сұлтан-төрелерге бердім, одан кейінгі жол аға баласы арғындікі еді. Ақырында ажалдан басқа жол қалмағанда өзім шаптым», – деп жауап беріпті.

З.Кәрімхан.

Ақылын ашуға жеңдіріп, бауыры мен қалмақ қызын өлтіріп, қайғыдан қан жұтқан Баян есін жинап:

Құшақтап екі жасты күңіренді ер,
Көзінен ыстық жасты сорғалатып.

Қайғыдан күңіреніп, зар жылаған батыр туған бауыры мен өзінің сүйгенін өлтіргені үшін өзін жазалайды, орны толмас ауыр қайғы мен мұңды:

Ел беті енді маған болсын арам,
Алашым, аттанамын, жауыңда өлем! –
деп, Көкшетаудағы ақ ордасында өзін күтіп отырған Абылай ханға келіп, жауға аттанады. Сол соғыста жау қолынан қаза табады.

Поэмадан батыр Баянның Абылай хан мен халық алдындағы беделінің жоғары болғанын аңғарамыз. Абылайдың ұлы жорыққа Баян батырсыз аттанбауы батырдың өр тұлғасын одан да жоғарылата түседі. Мағжан Жұмабаев ел қорғаны болып, халықты жаудан қорғаған батырлардың ерлік істерін жырлау арқылы батырлықты, қайсарлықты насихаттаған.

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
Ер жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан,
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан.
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас! –
деп аяқталатын «Батыр Баян» поэмасы – қазақ әдебиетінде өзінің сыршылдығымен, романтикалық сарынымен маңызды орын алатын туынды.

Жалынды жырларымен, өткір сөзімен халық қалаулысы болған Мағжан Жұмабаев қуғын-сүргін құрбаны болды. 1929 жылдан бастап қуғынға ұшыраған ақын 1938 жылы атылды.

Мағжан 1929 жылы тұтқындалды. Алматының НКВД-сынан шақыру қағазы келген. Оған ешкімді ертпей өзі жалғыз кетті. 1930 жылдың басында Мағжан Карелияның Майкоп қаласында екендігін айтып хат жазады. Хатында ешқандай жазықсыз болса да, он жылға сотталғанын айтады. Мағжан тұтқында Ресейдің солтүстік қиырындағы ну орманында, торф қазатын қалың батпағында, Карель қайыңын дайындайтын орман отаушыларының арасында, Сібірдің тұнжыраған иірімді өзендері мен ағаш ағызатындардың арасында, Североморскінің тұтқындарын қамайтын барақтарында жатты. 1935 жылы М.Горькийдің көмегімен М.Жұмабаев тұтқыннан мерзімінен бұрын босап шықты.

Бір жылдан кейін Мағжан Жұмабаев қайтадан тұтқындалды. Бұл жолы онымен бірге қазақ елінің ең таңдаулы азаматтары қуғын-сүргінге түсті. Мағжанды өзінің бұрынғы кесілген он жылына соттады. Туыстарының оның қамауда қай жерде отырғанын, халінің қандай екенін білуге де мүмкіндіктері болмады. Одан бірде-бір хабар болған жоқ.

«Қазақ әдебиеті» газетінен

Батыр Баян (поэмадан үзінді)

Ол күндер аз қазақ пен қалың қалмақ,
Қыран мен қара құстай алысқан шақ.
Баласы алты алаштың Абылайдың
Астында ақ туының табысқан шақ.
Қазақтың батырлары бәрі қыран,
Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап.
Жауының бір жорықта бір сұлуын,
Ер Баян алып қайтқан артына сап.
Баянның алып қайтқан сол сұлуы –
Балдырған бөбек дерлік, он төрт жаста-ақ.

Сол сұлу, сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шапақтай бет, тісі – меруерт,
Сөздері – су сылдырлап құйылғандай.
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.
Лебізі – жібек лебі, жұмақ желі,

Сөзмаржан



Сұқсыр – 1) сұр түсті кішкене үйрек; 2) жек-сұрын, сұр.

Кәусар – (діни) суы сүттен аппақ, қардан таза, қанттан тәтті, табаны толған інжу деп саналатын аңыздағы жұмақ суының аты.

Шапақтай – күннің жаңа шыққан сәулесіндей деген мағынада.

Сөздің көркі – мақал

Батыр болсаң,
жауыңа найзаң тисін,
Бай болсаң,
еліңе пайдаң тисін.

Ер мойнында қыл арқан
шірімес.

Ерлік – елге мұра,
Ұрпаққа үлгі.

Бағалы дерек

1628 жылы Жоңғариядан қоныс аударған торғауыттар Кіші жүз қазақтарының солтүстік-батысында Еділ бойына жетіп, Еділ қалмақтары деп аталды. Төменгі Еділ бойында Аюке ханның кезінде күшейіп, Ресейге жартылай тәуелді мемлекет құрып, Далай-ламадан хан лауазымын алады. Қалмақтардың міндеті Ресейдің оңтүстік шептерін қорғау болатын. 1697 жылы І Петр Аюкеге мұны ресми түрде міндеттеді. Қалмақтар қазақтарға туыс ноғайларды тас-талқан етіп жеңіп, қазақтарға да шабуыл жасап тұрды.

Ғ.Іргебаев

Кәусардай татқан адам қалар қанбай.
Шын ер ғой батыр Баян алып қайтқан.
Ер Баян жас сұлуды алып келген,
Сұңқардай бабындағы сұқсыр көрген.
Қан жауып екі көзін, қанды балақ
Ілмекке қоңыр қазды көңіл бөлген.
Марал бар оққа ұшпайтын, тым сақ бірақ,
Кезеңде кез келсе де қандай мерген
Болмасын жас сұлудың білгеннен соң,
Ер Баян қарындас қып, ерік берген...



Қалмақтың қайсар қызы қайырылмаған,
Болаттай жасу білмей, майырылмаған.
Жап-жас қыз сұмдығы мол, сыр бермейді,
Жандай-ақ ойдан аулақ қайғырмаған.
Алаштың аруы боп кетсе-дағы,
Жанымен өз жұртынан айырылмаған.
Сұм сұлу анадайдан «ағатайлап»,
Баянда жан қоймаған, жандырмаған.
Сонда да, сыр шығармай батыр Баян,
Жастық қып жанын естен тандырмаған.

Баянның інісі бар он бес жаста –
Бөрінің бөлтірігі – бала Ноян.
Ноянның бар ақылы білегінде,
Билеген асау жүрек, қайнаған қан.
Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан,
Ноянның жүрегінде ұшқын туған.
Сол ұшқын өртке айналып, жап-жас Ноян,
Алысып жүрегімен, аласұрған...

Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті.
Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті.
Келді де қызға жалын сөздерімен,
Шығарды, жан ұшырып, іштегі өртті.
Бір күйіп, бір суынып, бір елжіреп,
Біресе, жас баладай жасын төкті.
Өртемей отты жүрек қоймақ па екен,
Тақады сұлу қыз да бетке бетті.



Қыз сонда: «Ноян бауырым – Кебем! – деді, –
Мен сенің сүйгеніңе сенем, – деді. –
...Нояным, бірақ сенен қалауым бар», –
Деді де, сұлу ойға тереңдеді...

Қыз сонда: «Қалауым бар, Ноян батыр,
Адасқан аққу құстай мен бір пақыр.
Арқаның аруы боп жүрсем-дағы,
Алыста туған, өскен жерім жатыр.
Өткізген балаусадай бөбек күнім,
Барқыттай белес-белес белім жатыр.
Айбынды арыстандай құмда кезген,
Күңіреніп қалың қалмақ елім жатыр.
Барқыт бел, қашқан қалмақ қалсын адыра,
Ата-анам – айым менен күнім жатыр.

Ер Баян біздің елге барған еді,
Көп қойға көкжал ойран салған еді,
Бөбегін шырылдатып ап кеткенде,

Сөзмаржан



Пақыр – мүсәпір, байқұс, бейшара.

Балауса – 1) нәрлі соны шөп, жас шалғын.
2. (ауысп.) балғын, жасөспірім.

Барқыт – жұмсақ мақпал мата.

Адыра қалу – құру, жоғалу.



CD 06

«Батыр Баян» поэмасында Көкшетау табиғаты қалай суреттелген?

Ата-анам жылап-зарлап қалған еді.
Сорлы анам көкірегін көкке сауып,
Қан жылап, менен бір ант алған еді.
Ол анты: «Елдің шетін, анаң бетін
Бір көрмей, қозым, ерге барма!» – деді.
Анама сөзім – анау, өзім – мынау,
Жас Ноян, жүгінемін ер деп сені.

Көр болсақ, көрді көрмей, Тәңірі ондай ма?
Ер Баян неге батқан терең ойға?
Мен сорды көргеннен-ақ сүйген Баян,
Қосылсақ, Баянға ауыр дерт болмай ма?
Биікке кетпей киік, ойда ойнаса,
Ашулы арыстанға мерт болмай ма?
Екеуміз Сарыарқадан сапар қылсақ,
Қатерсіз қосылуымыз берік болмай ма?
Қаны бір ел еді ғой қазақ, қалмақ,
О да бір саған туған жұрт болмай ма?!» –

Деп сұлу сыбырлады сиқыр сөзін,
Толтырып меруерттей жасқа көзін,
«Шыдашы, көне күймей!» – дегендей-ақ,
Ноянға тақап тұрып, жалын жүзін.
Жас Ноян жас қанына тұншыққан соң,
Ұмытпай тұрсын қалай өзі-өзін!
«Жарайды, даярмын!» – деп айтып салды,
Ойланып, бір минут та қылмай төзім.
Сол сайда уәделерін бекітісіп,
Екеуі аймаласты ыстық жүзін.

Сол уақыт мезгіл екен дәл таң алды,
Төзім қып албырт Ноян күтпей таңды,
Жүгіріп жан ұшырып, жаяу барып,
Жылқыдан екі жүйрік таңдап алды.
Азырақ азық алып, қару-жарақ,
Жүйрікке әсем әбзел тұрман салды,
Сөйтті де Сарыарқамен есендесіп,
Екеуі ескен желдей кетіп қалды.

Кетті олар. Сәске болды, ауыл тұрды,
Алдымен Ер Баянға хабар барды.
Боз үйде жатыр екен, Баян жалғыз –
Керілген күнге еркелеп, жас жолбарыс.
Ауылдың ақсақалы сөзді әкелген



Сөзмаржан

Есендесіп – бұл жерде қоштасып.

Қанды балақ – 1) шүйліккенін іліп түсетін қыран; 2) жырынды, әккі.

Албырт – (ауысп.) алабұрту, алып-ұшу, елігу.

Сәске – күн арқан бойы көтерілген кез, түскі мезгіл.

Көбе – (көне) көбесі болаттан немесе темірден жасалған сауыт түрі.

Жасу білмеу – тот баспайтын, өткір мағынасында.

Майырылмау – сынбау.

Қар – мұнда: жағымсыз мінезді әйел мағынасында.

Деп бастап: «Баян-айым, бір масқара іс,
Өткен түн болып қапты...» – деп шұбыртып,
Жаудырды екі жасқа нәлет-қарғыс.
Алайда жас Ноянды ақтай сөйлеп,
Дей берді: «Қылды-ау, бізге қалмақ қар қыз!»
Ер Баян сұп-сұр болып, – деді бірақ:
«Жарайды... Бар, ақсақал. Ойланармыз».



Боз үйде, жалғыз қалып, Баян енді,
Жаралы жолбарыстай күңіренді.
Қорғасын миын, ойын төмен басып,
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.
Бір көксұр түс енгізіп бар денеге,
Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді.
Ақыры ашу елді билеп кетіп,
Жалп етіп, сөнген шамдай ақыл өлді.
Өлді ақыл. Атып тұрып, батыр Баян,
Боз үйден оқ жыландай шыға келді.
Ер Баян сол кеткеннен кете барды,
Мініп ап, белдеудегі көк тұлпарды.
Дулыға, қалқан, көбе қалған ұмыт,
Белінде жалғыз-ақ бір садақ бар-ды.
Бауырынан Обағанның орғып өтіп,
Арыстан айдалада дүбір салды.
Дауылдай талмай есіп, желдей ұшып,
Түс ауа Жолдыөзекке жетіп қалды.

Бағалы дерек

Қалмақтар XV–XVI ғасырларда жоңғар атырабында өз хандықтарын құрып, XVII ғасырдан бастап, басқа жерлерді басып алуға кіріскен. 1723 жылы басталған жоңғар шапқыншылығы барысында қазақ халқы «Ақтабан шұбырынды» кесапатына ұшырады.

«Абай» энциклопедиясы

Даналық ойдан дән ізде

Найзағай намыс – қазаққа
біткен шамшырақ!
Алашқа біткен тамшы бақ!
Намысың тірі тұрғанда
бұйым болып па,
Басыңа түскен сан сынақ!
Ұ.Есдәулет

Кермиық Жолдыөзектің даласында
Алыстан екі қараны көзі шалды...

Алыстан екі қара көрді Баян,
Кілегей қара бұлттай төнді Баян.
Ой жоқ боп, жүрек шоқ боп, құр екпін боп,
Сұңқардай сорғалаған келді Баян.
Қыз түгіл, қаны бірге өз бауырын
Танымай қалғандай да болды Баян.
Байланған белде сала садағына
Қалшылдап, қалды салып қолды Баян.
Ашуын арыстанның байқаған соң,
Майысып тұра қалды жап-жас Ноян.

Жас Ноян жүйрігінің мойнын бұрды,
Жас Ноян Ер Баянға қарсы жүрді.
Жақындап, келіп қалып ағасына,
Түсінен шошыды да, тоқтап тұрды.
Жапанда аға-іні: Баян, Ноян –
Алып кел, көз алдыңа Ай мен Күнді.
Дұрысы – күміс күлген күндіз бенен
Түнерген қара бұлттай қара түнді.
Алайда ерке бұлан Ноян ұлан
Ашулы ағасына қарап күлді.



Бір күлді балдырғандай Ноян бала,
Ашылған шешек жарып, гүлдей жаңа.
Еріксіз сотқарлығын кешіретін,

Сөзмаржан

Селеу – шөл далада өсетін, бас жағы үлпілдеген селдіреуік ақ шөп.

Кермиық – кербез, паң.

Көмескі – бұлыңғыр, күңгірт.

Қомағай – 1) ашқарақ, тамақсау; 2) (ауысп.) нысапсыз, қанағатсыз



Неліктен Батыр Баян
інісі Ноян мен қалмақ
қызын өлімге қияды?

Еркелеп, ерке ұландай күліп қана.
Көрсен де дауыл гүлді, – басылмады,
Ер Баян арыстандай жаны жара,
Қалшылдап, көзі қан боп, қолын алмай
Байланған садағынан белде сала.
Жас Ноян: «Жан көке!» – деп сөз қатқанша,
Сұлу да жетіп келіп: «Баян аға!» –
Дегенше, қалды тартып, батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Оқ тиіп жүрегінен, құлап түсті
Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.



Жын шуы басқандай боп, естімеді,
«Жан көке, аға!» деген сөзді Баян.
Садағын сол секундта тартты тағы,
Бір ашып, бір жұмбап да көзді Баян.
Үстіне інісінің денесінің
Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.

Екі жас, аттарынан ұшып түсті,
Түскенде бірін-бірі құшып түсті.
Жүректен атып, ыршып шыққан қанмен
Жалғыз-ақ «Аһ!» десті де, «Жаным!» десті.
Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып,
Асығып, екі жастың қанын ішті.
Күлдей қу, тұнжыраған түндей болып,

Сөздің көркі – мақал

Адаспаймын деген ер
Тал түсте жолдан адасады.

Болат бүгілмес,
морт сынар.

Ерді намыс өлтірер.

Жия алмай, құр теңселіп, ақыл-есті,
 Тұрды да, біраздан соң батыр Баян,
 Атынан есі ауғандай құлап түсті.
 Бірталай талғандай боп жансыз жатып,
 Тұңғиық көмескі көп, ойға батып,
 Ер Баян есін жиып, екі жасқа,
 Бір қарап, қара тастай қалды қатып.
 Сол кезде, сар дала да күңгірт тартты,
 Еңкейіп бара жатты, күн де батып.
 Құшақтап ақ селеуді жылады жел,
 Өзінің қасірет жырын қоңырлатып.
 Құшақтап, екі жасты күңіренді ер,
 Көзінен ыстық жасты сорғалатып.

1

Білу

1. «Батыр Баян» поэмасының кейіпкерлері кімдер?
2. Поэмада қазақ тарихының қай кезеңі суреттеледі?
3. Баян батыр поэмада қалай сипатталған?
4. Қалмақ қызы қандай жағдайда қолға түседі?
5. Ноян туралы не білдіңдер?

2


Түсіну»

1. Неліктен Ноян қалмақ қызының ұсынысын қабыл алады?
2. Неліктен Батыр Баян екі жасты өлімге қияды?

3

Талдау

«Венн диаграммасы» арқылы Батыр Баян образын Қобыланды батыр, Төлеген образдарымен салыстырыңдар.



4

Жинақтау

Концептуалдық кесте толтырыңдар:

Кейіпкерлер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға

1. «5 W» тәсілін қолданып, тақырып мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастырыңдар. «Кім?» («Who?»), «Не?» («What?»), «Қайда?» («Where?»), «Қашан?» («When?»), «Не үшін?» («Why?») деген сұрау есімдіктерін қолданыңдар.
2. Ақын шығармашылығы туралы сұхбат құрыңдар.
3. Хрестоматияда берілген толық нұсқасын пайдаланып, «Батыр Баян» поэмасының мазмұнын мәтін түрінде қарасөзбен беріңдер.
4. «Қазақфильм» қорынан «Батыр Баян» фильмін көріңдер. Фильм мазмұны мен ақын шығармасы туралы ой бөлісіңдер.
5. Поэма кейіпкерлері туралы кестені толтырыңдар.

Абылай хан	Баян батыр	Ноян	Қалмақ қызы
Қандай?			

6. М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» шығармасындағы тарихи тұлғалар туралы әңгімелендер.
7. «Батыр Баян» поэмасын мазмұндаудың жоспарын құрыңдар. Жоспарды поэма тілімен әрлендер.
8. Поэманы композициялық құрылысына қарай талдаңдар.
9. Поэманы келесі көрсеткіштер бойынша модельдендер:
 - 1) Тақырыбы;
 - 2) Идеясы;
 - 3) Негізгі кейіпкерлері;
 - 4) Жанама кейіпкерлері;
 - 5) Жанры, тегі;
 - 6) Тартыс;
 - 7) Салт-дәстүрлер;
 - 8) Көркемдегіш құралдар.

1. М.Жұмабаевтың талантына сүйсініп, В.Я.Брюсов оны «қазақтың Пушкині» деп атады. Ақынның жан-жақтылығына Брюсов: «*Оның поэзиялық таланты жоғары, табиғаттан дарыған. Оған қоса математикадан, музыкадан, бейнелеу өнерінен білімінің тереңдігі га-жап!*» – деп таңырқаған. Сендер қандай ой қосар едіңдер?
2. Батыр Баянның інісі Ноян мен қалмақ қызын өлтіргені дұрыс шешім деп ойлайсыңдар ма?
3. Поэманың тарихи сипаты туралы ой бөлісіңдер.
4. Батыр Баянның монологы сендерді қандай ойларға жетелейді?
5. Баянның орнында болсаңдар, қандай шешім қабылдай едіңдер?
6. Ноянның қалмақ қызымен кетуін сатқындық деуге бола ма? Пікірлеріңді білдіріңдер.

7. «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы алты топқа бөлініп, өз көз-қарастарыңды білдіріңдер. «Ақ қалпақ» (проблемаға қатысты деректерді талассыз келтіреді), «сары қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айтады), «қара қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтсіз тұстарын айтады), «көк қалпақ» (талдау жасайды, топтар «не үшін?», «неге?», «неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздейді), «жасыл қалпақ» (кейіпкер өміріне қатысты тың идеялар мен болжамдар айтады), «қызыл қалпақ» (оқиғаны оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды).

Артық болмас білгенің

Бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ержүрек ардагерлердің бірі – батыр Баян Қасаболатұлы (1710–1757). Батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ-жоңғар шайқасына қатысып, батыр Баян атанған. Өкінішке орай, Баянға қатысты тарихи деректер өте аз. Абылай ханның тұсында өмір сүрген Үмбетей мен Тәтіқара жыраулардың жыр толғауларынан Баянның сол кезде жоңғарларға қарсы күрескен батыр екенін білеміз.

Батыр Баян туралы деректер Ш.Уәлихановтың еңбектерінде кездеседі. Зерттеушінің «Исторические предания о батырах XVIII века» атты мақаласында Баян батырдың Абылай ханмен бірге қытай жасақтарына қарсы соғысы туралы айтылған. Қытайлармен айқаста Абылай қолы шегінуге мәжбүр болғанда, Абылайдың әскерінің шегінуіне мүмкіндік жасап, Баян қолы қытайлармен шайқасады. Бұл шайқаста Баян өзінің тапқырлығымен, ержүректігімен, найзагерлігімен көзге түсіп, хан әскерін құтқарады.

Абылай қалмақтарға жорықпен келе жатқанда қалмақтан жеті адам елші келіп, қалмақ ханы Серен ханның: «Қалмақтар мен қазақтар ағайынды болған. Біз сіздерге ақ киіз үйлер сыйлаймыз. Бейбіт болайық», – деген ұсынысын айтады. Абылай батырларын жинап, кеңес құрады. Хан: «Ақ киіз үйлерді алайық, оларды сендірейік, одан кейін шабуыл жасайық», – дейді. Сол кезде Баян: «Сіз ақ киіз үйлерді алмаңыз, қалмақтарды алдаймын деп ойламаңыз. Олар қытайды да алдаған, сізді де алдайды», – дейді. Хан өз сөзінен қайтпайды. Қазақтар қалмақтарды екі күн тосады. Ақ киіз үйлер де, басқа сыйлықтар да жоқ. Шолғыншылар екі күн бұрын қалмақ қолының жасырын кетіп қалғанын хабарлайды. Баян мың адамдық жасақпен қалмақтарды қуып, қытай жеріне кіреді. Бірақ қалмақ қолын толық талқандай алмай, қайтуға мәжбүр болады. Қайтар жолда қалмақтардың өліктерінен уланған судан ішіп Баян мен оның жауынгерлері қаза болады. Бұл деректі де Шоқан айтқан.

Шоқан Уәлихановтың батыр Баян туралы айтқан деректері Мағжан ақынның «Батыр Баян» поэмасының мазмұнына арқау болғанын айтуға болады. Шоқан келтірген деректер мен оқиғалар дастанда кездеседі.

«Қазақ батырлары» жинағынан



<https://www.zharar.com>. сайтынан, ақынның өлеңдер жинағынан өздеріңе ұнаған өлеңін жаттап алыңдар. «Қорқыт», «Жүсіп хан», «Қойлыбайдың қобызы» поэмаларын оқыңдар.

Диалог құру



«Батыр Баян» поэмасының кейіпкерлері туралы диалог құрыңдар. Поэма кейіпкерлерімен диалог құру үлгісін көрсетіңдер.

Әдебиет теориясы



Поэма туралы түсінік

Поэма (грек: «туынды») – орта көлемді эпикалық түрге жататын, өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адамдар тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттейтін жанр.

Поэмалар – сюжетті, сюжетсіз болып бөлінеді. Образдарын – эпикалық, лирикалық, романтикалық, реалистік, т.б. деп бөлуге болады.

Сюжетті поэма оқиға желісін ширақ өрістетіп, кейіпкерлердің іс-әрекетін бейнелеуге негізделеді, күрделі құбылыстар, келелі оқиғалар орын алады. Сюжетсіз поэмада лирикалық сарын басым, көлемі жағынан шағын болып келеді. Мысалы, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян», Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік – Кебек», А.Құнанбайұлының «Ескендір» поэмалары сюжетті поэмаға жатады. Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын», Қ.Мырза Әлінің «Қызыл кітап», С.Торайғыровтың «Таныстыру», «Кедей» поэмалары – сюжетсіз поэмалар үлгісі.

Поэма – белгілі бір оқиғаны жыр, толғау түрінде өлеңмен баяндайды. Поэмада оқиға желісі ширақ өрістеп, кейіпкерлердің образы олардың іс-әрекеті, ішкі сезімі, жан дүниесі арқылы ашылады. Қазақ әдебиетіндегі поэманың алғашқы нұсқаларына батырлар жыры жатады.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы

Тапсырма



«Батыр Баян» шығармасының поэмаға тән белгілерін көрсетіңдер.

Қымбатты жас достар! «...сарқылмайтын, бітпейтін, жасарып, жаңғыратын, өмірдің өзіндей, жапырағы мәңгі жап-жасыл, жалғаса беретін құбылыс», – деп әдебиетші-ғалым Рымғали Нұрғали жоғары баға берген қаламгер кім?

МҰХТАР ӘУЕЗОВ



МҰХТАР ӘУЕЗОВ
(1897–1961)

Естеріңізге түсіріңдер:

Мұхтар Әуезов туралы не білесіңдер?

Меңгерілетін білім:

Жазушының қазақ әдебиетіне қосқан үлесі қандай?

М.Әуезовтің «Көксерек» повесінің тақырыбы мен идеясы қандай?

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов 1897 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген. Бала Мұхтар кішкентай кезінен ел аузындағы ертегі, жыр-дастан, аңыз әңгімелерге құлағы қанық болып өседі. Ұлы Абай ауылымен аралас-құралас отырған ауылда өскен жас Мұхтар Абайдың өлеңдерін бала кезінен-ақ жатқа білген.

Болашақ жазушы алғашқы оқуы туралы: «...*Оқуды бес-алты жасқа келген соң өзімнің үлкен әкемнен оқи бастадым. Сол кісінің алдынан хат таныған соң, 9–10 жасымда әкеммен бір туысқан ағам Қасымбек қасына алып, басында бір жыл Семейде мұсылманша оқытты да, артынан орысшаға берді. Орыс оқуына әуелі өзі дайындады. Содан кейін бір қыс Әбіш Қасенов деген Семей семинариясын бітіріп шыққан қазақ мұғалімінен оқып, келесі жылы күз Семейдің городской училищесіне түстім. Содан әрі мектептегі оқу тәртіппен кетті*», – дейді.

Қазақ әдебиетінің классикалық туындысына айналған «**Көксерек**» повесі 1928 жылдың желтоқсаны мен 1929 жылдың қаңтар айларында Ташкент қаласында жазылды. Бұл шығармада адам мен табиғаттың қайшылықтары Құрмаш пен Көксеректің қарым-қатынасы арқылы шебер суреттелген. «Көксерек» повесінің

Зергер сөз

Бір кезде орыс мәдениетінің өсіп-өркендеуіне Пушкин әсері қандай болса, бүгінгі ортаазиялық көркем ойдың, іргелес халықтың күллі рухына, өмірінің қалыптасуына Әуезов әсері де сондай болды.

Ш.Айтматов

Даналық ойдан дән ізде

Берекені көктен тілеме,
еткен еңбектен тіле.

М.Әуезов

Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен.

Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім.

Адамшылықты тез жүргізу үшін көп ой керек, ойлау үшін оқу керек.

Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек.

Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!

М.Әуезов

тақырыбын таңдап алуының бір себебін жазушының жұбайы Валентина Әуезова былай деп еске алады: *«Бірде мен қабырға күнтізбесін (1929 жылдың) сатып алдым. Сол күнтізбе Мұхтардың жазу үстелінің тұсында ілулі тұратын еді. Сонда белгілі суретшінің салған суреті бар болатын – қысқы түн, қар жамылған меңіреу дала, сонау алыста, көз ұшында қар басқан кішкентай деревняның оттары көрінеді. Ең алдыңғы қатарда түнде жортқан қасқыр тұр. Міне, сол сурет Мұхтар Әуезовтің сонау жас бала кезінде кәнігі аңшылардан естіген әңгімелерін есіне түсірген болу керек, енді міне, күн сайын көз алдынан осы суреттегі көрініс кетпеген Мұхтар өзінің «Көксерек» әңгімесін жазған болатын».*

«Көксерек» әңгімесі маңызы жағынан Л.Толстойдың «Холстомер» мен «Булька», А.Чеховтың «Аққасқа», «Каштанка», Д.Лондонның «Ақ азу», У.Флобердің «Аю» атты шығармаларымен деңгейі бірдей. 200 томдық дүниежүзі әдебиеті кітапханасына М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы мен «Көксерек» шығармасы кірген. Сондай-ақ 1973 жылы «Қазақфильм» киностудиясы «Көксерек» әңгімесі негізінде «Көксерек» драмалық көркем фильмін түсірді.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов – есімі әлемге танымал жазушы, белгілі қоғам қайраткері, Қазақ Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Артық болмас білгенің

«Қалаға барып оқи бастағанға дейін ауылда өткен балалық уақытымда әкелерімнің үнемі оқытатыны Абай өлеңдері болатын. Елдің басты адамдары балаларын оқыту үшін Абай кітабын белгілі кітап көшіргіш молдаларға ақша беріп, әдейі жазғызып алатын. Сондай көшірушілікпен күн кешкен кісі Мүрсейіт деген молда еді. Ол соны кәсіп қылып алған. Абайдың қарасөзі мен өлеңін түгел көшіріп бергені үшін бес теңге ақы алушы еді. Бір жылы жазғытұрым өз әкем «Абай кітабы келеді» деп өзімді көп уақыт, бір үлкен сый беретіндей дәмелендіріп жүріп, аяғында қар кетіп, ақ шығып келе жатқанда сол кітапты әкелді.

Содан ел қыстаудан көшкенше, күндіз-түні өзі үйде болған уақытта Абай өлеңдерін жаттатып, соны ылғи айтқызып, тыңдап, жақсылап жаттап алмаған жерлерімізді қайтадан отырғызып, қайта жаттатушы еді. Абайдың өлеңін жақсы көрдім. Бәрін ұқпасам да ұйқасының өзі қызықтыратындай әсер ететін. Сонымен бір қыс, бір жазда Абайды түгелге жақын жаттап шығып едім. Абайды сүюім туған орта, кір жуып, кіндік кескен жерді сүюмен пара-пар болатыны бар».

М.Әуезов

Жазушы адам мен табиғат арасындағы байланысты, қайшылықтарды өзінің «Көксерек» деген повесінде шебер көрсете білген. Кішкентай Құрмаштың трагедиясы сендерге де ой салары анық...

Көксерек

III

...Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш «Көксерек» деп ат қойып алды. Ертеңді-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұйғыш – итаяқ әзір болды. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды.

Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алып жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады. Қасында не аяқ жағында, көрпенің астында Көксерек жатады.

Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді. Семіріп, жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. Ауылдағы өзі ғұрпы күшіктерден сонша үлкен емес.

Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қасқырға шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды. Өзге көп ит те ырылдап үріп, кейде тап беріп, әр жерінен тістеп тартып кетеді.



CD 08

Шығармада қасқырлар тіршілігі қалай суреттелген?



Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді. Бірақ ержете бастаған сайын, бұдан иесі көз жазып қала берді. Сондай кезде Көксерекке ылғи жау иттер кездеседі.

Бір уақыт үлкен үйдің үлкен қара ала төбеті оңашада бұны алып соғып, көп езгіледі. Бұны талап жатқанын көріп, өзге иттер де келіп шабынан алып, борбайынан созғылап, өлтіруге айналып еді. Шаң-шұңмен балалар, үлкендер жиылып кеп, иттерді ұрып, зорға айырып алды.

Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақытта «қыңқ» етіп, ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпиіп, үдірейіп тұрып алады. Тісі батып, қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

– Кәпір, қырыс, тағы емес пе! Кеудесін бермейді, жасымайды! – деп, ауыл аңыз қылады.

Сонымен қатар Көксерек жайында ауыл-үйдің қатындары әр алуан өсек те таратып жүрді.

– Ұры. Асырасаң да, мал болмайды. Тұқымы жау емес пе! – десті.

Кейбіреулер: «Түнде қозының құйрығын иіскелеп жүреді. Қойды үркіте береді. Түнде даланы жақсы көреді. Иттен қорыққаннан ғана үйде жатады» деседі. Құрмаш бұл өсектің бәрін елемейді.

Шынында, Көксерек тамаққа өлгенше ашқарақ еді. Алдына құйып қойған асты әлі күнге қасында кісі қалалып тұрса, жаламайды, жемейді. Жалғыз-ақ кісі көзі тайса болды, қазір жоқ қылады. Бірақ егер тіпті қарны ашып кетсе, өзіне бермеген асты да жеп қояды. Көрнеу ши ішіне кіріп кетіп, керегеге асулы тұрған ет болса, жас тері болса, қазанда іркіт, қатық болса – барлығын да өзінің ыдысына құйып қойғандай көріп, иіскелеп, жалап, жеп кетеді.

Кейде сондай жерде ұсталып, таяқ та жейді. Талай рет оқыста төбесіне таңқ етіп тиген оқтау мен бойын тызылдатып, шыпыртып тиген қамшыны да татты. Бұның жауабы – езуін ғана ыржитады.

Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасы не екенін ұға алмады. Біресе өздері беріп тұрып: «же», – дейді. Біресе сондай тамақты өзі тауып алып жеп жатса, ұрып салады. Сол себепті кей кездері алдына дайындап қойған тамақты да жемей, көзінің астымен жалт-жалт қарап жатушы еді.

Қалай да болса, үзіп-жұла жүріп, Көксерек аш болмайтын. Күніне екі мезгіл тамақ ішу, мұның шарты

Бағалы дерек

Қасқырларды алғаш Қызыл кітапқа енгізген – Германия мемлекеті. Бұл шешім 1934 жылы Фридрих Ницше мен Освальд Шпенглердің ықпалымен қабылданған. Қызыл кітапқа енген жануарлардың ең алғашқысы осы қасқырлар болып табылады. Қасқырлардың ішіндегі көк аспан түстес келетіндері мен ақ қасқырлар аса киелі хайуан болып есептеледі. Олардың адамдарға көрінуі де сирек. Мұндай көкбөрілермен кезіккен адам да «тегін адам емес, киелі қасиеттерге ие кісі» болып саналады.

massaget.kz

Сөзмаржан



Итаяқ – итке тамақ құйып беретін ыдыс.

Жондану – ет алып семіру, әлдену.

Шап – қарынның төменгі жағы мен санның ішкі түйіскен жері.

Борбай – бұт, аяқ, сирақ.

Қырыс – (ауысп.) қисық, қыңыр, қырсық.

Тағы – қолға үйренбеген жабайы жан-жануар.

Кеудесін бермеу – басындырмау, бағынбау.



Сөзмаржан

Зіңгіттей – соқталдай, дардай.

Ереуілдеу – дүрлігу.

Жүзіқара – ұятсыз, арсыз.

Тұрқы – қасқырдың дене бітімі айтылып отыр.

Арлан – қасқыр, ит тұқымдастарының еркегі.

Күлдіреуіш – киіз үйдің түндігін көтеріп тұратын, түтін шығып, жарық түсіп тұру үшін айқастыра бекітілген ағаш.

Қырыстану – қырсығу.

Қаншық – қасқырдың ұрғашысы.

Тұрқы – ұзындығы, бойы.

Шылапшын – кір, қол жуатын жалпақша ыдыс.

Бұралқы – иесіз қалған, қаңғыған (ит).

Қапысы – ыңғайы.

болып алды. Екі рет қолдан ас құйылмаса, ол күні Көксерек өз бетімен барып бірдемені жеп жататын.

Осымен жүріп жаз ортасы ауған кезде Көксерек зіңгіттей көк шолақ қасқыр болып шықты. Енді қара ала төбет те талай алмайды. Жота жүні үрпиіп, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, аузын ақситып ашып жіберіп, тап бергенде, талай бұралқы төбет, быжыл қаншық қыңсылай, шәуілдей қашатын болды.

Мынадай кезде Құрмаштың өзі де қорқақтай барып, «қой-қойлайтын» еді.

IV

Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін тұп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірленген бір бітімі бар.

Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай, жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесі шақырса – келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын сөлектетіп, бүкендеп қана келеді. Бұны да ашыққан уақытында істейді. Әйтпесе көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Барып түрткілеп, орнынан тұрғызып жіберген соң ғана үйге жүреді. Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді. Сол мінезін байқаған үлкендер:

– Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек, осы кәпір түбінде ел болмайды, – дейтін де болып еді. Бірақ Құрмаш көнбеді.

Осымен тағы біраз жүргенде, бір күні Көксерек қара ала төбетке майдан берді. Қара ала төбеттің иесі Жұмаш бала жаз бойы Құрмашқа:

– Қасқырың болса қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ бұрап соғады. Арашаламасаң, әлдеқашан өлтіріп тастар еді, – дей беретін.

Бір күні түсте Құрмаш Көксерекке тысқа алып шығып, ас құйып жалатып тұрғанда, анадайдан шылапшынның салдырын естіген қара ала төбет үйдің көлеңкесінен шығып алып, адымды қойып еді.

Екпіндеген бетімен, жолында жасқап тұрған Құрмашқа қарамастан, келе Көксеректі бүйір жағынан келіп арс етіп, қауып түсті.

Ең кішкентай қасқырлар Таяу Шығыста мекен етеді. Олардың салмағы бар-жоғы – 30 кг. Ал ең ауыр және ірі қасқырлар Канада, Аляска және Ресей аумағында көптеп кездеседі. Олардың салмағы 80 кг-дан асады.
massaget.kz

Бұрынырақ кезде бұндайда асын тастап, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Көксерек енді зор дауыспен «гүрр» етіп, қара ала төбетті алқымынан ала түсті. Ұстаған жері құлақ-шекеге жақын еді. Төбеттің мойнын бұрғызбастан қапсыра тістеп, жұлқып-жұлқып жібергенде, үлкен төбеттің арт жағы бұлғаң-бұлғаң қағып барып, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті.

Маңайдан жұрт дабырлап жиылып қалып еді. Көксерек қара аланы тамағынан қысып буындырып тұрып-тұрып, қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді.

Жеңген жаудың сығымынан зорға құтылған қара ала қаңсылап, жүні жығылып, бір жаққа кетті.

Осы оқиғаның ертеңінде кешке жақын ауыл жанында жатқан қойға қасқыр шапты. Дөң басындағы қойшының айғайымен қатар ауылдағы көрі-жас, аттылы-жаяу иттерді айтақтап, түгел жүгіріп еді. Көп ішінде «Көксерек те кетті» деп, Құрмаш та жүгірді.

Бірақ қасқырға ешбір ит жете алмады. Дөң аспай, иттің бәрі де, адам атаулы да тоқтап қалды. Сам жақтағы алыстағы сары жотадан ереуілдеп, екі зор қарайған асты. Ол екі қасқыр еді. Солардың артында тұмсығын жерге салып, тоқтамай ағызып, Көксерек кетіп бара жатты. Бір кезде жотадан о да асты. Артынан Құрмаш пен өзге балалар бірі артынан бірі: «Кө-ө-к-се-ре-к! Кө-ө-к-с-е-ре-к!» – деп, шақырып, айқайлап жүгірді.

Әбден қас қараюға айналған уақытта Көксерек жалғыз өзі баяулап басып ауылға келді. Бірақ үйге кірген жоқ, анадайда тұрып қайта-қайта шаңдатып, жер тырнайды. Сары жотаға қарап-қарап қойып, әрлі-берлі жүріп жер иіскелейді. Тыныштала алмағандай.

Көксеректің бұл жайын байқап Құрмаштың әкесі:

– Тұу, мына көпірдің екі көзі жап-жасыл боп кетіпті-ау, тұқымын сезген екен мына жүзіқара; қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық, – деп еді.

Құрмаш бұл сөзге көнбеді. Бірақ осы кештен екі күн өткен соң, Көксерек бір түн ішінде жоқ болды. Құрмаш қашып кетті деуге қимай, айналадағы ши-қарағанды, жар-жырларды тегіс арылтты. Таба алмады. Осымен жұрттың бәрі кеттіге есептеп қойып еді, үш күн өткенде бір күні таңертең ойда жоқта Көксерек өз-өзінен сап ете түсті. Құрмаш пен әжесі қасқырдың бұл мінезіне сүйсініп, қуана қарсы алды. Бұл келгенде Көксерек екі бүйірі суалып ашыққан. Өзінің үсті-басы батпақ болып сыбағысқан сабалақ жүдеу пішінмен келді. Қайта



Бағалы дерек

Қасқырлар – өте төзімді келеді және өз аумағында ең қаһарлы жыртқыш саналады. Ірі еркек қасқырлардың салмағы мекен ететін жеріне байланысты 50–80 кг аралығында болады. Неғұрлым солтүстікке жақын мекендесе, соғұрлым ірі келеді. Олар бір жегенде 10 кг ет жей алады.

Ауа райы жайлы болса, қасқырлар орман ішінде 9 км жердегі дыбысты ести алады екен. Ал ашық далада 16 км қашықтықтағы дыбысты құлағы сезеді. Сондай-ақ, тірі жануардың иісін 1,5 шақырымнан анық сезе алады.

massaget.kz

тұрып қалды. Тағы да бұрынғысынша күйленіп, нық семіріп, енді орасан боп өсе бастады.

Бұл соңғы күйленуі, шынымен, үлкен қасқыр боп ұлғаюының белгісі еді. Сонысын сезген болу керек, күздің бір қара дауылды қара түнінде Көксерек тағы жоқ боп шықты. Бұл жолғысы шын болды. Енді қайтып оралмастай болып кетті. Сол көк қасқыр саршұнақ пен қоянның көжегі сияқтыны азық қыла жүріп, өлместей боп алды. Қысқа да жеткен еді.

Жарық айлы түнде тұмсығынан бұрқырап бу шығарды. Аязды түнде табанының астындағы қар шықыршықыр етеді.

Жотадан-жотаға жортты. Талай жерден қарауыл қарап, желге тұмсығын төсеп, алыстан тартқан бір иіспен жүріп отырып, бір қыстаудың желкесінен келіп шықты. Тау желкесіндегі бозқарағанды, қарлы адырдан әрлі-берлі жүріп, көп аңдыды.

Шашау шыққан мал жоқ. Айналасы қарауытып, қыстау тұр. Бадырайып қараған көздердей болып, әр жерден төрт бұрышты қызыл оттар көрінеді. Пішен төбесі мен қораның ығында жатқан иттер үреді. Сақ, мазасыз...

Бірақ сол қорадан кеш бойы мұрнын жарып, өзіне тартқан қой иісі де келеді.

Қораға жақындайын деп еді, көп иттер шулап үріп, маңайлатпады. Қатты аяздан тұмсығының ұшы, езуі ашып, шыдатпай тоңа бастады. Табанынан өткен ызғар да аяқтарын қарып, қатырып барады. Қайта жортып адырға шықты.

Алғашқы рет амалсыздан көкке қарап, аузын ашып ышқынғанда ішінен зор дауыс шықты. Күтпеген дауыс. Көксеректің ең әуелгі ұлығаны осы еді.

Қарлы, елсіз адырды басына көтеріп дауыс салды. Тынбай, ұзақ-ұзақ уақыт ұлыды. Мұның даусы шыққан сайын, сайдағы ауыл жақтан көп иттің арс-ұрс, шәу-шәу етіп үргені естіледі.

Көксерек құйрығын артқы екі аяғының арасына тығып алып, аш белі бүгіліп, іші қайта-қайта солқ-солқ етіп ұлып тұр еді. Бір мезгілде дәл жанынан өзінің даусындай дауыс естілді. Ол да дәл осы сияқты ұлиды...

Көксеректің даусын естіп, маңайда жүрген қаншық қасқыр мұны іздеп келеді екен. Екеуі екі беттен бірін-бірі көрісімен қарсы ұмтылысты. Етпеттеп бірін-бірі жақын келгенде «ырр», «ырр» етісіп, тістерін тигізіспей қағысып өтісті. Ашқарақ азулары сақ-сақ



етті. Көксерек гүрілдеңкіреп, маңына көп дарытқысы келмей, әрлі-берлі ортқып түсіп, жылдам оралып, ашу шақырғысы келіп еді. Ақ қасқыр айнала қыңсылап, бұның ізін иіскеледі. Аздан соң құйрық жағынан бір иіскеп, сирағын жалап өтті. Екеуін иістері табыстырды. Көксерек те айнала иіскеді. Бір-бір рет жақтарын жаласты.

Көсіліп алып, сайға қарай салды. Екеуі де енді ширақ, қатты жортады.

Қора жанындағы дүңкиген сары жотаны құлдап тарта бергенде, қалың жүнді барқылдақ қара ала төбет соңдарына түсті. Бұл Көксеректің жаз бойы ырылдасып өскен ала төбеті болатын. Қасқырлар бой салып қашқан жоқ. Ақ қасқырды алдына салып, Көксерек арт жағына онды-солды жалт-жалт қарап, ойға, тасаға таман түсті. Артындағы иттерді ілестірмек болып, үріп келе жатқан ала төбет бұлар ойға түскенде тоқталуға айналып еді. Қалған иттер жота басында серейіп-серейіп тұрып қалып, сол арадан көр жіберіп тұрған. Енді қара ала тоқтауға айналғанда, Көксерек бұрыла сала тап берді.

Ақ қасқыр да айналып жіберіп, ағызып келіп алдына түсті. Екеуінің бетіне шыдай алмай, жалт бере қашқан ала төбет құйрығы шошандап, барбаңдап бетке қарсы ұзай алмады. Ақ қасқыр бұрын жетіп жұлып кетті. Арты көтеріліп барып түссе де, ала төбет жығылмай қарсы қарап, ырылдап тұра қалып еді.

Сол кезде ғана бұларға жеткен Көксерек келе құлақшекеден қауып түсіп, көз ілескенше қара аланы жұлып соғып, астына жұмарлап, басып алды. Қасқырдың екеуінің де жоталары дүңкиіп, жон жүндері үрпий алған. Ауыздары басында қалың жүнге толып-толып шықса да, артынан ыстық қанға, жұмсақ етке, сырт-сырт сынған сүйекке де араласты. Аяқтарының астында ойылып қалған қалың қар бүрқ-бүрқ борады. Жылы-жұмсаққа тұмсықтары кіріп алып, екеуі де өзге дыбыс шығармай, қорқ-қорқ асайды. Суық қар араласқан жылы тамақты қомағайланып, қылқ-қылқ жұтады.

Аяқтап келгенде екі санды екеуі ортасынан дар айырып, жұлып-жұлып әкетісті. Аздан соң қара аланың қара табандары мен құйрығы ғана қалды. Одан басқа әр жерде шашылған жүндер ғана жатыр.

Екеуі айға қарсы қасқарып, қайтадан Қараадырға тартты. Алдында – Көксерек, артына соның ізімен ақ қасқыр түсіп, адырға кіре бере бір ық жартастың бауырында екеуі бірдей аунап-аунап алды.

Сөзмаржан



Көр – қаһар, ашу, ыза.

Көз ілескенше – тез, шапшаң, жылдам қимылдау.

Қасқару – қасқайып қарсы тұру.

Күйлену – әлдену, ауқаттану, оңалу.

Құлдап – құлдилап еңіске қарай түсу.

Барқылдақ – мұнда: беталды, көп үре беретін.

Адыр – бір-біріне ұласып, тұтасып жатқан биік қырқа, дөңес жер.

Пішен – мал азығы үшін шабылатын шөп.

Бозқараған – бұршақтұқымдас өсімдіктерге жататын ағаштар мен бұталардың түрі.

Сойыл – қару ретінде ыңғайлы етіп, ойып жасалған мықты, ұзын ағаш.

V

Осыдан соң екеуінің жұбы жазылған жоқ. Қасына серік ергеннен бері Көксерек зорайып қатты өсті. Аяқтары жуандап, жүндерінің бәрі де қалыңдап ұзарып, өзі жуан, өзі мықты көкжал болып алды. Қыс іші болса да жоны шығып, алқымы түсіп, семіріп кетті.

Оның есебіне белгілі аты шулы екі қасқырдан Қараадырдың іші-тысындағы ел түгел көресіні көрді. Даладан қойшы алдынан қой тартып жейтін, жайлаудағы сиырға шауып, тайыншадан бастап, үлкен сиырға шейін жейтін – осы екеуі. Февраль, март кезінде үш-төрт түйе де желінді. «Кісіден қорықпайды. Әсіресе бір көк шولاқ бар. Қойды алып соғып, жарып жатқанда, қасына сойыл салым жерге келгенше қашпайды. Даладағы қойға тигенде, әуелі біреуі келіп шабады, соған қойшы алданып жүргенде, бір жақтан келіп, екіншісі шабады», – десетін болды.

Боранды, аязды түндерде бірен-саран қораға да түсіп көрді. Бір кедейлеу ауылдың қой қорасына түсіп, он шақты қойын жалғыз Көксерек өзі өлтіріп, құтылып шыққан уақыты да болды. Бірнеше ауылдың «қасқырмен таласуға жарайды – ер, сақ» деп жүрген әлденеше иттері де желінді.

Және шірет жасағандай, Қараадырдың қыстауларына кезекпен соқтығады. Бірер күн бір-екі ауылдың айналасында қатты қимыл қылып жүріп-жүріп, соның артынан бір жұма, он күндей бұл маңайда жоқ болып кетеді.

Оның есебіне екінші, үшінші ауылдар өлгінің көргенін көріп жатады. Әр ауылдың тұстарында өздерінің көрініс беріп келетін қарауыл жоталары, жылғалап келетін сай, өзектері бар. Торуға мезгіл таңдамайды: таңертеңі, түсі, түні – бәрібір. Күніне бір мардымды жем алмай, қанағат қылмайды.

Келгенде: ана кезең жақтан, анау шиден, ана қарағанды сайдан келеді десе – сол жерлерден айтқандай шығады. Бұлар айналдырып жүрген елдер малын шашау шығармай, көзден таса қылмай, қия бастырмай-ақ сақайған болады. Бірақ күндіз-түннің бірінде неғылса да бір қапысы болмай тағы қоймайды. Көксерек дәл соған кез келгендей, дап-дайын болады.

Қыс қатты. Қар қалың. Қасқырды қар көтереді. Атты көтере алмайды. Сондықтан талай рет ат жаратып, шоқпар қамдап, қуамын деген жігіттер болса да, еш нәрсе қыла алмады.

Артық болмас білгенің

Қасқыр тәкаппар, кербез, дербестікті, еркіндікті сүйеді. Қасқыр, ең алдымен, көзсіз батырлықтың символы. Ол қақтығыстан қайтпайды. Кез келген айқаста не жеңгенше, не өлгенше алысады. Әйтеуір аяғына дейін жеткізеді.

Қасқыр өлексе жеуден қашады. Ол тек қана балғын, жас етпен қоректенеді. Яғни, өз бойын, ағзасын таза ұстайды.

abai.kz



Шірет – кезек.
Сойыл салым жер – өте жақын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.
Сақаю – күзету, аңду.
Қашаңдау – алыстау.
Шағырмақ – жарқыраған, қызуы мол күн.
Тайынша – екі жасқа жетпеген торпақ.
Көкжал – жыртқыш, қасқырдың арланы.

Бір рет қана белгілі бәйгі жирен атымен Арыстанбек шығып, соңдарынан түсіп еді. Оны адырдан адырға салып, адастырып кетті.

Маңайламайтын жерден, алыстан мылтық атып қорқытпақ болғандар да бар еді. Одан да жасқанбайды. У салғандардың уларын да жемеді. Ол улардан иттер жеп, қырылып қалған уақыттар да болды.

Мұның бәрі екі қасқыр жайындағы Қараадыр елінің аңызы, әңгімесі еді. Соңғы бірер айдай бір ауылдың кісісі бір ауылға қатынасса, жиын болып көпшілік бас қосса, көп әңгімелері екі қасқыр жайында болатын.

Көксерек семіргенде, ірілеп өскенде осындай даңқ, атақ ішінде семіріп, өсіп келе жатыр еді.

Осы күйлердің бәрімен қатар, Көксерек оңашада елсізде қатты ойыншы болатын. Түс кезінде я таңертең бір малды тасада аунатып жеп алып, елсіздегі қашаңдау жатақтарына қайтады. Сондайда ақ қасқыр жүрістен талып келіп, тынығып жатса, Көксерек айналасында қар боратады. Жүгіріп екпіндеп кеп тістеп өтеді. Басынан асып аунап түседі, кейде ақ қасқыр ырылдап тісін сақылдатып, құлағын жымитып, ашумен тап береді. Ондайда Көксерек те қатты қорылдап, гүр-гүр етеді. Кейде секіріп кеп: ақ қасқырдың желкесінен қапсыра тістеп алып, қысып тұрып-тұрып барып, қоя береді. Екеуі осыдан әрі ұзасып барып таласпайды. Артынан Көксерек қайта ойнайды.

Күн жылына бастады. Бірнеше рет шағырмақ жақсы күндер болып, әр жердің қары тесілді...



Бағалы дерек

Қараадыр – Ханшыңғыс жотасының солтүстігіндегі таулар. Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Бестамақ ауылының шығысына 28 км жерде орналасқан. Абсолюттік биіктігі 684 м. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 37 км-ге созылып жатыр, енді жері 10–12 км шамасында. Беткейлері көлбеу, көптеген ұсақ шоқылардан тұрады. Солтүстігінде Үлкен Шонай, Шонай, шығысында Ордатас таулары орналасқан. Бозғылт, қоңыр топырақ жамылғысында тал, терек аралас далалық өсімдіктер өседі. Тау етегі мал жайылымына қолайлы.

«Қазақ энциклопедиясы»

Көк молайып, жаз шыққан соң, екі қасқырдан Қараадырдың елі сап болды.

Қараадыр сыртында, елсізде екі үлкен ащы көл бар. Соның аралығындағы қалың шидің ішінде ескі ін болатын. Көксерек пен ақ қасқыр сонда. Жақын жерде – қамыс, одан әрі – көл. Қауіпсіз. Адам көзінен алыс жай, бастап келген – ақ қасқыр...

Бұл кезде Көксерек басқа жақтағы елді ториды. Ақ қасқыр ін маңында болады. Қамыс арасында көп құстардың жұмыртқасын жейді.

Бір күні Көксерек інге салып келіп, аузынан кесек-кесек құйрықтарды құсып-құсып тастады. Бірақ бұрынғы дағды бойынша, ақ қасқыр қарсы шығушы еді. Оны істемеді. Көксерек ін аузын тырналап, шаң боратқан соң ғана сүйретіліп зорға шықты.

Ін ішінен жат иіс сезіп, Көксерек басы мен кеудесін сұғып, «ырр» етіп барып, кішкене күйкі күшікті тістеп, суырып алып шықты. Бұл бұны істегенде, ақ қасқыр арсылдап тап беріп еді, Көксерек сонда да тоқтамай, көк күшікті жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып, өлтіріп тастады.

Бірақ бір емес, екінші, үшінші, тағы әлденешеуі пайда болды. Аяғында, жылыды. Күшіктерді жалап, иіскелеп, кейде қастарына да жатады. Ақ қасқырға жем таситын болды.

Аздан соң серігі қайта қосылды. Көп ұзап шықпайды. Сонда да талай жерге еретін болды.

Бір күні екеуі бір қозыны жеп келе жатыр еді. Индерінің үстінен көп үлкен жаулар кетіп барады екен. Қамыс арасына бұқты. Жау озған соң інге келді. Бірақ қана күшік қалған, бұралып тұра алмайды, арт жағын баса алмайды. Ақ қасқыр тістеп әкеліп қамысқа тықты. Екеуі қайтадан Қараадырға бет қойды. Жарысып кезек-кезек озысып отырып келіп, даладағы қойға тиді. Түн баласында құлын жеді, тай жеді.

Тыным алмай, баяғы іздерімен баяғы елді қайта қан қақсатты. Бұрынғыдан жаман құтырды...

Ақ қасқыр ойнамайды, қыңсылай береді. Жесе де, семірмейді. Кей уақытта жалғыз қаңғып кетеді. Көксерек артынан іздеп жүріп, зорға табады. Кейде Көксерек қатты жүріп кеткенде, бұл жүрмей тұрып та қалады. Көксерек қайта айналып келеді.

Кей уақыттар бір-екі күндер аш та қалысады.

Бірақ Қараадыр елі екі қасқырды ұмытқан жоқ. Әлде болса да сол екеуін көре береді. Енді жер кепті.

Жазғытұры көкпен көбең семірген желқуық айғырлар қайта мінілді.

Бір күні зор қуғын болды. Үш үлкен жау Қараадырдың ойында тобылғылы шұбардан шығарып алып, екі қасқырды сатырлатып бастырмалатып қуып берді. Екі айырыла қашты. Ақ қасқырдың желіні түгел қатқан жоқ екен. Бәрі бірдей соның соңына қарай үңілді.

Көксерек еріксіз ойысып келіп, үшеуінің алдына өзі түсті. Екеуі қатар қашты. Беттері Қараадыр еді. Ерікке қоймай, жандай шауып, тауға жібермей қайырып алды. Ақ қасқыр ойға қарай қашты. Көксерек ерегісіп тауға қарай тартып еді.

Мұны біреуі ғана қуып, екеуі ананың соңынан кетті. Ықтиярсыз айырылып кетті. Артында жерді дүрс-дүрс басқан қатты тұяқтар бұны енді ақ қасқырға қоспады. Сонан соң бұл адырға кіріп, бір-екі бел асқан соң қуғыншыны адастырып, құтылып алды. Бірақ серігі жоқ.

Сонымен қуғын күні Көксерек түні бойы ақ қасқырдың ізіне түсіп, жорытып еді. Бір төбенің ойына келгенде иіс те, із де бітті. Серігінің иісі жоқ; оның орнына ат, адам иісі мол білінеді. Ағып ұйып қалған қан көрінді. Аз ғана иіскелеп, бір рет жалап дәмін де көрді.

Түні бойы көп-көп ұлыды, таң атқанша жер тартып, шаң боратты, ыңырсыды, аунады. Ай астында әрлі-берлі сенделіп, көп аяндап жүрді. Қасында көлеңкесі ғана жүр еді.

Тағы да жалғыз жортуылға түсті...

VI

Жаз бойы жалғыз тіршілік етті. Ащыкөлдің солтүстік жағын жайлаған бес-алты ауыл Көксеректен тағы да көресіні көрді. Күндіз келіп, көл жағасында, қамыста жатады.

Түн баласында бір ауылдың шуын бір ауылдікіне қосып, бықпырт тигендей қылады. Жаздай жеген қозы, бұзауының саны елу-алпысқа жетті.

Екі рет қуғын болды. Бірақ екеуінде де көлге түсіп кетіп, судың тап ортасына барып, дүңкиіп жатып алды. Саяз сулы, айналасы зор бастақ, батпақты Ащыкөл бұған үлкен қорған болып алды. Әсіресе, жаңбырлы, желді түндерде, ай қараңғыда, ақ жауындарда Көксерек қатты құтырады.

Түнгі ауылдың қорасына шапқанда, күзетшінің айтағы, иттердің үріп тұрғаны – барлығы да бұған бөгет емес. Кей-кейде ара-түнде жарқ етіп, күрс беріп

Сөзмаржан



Күйкі – көзге қораш, сүйкімсіз.

Желқуық – ұшқыр, жүйрік (ат).

Көбең – ептеп оңалған, ет алған.

Бықпырт тию – бытшытын шығару, азанқазан жасау.

Бастақ – бөгде, бөтен.

Бағалы дерек

Ащыкөл – Қарағанды облысы Ұлытау ауданының солтүстігіндегі тұйық, тұзды көл. Қаракеңгір және Сарыкеңгір өзендері бастауларының аралығында, оңтүстіктен солтүстікке қарай созылып жатыр. Аумағы – 16 км². Ұзындығы – 6,6 км, ендік жері – 4 км. Тереңдігі – 0,8 м, су көлемі – 12 млн. м³. Су жиналатын алабы – 117 км². Оңтүстігі мен шығыс жағалары жарлауытты, қалған жағалары жайпақ келген. Көктемде, жазда мал суаруға пайдаланылады, күзге қарай суы кермек татып кетеді. Жағалай қамыс өскен.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы

мылтық та атылады. Даусынан ғана біраз сескенеді. Азғантай ұзап кетеді де, ел тыныштала бергенде қайта соқтығады.

Жасынан бір күнде екі рет ас жеп, ашқарақ болып үйренген Көксерек ауылға жақындап келгенде көзі тұнып, есі шығып кетеді.

Сондықтан ауылға тақай бере-ақ ағызып ат қояды. Қораны өрт шыққандай, жер сілкінгендей дүр-дүр еткізіп келіп, қақ жарып шыққанда, аузына кем болмаса бір-екі батпан құйрық ілінбей қалмайды.

Бұл жазда Көксерек қатты семіз болды. Әлдеқашан түлеген тақыр жүн күзелген жылқының жалындай қайратты, қатты. Денесінің толуы, бойының биіктеуі, қайратының молаюы – биылғы жыл ерекше болды.

Күздің ұзақ таңында бір дауылды қара түнде топ жылқыға араласып еді. Сонда қысырдың семіз асау тайын бастырмалатып қуып жетіп, құйрығынан алып табанда тұрып қалғанда, тай тапжыла алмады. Аз тырмысып-тырмысып тұрып, қоя беріп қалғанда, тай екпінімен барып тоңқалаң аса түсті. Сонда ағызып келіп бас салып, алқымынан «гүрр» етіп қаба түскенде, тай көтеріп тұра алмай, Көксеректің астында ажал тапты.

Қайтадан қарлы, боранды қыс келді. Аязды, елсіз ұзақ далаларда аштық түндері басталды. Ашумен жер тарпып, қар боратып, көп ұлыды. Бір мезгілде ай астында ағараң-ағараң еткен көп топты көрді. Бұрылып бір жаққа қарай жалтарғанша, тасырлатып, қар боратып, қасына ағызып келіп қалыпты.

Бұлар: тілдері салақтаған, ауыздары арандай ашылған, жүгіріп келе жатқанда бәрі тегіс ырсы-ырсы етеді. Иістері Көксеректің мұрнын жарды. Қарсы аяндады. Қалың топтың алдында зор кәрі шолақ мұның жанынан «арс!» етіп, желді қауып өтті. Көксерек те тұмсығы ашумен ыржиып, тістерін сақ-сақ еткізді. Екеуі қайта беттесіп келгенде біріне-бірі ұмтылмай, құр ғана жана-сып, қор-қор етіп, ырсылдап тұрды...

Боранды күні ығып келе жатқан қойға араласып, бет-бетімен бөліп-бөліп әкетіп, талай қойды жаралап, жеп, қырып шықты. Көксерек қосылғаннан бергі алғашқы шабуыл осы еді. Тамақты емін-еркін араласқандықтан, әрқайсысы жеке-жеке, таласпай, қағыспай жесіп алды.

Қар қауып, аунап-аунап, тағы бірігіп алып, ілгері қарай салды. Артынан адам келіп айырып алған қойлардың талайы таусылып біткен, талайы жаралы. Әр

жерде сирағы, бас жүні шашылып қалған көп жемтіктер көрінеді.

Топтанып келіп жылқыға да шапты. Бірақ қоңын ойып алған, жағын сыдырып қалған тай болмаса, ешбірін жығып алып, емін-еркін жей алған жоқ. Көп жылқышы қуғын салып жегізбеді.

Бір күн, бір түн аштық болды. Далада, сары жотаның басында шуласып ұлып-ұлып алып, күнбатыс жақта түтіні шығып қарауытып жатқан ауылға қарай тартып берді.

Ел орынға отырар кезде, ауылға қайтып келе жатқан екі-үш жылқыға келіп араласты. Жылқының екеуі қашып ауылға жақындап қалды да, біреуін Көксерек омбы қарға қамап кеп, белгілі әдісімен жығып алды. Кішілеу құнаншығар еді.

Бар қасқыр айнала тұра қалып, ашқарақ ауызды қойып-қойып жіберді. Әлдеқашан іші жарылған құнанның буы аспанға шығады. Қан-жын басы-көздерін жауып, жота жүндері үрпиіп, естері шығып асап жатыр.

Көксерек бұрынғы дағдысымен жемтіктің кеудесіне тұмсығын тығып жіберіп, жұлып асап жатыр еді. Желкесінен «ырр» етіп бір ауыз тістей түсті. Бұл орын көк шолақтың орны болушы еді. Жемтіктен басын суырып алып, көк шолақтың асылып тұрған аяғынан қатты тістеп алып, үстінен жұлып тастады. Екеуі де жемтіктен шығып, біраз гүр-гүр етісіп тұрып, қайтадан қызылға ұмтылысты.

Таласа-тармаса жесіп алды. Соңғы бір-ақ саны қалған уақытта күшік қасқырлар мен қаншықтардың көбі шығып кетіп, екі көк шолақ қана жемтікті жұлмаласып қалды.

Өзгелер бұлар жеп болғанша қарда аунап-аунап алды. Бірталайы төстерін қарға төсеп күтіп жатыр еді.

Жем бітті. Тағы да адырға қарай тартты. Топ алдында екі көк шолақ қатар жортады. Біріне-бірі жол бермейді. Бірінің алдына бірі түссе, тірсектерінен тістеп ырылдасып қалады. Азу тісінің бірі сынған шолақ ызалы, долы. Гүрілдеп сыздана берді. Екі күндей аш болысты.

Жылқы бұрынғы жерінде жоқ. Боран болған, қалың қар жауып, іздер де басылып қалған. Елсіз бір жарды жағалап келе жатқанда, кеуегінен шығып қоян қашты. Жардың екі жағына қақ жарылып бөлініп алып, ұмтылып құды. Аздан соң қоян жардан шығып, Көксерек жаққа қарай далаға шыға, адырға беттей қашты.

Сөздің көркі – мақал

Қасқырдың ойлағаны –
арамдық.

Қойдың ойлағаны –
амандық.

Қойшыны таяғы асырайды,
Қасқырды аяғы асырайды.

Бағалы дерек

Қасқырлар бір-бірін келе жатқан қауіп-қатерден сақтандыру үшін ұлиды. Жалғыз ғұмыр кешетін жануарлар жалғыздықтан да ұлуы мүмкін. Әдетте олар 5 секундтан артық дауысын созбайды.

massaget.kz

Бұл топтың алдында Көксерек еді. Қоянға жақындап келеді. Бір кезде төтеден ағындап жеке дара болып, көк шолақ ағызды. Қоянға жақындап қысып келіп, Көксеректің алдына түсті. Артқы қасқырлар шұбап алыста қалды.

Адырға кірді. Бірнеше төбелерден өтті. Көксерек кейіндеп қалып еді. Бір ылдида көк шолақ қоянды жұмарлап жатыр екен. Көксерек келе ауызды қойды. Екеуі жұлқысып тартысқанда қоянның басы мен кеудесі көк шолақтың аузында кетті. Өзінде қалғанды қапаш-құпаш асап, Көксерек қайта тап берді.

Көк шолақ қоянның басын тастай беріп, арс етіп Көксеректі аяқтан ала түсті. Ойда қар борап, аяқтарының асты аткөпір болды. Шапшып келіп гүрілдеседі. Тістері бір-біріне сатыр-сатыр тиісіп, қарш-қарш шайнасады. Тікейіп шапшыған бойда ұстасып тұрғанда, Көксерек басын бұрып жіберіп, көк шолақты құлақ шекеден ала түсті. Жасынан ауыл иттерінен үйренген әдісі еді. Аузы тиісімен жұлқып бұрап жібергенде, көк шолақ майысып барып астына топ ете түсті.

Жығысымен үстінен басып тұрып, құлақ шекеден ауызды жылжытып келіп, алқымға салды. Тамағынан қапсыра қысып буындырып алып, мойын сүйегін қырт-қырт шайнайды. Көк шолақтың аузы арандай ашылып, тынысы құрып, тыпырлауға шамасы келмей қалды.

Сол уақытта артқы қасқырлар топырлап келіп жетіп, көк шолаққа ауыз салысты. Былбырап аққан қызыл қанның иісі аш қарындарға мас қылғандай белгі берген еді. Шаптан, қолтықтан, жалаңаш төстен мықты, өткір тістер жұлқып-жұлқып тартқанда, көк шолақтың қаны жосылып ағып, ішінен бұрқырап бу да шықты. Бұл арада бар ауыз түгелімен жабылып кетіп еді. Аз уақытта көк шолақтан будыраған жүн мен төрт табан ғана қалды.

Қалған топтың жалғыз даусыз басшысы Көксерек болды. Іздеп жүріп отардағы жылқыны тауып алды. Тағы да аты шулы тоғыз қасқыр деген даңқы шықты.

Күндіз-түні жылқышы атаулыны күзеттен босандырмай, сонда да дамыл бермей, тай-құнанды жеп тұрды...

Бір уақыт керуен жолында да болды. Кешеден бері ас жемей, ашыққан, аяздаған уақыт еді. Жалғыз атты шаналы жүргіншіні қамады. Айналасына қар бора-тады. Біресе жолына барып жатып алады. Жартысы

артына, жартысы алдына түсіп, қашпай, мезгіл сайын жақындап, аяң салып отырады.

Есі шыққан керуен, аты жүре алмай қалған соң, айқай салып қашып еді. Атты топтарымен жығып салып талқандап, өлтіріп, талап жесе бастады. Топ осыған араласып жатқанда, Көксерек мұны тастай беріп, қасына бір-екі қаншықты ертіп алып, кісінің артынан қар боратып, бұрқыратып салып еді, жақындап қалғанда, кісі шошып жығылды. Бірақ алдарынан айқайлап, сатырлап шапқан аттылар шығып қалып, айырып алды.

Осыдан соң Көксерек қатты долы, ызалы болып, сызданып алды. Ырқына көнбеген күшіктерді, жүріске ере алмаған қартаң қаншықтарды кейде бас салып талап та тастайды.

Тағы бір ретте қалың шилі қорықта отырған бес-алты ауылдың үстіне келді. Күндіз болатын. Күн қан аяз еді.

Шеткі ауыл бұларды көріп қалды. Ши шетінде қарда аунап жатқанда, бір түйе шықты. Үстінде кісі бар. Басына ақ оранған. Тура қасқырларға қарай жүрді.

Ат емес, қашпаса да болады. Бірақ түйе жақындап келгенде, бар қасқыр тұрып, далаға қарай ақырын бүлкетей берді. Топтың артынан Көксерек керенаулап зорға тұрып, қырыстанып артына қарап, ол да аяндады. Түйе бақырып қояды да, шудасы желкілдеп желеді. Бетті елсізге қарай түзеп қасқырлар бүлкетеді. Артында – Көксерек.

Түйе бұрылып кетер деп, бақылайды. Бұрылмайды. Көксерек ашығып қалып еді. Дәмелене бастады. Біресе жортыңқырап барып, алдыңғыларға жетеді де, бәрін тоқтатып, өзі жүресінен түсіп, түйеге қарап жатады. Түйе жақындап келгенде, өзгелер жылжи береді. Бұл да артынан тұрып аяндайды.

Аяғында, ауылдан әбден ұзап шықты. Көксерек өзгелерді ілгері жіберіп, өзі бір күшік қасқырмен бөліне, оң жақ бүйірге қарай тартты. Түйелі қиыстап, топ пен бұл екеуінің аралығына қарай беттеді. Әлі де түйе бақырады. Иісі, дәмі қызықтырып, асықтырып барады. Көксерек түйенің артына түсті.

Бірақ әлі онша жақындаған жоқ. Түйе енді ақырын жүре бастады. Кейде тоқтап, алды-артына қарайды. Ақбас әрлі-берлі бұрылып, қозғалақтайды.

Түйе тоқтағанда, Көксерек те тоқтайды. Тұрған жерінен қар боратып, тарпына бастайды. Сөйтіп кеп бір

Сөзмаржан



Бүлкетей – желістен гөрі жай, шапшаң жүріс.

Керенаулау – енжар, самарқау, жалқау.

Қоң – 1) малдың жоны, ауыр еті; 2) малдың күйі, семіздігі.

Кеуек – қоян паналайтын үңгір.

Бағалы дерек

Қасқыр – дала тағысы. Киелі саналатын көкбөрі тұқымына қатысты тағы бір дерек, ол – оның отбасына беріктігі. Қасқыр бір ғана отбасына ие және ол – бөлтірік тәрбиесін толықтай өз мойнына алған хайуан. Ауыздандыру, бөлтірігін көкжалға айналдыру, бәрі-бәрі – осы ата қасқырдың құзырындағы міндет. Өзге аңдарда жоқ осы қасиеттер киелі жаратылыс иесін әркез даралап тұрады.

«Қазақ энциклопедиясы»

мезгілде арындап шауып, түйенің жанына жақындай келіп, қиыс өте берді. Сол кезде түйе үстінен бір ұзын нәрсе шошайып созылды да күрс етті. Өлгенше қатты ащы дауыс даланы сілкіндіріп шошытып жіберді. Бар қасқыр қар боратып ытқып, қашып жөнелді.

Күрс етіп жөтелген көк түтінмен қатар Көксеректің артқы бір саны шыж ете түсті. Әрі ыстық, әрі суық бір нәрсе қадалып, шаншып қалды. Санын «арс» етіп қауып қалып, түйенің үсті тағы да сыртылдап қамданып жатқанда, бұ да ытқып қашып жөнелді.

Тоқталған жоқ, көп қашты. Бірнеше қырқадан, бір-екі жазықтан құлаш ұрып шауып өтті. Өзге қасқырлар бір бөлек, бұл жалғыз бір бөлек кетті.

Түйе қалып қойды. Жүгіріп-жүгіріп келіп, бір жартасты сайға кіре бере, арт жағы қиралаңдап барып құлап түсті. Жол бойы тоқтамай аққан қан әлін кетірді. Жарасының ауруын да жаңа тоқтар алдында ғана сезе бастаған.

Қыңсылап жатып санын жалайды. Қан шығады. Бір тұрады, бір жатады. Тұрғанда енді бір аяғын көтеріп тұрады. Үш аяғымен секектеп аяндайды.

Арада бірнеше күн өтті. Осы сайдан шыққан жоқ. Ашығып, бұралуға айналды. Бірақ аяғы ептеп басуға келді. Бір-екі қырқадан асты. Бір сайда үш-төрт ат жайылып жүр екен. Бұғып қасына келді. Шетте арықтау бір көк шолақ ат тұр еді. Тап беріп қуып отырып, қалың омбыға әкеліп қамады.

Осқырып, қорқып тұрған атты алқымынан алып, бауыздап түсті. Санын жұлды, қоңын ойды. Омбы қардан шығармай тұрып, жығып алды. Тоя жеп алып, сайына қайтты. Күнде кешті күтеді. Түн болған соң, жемтігіне келіп, асын жейді.

Осымен бес-алты күн өтті. Қайтадан жоны шығып, тыңайып, күшейіп алды. Аяғы да әбден басуға келді.

Күдірейген жоталы, ашулы Көксерек тағы да жортуылға шықты. Белгілі жемтік біткеніне екі күн болған. Содан бері аш еді. Жорта-жорта, баяғы Қараадырдан шықты.

Түске жақын мезгіл еді. Жота-жотадан қарауыл салды. Желге тұмсығын төсеп, белгілі иіс күтті. Алыстан таныс иіс келіп мұрнына жетті. Маңайға жалт-жалт қарап алып, қырдан-қырды, адырдан-адырды кезіп отырып, күнбатысқа қарай шырқап салды.

Көп іздеді. Аяғында, күн кешке жақындағанда, бір жотаның басында шошайған аттылы қойшыны

көрдi. Айналасында – сол төбенiң бетiнде қой шашылып жайылып жүр. Терiп жеуге шашқан шашудай. Бірақ жақында ауыл бар. Алыстан ағындай бет түзедi. Жалғыз-ақ қарасын көрiп қалған қойшы айғайды салып бұған қарсы шапты.

Қойшы үлкен емес, бала даусы шошытпайды. Қой дүркіреп үркіп, қойшыға қарай қашты. Қасқыр жақындап бір қызыл қойға ауызды салғалы ентелеп келіп қалып едi, бағанадан айғайлап келе жатқан қойшы қасына кеп қалыпты. Еріксіз жалтарып бұрыла беріп едi, қойшы бастырып қуып жөнелдi.

Бой салып, қорқып қашқан жоқ. Содан ба, болмаса тегі жүйрік пе, әйтеуір боз ат бастырмалатып жетіп келіп, Көксеректің жотасына жеңіл ағаш сарт етіп тиіп қалды.

Сол-ақ екен, қарсы бұрылып алып, аттыға қарай «арс!» етіп шапшып қалды. Арандай ашылған ауыз бірдемені жұлып түспек едi. Біңғайына бала тонының өңірі ілінді. Соны бөксертіп, жұлып түскенде, боз ат оқырып атқып кетті.

Баланың шошыған айғайы шықты. Қасқыр артына айналып тап бергенде, мөңкіп жүрген боздан бала аударылып құлап түсті. Көксеректе қазірде бұрын ешқашан білінбеген долылық, жайындық бар едi. Туғаннан бергі барлық көресі осыдан – екі аяқтыдан дегендей, жығылып, домалап жатқан балаға тап берді. Оқыс секіргенде, санының жарасы ашылып, тыз етіп ашып қалып едi. Ол бұрынғыдан жаман ызаландырып, құтыртқандай. Боз ұзап қашып кетті. Қой да жоқ. Екпіндеп секіріп, ырылдап кеп, баланы бас салды.

Бұл бала Құрмаш едi. Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнге қойға жіберген едi. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнелі болатын. Үстіне гүрілдеп қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылады. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген-білгені – сол...

Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті. Көксерек ырылдап тұрып, тісінің ұшымен қағып, жұлып алып, басын шайқап өткенде, баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып, қылғып салды... Түнде баланың өлігін тауып алысты. Жанында тайдың ізіндей болып, үлкен қасқырдың ізі жатыр екен...

Сөзмаржан



Шаңытқан – күңгірттенген, мұнарланған.

Тыңаю – әлдену, тынығу, қуаттану.

Жемтік – арам өлген малдың өлекесі.

Қарауыл салу – бақылау, күзету.

Бой салу – қорқу, тартыну.

Бөксерту – жарып жіберу, ақтарып тастау.

Жайындық – жойқын ірілік, керемет қуаттылық.

Артық болмас білгенің

«Көксерек» фильмін «Қазақфильм» киностудиясы түсірген. Фильмде кішкентай Құрмаштың рөлін ойнаған – Қамбар Уәлиев. Ол былай еске алады: «Бұл фильмді бір жылдан астам уақыт түсірді. Қасқыр Көксеректі Мәскеуден алып келді. Мен Көксеректі үлкейген кезде жетектеп ертіп жүруім керек болды. Бірақ қасқырларға менің әлім келмеді. Дегенмен, киноға түскен кезде мен көп қиналған жоқпын. Үш-төрт ай бойы Құрмаштың үстіндегі сырт киімін шешпестен ұйықтап жүрдім». 1974 жылы Баку қаласында өткен кинофестивальда Қ.Уәлиевке «Бала рөлінде ойнаған шеберлігі үшін» ынталандыру сыйлығы берілді. «Көксерек» фильміне хайуанаттар бағынан жас қасқырлар алынған. Көксерек болып екі қасқыр ойнаған, екеуін де фильмге түсіру үшін Мәскеу қаласынан арнайы әкелген. «Қойға қасқыр шабу» көрінісіне түскен қылшық жүнді, теген құйрықты қойлар мал шаруашылығы институтының тәжірибе отарынан алынған. Фильм Қырғыз тауларының баурайында, Ыстықкөл жағалауында түсірілген. Фильм сценарийін Андрей Михалков-Кончаловский мен Эдуард Тропинин жазды. Ал қазақ тіліне Әбіш Кекілбаев аударған.

<http://massaget.kz>

1

Білу

1. Мұхтар Әуезов туралы не білдіңдер?
2. «Көксерек» повесінде күшіктері өлтірілген қасқырлар қалай кектенді?
3. Ауылға алып келген бөлтірікті кім баулыды?
4. Ауыл иттері Көксерекке қалай қарады?
5. Көксерек қандай болып өсті?
6. Көксеректен ауылдар қандай зардап шекті?
7. Көксерек пен Құрмаш қандай жағдайда кездесті?
8. Құрмаш қалай қаза тапты?
9. Ауыл адамдары Көксеректі қалай жазалады?

2

Түсіну

1. Адамдар қасқырдың күшіктерін неге аяусыз өлтірді?
2. Неліктен бір күшікті тірі қалдырып кетті?
3. Үлкендер мен Құрмаштың әжесі неліктен Көксеректі өлтіру керек деп еді?
4. Құрмаш неге үлкендердің айтқанына көнбеді? Ол неліктен Көксеректі өлтіруге қимады?
5. Көксерек неге асырауға көнбеді? Көксеректің ауылдан кетуіне не себеп болды деп ойлайсыңдар?

3

Талдау

1. Қасқыр мен адамның іс-әрекетінде ұқсастық бар ма? «Венн диаграммасы» арқылы салыстырыңдар.



2. «Көксерек» көркем фильмін жазушы туындысымен салыстырыңдар.

4

Жинақтау

1. М.Әуезов туралы білгендеріңді тірек сызба арқылы көрсетіңдер, түсініктеріңді жұп бойынша бір-біріңе әңгімелеп беріңдер.
2. «Көксерек» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы қандай? Үзінділер мазмұнын түсініп оқыңдар. Үзінділерге қандай атау берер едіңдер? Жауаптарыңда хрестоматия материалдарын пайдаланыңдар.
3. М.Әуезовтің «Көксерек» повесі бойынша жоспар құрыңдар. Жоспар бойынша мазмұндап үйреніңдер.

5

Қолдану

1. Ұлы жазушы туралы айтылған ой-пікірлерді жалғастырыңдар.
2. «Оқырман» мен «Жазушы» рөлінде болып көріңдер. Бір-біріңе қандай сұрақтар қояр едіңдер?
3. Құрмаш пен Көксерек туралы әңгімелесудің үлгісін ұсыныңдар.
4. Шығарма мазмұнын «DEAL әдісі» арқылы меңгеруге тырысыңдар. Мұндағы D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығандарыңды, көргендеріңді сипаттаңдар, сынаңдар); E – Explain – түсіндіру (оқиға бойынша не білетіндеріңді, білгендеріңді, не түсінгендеріңді суреттеңдер); A – Analise – талдау (ақпаратты талдаңдар, себептерін атаңдар, қорытынды жасаңдар); L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау үшін өздеріңде бар біліммен байланыстырыңдар).
5. Хрестоматияда берілген бөлімдерді пайдаланып, «Мәтін құра» ойынын өткіземіз. Ойын шарты: мәтінді тағы да бір рет мұқият оқып шығыңдар. Әрқайсыларың мәтінге сұрақ жазып, жүргізушіге бересіңдер. Барлықтарың сұрақ жазып болған соң, жүргізушіден кез келген парақты алып, сұраққа жауап ойластырыңдар. Содан кейін жауаптарыңды мәтін мазмұны бойынша орналастырыңдар. Өздерің құраған мәтінді әңгімелеп, соңынан оны оқу мәтінімен салыстырыңдар. Ойын соңында ең белсенді, ең сауатты оқушыны анықтаймыз.
6. «Көксерек» әңгімесінде дала табиғаты қалай суреттелген? Үзіндіден, хрестоматиядан тауып, оқып беріңдер.
7. Шығармада қасқырлар тіршілігі қалай суреттелген? Қасқыр мінезін, тіршілігін суреттеудегі жазушы шеберлігі туралы ой бөлісіңдер. Қылқалам шебері – суретшінің туындысына назар аударыңдар. Көксеректі суретші қалай бейнелегені туралы пікірлеріңді білдіріңдер. Жазушы тілімен өрнектеңдер.

8. Қара ала төбет пен Көксеректің шайқасын сипаттаңдар.
9. Аққасқа мен Көксеректің айқасын суреттеген жерді өз сөздеріңмен мазмұндап беріңдер.
10. kaztrk.kz сайтынан «Көксерек» фильмін көріп, пікір алмасыңдар.
11. Ғаламтор желісінен, басқа да дерек көздерінен табиғаттағы қасқырлар тіршілігі туралы қосымша мәлімет дайындаңдар. Қасқырлар туралы қандай әдеби шығармалар, ертегі-аңыздар оқығандарыңды естеріңе түсіріңдер.

6

Баға беру

1. Мұхтар оқыған семинарияның орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы В.Попов өз естелігінде: *«М.О.Әуезовпен тұңғыш рет 1916 жылы таныстым. Алдыңғы партада отыратын он сегіз жасар сыпайы, сұлу жас қазақтың денесі сыптай тұзу, киімі сәнді, таптаза, қою шашы қап-қара, кең маңдайы кере қарыс, қоңырқай жүзі байсалды, маңғаз, көзінде ақыл тұнып тұр... Қадір-қасиеті өз ортасынан өзгеше бөлек осы жігіт орысшаға өте-мөте жетік. Ал эрудициясына бәріміз таңғалатынбыз»*, – дейді. Бұдан болашақ жазушы туралы қандай ой түюге болады? Пікірлеріңді білдіріңдер.
2. Қасқыр апанын адамдар неліктен ойрандады? Адамдар әрекетін бағалаңдар.
3. Көксерек неліктен өзінің иесі Құрмашқа қарсы шапты? Пікірлеріңді білдіріңдер.
4. Әңгіменің қайғылы аяқталуына кім кінәлі деп ойлайсыңдар? Жауаптарыңды дәлелдеңдер.
5. Шығарма мазмұны бойынша пікірлеріңді «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер.
Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»
Екінші сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін...»
Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»
Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»
6. Шығармадан қандай ой түйдіңдер? Жазушы адам мен табиғат арасындағы байланыс пен қайшылықты қалай көрсеткен?
7. Табиғат тыныштығын бұзу мәселесіне қалай қарайсыңдар? PowerPoint программасын қолданып, табиғатты қорғау жобасын ұсыныңдар.



«Жазушы» мен «тілші» рөлінде болып, «Көксерек» шығармасы туралы сұхбаттасындар.



Өз таңдауларың бойынша М.Әуезовтің таңдамалы шығармалар жинағынан «Жетім», «Қорғансыздың күні», т.б. әңгімелерін оқындар.



Тақырып пен идея туралы түсінік

Тақырып – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса, **идея** – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы.

Әдеби шығарманың атауы да тақырып деп аталады. Мысалы, М.Әуезовтің «Көксерек» повесі. Әдебиет теориясында шығармадағы автор көтерген басты мәселе де тақырып деп аталады. Мысалы, «Көксерек» повесінің автор көтерген тақырыбы – адам мен табиғат арасындағы байланыс пен қайшылық. Туындыда көтерілген тақырыпты танытудағы қаламгердің ойы мен көзқарасы шығарманың идеясы болып табылады. Бір шығармадағы бірнеше және әр алуан жеке тақырыптар мен идеялардың бір жерге тоғысуын негізгі идея дейміз. Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. «Көксерек» әңгімесінің идеясы табиғаттағы байланыс үйлесімде болуы керек екендігін, адамның табиғаттың заңдылығын бұзуы апатқа әкелетіндігін білдіреді.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы



Өз таңдауларың бойынша кез келген көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтап, жауаптарыңды әдебиет теориясына сүйене отырып дәлелдендер.

Қазақстанның халық қаһарманы, атақты партизан жазушы Қасым Қайсенов – халқымыздың күллі адамзатпен бірге жасаған ұлы ерлік дастанының басты кейіпкерлерінің бірі.

ҚАСЫМ ҚАЙСЕВ



ҚАСЫМ ҚАЙСЕВ
(1918–2006)

Естеріңізге түсіріңдер:

Қандай жауынгер-жазушыларды, ақындарды білесіңдер? Олардың қандай шығармаларын оқыдыңдар?

Меңгерілетін білім:

Қасым Қайсенов кім?

«Жау тылындағы бала» шығармасының тақырыбы мен идеясы қандай?

Қазақстанның халық қаһарманы, партизан жазушы, полковник Қасым Қайсенов 1918 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Асубұлақ ауылында туған. 1940–1941 жылдары арнаулы әскери дайындық мектебінен өткеннен кейін оңтүстік-батыс майданының штабына жіберіледі. 1941 жылы жау қолында қалған Украина жерін азат етуге аттанады. Партизан қозғалысының алғашқы жетекшілері ретінде Закарпатья, Молдавия, Румыния, Чехословакия жерін неміс басқыншыларынан азат етуге қатысып, көптеген күрделі операцияларды жүзеге асырады. Қасым Қайсенов өзін өжет, тапқыр және ұйымдастыру қабілеті зор командир ретінде көрсете біледі. Жазушы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктері үшін Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі орденімен, Богдан Хмельницкий орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. Партизандық өмір жолын, қарулас жолдастарының қаһармандығын бейнелейтін «*Жас партизандар*», «*Ажал аузында*», «*Жау тылында*», «*Партизан соқпақтары*», «*Переяслав партизандары*» тәрізді көптеген шығармалар жазды. Қасым Қайсенов – Тәуелсіз Қазақстанның Халық Қаһарманы.

Зергер сөз

Қасымым көп, мына
Қасым – бір Қасым,
Ажалмен де ойын-сауық
құрғасын...
Бір қарасаң, жаны нәзік
жауқазын,
Бір қарасаң, балқымайтын
қорғасын.
Х.Ерғали

«Мені әдебиетке әкелген – соғыс, партизандық өмірім. Мен басымнан кешкендерді жақсы айтады екенмін. Олар (жазушылар ред.) «қалай айтсаң, солай жаза бер» деп кеңес берді. Жазғандарымды оқып, түзетіп, кітап етіп шығарды. «Жау тылында», «Жау тылындағы бала» тағы басқа кітаптарым солай туды. Бүгінге дейін қазақша, орысша, украинша аудармаларыммен 33 кітап шығарған екенмін».

Қ.Қайсенов

Жау тылындағы бала (повестен үзінді)

Шырт ұйқыда жатқан Серік төрдегі стол үстінде тұрған телефонның безектей шырылдаған дыбысынан кенет оянып кетті. Бір аунақшып түсіп, басын көтеріп алып еді, папасы телефон трубкасын құлағына тосып тұр екен.

– Тыңдап тұрған майор Мергенбаев, – деп келте сөйлеген папасы, – Солай ма?.. Қазір жетем! – деді де, өңі бұзылып, трубканы тарс еткізіп іле салды. Сосын үнсіз-түнсіз тез киіне бастаған еді. Төсектен ұшып тұрған Жамал:

– Жомартжан, не боп қалды? – деп абыржып сұрады.

– Тұрып киініңдер де, дайын болыңдар! Шегарадан фашист армиясы өтіп кетіпті. Біздің полкте соғыс дабылы соғылғалы бес минут болған екен, – деп қысқа жауап қатты да, майор Жамалы мен Серігінің беттерінен сүйіп, киімдерін апыл-ғұпыл түзей салды да, үйден жүгіріп шыға жөнелді...

Жамал мен Серік тез киінді де, үйдің ішін буып-түйе бастады. Жамалдың ойына әртүрлі қорқынышты күдіктер ұялай берді. Бұл қала шегарадан небәрі қырық-ақ километр жерде болатын. Шегарадан өтіп кеткен жау бірнеше сағаттан соң осы қалаға, өздері тұрған зәулім биік үйлерге оқ атуы мүмкін. Сонда қайтпек? Жамал әрі ойлап, бері ойлап, Серікті атасы мен әжесінің қолынан алып келгеніне қатты өкінді. Жап-жас баласының ендігі күні немен шектелмек? Көңілінде ешбір күдігі, ойында ешбір алаңы жоқ сәби енді жау оғынан бұқпантайлап, бас сауғалап жүрмек пе? Бұл

Бағалы дерек

1941 жылы 22 маусымда Германия кеңес-герман келісімшартын бұзып, Кеңес Одағына соғыс ашты.

Артық болмас білгенің

Партизан қозғалысы жау басып алған территорияда өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі және әлеуметтік өзгерістер жолындағы халықтық күрестің бір түрі; оған жау тылында қимыл жасаушы әскери бөлімдер де қатысуы мүмкін.

Ұлы Отан соғысы кезінде партизан қозғалысы бүкіл халықтық, интернационалдық сипат алды. Мұнда көптеген ұлт өкілдері болды. Мәселен, Украина партизан отрядтары мен құрамаларына елдің 62 ұлтының өкілдері қатысты. Толық емес деректер бойынша, Украинада жергілікті және т.б. ұлттармен бірге 1500 қазақ, Ленинград және Смоленск облыстарында 500-дей, ал Беларусьияның 65 партизан құрамаларында 1500-ден астам қазақстандықтар болды.

*Қазақ Энциклопедиясы,
VIII том*

қалай болғаны сонда? Жамал әлсін-әлі балконға шығып, полк тұрған казармаларға, зеңбірек алаңдарына, ат қоралар жаққа көз жіберді. Қайда болмасын, абырсабыр, асығып-үсігіп қайшыласып жүгіріп жүрген солдаттар мен офицерлер. Терезелерден, балкондардан бастары қылтиып жан-жағына күдіктене көз жіберіп тұрған офицер семьялары, жай адамдар. Сонсоң тұрыптың тыңдады. Қаланың әр жерінен соғыс дабылы, анда-санда саңқ-саңқ еткен офицерлердің бұйыра айқайлаған дауыстары естіледі.

Тыныштық құшағында мүлгіген осы көркем қаланы мұнша әбігерлендіріп, шырқын бұзған кім? Неге өшікті екен осынша? Керегі не оған?

Жамал әлі қарап тұр сыртқа. Ендігі бір сәтте сапқа тізілген солдаттар, көсемдеп бірнеше атқа жеккен зеңбіректер, ұшы-қиыры жоқ жүк тиеген машиналар, атты әскерлер көше-көшелермен қаланың батыс жағына қарай ағылып өте бастады. Серік те мамасының жанында осы жойқын көріністен көз алмай қарап тұрғанды. Бала жүрегі де қауіпті сезгендей еді. Сонысын байқатып:

– Мама, папам үйге енді келе ме? – деп сұраған баласына Жамал ұзақ-сонар ой соңында тұрып, – келеді балам, міндетті түрде келеді, – деп жұбаныш айтып жауап қайырды. Осыдан кейін екеуі біріне-бірі тіл қатқан жоқ, мамасы баласына, баласы анасына үнсіз қарай берді. Екеуі баяу басып, бірінің соңынан бірі еріп, үйге қайта кірді.

Серіктің құлағына соғыс дабылы алыстан үзіліп-үзіліп келіп тұрды.

Жомарт үйге келгенде Жамал мен Серік бұған теңнің үстінде үрпиісіп-үрпиісіп отырғанды. Серік папасын көре сала орнынан ұшып тұрып, жүгіріп барып, оның мойнына асыла кетті. Майор оның екі бетінен алма-кезек сүйді де:

– Жамал, біз аттанып барамыз. Қоштасайын деп, бірер минутке ғана келдім. Өте асығыспын. Командованиенің бұйрығы бойынша, бүгін барлық офицерлердің семьясы кейін, тылға қарай көшіріледі. Көшіретін адамдар осында қалды. Бірақ қай жерге көшірілетіні белгісіз. Кейін хабарласамыз ғой. Әйтсе де, – деп сәл кідіріп, Жамалға қадала қарай бергенде, Жамал көзіне жас алып:

– Жомарт, жолың болсын! Әлдеқандай уақыт болады, кім білсін. Мүмкін соғыс ұзаққа созылар, біз елге

қайтайық. Аман болсаң келерсің. Хат жазып тұр, – деп Жомарттың құшағына кіре түсті.

– Мен де соны айтайын деп тұр едім. Асылы, елге қайтқандарың жөн болар. Барлық туған-туысқандарға сәлем айт! – деді Жомарт та жарының сөзін мақұлдап. Серік папасы мен мамасына жаутаңдап қарай берді.

Сөйтіп, семьяның да шырқы бұзылып, бірімен-бірі қоштасып, әке – майданға, шеше мен бала елге қарай жол тартты.

Эшелон жол-жөнекей жиі тоқтап, ауа шабуылынан қорғанып келеді. Осы үш күндік сапарда, шыққан жерінен онша ұзап та кете қойған жоқ. Күн сайын, сағат сайын ауа шабуылы жиілеп, бомбадан қираған вагондардағы адамдарды сау вагондарға ауыстырып, ал істен шыққан вагондарды кез-келген разьезд, станцияларға тастап отырды.

Бұл эшелондағы адамдардың көбі жаралы болатын.

Серігін құшақтап нардың астында отырған Жамал қарсысындағы полк комиссары Савченконың әйелі Анна Ивановнаға ойлы пішінмен көз тастап, әлденені айтқысы келгендей қарай береді. Анна Ивановна да Борясының басын көкірегіне қысып, әлденеден қауіптенгендей, сыртқа құлағын сала тыңдап, вагонның есігінен көз алмай қарап отыр. Ересек балалар, әйелдер вагон есігінің тесіктерінен сығалап тұр.

Көп кешіккен жоқ, жау самолеттерінің гуілі тағы өрши бастады. Эшелон жай жылжып келді де, бір жерге тоқтады.

Жоғарыдан естілген самолет моторларының маза-сыз гуілі қара жерді қақ жаратындай боп, қаһарлы үнге басты. Бір кезде әр жерден жарылған бомбаның гүрсілі естіліп, оған қоса самолеттерден пулемет оғы жауды. Ышқынып түскен бомбаның, ысқырып өткен оқтың зәрелі даусы ғана естіледі. Эшелон жауған оқ, түскен бомбаның астында қалды. Серік көзін шарт жұмып, мамасының бауырына тығыла түсті.

Далада жер төңкеріліп жатқандай, ұлардай шулаған үрейлі дауыс. Самолет моторларының гуілі басылу орнына барған сайын үдей гулейді. Вагондағы жұрт түп-түгел үрейлі.

Бір кезде бірнеше бомба жақын бір жерден жарылды да, вагондарды дірілдете-солқылдатып, шайқап толқытып жіберді. Сол-ақ екен сырттан:

Сөзмаржан



Бас сауғалау – қара басының қамын, аман-дығын ойлап жеке басын қорғау.

Бұқпантайлау – тасалану, жасырыну, бұғу.

Тең – буып-түйген жүк.

Эшелон – мұнда: әскерді, көпшілікті көшіруге арналған пойыз.

Ұлардай шулау – улап-шулап дүрлігу.

Көсемдеп – аттарды тіркестіре жегу.

Тыл – соғыс майданынан алыста жатқан жер, ел іші.

Казарма – әскери бөлімшені орналастыруға арналған жатақ үй.

Нар – адам жату үшін жасалған сәкі.

Бағалы дерек

Басқыншыларға алғаш кеңес шегарашылары қарсы тұрды. Аса қиын жағдайда қалғандарына қарамастан, кеңес жауынгерлері алғашқы күннен бастап ерлікпен шайқасты. Қоршауда қалған шегаралық заставалары мен бекініс аудандары жауға бірнеше тәулік бойы тосқауыл болды.

«Қазақстан тарихы»
оқулығы

– Вагоннан тез шығындар, эшелон өртенді. Тез шығындар! – деген бір еркек адамның ащы даусы саңқылдай естілді.

Соны күткендей боп әзір тұрған адамдар вагонның есігін жабылып ашып жіберіп, есіктен бірлеп-екілеп қарғи бастады. Жамал да Серіктің қолынан жетелеп, вагоннан жерге түссе, алдыңғы бірнеше вагон жанып жатыр екен. Жұрттың бәрі өкпе тұстағы шағын тоғайға қарай тырым-тырақай боп жүгіріп кетіп барады. Жамал Серікті сүйрелей-мүйрелей отырып, вагоннан жүз метрдей ұзағанша, жау самолеттері эшелонды тағы да бомбалай бастады. Бірнеше бомба бірінен соң бірі эшелонның ұзын бойына қуалай түсті де, вагондардың астын үстіне шығарды. Жұрт азан-қазан. Маңай лаулаған өрт. Будақтаған қою қара түтін мен қып-қызыл жалынға оранып эшелон жанып жатты.

Тылға тартып бара жатқан эшелонды әбден басынып алған жау самолеттері сол төңірекке қайта оралып, қарусыз ана, дәрменсіз балаларға енді тіпті жақыннан шүйіліп келіп, пулеметтен оқты бұрқырата жаудырды. Жан ұшыра жүгірген жұрт әр жерге бір бас сауғалап, зытып барады. Жау тіпті көзіне көрінген әрбір адамды оқтың астына алған болатын-ды.

Жамалда ес жоқ. Екі өкпесін қолына алып, сүріне-қабына жүгіріп келе жатыр еді, бір самолет төмендей түсіп, оған оқты боратып жіберді. Ол баласын құшақтаған күйі бір шұқырға етпетінен құлап түсті де:

– Серігім! – деп дауыстап жіберді. Ышқына шықты үні.

Шешесінің бауырында жатқан Серіктің оған жауап қатуға мұршасы келмеді. Ана үрейі баланы тіптен бұлықтырып жіберді.

Не заматта Жамал есін жиғандай болып:

– Серікжан, оқ тиген жоқ па, қарашығым?! – деді.

– Жоқ, тиген жоқ! Мама, бұл жерден тез кетелік. Самолет тағы келіп қалады. Жүр, жүр, мама, – деп Серік мамасының бауырынан жұлқынып ұшып тұра келді де, оның қолынан тарта бастады. Бірақ мамасы жатқан орнынан тез тұра алмады. Өзер-өзер көтерілді. Ол екі-үш ұмтылып барып, қайтадан құлап түсті. Оқ тиген екен.

Мамасына оқ тигенін Серік сонда ғана барып білді. Енді не істерін білмей сасқан бала жан-жағына

жалтақтап, аңырап тұрып қалды. Бар қауқары: «Мама, тұр, тұр!» – деп қолынан тартқылай берді.

Бір кезде Жамал ышқынып барып, екінші жақ жамбасына аунап түсті.

Сол жерде Серік шешесінің қанға боялып жатқанын көріп, шошып кетті.

– Мама, ана ағаш ішіне жетелік, жұрттың бәрі соған барып тығылды.

– Мама, жүрші! – деді Серік тағы да, оң қолымен көзінің жасын сүртіп. Жамал тіл қатпады. Аузынан әлсіз үн, болымсыз дем шығады. Серік көгендеген қозыдай ешқайда кете алмай, шешесінің жанында жылап тұра берді.

Жау самолеттері қайтып оралмады. Өлгінде ғана астаң-кестең болған дүние бір сәт тынышталып, жым-жырт бола қалды.

Маңайда жан жоқ. Екі-үш сағат өткеннен кейін Серіктің жылай-жылай дәрмені құрып, шешесінің бас жағына жүресінен отыра кетті.

Жамал тағы бір сағаттай қиналып жатты да, жан тапсырды. Әкесі алдыңғы шепке аттанып, анасы да лада қаза тауып, жас Серік бұрын аяғы баспаған алыс жерде тірі жетім боп жалғыз қала берді. Қайда барады, не істейді, не күтіп тұр алдында? Бәрі оған мәлімсіз.

Серік анасының қасынан кете алмай тұрған шақта сол маңдағы бір ағаштың түбінде толық денелі, орта бойлы, қою сары шашты, отыздың екеу-үшеуіне келген бір әйел отыр еді. Бұл полк комиссары Савченконың жұбайы, партия мүшесі Анна Ивановна Савченко болатын. Оның жанындағы ағашқа сүйеніп, он бір-он екілер шамасындағы ақ сары шашты, көк көзді жалаңбас бір ер бала тұр. Бұл сол Анна Ивановнаның Борис деген жалғыз ұлы болатын. Ол станция жаққа ағаш арасынан көз алмай ұзақ қарап тұрды.

– Мама, ана жерде біреу отыр. Ол мұнда келіп неге тығылмайды? – деді. Анна Ивановна орнынан тұрып, баласының нұсқаған жағын қарап еді, шынында да, ашық алаңда біреу отыр екен.

– Мама, анау Серік қой! Танып тұрмын, Серік! – деді тағы да манадан бері одан көз алмай қарап тұрған Борис.

Анна Ивановнаның басына енді: «Мұның шешесіне оқ тиген екен, сөйтіп Серік оның жанынан кете алмай тұр екен» деген күдікті ой сап ете түсті. Бористің

Сөздің көркі – мақал

Адамның күні адаммен.

Өзін ғана ойлаған –
Жамандықтың белгісі.

Өзгені де ойлаған –
Адамдықтың белгісі.

Қайырымдылық жасасаң,
Қайырын өзің көресің.

қолынан жетектеп алды да, Анна Ивановна солай қарай беттеді. Орманның шетіне келіп анықтап қарап еді, әлгі отырған Серіктің дәл өзі екен. Анна Ивановна «жау самолеті көрінбей ме екен» дегендей, айнала аспанға бағдарлай қарап алды да:

– Боря, сен осы жерде тұра тұр. Мен барып, не болғанын біліп келейін, – деді. Боря басын изеді. Анна Ивановна жедел басып Серіктің жанына келгенде, ол орнынан ұшып тұрып, Анна мен шешесіне алма-кезек қарап егіліп жылап қоя берді.



– Серік, неге жылайсың? Мамаң жаралы ма? – деп, Анна Ивановна Жамалдың бетіне үңіле қарап, тамырын ұстап көрсе, ол жантәсілім берген екен. Енді Анна Ивановна да не істерін білмей, Серіктің басынан сипап аңырып тұрып қалды. Оның көз алдынан қара торы, толық денелі, қою, ұзын қара шашты өзінің көршісі Жамалдың жарқын бейнесі кетпеді. Ол сол сүйкімді бейнені көз алдынан кетіргісі келмегендей, бір нүктеден көзін алмай қарап тұра берді. Сәлден соң бір шешімге келгендей Серікті бауырына қыса түсіп:

– Серік, мамаң өлді. Мамаңды фашистер өлтірді! – деуі-ақ мұң екен, Серік тағы да тізерлеп отыра қалып, мамасының өлі денесін құшақтап, жылап қоя берді. Анна Ивановна да егіліп тұр еді. Оның Жамалдың бетін жасырып кеткісі келді, бірақ қалай жасырмақ?! Не қолында күрегі жоқ, не төңіректен еш нәрсе табар емес.

Сөйткенше болған жоқ, алыстан самолет моторлары жер жара гүрілдеп, тағы да жақындай түсті. Анна Ивановна дереу Жамалдың үстіндегі қанға боялған жаздық жұқа пальтосын шешіп алды да, денесіне айқара жапты. Қысылтаянда қолынан бар келгені сол-ақ еді. Сосын:

– Серік, жүр кетейік! Өне, фашист самолеттері тағы да ұшып келеді. Жүр, өне жерде Боря тұр, соған барайық, – деді ол Серіктің қолынан ұстап. Көзіне жас толған Серік мамасының денесінен көз алмай: «Бармаймын, осы арада боламын», – дегендей басын шайқап, орнынан қозғалмады.

– Серік, мұның не? Жүр, мамаң өлді. Енді папаңды тауып алайық! – деді Анна Ивановна, оны мамасынан күдер үздіріп, ертіп әкетейін деген оймен. Сол арада жау самолеттері де қаптап кетті. Серік артына жалтақ-жалтақ қарап, Анна Ивановнаның соңынан еріп, бүлкетеп кете барды.

...Анна Ивановна туған селосына үшінші күні кеш батып, қас қарайған шақта ғана жетті. Келсе, өз үйінде де жарық жоқ екен. Тағы да терезеге келіп қараса, ол ішінен жабылмаған. Үйде мүлде жарық жоқ. «Кемпір мен шал сорлыларды да құртқан екен ғой!» деп ойлап, аңырып тұрып қалды. Екі бала да жанына келіп тұрды. Анна Ивановна өз көзіне өзі сенбей, терезеге тағы үңілді. Сол кезде үйдің ішінен біреу қараңдап көрінді де, терезеге жақындап келіп:

– Бұл кім? – деп сұрады. Бірақ Анна Ивановна бірден жауап бермей, кідіріп қалды.

– Бұл кім? – деп әлгі адам дауысын қаттырақ шығарып, екінші рет сұрағанда барып Анна Ивановна өз әкесінің даусын танып, қуанып кетті.

– Папа, папа! Мен Аня ғой, Аня! – деп Анна Ивановна сыбырлап, терезе шынысына аузын төседі. Қарт та қызын таныды білем:

– Құдай-ау, Анночка! – деп сол сәтте-ақ ғайып болды. Терезеден кейін шегіне бергенде, Анна Ивановнаны әкесі мен шешесі қабаттасып келіп құшақтай алды. Біраз құшақтасып, мауқын басқан соң:

Сөзмаржан



Көгендеген қозыдай – тізіп байланғандай.
Жүресінен отыру – екі тізені бүгіп, тізерлей отыру.
Шеп – қорғаныс, бөгет, бекініс.

Даналық ойдан дән ізде

Тәртіпті болу – адамгершіліктің, әдептіліктің, парасаттылықтың белгісі.

Өрқашанда адамгершілікке жүгініп, тату-тәтті өмір кешіп өткен ата-баба дәстүрін ұмытпауымыз керек.

Қ.Қайсенов

– Жүр, жүр үйге! – деп сыбырлады әкесі. Барлығы үйге кірді. Терезені ішінен тұмшалап жауып, шам жақты. Иван Дементьевич қызын тағы құшақтап, сол қылдап жылай берді.

– Папа, қой, жылама! – деді Анна Ивановна. – Ана Борис пен Серезжаны көрдіңіз бе?

Иван Дементьевич көзінің жасын сүртіп, екі баланы маңдайынан сүйді.

– Анночка, бұл дүние не болды?! Құрыдық қой! Біздің армияға не болды?.. – деген Иван Дементьевич тағы да сары уайымға салынып, Анна Ивановнаға қарады. Анна Ивановна күрсініп:

– Қайдан білейін! Әлі ешнәрседен хабарым жоқ. Бұл бір уақытша жағдай шығар. Совет халқының жеңілуі, фашистерге құл болуы мүмкін емес. Қашан да болса, әділеттілік жеңеді. Фашистер елімізге басып кірді, бұл – әділеттілік емес. Біздің халық болса, енді өз Отанын қорғайды, басқыншыларды туған жерімізден қуу үшін оларға қарсы күреседі, бұл – әділеттілік. Олай болса, біз жеңеміз! – деді.

– Осында Антон Архипович, Тамара Чуляктар немістердің алдынан нан мен тұз алып шығып, «Совет үкіметі құрыды» деп жүр, – деді қарт. Сол кезде Анна Ивановнаның көзі шарасынан шығып кете жаздады. Ол сасқалақтап:

– Папа, не дейсіз? Тамара дейсіз бе?.. Антон шалды қойшы. Ол өмірі колхоз малын ұрлаумен абақтыда келе жатыр. Ал Тамараны не қара басты?

– Ол – бұзылған әйел. Неміс офицерлері үйінен шықпайды. Ол бұрынғыдай емес. Біздікіне келуді қойды. Сен онымен енді байқап сөйлес, – деп, Софья Павловна да сөзге араласты...

Өзінің әке-шешесінің бұрынғыдай Совет үкіметіне берілген күйінде қалғанына Анна Ивановна қатты қуанып, бар ықылас-денімен риза болып, өзін шын бақыттымын деп есептеді осы кез...

Анна Ивановна Тамараны үш-төрт күннен кейін көрді. Есік алдында кір жуып жатқан Анна Ивановнаны көріп, Тамараның өзі бұрылған-ды. Амандасып тұрып, ол:

– Қашан келдің? – деп сұрады.

– Осы, жаңа ғана, – деп жауап берді Анна Ивановна. Сол сәтте Серік пен Борис үйден шыға келді.

– А, мыналар кімнің балалары? – деп, Тамара шегір көзімен балаларды түйреп өтті.

– Өзімнің балаларым ғой, – дей салды Анна Ивановна, Тамараға жирене қарап.

– Сенде бала біреу-ақ емес пе еді?

– Жоқ, екеу, – деді Анна Ивановна. Осы тұста: «Жаман айтпай жақсы жоқ. Комиссардың әйелі деп мені осы Тамараның өзі ұстап бермесін», – деген жаман ой да сап ете түсті. Тамара ұзақ тұрмады, салқын ғана сөйлесіп, село орталығына қарай жүріп кетті.

Анна Ивановнаның ойлаған күдігі Тамараның залымдық әрекетінің үстінен дәл шықты. Оның кеткеніне екі сағат өтпей-ақ, Анна Ивановна «Екі балаңызбен комендантқа келіңіз» деген шақыру қағаз алды. Ол не істерін білмей, сасып қалды. Бірақ амал не, бармаса болмайды. Екі баланы ертіп, комендантқа келді. Комендант бұрынғы орта мектеп үйіне орналасыпты.

Үстіне көк шұға жапқан төрдегі ұзын стол басында отырған ат жақты, көзілдірікті, ұзын бойлы неміс Анна Ивановна мен екі балаға көзілдірігінің үстінен сүзе қарады. Неміс офицерінің сол жағында отырған мосқал әйел:

– Фамилияңыз кім? – деп сұрады орыс тілінде.

– Полищук, – деп солғын жауап берді Анна Ивановна.

– Комиссар Савченконың әйелі емессіз бе? – деп, тілмаш әйел сиқырлана күлді.

– Иә, бұрынғы күйеуім комиссар екені рас. Бірақ онан айырылып кеткеніме он бір жыл болды. Қазіргі күйеуім – паровоз машинисі – ұлты қазақ. Одан бір балам бар. Мынау бала соңғы күйеуімнен, – деп, Анна Ивановна Серікті нұсқады. Неміс офицері орнына тұрып, «не дейді?» дегендей, тілмаш әйелден немісше бірдемелерді сұрады. Тілмаш әйел Анна Ивановна мен екі баланы кезек нұсқап, немісше сөйлеп кетті. Тілмаш сөзін аяқтаған кезде, офицер қос ауыз мылтықтың аузындай шүңірейіп кеткен көзіне көзілдірігін баса түсіп, Серікке қарады. Серік те оған тайсалмай, кектене қарай қалды. Комендант тілмаш әйелге қарап, айқайлай бастады. Оның даусы қатты шыққан сайын, оң жағында жатқан тік құлақ қара сұр ит иесіне елең етіп, әлдебір әмір күткендей, тілін шығарып, тамсанып қояды. Иесі «айт» десе, Анна Ивановна мен екі баланы ала түсетіндей, кейде ырылдап, кейде қозғалақтап оларға да қарайды. Комендант даусы бәсеңдей берген кезде:

– Сіз өтірік айтасыз. Коменданттың қолындағы мәлімет бойынша, сіз – комиссар Савченконың әйелісіз.

Сөзмаржан



Шегір көз – сарғыш көз

Комендант – әскери бекіністің, қорғанның, қалалық горнизоның бастығы.

Комиссар – айрықша уәкілдік берілген, үкімет жүктеген ерекше, ресми қызметті атқаратын адам.

Коммунист – Коммунистік партия мүшесі.



Сөзмаржан

Мосқал – біраз жасқа келген, егде.

Қарғыбау – иттің мойнына тағатын жалпақ қайыс.

Өзіңіз – коммунистсіз. Неге жасырасыз? Шыныңызды айтыңыз! Бәрібір шыныңызды айтқызады! – деді тілмаш әйел комендантқа қарап қойып.

– Шыным сол. Шынымды айттым! – деп қысқа жауап қатты Анна Ивановна.

– Онда, өз обалыңыз өзіңізде болсын, пан комендантқа шыныңызды айтқаныңыз жөн болатын еді. Бәрібір айтқызамыз! – деп тілмаш әйел комендантқа бар денесімен бұрылып, немісше бірдемелерді мыңқылдап айта бастады. Бірақ комендант оның сөзінің аяғын тыңдамастан, айқайлап орнынан атып тұрды. Жанындағы жәрдемші иті де «ыр» ете түсті. Сол кезде Серік пен Борис шошып кетті. Комендант Анна Ивановнаға жақындап барып, оң қолының сұқ саусағын шошайтып, «Большевик!», «Комиссар!» деп тебінді. Анна Ивановна тіл қатпады. Ит Анна Ивановнаға төніп келіп қалған сәтте «ең алдымен өзім қабайын, итті ұстай тұр» дегендей, тілмашына белгі берді. Тілмаш әйел итті қарғыбауынан екі қолымен ұстай алып, кейін тартты. Екі бала үрейі ұшып, не істерін білмей тұр. Ашуға булығып, екі көзі қанталап кеткен жендет Анна Ивановнаны бар пәрменімен жақтан салып жіберді. Сол кезде «Мама!» деп, Серік бар даусымен айқайлап жіберді де, бетін алақанымен баса қойды. Борис те баж ете түсті. Залым комендант Серікке жетіп барып: «Мама, мама!» – деп қабырғаға сүйеніп тұрған Анна Ивановнаны нұсқады. Серік енді өзін ұрады екен деп, тағы «Мама!» деп баж ете түсті. Сонда ғана комендант шегініп, стол басына барып, тілмаш әйелге бірдемелерді айтқандай болды. Ол әйел «білмеймін» дегендей, екі иығын қусырып, басын шайқады.

Серік өз мамасынан айырылып, Анна Ивановнаға ергелі көп уақыт өткен-ді. Ол Борис не десе, сол деп, Анна Ивановнаны «мама» деп кеткен еді. Енді, міне, Анна Ивановнаға жендеттің қанды қолы тиген сәтте, бір кезде өз мамасының жантүршігерлік өлімін көріп, шошынып қалған бала, енді Анна Ивановнаны да өлтіреді екен деп, «мамалап» жанұшырған себебі сол еді. Тілмаш әйел иттің қарғыбауын босатып қоя беріп, Серікті өзіне шақырды. Серік көзінің жасын сүртіп, аяғын ақырын басып, оған жақындады.

– Мынау сенің мамаң ба? – деп сұрады.

– Мамам. Менің мамам! – деп іркілмей жауап берді Серік. Серік жауабы соққы көріп тұрған ана жанына

ерекше бір қозғау салғандай еді осы кез. Бала мінезі, бала өжеттігі Анна Ивановнаны да жігерлендіре түскендей болды.

Тілмаш әйел комендантқа, комендант оған қарап қалды. Сәлден соң комендант екі баланы нұсқап, бірдемелерді тілмашқа айтты да, «тұтқындарға осы айтқанымды түсіндір» дегендей иек қақты.

– Жетісіне бір рет келіп, осындағы комендант көмекшісіндегі тізім кітапшасына өзіңіздің осында екендігіңізге белгі жасатып отырсын дейді пан комендант. Қазір жүре беруіңізге болады, – деді тілмаш әйел.

Анна Ивановна екі баласын ертіп сыртқа шықса, комендатураға қарай Тамара келе жатыр екен. Сатқынды атарға оғы, асарға шамасы болмаған Анна Ивановна Тамараға оқты көзімен бір қарады да, тіс жармай өте шықты...

Арада үш күн өткен соң Анна Ивановнаны екі баласымен комендант тағы шақырды. Мұның тағы да Тамарадан келген бәле екенін сезе қойған Анна Ивановна барарын да, бармасын да білмей, дал болып отырған шағында, бақ жақтағы терезені біреу қақты. Жүйрік сезім күші жетегіне алған Анна Ивановна өз адамдарының бірі екенін бірден түсініп, терезеге келсе, ойлағандай-ақ Полина Петровна екен. Ол терезенің тесігіне аузын төседі де:

– Аня, саған Борис Андреевич селодан тез кетсін деп сәлем айтты. Комендант сені бүгін тұтқынға алмақшы. Уақыт өткізбе, тез кет! – деп, қоштасқандай қол бұлдады да, баққа қарай жүгіре жөнелді.

Анна Ивановна апыл-ғұпыл жиналып, Серік пен Бористі ертіп, бақ ішімен селодан шығып кетті.

Сөздің көркі – мақал

Мейірімділік – жүректен,
Мейірімсіздік – білектен.

Жақсылыққа жақсылық –
Өр кісінің ісі.
Жамандыққа жақсылық –
Ер кісінің ісі.

Мың жаудан бір жансыз
жаман.

Артық болмас білгенің

Кешегі сұрапыл Ұлы Отан соғысы кезінде он жасар қазақ баласы Украина жерінде, жау тылында, партизандар қатарында болды дегенге, бәлкім, сене де қоймассыздар. Сөйткенмен, осы бір сәбидің басынан кешкен қилы-қилы өмір соқпақтарын оқушыларға айтып беру көптен бергі борышым сияқты болып келген еді. Қайда барсам да, сол бала көңілімнен бір шықпай, әлдебір балалық мұңын шаққандай, көз алдымда мөлтендейді де тұрады. Сәби жүзі, бұғанасы қатпай ауыр күндерге душар болған балғын шағы жан-жүйемді тебіреніп беретін болды.

Сол баланың өмірі туралы жолдастарыммен әңгімелесіп, оқиғаның ұзын-ырғасын баяндап бергенімде: «Жазсаңшы осыны, балаларға мұндай жағдайды білудің өзі бір сабақ емес пе? Жаз, оқысын замандастарың!», – дейтін еді. Содан бері көп уақыт өтсе де, оқиға барған сайын ойымда ұялап, әңгіменің айтылар толғағы жиілеп, жанымды мазалай берді. Сөйтіп, енді сол бір қиын-қыстау күндерден бері есімде жүрген оқиғаның ізіне түскелі отырмын.

Қ.Қайсенов

1

Білу

1. Қасым Қайсенов туралы не білдіңдер?
2. Шығармадағы оқиға қай кезеңді суреттейді?
3. Екінші дүниежүзілік соғыс туралы не білесіңдер?
4. Қазақ баласы Серіктің тағдыры қандай күйге ұшырады?
5. Анна Ивановна деген кім, Серікке оның қандай көмегі тиді?

2

Түсіну

1. Туынды неліктен «Жау тылындағы бала» деп аталады?
2. Неліктен Серік Анна Ивановнаның қамқорлығында қалды?
3. Серіктің орыс әйелін «мама» деу себебі неде?

3

Талдау

Оқулық, хрестоматия материалдарын пайдаланып, кейіпкерлерге мінездеме беріңдер. Шығармада суреттелетін кейіпкерлердің салыстырмалы мінездемесін жасаңдар.

Әңгіме кейіпкері	Мінез-құлықтары, іс-әрекеті	Менің пікірім

4

Жинақтау

1. Үзіндіні мазмұндаудың жоспарын құрыңдар.
2. «Топтастыру» әдісін қолдана отырып, «соғыс» сөзімен түйген ойларыңды сызба түрінде көрсетіңдер.

5

Қолдану

1. Берілген үзіндіні түсініп оқып шығып, келесі тапсырмаларды орындаңдар:
 - үзіндіні бірнеше бөлікке бөліңдер;
 - әр бөлікке атау беріңдер;

- әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді табыңдар;
 - кейіпкерлерді сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді анықтаңдар;
 - мәтіндегі барлық кейіпкерлерді кезегімен атап беріңдер;
 - мәтіндегі оқиға орын алған жерлерді атаңдар;
 - үзіндіні аяқтаудың нұсқасын ұсыныңдар.
2. Шығарманы композициялық құрылысына қарай талдаңдар.
 3. <http://kitap.kz> сайтынан Қ.Қайсеновтің шығармасының желісі бойынша жазылған пьесаны оқыңдар.
 4. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстан туралы өздерің ізденіп, <http://e-history.kz/> сайты материалдары негізінде PowerPoint программасында тұсаукесер дайындаңдар.

6

Баға беру

1. Кейінгі ұрпаққа өшпес із қалдырған партизан-жазушының өмірі неліктен өнегелі деп ойлайсыңдар?
2. Неліктен ұлы адамдардың өмір жолы ел есінде қалады? Пікірлеріңді білдіріңдер.
3. Серіктің орнында сендер қандай әрекеттерге барар едіңдер?
4. Жауды тізе бүктіріп, адамдарды жеңіске жеткізген қандай күш?

Диалог құру

Партизан жазушымен және шығарма кейіпкерлерімен екеуара әңгіме құрыңдар.

Кітапсүйерлер үшін

Қ.Қайсеновтің «Жас партизандар», «Ажал аузында», «Жау тылында», «Партизан соқпақтары», «Переяслав партизандары» шығармаларын оқыңдар. Соғыс кезіндегі балалардың жеңісті жақындатуға қосқан үлестері туралы ой бөлісіңдер.

Әдебиет теориясы

Пейзаж туралы түсінік

Көркем әдебиеттегі табиғат суреті – пейзаж деп аталады. Пейзаж (франц. «мекен», «өлке») – белгілі бір жердің, мекеннің, табиғаттың көрінісі. Тақырыпты толығырақ ашу үшін

пейзаж кескіндеме жанрының басқа түрлерінде де (портрет, баталия жанры, т.б.) қолданылады. Пейзажда суретшінің сезімі, көңіл күйі, түсінігі, табиғатқа деген эстетикалық, этикалық көзқарасы аңғарылады.

Көркем шығармаларда суреттелетін табиғат көріністері – адам образын толықтыра түсетін тәсіл. Пейзаж – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни, табиғаттың әсем көрінісі, көркемдік бейнесі. Суреткер әдеби шығармаларда көркемдік ойлаудың ажары ретінде, образдық жүйенің арқауы ретінде табиғат келбетін ерекше бір ұсталықпен суреттеу арқылы кейіпкердің жан дүниесіне, мінез-құлқына, адамгершілік қасиеттеріне үңілуге мүмкіндік береді. Мысалы, М.Әуезовтің «Көксерек» атты шығармасы: «Қараадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада – қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа бозқараған, тобылғы басқан. Сай бойында май айының салқын лебі еседі. Бастары көгеріп, бүрленіп қалған қалың қараған жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып, теңселіп, ырғалып қояды. Маңайдан жуалардың, жас шөптердің иісі келеді. Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында терең құз, жар бар», – деген табиғат суретімен басталады.

«Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалық



Тапсырма

Әдеби шығармалардан пейзажға мысалдар келтіріңдер.

Қазақ балалар әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан жазушылардың бірі – Сансызбай Сарғасқаев.

САНСЫЗБАЙ САРҒАСҚАЕВ

Естеріңізге түсіріңдер:

Қандай балалар ақын-жазушыларын білесіңдер?

Меңгерілетін білім

С.Сарғасқаевтың балалар әдебиетін дамытуға қосқан үлесі қандай?

Жазушының «Тәмпіш қара» повесінің тақырыбы мен идеясы қандай?



САНСЫЗБАЙ САРҒАСҚАЕВ
(1925–1995)

Сансызбай Сарғасқаев 1925 жылы қазіргі Жамбыл облысы Қордай ауданы Сұлутөр ауылында туған. Соғыс жылдарында қолына қару алып, майданға қатысқан қаламгердің жазушы болып қалыптасуына осы кезең ерекше әсер еткен. Оның көптеген шығармаларына соғыс жылдарындағы халықтың күйзелісі, ауыр тұрмысы, жас жеткіншектердің өмірі, ішкі жан дүниесі арқау болған. Кейіннен жазушы соғыс жылдарындағы естеліктер ізімен *«Бір отрядта»* повесін жазады. С.Сарғасқаев – балаларға арналған *«Сұлутөр»*, *«Ұстаз»* романдарының және *«Достар»*, *«Сәуленің жаңа достары»*, *«Бір көшенің бойында»*, *«Сынған тіс»*, *«Ақиқат»*, *«Шындық»*, *«Көңілді балалар»*, *«Алғашқы асулар»*, *«Тәмпіш қара»*, т.б. көптеген повестер мен әңгіме жинақтарының авторы.

Сансызбай Сарғасқаевтың кейіпкерлері – ауыл балалары. Ол әңгіме, хикаяттарында жас жеткіншектердің ой арманы, қоғамға пайдалы істері, өнер-білімге деген құштарлығы, бір-біріне адалдығы, достық қарым-қатынасы жайлы жаза отырып, оларды парасаттылыққа, қайырымдылыққа, төзімділікке, еңбек-қорлыққа, өз ісіне адал болуға, адамгершілікке баулиды.

Зергер сөз

Сансызбай Сарғасқаев – қазақ балалар әдебиетінің қаламы қайратты, көрнекті өкілі.

Даналық ойдан дән ізде

Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле.

Халық даналығы

Артық болмас білгенің

Сансызбай Сарғасқаевтың шығармаларының дерлігі мектеп оқушыларының тыныс-тіршілігінен сыр шертеді. «Тәмпіш қара» повесінде отызыншы жылдардағы ауыл өмірі суреттелген. Повесть тоғыз бөлімнен тұрады. Бөлімдері: «Танысу», «Тілеп алған азап», «Өзілі ме, шыны ма?», «Өкініш», «Теке қарт», «Не болды бізге?», «Бұдан кейінгі күндерде..», «Ойламаған жерден», «Үш күн қалғанда» деп келеді. Басты кейіпкер – тәмпіш қара Шаншатай.

«Қазақ әдебиеті» оқушы анықтамалығы

Тәмпіш қара (повестен үзінді)

Танысу

Содан бері талай жылдар өтті. Сол кезде мойындарына ал қызыл галстук тағып, сапқа тұрып: «Бір, екі үш... жастар – алып күш», – деп ауыл көшелерімен ән шырқап жүретін балалардың кейбірі бұл күндері немересін сүйіп отыр. Көбі күні кешегі Ұлы Отан соғысы майдандарынан оралмай да қалды. Топырағы торқа болсын олардың!

Ал күні бүгінге дейін бейнесі көз алдымда елестеп тұратын тәмпіш мұрын қара баланың тағдыры не болғаны маған белгісіз. Үлкен-кіші оны «өзіміздің тәмпіш қара» дейтін. Осы бір сөзден-ақ соншама бір ықыласты, ыстық сезімді аңғару қиын емес. Шынында да, ол өзіміздің Тәмпіш қара еді.

Ол кезде біз Сұлутөрдің етегіндегі Қосарық деген жерде тұратынбыз. Колхозымыздың аты да «Қосарық» болатын. Бұлай деп кім, қашан қойып жүргені бізге беймәлім. Бірақ әр жерде бір шоқиған тамдардың ара-арасымен ирелеңдеп ағып жататын жалғыз арық бар болатын. Неше жылдар бойына су шайып, мүжіле-мүжіле, арнасының екі жиегі биіктеп, жарқабақтанып кеткен. Соның түбінде жылыстап аққан суды кей жерлерінен бөгеп, өзімізше терең көлшік жасап алатынбыз. Мұның өзі соншама мехнаты көп ауыр жұмыс еді біз үшін. Жазғы шілденің таңдай күйдірген ыстығында қорғалақтап жанға сая шақыратын жерің сол көлшік болса, суды бөгемеске шараң не? Былай-ақ түсейін десең, суы тым таяз.



CD 9

Тәмпіш қара кім?
Шығармада ауыл балалары мен ауыл өмірі қалай суреттелген?

Суды бөгеу үшін, біз сол арықтың жар қабағын қопаратынбыз. Су тисе, шекердей үгіліп, су тимесе, тастай сіресіп, қатып қалатын құмдақ сары топырақ. Көлшік жасау үстінде кейде қызыл кеңірдек боп ұрсысып, кейде жағаласып та қалатын едік. Оның есесіне бөгетке толған суға рақаттанып түскенімізде көңілдегі кірбің жуылып кетуші еді.

Бірақ бұл рақатымыз көпке созылмайтын. Кешке дейін лайланған суға түсіп маз-мейрам боп үйге қайтқанмен, келесі күні келгенде көлшігіміздің жайрап жатқанын көретінбіз. Кешегі үйген топырағымыздың сілемі де қалмай, тып-типыл болады. Түнде біреу келіп тиіп кетті ме, әлде мына жылыстап аққан судың өзі ағызды ма, ол жағы бізге белгісіз. Арықтың жағасына тұрып алып, жатып кеп таласамыз. Ақыры бір шешімге келеміз. Ол – тағы да көлшік жасау, сонымен бірге қайткен күнде де кешкісін бөгеттің маңын торып, кім бұзғанын білу.

Ертеңгіліктегі осы байлауымыз кешке қарай божырап кететін. Шындап келгенде, аңдуға ешкім шықпайтын. Оның да өз себебі бар. Біріншіден, біз бөгетті ауылдан тысқарырақ жасайтынбыз. «Шуылдап маза бермедіңдер!» – деп ауыл ортасынан жеңгейлер талай рет қуып шыққан. Екіншіден, осы араға кешкісін келіп, таң атқанша күзетуге, шынын айтсақ, қорқатынбыз. Үшіншіден, арамыздан батылдау біреу белсене шықса, оның батылдығы үйіне барғанша еді. «Кешкісін қайда барасың? Тырп етпей үйде отыр. Күнұзақ ойыннан басқа түк білмейсің», – деп шешен немесе әжең жекірсе



Сөзмаржан



Мехнат – ауыр азап, қиыншылық, бейнет.

Қорынатын – қорғанатын.

Сілем – (ауысп.) сарқыншағы, қалдығы.

Тәмпіш – кішкене келген, қысқа, келте мұрын.

Тапал – аласа бойлы.

Жарқабақтану – үгілу.

Қызыл кеңірдек болу – керісу, жанжалдасу, айғайласу.

Төртбақ – дембелше, мығым денелі.

болды, көжектей жым болатынсың. Соның бірі – өзім едім.

Біздің ауылдың үйлері – ол кезде бір-бірінен аумайтын шымнан жасалған тапал тамдар. Сырты әктелгендерінің өзі бірен-саран. Үйлердің аулалары да біріне-бірі ұқсас. Шым дуалмен қоршайтын. Үйге іргелес мал қора. Онан шыққан қи жаз ортасына дейін ауланың дәл ортасында шошайған мола құсап үйіліп тұратын. Ағаш атаулы атымен жоқ. Тек мектеп түбінде екі терек бар-ды. Жаз күндері оның көлеңкесінен қой-ешкі, бұзау арылмайтын. Атамның қыршаңқы қара биесін де, көршіміз Тілектің көк есегін де іздесең, сол арадан табатынсың.

Жасыратыны не, мектебіміз сол маңайда мақтан етерлік еңселі, биік, төбесі қызыл қаңылтырмен жабылған, терезелері де үлкен, әдемі үй болатын. Рас, едені сол өңірдегі барлық үйлердей топырақ еді. Кейіннен Келдібай деген жаңа директор келіп, ұзын залдың табанына жалтыратып тас салған. Кейін білдік, цементпен сылатқан екен ғой. Кей күндері біз терезеден жасырынып түсіп, осы тас еденге асық ойнаушы едік.

Мектептің қарауылы Әміре деген қатып-семген жүдеу, көк көз шал еді. Шіркіннің шіңкілдеген даусы құлағыңды жаратын. Оның бір ұл, бір қызы бар. Ұлы менімен бірге үшінші класты бітірген, сол жазда. Бірақ



менен үш жас үлкен. Қызы бір класс жоғары оқығанымен, жасы ересек, нағыз бойжеткен. Әміре шал көктем шығысымен-ақ, ауылдың сыртындағы бақшасына барып, күрке жасап, соған көшіп алады. Сары күзге дейін оның қарасын көрмейсің. Сонда мектепті күзету – ұлы Оңалбек пен әпкесі Күлдәрінің еншісінде. Шешесін сырқаты көп адам дейді. Өз басым көрген емеспін.

Оңалбек екеуіміздің ымы-жымымыз бір болатын. Өзі аңқау, не айтсаң, соған сенгіш. Басқа балалар секілді шымыр емес, болбыр әрі жуас. Сондықтан өзінен кішкентайлардан да таяқ жеп қалатын. Сондағы арашашы менмін. Ал әпкесі қиқар, тілі де қыршаңқы. Қыздан гөрі ер балаға ұқсас: жауырынды келген, қолаяғы балғадай ақ сары қыз.

Бізді жасырып мектептің ішіне кіргізетін – Оңалбек те, көре қалса, бізді тырқыратып қуып шығатын – Күлдәрі. Оның қолына түссең, аямайды. Ұрса бір сәрі ғой, құрғырың шымшиды. Ұстаған жерін жұлып алады-ау!..

Айтпақшы, Күлдәрі бұраған құлағым бірнеше күн күп боп ісіп кеткенде, әжем олардың үйіне барып, шаңын қаққан көрінеді.

...Дүниені күйдіре жалмап тұрған ыссы күннен қорынатын жерің – көлшік. Суға түсіп сайран салғанда, шақырайған күнмен егеске түскендей әсерде боласың.

Бұл күні, әйтеуір, көлшігіміз бұзылмапты. Ерте бардым-ау десем де, бірнеше бала суға түсіп үлгеріп, боз топырақта аунап жатыр екен. Кейбірін танимын, кейбірін танымаймын. Танымайтын себебім, біздің колхоздан үш-төрт шақырым жерде тағы бір ауыл бар. Айналдырған он шақты үй. Оларды сиыршы дейді. Себебі көлікке жігер аты да, мінер көлігі де – сиыр мен өгіз.

Келдім де, дереу шешініп, суға қойып кеттім.

Көп ұзамай бұл арада балалар құжынап кетті. Суды шалпылдатып шашамыз, сүңгіміз. Жүгіріп барып топыраққа аунаймыз, тіптен тамаша!

Осы арада ойламаған жерден шатақ шықты. Су қызығымен жүріп, әбден тоңғанымды білмеймін. Енді жағаға шығып, киінбек боп, жейдем мен шалбарымды іздесем, ұшты-күйлі жоқ. Шашылып жатқан балалардың киімдерінің арасынан да таппадым. Әбден жыларманға келіп:

– Ой, өкеңнің... Кім тықса... Қолы сынып, аузына жетпесін, бар пәлекет басынан кетпесін. Көзін шел басын. Омақасып, тоңқалаң ассын. Мұрны пұшық болсын, көзі қысық болсын!.. – деп қарғысты жаудырдым-ай кеп.

Сөзмаржан



Шаңын қағу – ұрсу.

Ым-жым – қулық-сұмдық, айла-тәсіл.

Шымыр – шыныққан, мығым.

Болбыр – сылбыр, босаң.

Колхоз (*орысш. коллективное хозяйство*) – Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында пайда болған ұжымдық шаруашылық. Сол кезеңде «колхоз» сөзі ауылдың синонимі тәрізді болды.



Сөзмаржан

Шел – көздің қарашығын жауып тұратын ақшыл еті, ноғала.

Жұлынынан түсу – мұрттай ұшу, жалп етіп құлау.

Ноқат – кішкентай ғана қара дақ, нүкте.

Төртпақ – дембелше, мығым, денелі.

Шымыр – жұмыр, мығым.

– Ей, сен не оттап отырсың! – Дауыс желке тұсымнан шықты. Қарасам, Иманбек. Қасында Оңалбек тұр. «Тыққан осы» дегендей көзімен белгі беріп, қасын қағады.

– Сенің не шаруаң бар? – дедім Иманбекке.

– Кімді қарғадың?

– Кім жасырса, соны. Шығар күнді көрмесін, жер бетінде тірі жүрмесін. Осы көргені көп болсын, үрім-бұтағы жоқ болсын! – деп, тағы да шұбыртып ала жөнеліп ем.

– Міне, саған жоқ болған! – деп, Иманбек жауырынымнан теуіп жіберді. Арқамды сипалай бақырып мен де орнымнан ұшып тұра беріп ем, Иманбек қарсы алдыма топ ете түсті.

– Әй, әкеңнің... – деп, төне бергенім сол еді, біреу:

– Тоқта! – деп, кеудемнен кейін серпіп итеріп жіберді.

Иманбек те әлдекімді балағаттап тұра бергенде, тағы да жерге жұлынынан түсті. Сонда ғана барып байқадым, Иманбекті ұшырып түсірген де, мені итеріп жіберген де тәмпіш мұрын қара бала.

Ол жығылып жатқан Иманбекті иығынан ұстап көтеріп алды да:

– Қане, қайқай! – деді сабырлы зілді үнмен. – Түйедей болып, ұялсаң етті!

Міне, қызық! Әншейінде әркімге бір тиісіп, орынды-орынсыз қоқаңдай беретін қылжақбас Иманбек жүні жығылған әтешше тілге келместен тайып тұрды.

Ал енді тәмпіш мұрын қара балаға келейік. Кетіп бара жатқан Иманбектің артынан біраз қарап тұрды да, басын шайқап, мырс етіп күлді. Әлгі бір қадалған көзіндегі суық айбардан із қалған жоқ. Дөңгелек жүзіне сүйкімді бір арай ойнап шығып, қысыңқы көзінің ноқаттай қара жанарында ерекше бір ұшқын тұрды. Ол ұшқын балаларды өз маңына үйіріп, оның ақ көңіл жанын айқара ашқандай. Сонымен бірге осы бір ұшқыннан бұрын мен көрмеген, маған тіптен беймәлім бір батылдықты аңдағандай болдым.

Бейтаныс баланың түр әлпетінде пәлендей сымбат жоқ еді. Денесі түтінге ысталғандай қара қоңыр, әрі май жаққандай жылтырап тұр. Бұлшық еттері білеуленіп шығып, бүлк-бүлк етеді. Оның суға түскенін байқамасам керек. Екі шекесі торсықтай жалпақ маңдайынан ұйысып түскен бұйра қара шашында су тамшылары күн сәулесімен таңғы шықтай жалтырайды. Қабағы да төңкере салған кесе секілді бетінің еті де

қалың. Бірақ ерні жұқа. Ақырын ғана жымылып күлгенде, қаз-қатар аппақ тістері тізілген ақ моншақтай көрінеді. Оншама бойшаң да емес, төртпақ, шымыр.

Балалар Иманбек ұзап кеткенше артынан ысқырып, келемеждеп мәз боп жатқанда, әлгі бала күлімдеген бойы маған қолын ұсынды:

- Кел, танысып қояйық. Менің атым – Шаншатай.
- Менің атым – Ертай.

Екі алақан енді ешуақытта ажырамастай шарт етіп қабысты. Қолы темірдей қатты екен.

Тілеп алған азап

...Кешкісін біз Шаншатайдың әңгімесін тыңдайтынбыз. Ал оның білетіні көп еді, оның бәрі біз үшін жаңалық еді. Батыр пионер Павлик жөнінде де біз сонда алғаш рет Шаншатайдың аузынан естіп ек.

Ол әңгімені қалай айтады десейші! Кәдімгі бір шым-шытырық оқиғасы мол ертегі тыңдағандай әсерде қалатынсың. Ертегі көбіне жын-шайтан, дию-жезтырнақтарымен үрей шақырса, кейде түсіңе кіріп шошытса, Шаншатайдың әңгімелерін естігенде, тәтті бір қиял тербеп, сол қиял қайығында кейде жүзіп, кейде сол қиял қанат бітіріп, самғап ұшқандай болатынсың, бірде: «Шіркін-ай, Павликтей пионер болсам!» – деген арман жетелесе, енді бірде сонау ну тайгада Комсомол қаласын салып жатқан аға-әпкелердің қасында жүрсемші деп ойға бататынсың.

Шаншатай әнші екен. Сыбызғыдай сиқырлы даусы құлағымда тұр әлі. Ол бізге көп ән үйретті. Енді біз ертеңгісін жұмысқа сап түзеп, ән шырқап баратын болдық. Кешкілікте әнмен ораламыз...

Мен әкелген бояу қарындаштар да кәдеге жарады. Бір күні Шаншатайдың айтып көрсетуімен мен үлкен ақ қағазға «Кірпі» деп бадырайтып жаздым да, тұсына кірпінің суретін салдым. Ал сонан соң...

Сонан кейін оны Қызылқұрдағылардың көрмегені де, ондағы жазуды оқымағаны да қалмаған болар.

Алғашқы газетімізді жұрт тамақ ішетін бастырманьң жалпақ діндегіне жапсырғанбыз. Оқығандар қыран күлкіге батты. Қарғыс сөздер де шығып-шығып қалады. Бірақ жұрт дән риза. Алғыс сөздер де жауды.

– Шешектің тілі келімдәрідей ащы екен...

– Жә, өйтпе... Жұмыстан гөрі ұйқыны тәуір көретінің өтірік пе? Айтшы, кәне!

Бағалы дерек

Пионер – француз тілінде «бастаушы» деген ұғымды білдіреді. Қазақстанда пионерлер ұйымы 1922 жылдың 26 қарашасында құрылды. Пионерлер қатарына оқуда озат, тәртіпті, қоғамдық іске белсене қатысатын оқушылар қабылданды. Пионер екендігін айқындайтын белгі – үшбұрышты қызыл галстук.

– Әй, мынау біздің Шәймен бе? Ой, дәйт дерсің! Тасбақаға мініп, жарбиюын шіркіннің!

– Бетім-ау, үлкен Жәкемді неғып қойған?

– Ха-ха-ха... ха-ха.

– Хы-хы... хі...

– Ой, айналайындар! Ой, көсегелерің көгерсін. көп жасағырлар! – деп, апамның иіріп қойған шуда жібіндей домалана қалған бригадиріміз батасын да, алғысын да жаудырып жүр. – Міне, жігіт деп осыларды айт. Жұмыс та қолынан келеді. Сауыққа да кенелтті. Енді, міне, жалқауларды қатырды, бөлем... Ой, айналайын!.. Ой...

Мұнан соң мен есірмей кім есірмек. Сөзге тоқтауы жоқ Бейсекүлге пысқырып қарар емеспін. Тіптен, оның да суретін салып іліп қоймақ ойым бар. «Бөлем, бір шыж-быж болсын!».

Бірақ мұныма Шаншатай тоқтау айтты:

– Бұлай етуге болмайды. Бейсекүл жалқау емес.

Кіп-кішкентай боп алып масақты қалай тереді.

– Терсе ше? Ал тілі ше... шиқандай... – деп көріп ем.

– Болмайды! – деді Шаншатай шорт кесіп, – тым мақтаншақпысың, ә?

Мына сөз инедей қадалды. Тасқындаған көңілімді басып тастады. Үнсіз жатқан қызбалық осы сәтте сумаң етіп шыға келді.

– Мен бе мақтаншақ? – дедім тіксініп келіп. – Сен өзің тым әлдекімсің бе, білдің бе? Мә, қағазың өзіңе...

Мен оралған бірнеше қағазды лақтырып тастадым да, сырт беріп жүріп кеттім. Осыныма өкініп, опық жеймін-ау деу жоқ. Қыр көрсетіп барамын.

Шаншатайда үн жоқ. Түсі де өзгермеді. Ештеңе болмағандай, шашылған қағаздарды жинап алды да, күркеге беттеді. Жас та болса, өзін қалай ұстайды десейші!

Сонымен, мен ол күні жұмысқа шыққам жоқ.

Үйге кетіп қалуға бірер оқталдым да, ол райымнан тез қайттым. «Қашқын...» – деп балалар мазақтап жүрсе қайтпекпін. Бейсекүлдің өзі-ақ бүкіл Қосарық пен Сұраттың өңіріне жайып бітер.

Кеудемнің түпкірінде: «Шаншатай менен кешірім сұрап жалынар», – деген үміт шоғы да бықсиды.

Күн желкем болатын. Күндегі ашық аспанда қалқып жүретін ақша бұлттардың етегін әлдекім ыстаған тәрізді. Енді қарақошқыл тартып, тіркесіп көбейе түскен. Біреу үрлегендей әрі-бері сендей көшіп жүр.

Сөздің көркі – мақал

Әдептілік – ардың көркі.

Әдептілік, ар-ұят –
Адамдықтың белгісі.
Тұрпайы мінез, тағы жат –
Надандықтың белгісі.

Сөздің көркі – мақал

Ақылсыз адам айқайлай
келеді,
Жан-жағын жайпай
келеді.
Ақылды адам жай-жай
келеді,
Жан-жағын байқай
келеді.

Мен қырманға тақау сабанның үлкен маясының түбіне бардым да, шалқамнан түсіп жатырмын. Бұлт арасынан сығалап, күн сәулесі оқта-текте маңдайыма қадалып, көзімді еріксіз жұмдырады да, қайтадан кері серпіледі. Бұл сәтте көлеңкемен бірге салқын леп бетімді сипайды.

Жейдемнің омыраулығы ашылып кеткен. Кеудем жалаңаш. Аяғымды созып жіберіп, балбыраған рахатқа батқандай әсердемін. Астымдағы сабан жұп-жұмсақ.



– Ей, жігітім, бұл не жатыс? – деген қарлыққан дауыс жұмған көзімді ашқызды. Қарасам – бригадир. Көк шолағының еріне бір жамбастап отырып маған шұқшия қалыпты.

– Е-ей, мынау суретші Ертай ма? – деді мені енді танығандай. Жүзінде таңырқау бар. «Мәссаған, мен суретші атанғанмын ба?».

– Е-ей, неғып жатырсың? Бір жерің ауыра ма? – деді ол көтеріліп отырған маған біртүрлі ет-жүрегі елжіреген адамдай.

Не дерімді білмедім. Аузыма түскені:

– Ішім, – дедім тыжырынып.

– Ой, қызталақ, ауырған адам өстіп жата ма екен?

– Күнге қыздырынып.

– Кәне, тұр, – деді бригадир. – Кәне, менің күркеме жүр. Сонда көрпе-жастық бар, оранып жат.

Амал жоқ. Сау басыма сақина тілеген – өзім. Сөлбіреп бригадирдің алдына түстім.

Сөзмаржан



Тайга – қылқан жапырақты, ну қарағайлы орман.

Кәдеге жарау – бір пайдаға асу, қажетіне жарау.

Тілі шиқандай – мұнда: сөзі ащы, ұрысқақ.

Желкем – жайлап соғатын салқын, самал жел.

Сөздің көркі – мақал

Өзін ғана ойлаған –
Жамандықтың белгісі.
Өзгені де ойлаған –
Адамдықтың белгісі.

Сол күні кешті батыра алсамшы. Әшейінде шатынап тұратын бригадир де сол күні мейірімді бола қалыпты. Көрпеге қымтап орап, қос басында жүретін Ләйлім деген кемпірге тапсырды...

Балалар не десе, о десін, мана қолымды бір сілтеп, ауылға кетіп қалуым керек екен. Осы кезде бригадирдің «суретші жігіт» деген сөзі есіме түсті. Бригадир айтты дегенше, менің өнерім ауызға ілініп, бүкіл ауылға жайылды дей бер. Дәл қазір көрші қатындар әжемді ортаға алып, немерең суретші болды деп бізден қорып сақтап жүрген қарындағы майдың аузын аштырмасына кім кепіл? Біздің ауылда еріннен шыққан сөз от тиген қау секілді лап ете түсетін әдеті ғой. Осындайда әлгі Шаншатай айтқан сонау Мұзды теңізге безіп кетсең, шіркін.

Тұу, тағы да Шаншатай ретсіз жерде ауызға ілігуін! Жә, мен енді оған жоламасын. Өзінше кісімсіп... Ол менің қандай екенімді білмейтін болар!

Мен көрпені басыма тарта жамылып, саңылауынан көңілді бей-жай етер ми қажайтын ойлар кірмесін дегендей тұмшаланып алып едім, тарамыс кемпірге жан біткендей:

– Қарағым-ай, тер шығайын деді ме? Көп тыпыршып ең, жаныңа қатты батқан ғой. Енді тыншысың, – деп, бәйек ұрды да қалды.

Ішімнен кіжініп мен жатырмын. Тұра салып, сыртқа безіп кетейін десем, мына кемпірдің тіріде айырылатын түрі жоқ. Бригадирдің сөзі дәл Құдайдың өзі берген жарлық секілді оған.

Көзім ілініп кетіпті, әбден су-су болып терлеппін. Күркенің іші қараңғы тартқан. Қасымда күн ұзақ күзетіп отырған кемпір көрінбейді. Күркенің алдында әлдекімдер сөйлеседі. Мына шіңкілдек дауыс, әрине, Бейсекүлдікі. Не дер екен, құлағымды түрдім.

– Жіберіңізші, бір-ақ ауыз сөзім бар, – деп жалынады ол. Күбірлей сөйлеген дауыс кемпірдікі:

– Жібермеймін, мазасын алма, күн ұзақ дөңбекшіп, әлгінде ғана тыншықты.

– Ол сап-сау, – дейді Бейсекүл күліп. «Мәссаған, безгелдек! Менің өтірік ауруымды Шаншатай айтқан ғой, шамасы». Енді Шаншатайға деген жыным қатты қозды. Дәл қасымда тұрса, тұмсығын бұзар едім.

Кемпір ашуға мінді.

– Шіңкілдемей бар әрмен, о несі түге, бірінен соң бірі келіп.



Сөзмаржан

Тарамыс – мұнда: еті қашқан, арық.

Күрке – шағын баспана, қос.

Кісімсу – өзінше болу, бөлсіну, дандайсу.

Қау – тығыз өскен қалың ну шөп, боз.

Сөздің көркі – мақал

Жақсы өз басынан
көреді,
Жаман жолдасынан
көреді.

Бітер істің басына
Жақсы келер қасына.

«Е, басқа балалар да келген екен ғой. Қап, мына кемпірді-ай!»

– Ертай, – деп дауыстады Бейсекүл.

«Ә», дей жаздап, аузымды баса қойдым. «Мұның не?» – деп кейідім өзіме-өзім. – «Шалқиып жатысың мынау. Мені жұрт ауруға санады. Әй осы...»

Тыңдап жатырмын. Кемпір есік алдынан кетер емес. «Бұл шіркін тамақ ішпей ме?» Осы кезде менің ішім шұрылдады. Таң атқалы нәр татпасаң, қарның ашпақ тұрмақ, қабысып қалар. Мана бригадирдің:

– «Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса аузыңды тый» деген. Жігіт емессің бе, бүгінше шыда, – дегені бар.

Біре рет суыған қызыл күрең шай бергені болмаса, күн ұзақ кемпір нәр татырмады.

Енді неде болса, түнді күтпек болдым. Ендігі байлам – тысқа шығам деу, сонан соң тайып тұру.

Тағы да біреулер күңкілdestі.

– Әже мен Ықсанмын ғой, көрейін бе?

Кемпір сөзге келмей жалпақтап:

– Кіре ғой, ақырын... ұйықтап жатыр, – деді сыбырлай сөйлеп. – Оятпа.

Көрпені қымтай түстім.

– Әй, Ертай, – деді Ысқан қасыма келіп. Мен үндемедім.

– Оятпа, – деді біреу. Ойпырмау, бұл Шаншатай ғой. – Мана жүзі тым жабырқау еді. Қатты ауырып қалмаса нетті. – Даусында қатты қамығу бар. Әлгінде ғана жазғырып ем. Тіпті төбелеспек те болдым-ау. Әй, осы ұшқалақтығым-ай!

– Жай ауырған болар, – деді біреу.

– Кім білсін... Мен оған әдейі «Октябрь балаларын» әкеп ем.

Құлағым елең ете қалды. Пионерлердің сонау Алматыда шығатын осындай газеті барын естігем, оны Шаншатайдың өзі айтқан.

– Ол газетте елең де, әңгіме де, суреттер де басылады. Сен суретті көп сал. Жақсысын сонда жібереміз, сөзсіз басады, – деген болатын.

Енді, міне, сол газеттерді алып келген. «Айтпақшы, сонда бұл бүгін ауылға барған болды ғой. Әйтпесе, газет бұл араға қайдан келмек?»

– Жазылар, – деді Ықсан. – Ұйықтап жатыр ғой.

– Жазылса жақсы болды, – деді Шаншатай. – Мен бүгін оны ренжітіп алып ем. Енді сөйлеспес те.

Бағалы дерек

Балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық «Ұлан» газеті алғаш 1930 жылы «Пионер» атауымен жарық көрген. 1937 жылдың наурыз айынан газет «Октябрь балалары» деген атаумен шыға бастады. 1941 жылы соғыс жағдайына байланысты газет өз жұмысын тоқтатады. Тек 1946 жылы 9 мамырда «Қазақстан пионері» деген атаумен қайта жарыққа шықты. Тәуелсіздікке қадам басқан 1990 жылдан бастап газет «Ұлан» болып өзгертілді.

wikipedia.org

– Қайда барар дейсің. Өзіміз білетін Ертай ғой.

«Әрине, – деймін мен іштей, – қайта мен ренжіттім ғой сені. Тұра салып, айтсам ба екен... Тұу, осы жеңіл-тектігім-ай!».

– Мазасын алмайық, – деді Шаншатай, – ұйықтасын.

Енді маған ұйқы келер ме? Желіктіріп кетті емес пе! Жо-о, енді жату... Бірақ екінші ой дымымды құртты. «Бүкіл жұрт сені ауру дейді. Мұның не?».

Сол түнгі өзім тілеп алған «азапты» бастарыңа бермесін!

1

Білу

1. «Тәмпіш қара» шығармасында қай кезең суреттелген?
2. Тәмпіш қара деген кім?
3. Тәмпіш қараның портреті қандай?
4. Ертайдың Шаншатаймен танысуы қандай оқиғамен байланысты еді?
5. Ауыл балаларының арманы қандай?
6. «Октябрь балалары» газеті туралы не білдіңдер?
7. Қандай балалар басылымдарын білесіңдер?

2


Түсіну

1. Шығарма неліктен «Тәмпіш қара» деп аталған?
2. Ертай «ауруының» себебі неде?


3

Талдау

1. «Венн диаграммасын» қолданып, Шаншатай мен Ертайға салыстырмалы сипаттама беріңдер.



2. Повестегі пионерлер мен қазіргі жас ұландарды салыстырыңдар.



3. Шаншатай мен Қожабергенді (Қожаны) салыстырыңдар.



4

Жинақтау

1. Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Повесть кейіпкерлеріне тән қасиеттерді топтастыру сызбасы арқылы көрсетіңдер.

5

Қолдану

1. Кейіпкерлерге мінездеме бере отырып, «Біздің арамызда Шаншатай сияқты бала бар ма?», «Біз бос уақытымызды қалай өткізіп жүрміз?» деген сұрақтарға жауап іздеп көріңдер.
2. Үзінді мазмұнына сүйене отырып, «Үш түрлі күнделік» кестесін толтырыңдар.

Мәтіннен ерекше әсер еткен немесе ой салған дәйексөз келтіру	Қандай ой тудырды? Осыған байланысты қандай сұрақ туды?	«Мұғалімге хат» сұрақтар

3. Топтарға бөлініп, «Тыңдайтын үшбұрыштар» ойынын ойнаңдар. Оқушылар үш адамнан тұратын топта бірлесіп жұмыс істейді: СПИКЕР мәтін мазмұнын түсіндіреді. ИНТЕРВЬЮЕР мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды. ХАТШЫ үдерісті бақылайды және «спикерге» де, «интервьюерге» де кері байланыс береді.
4. Повестің басты оқиғалары тізбегін құрыңдар.
5. Шығармаға сатылай-кешенді талдау жасаңдар:
Жанры:
Тақырыбы:
Идеясы:
Композициялық құрылымы: оқиғаның басталуы, байланысы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі.
Көркемдік ерекшеліктері: теңеу, эпитет, фразеологизм.
6. Қабырға газетін шығарыңдар. Газеттеріңде қандай өзекті мәселелерді қарастыра едіңдер?
7. Достық туралы эссе жазыңдар.

1. Иманбектің әрекетіне қандай баға берер едіңдер?
2. Кеңес үкіметі кезінде мектеп жасындағы балалар батыр пионер, комсомолдарды идеал тұтқан. Ал қазір сендердің үлгі тұтатын, ұқсауға тырысатын идеалдарың бар ма? Олар кімдер?



Диалог құру

«Тәмпіш қара» повесінің өздеріңе ұнаған кейіпкерлерімен диалог құрыңдар.



Кітапсүйерлер үшін

Сансызбай Сарғасқаевтың «Достар», «Бір көшенің бойында», «Көңілді балалар» атты шығармаларын оқыңдар.



Әдебиет теориясы

Балалар әдебиеті туралы түсінік

Балалар әдебиеті – балаларға арналып жазылған әдеби шығармалар. Сондай-ақ, балаларға арналып арнайы жазылмағанымен, олардың ойлау, түсіну қабілетіне, талғамына, арман-қиялына әсер етіп, оларды өзіне тартатын көркем шығармаларды да балалар әдебиетінің қатарына жатқызуға болады. Мұндай шығармалар оқиғасының қызықты да тартымдылығымен, композициясының ширақтығымен ерекшеленеді. Тілі жеңіл, көркем, түсінікті, айқын әрі әсерлі болуы тиіс. Балалар әдебиетінің негізгі мақсаты: жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отансүйгіштікке, т.б. ізгі мұраттарға баулу. Балалар әдебиеті – жасөспірімдердің эстетикалық талғамын дамытатын көркем шығармалар ғана емес, оның сырлас досы, қорғанышы және ақылшысы да болып табылады. Олар, негізінен, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға лайықтап жазылады.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы



Тапсырма

Қазақ балалар әдебиеті өкілдері мен олардың шығармаларын атаңдар.

IV ТАРАУ

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Беталысы күнде өзгерген алмағайып
дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгер-
меген, өзгермейтін темірқазықтар бар.
Ол – білім! Ол – еңбек!

Н.Назарбаев

«Поэзиясы әр адамның жүрегін түрткілеп, санасына салмақ салар сұрақтарды сұлу жырдың өзегіне айналдыра білуімен ерекшеленетін» ақын шығармашылығымен танысайық!

МҰХТАР ШАХАНОВ



МҰХТАР ШАХАНОВ
(1942 жылы туған)

Естеріңе түсіріңдер:

Қазақ балалар жазушылары туралы не білдіңдер?

Меңгерілетін білім:

Мұхтар Шаханов кім?

Ақын шығармаларының тақырыптары қандай?

Зергер сөз

Мұхтар Шаханов – ақындық толымы талант пен күрескер азаматтық қасиеттердің қорытпасынан жаралған өрелі тұлға. Мұхтардың XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқы дүниеге әкелген айрықша құбылыс екені содан.

С.Шәймерденов

Қазақстан Республикасының халық жазушысы Мұхтар Шаханов қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Қасқасу ауылында дүниеге келген. М.Шахановтың алғашқы өлеңі 1959 жылы *«Сырдария»* деген атпен жарияланса, *«Бақыт»* атты тұңғыш өлеңдер жинағы 1966 жылы жарық көрді. Ақынның *«Балладалар»*, *«Ғасырларды безбендеу»*, *«Уақыт бедерлері»*, *«Зерде»* атты өлеңдер, балладалар мен поэмалар жинақтары бар.

М.Шахановтың *«Танакөз»*, *«Сейхундария»*, *«Күретамырды іздеу»*, *«Сенім патшалығы»*, *«Махабатты қорғау»*, *«Нарынқұм зауалы»* мен *«Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханның қателігі»* атты поэмалары оқырмандардың сүйіспеншілігіне бөленді. Оның шығармалары бірнеше тілге аударылып, шетелдерде жарық көрді.

Ақынның *«Нарынқұм зауалы»* поэмасы – халық батыры әрі дауылпаз ақын Махамбетке арналған поэзиялық шығарма.

Мұхтар Шаханов – «Қырғыз Республикасының халық ақыны», жиырмадан астам шетелдік академиялардың, университеттердің құрметті докторы, профессоры. БҰҰ-ның Қоршаған орта бағдарламасы сыйлығының, Түрік Республикасының «Түркі дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының, Қырғыз Республикасы халықаралық «Руханият», Түркі дүниесі жазушылар бірлестігінің «Шахрияр», ЮНЕСКО-ның «Боорукер» клубы сыйлықтарының, Түркия, Әзербайжан, Солтүстік Кипр мемлекеттері тағайындаған «Түркі әлеміне сіңірген ерен еңбегі үшін» атағының иегері. 2002 жылы М.Шахановқа «Жазагер жады космоформуласы» атты шығармасы үшін Калифорния ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы Алтын медалі мен Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атағы берілді. «Нобель» сыйлығының 100 жылдығына орай Тамбов қаласында өткен «Нобель» сыйлығы лауреаттары мен нобельшілердің халықаралық конгресінде «Нобель» ақпарат орталығы, «Нобель» қоры, Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталды.

«Тарихи тұлғалар» кітабынан

Нарынқұм зауалы (поэма)

1. Махамбеттің соңғы монологы

*Баз бір адамдарда болашағын елден
ерек сезіну, түйсіну күші болатынын
ғылым жоққа шығармайды... Махам-
бет ақын өлерінен екі күн бұрын айна-
ласындағыларға өзінің жан шошырлық
сұмдық түс көргенін, түсінде иығынан
үзіліп түскен өз басы өзіне қоштасу
айтып тұрғанын әңгімелеген.*

Мен түсімде зорлық көрдім,
қорлық көрдім ғаламат,
Бір таныс қол соғып өтті әлдекімді паналап,
Зұлымдықтың жасырынып келетіні жаман-ақ.
Иығымнан ұшқан басым көкірегімнен домалап,

CD 10



Поэманың философиялық түйіні қандай?

Бағалы дерек

Нарын құмы Каспий маңы ойпатының сол-түстік-батыс бөлігінде, Еділ мен Жайық өзендері аралығында орналасқан. Әкімшілік тұрғыдан Атырау облысының Құрманғазы, Махамбет аудандары және Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы, Жаңа-қала және Ақжайық ауданының оңтүстік бөлігін қамтиды. Аумағы 40 мың км². Құмды өңір орта есеппен теңіз деңгейінен 21 м төмен жатыр. Еркекшөп, жүзгін, қияқ, құмаршық, ойыстау жерлерінде жыңғыл, терек, қандыағаш, көк-терек өседі. Киік, қоян, қарсақ, дала күзені, т.б. кездеседі.

«Қазақ энциклопедиясы», VII том



Сөзмаржан

Нала – қарғыс, лағынет.
Алап – аймақ, өлке, атырап.
Әдіптеу – көмкеру, киімнің етек-жеңін қайырып тігу, сәндеу.
Зауал – қиындық, қайғы.
Шомбал – алып, ірі.

Бара жатты атамекен Ақжайықты жағалап,
Жүрегімнен аққан қанға боялыпты бар алап.

Жә, бұл түсім тегін емес, мына сойқан заманда,
Тіршілікпен қоштасар сәт жетті-ау деймін маған да.
Қоштасар сәт жетті-ау деймін, туған елім, еңселім,
Бостандыққа шақырып ем,
Сенің заңғар ақылың ем,
Едім әрі өлшемің,
Жанашырың, жақының ем
Және қайсар ақының ем мен сенің.

Жұлдыздай боп жанар алдан
Ақындықта елден ерек басқа заң.
Батырлығы жоқ адамнан
Үлкен ақын шыққан емес ешқашан.

Туған елім – арман, мұңым,
Енді сені жетелейді жол қалай?
Менің бассыз қалғандығым
Сенің бассыз қалғандығың болмағай!

Иә, шындықтың ащы даңқы,
Шындық үшін жалғыз түстім егеске.
Ақындықтың басты шарты –
Басты алса да, шындықты айту емес пе?

Өлімге сан жақын бардым,
Қорғансыз боп көрінсем де жай көзге.
Шындықты айтқан ақындардың
Бірақ жолы болып еді қай кезде?
Көрде де енді сен жайлы ойға батамын,
Бұл іңкәрлік созылады қаншаға?
Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын,
Оның тартар азабы да соншама.

Мен сенемін күні ертең
Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем.
Күліп жайсаң күн ғажайып,
Ел наласы тарқар деп.
Ақымақтар күрт азайып,
Сұмдар қорқақ тартар деп.

Мен сенемін, күні ертең
Пенделіктен тазарар деп ұлы өлкем.

Жә, қашанғы баққа зорлық мінгеспек?
Сенем, ертең оттыға отсыз күлмес деп.
Тек тұлпарлар ғана алатын бас бәйге
Есектердің мойынында жүрмес деп.

Мен сенемін, күні ертең
Ақыл-ойын пір тұтар деп ұлы өлкем,
Мына дәурен бұрқан-тарқан
Ертең қайта өзгерер.
Ақындарын сұлтандардан
Артық сыйлар кез келер.

Қадір тұтам қиялдауды,
Ертең талғам өзгерер.
Шындап құлай сүйе алмауды
Қылмыс санар кез келер.

Туған елім,
Құдіретімсің аңсаған.
Алдан жарқын күн шыққанша,
Кескініңді көрмейінші шаршаған.
Пасық ойлар тұншыққанша,
Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша,
Жер астынан қарап жатам мен саған.

Зергер сөз

Бүгінгі өз замандастары
арасында Еуропада
Шахановқа тең келер
ақын жоқ.

(Р.Чиули)

2. Әке үкімі

Шомбал жігіт кіріп келді ентелеп,
– Әке, – деді ол кірген бойда,
– Әке, – деді еркелеп,
– Жүруші едің маған ылғи өкпелі.
Кеюші едің,
«Мал болмайсың» – деп мені.
Сол сөзіңді, сірә, қайтып аласың-ау, шамасы.
Аты шулы Баймағамбет сұлтанның
Маған берген сыйлығына қарашы!

Төрде отырған әкесінің алдына,
Маң-маң басып барды да,
Алтын жіппен әдіптелген жағасы
Сұр ішікті тастай салды баласы.
– Иә, сөйле, – деді әкесі, –
Қандай ерлік көрсеттің,
Екі ай бойы, қане, қайда жол шектің?

Баласы айтты:
 – Топ бастадық төрт адам.
 Махамбеттің жақыны
 Ықыласты үгіттеп,
 Мақтап, қағып арқаға
 Қосып алдық ортаға.
 Бұл – түгелдей мына ұлыңның ақылы.
 Еркін жетер әңгіме ол бір таңға.
 Қапысызда қармақ салып,
 Махамбетті алдап соғып,
 Басын кесіп, сыйға тарттық сұлтанға.
 – Ой, залым-ай,
 Жүзіқара залым-ай,
 Мұнша залым екеніңді қалай келгем танымай.
 Бұдан өткен зор қасірет болар ма,
 Бұдан өткен зор қасірет болар ма?! –
 деп әкесі жас үйірді жанарға.
 – Қабағыңды жаба қалды неге мұң,
 Әке, сенің қай сөзіңе сенемін,
 Есіңде ме,
 Менің бала күнімде
 «Махамбетті жек көремін» дегенің?
 – Рас, ұлым, айтылған сөз оқпен тең,
 Бір кезде мен Махамбетті жек көргем.
 Өлде, кемшін шағым ба еді ол ақылға?!
 Пенделік қой салған мені тақымға.
 Оған себеп –
 Сенің анаң жасынан
 Ғашық болған сол Махамбет ақынға.
 Азаппенен атса да асау таңдарым,
 Қайрағам жоқ қызғаныштың қанжарын!
 Іштен тынып жүре бердім төзген боп.
 Өзін шексіз құлай сүйген жан барын
 Қайран ақын сезген жоқ.
 Анаң марқұм ол дегенде от жалындап көзінен,
 Тамсанатын,
 Нақ бір бақыт табардай әр сөзінен,
 Ұлы ақынға деген іңкәр сезімін
 Көрге бірге ала кетті ол өзімен.
 Өттең, біздің сор маңдайлы Жайықта
 Ерлер аз ғой бара алатын байыпқа.
 Тым кеш ұқтым,
 Махамбеттей батырға
 Бүкіл қазақ ғашық болса айып па?
 Құдіретті шындығынан танбаған,

Бағалы дерек

Махамбет Өтемісұлы (1804–1846) – қазақтың әйгілі ақыны, күйші-композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836–1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы.

Парасатын ізгілікке жалғаған,
Ақын деген киелі аққу самғаған.
Ал, ендеше, аққуды атқан пендені
Қай атаңнан көріп едің, оңбаған?!
Бұл салада сен бірінші адамсың,
Адам емес,
Ең бірінші надансың,
Ел дәстүрін,
Ер дәстүрін қорлаған.
Нақ мынадай қасиетсіз оқиға
Бұрын қазақ топырағында болмаған.
Қандай қиын кезеңде де
Туған ел
Ақындарын жанын салып қорғаған.
Түсінбедім,
Армандап ең нені, ұлым?
Ертең сені қойып желдің өтіне,
Ызалы ұрпақ түкіреді бетіңе.
Сол қорлықтан құтқарайын сені, ұлым!
Және ол зар оңайлықпен тыйылмас,
Қанымыз бір,
Жолымыз да шиырлас.
Енді сенің кесіріңнен
Маған да
Туған жердің топырағы бұйырмас.
Жә, не қайыр, налы, мейлі, налыма,
Сорлы балам,
Туыпсың-ау сорыма.
Өзің түстің өзің қазған орыңа.
Кеттік, көне,
Ішіңді ал қолыңа!

Ұясына күн түр еді батқалы,
Түксиеді меңіреу құм шатқалы.
Олар үлкен қара жолға түсіп ап,
Бір төбенің басына кеп тоқтады.

– Мынау төбе саған соңғы шығар шың
Болатынын ұғарсың.
Сен, әрине, құралайды көзге атқан,
Атқан оғын маздатқан
Менің мерген екенімді ұмытпаған шығарсың? –
деді әкесі құлазып нар көңілі.
Дір-дір етіп:
– Ұмытқам жоқ, – деді ұлы.

Сөзмаржан



Пенделік – адамның ұнамсыз қасиеттері.
Ғаламат – орасан, зор.
Үкім – шешім, билік.
Кею – ренжу.
Налу – ренжу, қапа болу.
Ішік – бағалы тон.

– Балам, үміт – қызығымның өлшемі
Өзің едің,
Қайғым болдың еңселі.
Басына шық, кәне, мына төбенің,
Осы арада қалдырамын мен сені.
Қараладың қасиетті мекенді,
Жараладың тұрмастай ғып әкенді,
Мына жолмен өткен жұрттың аузынан
Махамбеттің жырын тыңдап жат енді.
Мүмкін, сонда ұғынарсың қатеңді.
Кім аяққа басса заңын даланың –
Ұмытқаны қатал тарих сабағын.
Кешір мені,
Таусылды бар амалым.
Дала заңы – баба заңы, қарағым, –
деп әкесі қолына алды садағын...

1

Білу

1. Мұхтар Шаханов кім?
2. «Нарынқұм зауалы» кім туралы поэма?
3. Махамбет Өтемісұлы туралы не білесіңдер?
4. Махамбет Өтемісұлы тұсындағы қазақ қоғамының тарихи-әлеуметтік жағдайы қандай еді?

2

Түсіну

1. Әке мен бала диалогінің мәні қандай? Неліктен әкесі баласын өлімге қиды?
2. *«Ақын деген киелі аққу самғаған,
Ал, ендеше аққуды атқан пендені
Қай атаңнан көріп едің, оңбаған?»* – деген жолдарды қалай түсінесіңдер? Неліктен ақынды «киелі» деп аққуға теңейді?
3. «Дала заңы – баба заңы» деген нені білдіреді?

3

Талдау

1. Шығармадағы басты ой, негізгі пікір қандай?
2. Поэма мазмұнындағы адалдық пен сатқындықты салыстырыңдар.
3. «Ұқсастық пен даралық» тәсілін қолданып, әкесі мен баласын салыстырыңдар.

4

Жинақтау

1. Поэманың тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Баласы мен әкесіне тән қасиеттерді топтастыру сызбасы арқылы көрсетіңдер.

5

Қолдану

1. Әке мен бала диалогін рөлдерге бөліп оқыңдар.
2. Поэманы композициялық құрылысына қарай талдаңдар.
3. Әдебиет теориясына сүйеніп, өлеңнің ұйқасын, шумағын, бунағын, буын санын анықтаңдар.
4. Әке үкімінің дұрыс, бұрыстығына пікір таластырыңдар.
5. Мағынасы түсініксіз сөздерді тауып, сөздікпен жұмыс жасаңдар.
6. Поэма мазмұны бойынша топтарға бөлініп, «Орындаушы», «Сыншы», «Қорғаушы», «Бақылаушы» рөлдік ойынын өткізіңдер. Топ тақырыптары: «Махамбет кім?», «Әке үкімі», т.б. Әр топтағы бірінші оқушы – «Орындаушы», ол берілген тақырып мазмұнын айтып береді, екінші оқушы – «Сыншы», ол орындаушының олқы тұстары туралы айтады, «Қорғаушы» «Орындаушының» ұтымды жауаптарын айтып, қорғайды. «Бақылаушы» топтағы оқушылардың рөлін қалай алып шыққандығын бағалайды. Іске сәт!
7. <http://bilim-all.kz> сайтынан ақын өлеңдерін оқыңдар.

6

Баға беру

1. Әке үкімінің танымдық, тәрбиелік мәні неде деп ойлайсыңдар?
2. Махамбеттің арманы орындалды ма?
3. Поэмадағы Махамбет монологі туралы қандай ой түюге болады?

Диалог құру

Мұхтар Шахановпен сұхбаттасу үлгісін құрастырыңдар.

Кітапсүйерлер үшін

М.Шахановтың өлеңдер жинағынан ақын шығармаларын оқыңдар, ұнаған өлеңін жаттап алыңдар. Хрестоматияда берілген «Арман» өлеңінің мазмұнымен танысыңдар.



Өлең құрылысы туралы түсінік

Өлең – белгілі бір тақырыпқа арналған, ырғағы мен ұйқасы бар шағын поэтикалық шығарма. Ол бөлшектерден құралатын біртұтас шығарма. Сол бөлшектердің бірі – шумақ. Шумақ – кемінде төрт жолдан (кей жағдайда екі немесе алты) құралып, аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіретін өлең бөлшегі.

Мысалы:

Қалаул(ы) ақын бола алдым ба,
Қалың қауым күнде тыңдар!
Аңқылдаған ел алдында
Азаматтық міндетім бар. (Қ. Мырза Әлі. «Парыз»)

Ұйқас – өлең жолдарын біріктіріп, белгілі бір үйлесімде ұстап тұратын өлең бірлігі. Ұйқас болуы үшін өлең кемінде екі жолдан тұруы керек.

Мысалы:

Ана тілің – арың бұл, – а
Ұятың боп тұр бетте. – б
Өзге тілдің бәрін біл, – а
Өз тіліңді құрметте! – б

Ұйқас түрлері: *қара өлең ұйқасы, шұбыртпалы ұйқас, кезекті ұйқас, шалыс ұйқас, егіз ұйқас.*

Өлең шумағының тағы бір бөлшегі – тармақ. Тармақ деп, өлеңнің әрбір жолын айтады. Тармақ бунаққа, бунақ буынға бөлінеді. Бунақ – әр тармақтың белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. Буын саны сөздегі дауысты дыбыстарға байланысты анықталады.

Қазақ өлеңі – силлабикалық, яғни, буынға негізделген өлең болып табылады.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы



Тапсырма

Таңдауларың бойынша бір өлеңді құрылысына талдап үйреніңдер.

Қазіргі қазақ поэзиясына тың дүние толқынын тудырып, жаңа леп әкелген, өткір тілді, оқшау ойлы ақын туралы біліп алайық!

ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕК

Естеріңізге түсіріңдер:

Балалар әдебиетінің дамуына үлес қосқан қандай ақын-жазушыларды білесіңдер? Қандай кейіпкерлерді атай аласыңдар?

Меңгерілетін білім:

Темірхан Медетбек кім?

«Тәуелсізбін» өлеңінің идеясы қандай?



ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕК
(1945 жылы туған)

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қоғам қайраткері Темірхан Медетбек 1945 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. *«Әдебиетке 8–9-кластан құмартқан екем. Сол тұстарда аудандық «Қызыл Түркістан» газетінде екі өлеңім шықты. Осыдан кейін-ақ қанаттана түстік. Тіпті өлеңге құлай жығылдым десем артық емес. Әуелден-ақ кітапты көп оқыдым. Бала кезімнен есейгенше Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов шығармаларынан бастап, ауылдың шағын кітапханасындағы дүниелерден түк қалдырмадым-ау деймін»,* – деп еске алады ақын.

Алғашқы өлеңдер жинағы *«Жанымның жас құрағы»* деп аталады. Ақынның *«Сапар алдында», «Дауыс», «Алыс шақырымдар», «Мәртебе», «Көгершін қауырсындары», «Абай әлемі», «Сырым бар саған айтатын», «Тынышыңды алам дүние», «Тағдырлы жылдар жырлары», «Көк түріктер сарыны»,* т.б. жыр жинақтары жарық көрді.

Зергер сөз

Темірхан – тасқа тамыр,
темірге жан бітірген
ақын. Ол – біздің поэзия-
мыздағы құбылыс.

Ұ.Есдаулет

Тәуелсізбін

Тәуелсізбін!
Тәуелсізбін мен бүгін.
Келді, міне, азаттығым, теңдігім.
Бостандықта бойлығым мен ендігім,
Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім!

Қарсы қарап қатал мынау заманға,
Айналдық біз қайтпас, қайсар қамалға.
Алды бүгін тәуелсіздік тау-тасым,
Орман,
Көлім,
Далам менен балам да!



Жаным менің,
Қаным менің тәуелсіз!
Арым менің,
Жарым менің тәуелсіз!
Заңым менің,
Бағым менің тәуелсіз!
Әнім менің,
Дөнім менің тәуелсіз!



Тәуелсізбін! –
Танып тұрмын өзімді.
Ұшырамын қанат байлап сөзімді.
Ешкім енді көкірегімнен итеріп,
Ешкім енді шұқымайды көзімді.
Тәуелсіз ғой ойым менен ұғым да,
Бақыт құсым қонды келіп тұғырға.
Тәуелсіздік алды бүгін, қараңдар,
Тойым түгіл,
Қайғым менен мұңым да.

Заман өтті –
Қансыратып қанаған.
Заман өтті –
Қалтыратып тонаған.
Тәуелсіздік келді міне ақыры,
Зорға жеттім,
Зорға жеттім мен оған!

Құтылмаған кінәраттан, күнәдан,
Бар шындықты іштей үнсіз құраған, –
Ағыл-тегіл көздің жасын көл етіп,
Күні кеше былай деп мен жылағам:

Зергер сөз

Темірхан Медетбек...
ерекше талант. Даусыз.
Ешкімге ұқсамайды.
Ұқсаса – Махамбетке
ұқсауы мүмкін. Өлеңде-
рінде азаматтық әуен,
өршіл екпін, тегеурінді
мақам бар. Ашық жаза-
ды. Жағымпаздану,
жарамсақтану, мәймөң-
келеу, сылап-сипау, жал-
пақшешейлік, көлгірсу
Темірханда кездеспейді.

Г.Бельгер



Сөзмаржан

Шемен – қайғы-қасірет, уайым.

Шерлі үн – қайғылы, мұңлы.

Қанау – біреудің адал еңбегін жеу арқылы пайда табу.

Кінәрат – 1) кемістік, ақау, мін; 2) ауру, сырқау, кесел; 3) қаяу, кірбің.

Бұғау – (ауысп.) қапас, қамау, қоршау, құқы жоқтық, құлдық.

Құрық – 1) жылқы ұстау үшін ұшына ілмек арқан бекітілген ұзын сырық; 2) (ауысп.) айла-шарғы, қулық-сұмдық.

«Жаным кетті қарайып,
Қопарылды тірегім.
Айтындаршы, халайық,
Қалай өмір сүремін?!

Қалай жүрем темірден
Соғып шыдам төзімді...
Көріп едім бәрін мен
Ойып алды көзімді.

Қалай жүрмін құламай!
Қазды менің түбімді.
Сөз айтып ем шыдамай!
Қырқып алды тілімді.

Қай жерде мен тайқып ем?!
Сынап тағы бағымды –
Ойымды мен айтып ем,
Отқа салды жанымды.

Төктім үнсіз жасымды,
Кеуіп қалды таңдайым.
Көтеріп ем басымды
Қақ айырылды маңдайым».

Күні кеше дәл осылай жылағам!
Жылағанмын –
Көздің жасын бұлағам.
Үһілеген менің жастық демімнен,
Теңіз толқып,
Тау күңіреніп құлаған.

Соны ойласам –
У мен зәрді ішем мен.
Соны ойласам –
Қайғы-мұңға түсем мен.
Тудық біздер көрінбейтін бұғаумен,
Жүрдік біздер көрінбейтін кісенмен.


Өз жерімде ала алмастан рұқсат,
Өзімізге жүрдік біздер құрық сап...
Үндетпестен тас тықты да көмейге,
Қойды сонсоң аузымызға құлып сап...

Таптап, қырқып,
Жоқ етті де нуымды.
Жазарымды отқа салды, қуырды.
Жуынды етті кәусар менен суымды,
Шұлғау етті қасиетті туымды.

Мұның бәрін, мұның бәрін ұғынам...
Жүрек жара –
Зар заманның мұңынан.
Сол кезде мен «азаттық» деп, «теңдік» деп,
Бөрі болып айға қарап ұлығам.

Тәуелсізбін!
Тәуелсізбін мен бүгін.
Келді кіріп азаттығым, теңдігім.
Бостандықта бойлығым мен ендігім,
Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім!

Кеуделерді тарылтпастан кек қысып,
Кетеді одан өр далама өрт түсіп...
Құсқа айналып кеудемдегі жүрегім,
Сүйіншілеп келер күнге кетті ұшып.



Даналық ойдан дән ізде

Заман ағымы бізді Қазақстан Республикасы тұңғыш рет тәуелсіз ел ретінде әлемге әйгіленген тарихи дата – 1991 жылдың 16 желтоқсанынан күн сайын, сағат сайын алыстатып барады. Біз жыл өткен сайын сол бір тарихи таңдаудың сарқылмас құдіретін жан жүрегімізбен түсінеміз. Ол – егемен мемлекетте бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде азат өмір сүру таңдауы. Ол – туған жеріміздің қазынасы мен қазба байлығына дербес иелік етіп, барша қоғамның игілігі үшін өз қалауымызбен жұмсау таңдауы. Ол – өз тағдырымызды өзіміз айқындау, болашағымызды өз қолымызбен жасау таңдауы. Біздің жаңа Қазақстанымыз жарық жұлдыз болып дүниеге келді. Баршамызды Тәуелсіздіктің Ұлы рухы жебейді, біріктіреді, бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады.

Н.Назарбаев

1

Білу

1. Ақын Темірхан Медетбек туралы не білдіңдер?
2. Тәуелсіздік дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Ақын өлеңі қандай оқиғаға арналған?
4. Тәуелсіз Қазақстан тарихы туралы не білесіңдер?

2

Түсіну

Өлең неліктен «Тәуелсізбін» деп аталады?

3

Талдау

1. Шығарманың басты идеясы, негізгі түйіні қандай?
2. Тәуелсіздік алғанға дейінгі Қазақстан мен бүгінгі Қазақстанды салыстырыңдар.

4

Жинақтау

1. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Тәуелсіздік ұғымына тән қасиеттерді топтастыру сызбасы арқылы көрсетіңдер.



5

Қолдану

1. Өлең үзіндісінің ұйқасын, шумағын, бунағын, буын санын анықтаңдар.
2. Өлеңді жаттап алыңдар.
3. «Тәуелсіздік» сөзімен сөзжұмбақ құрастырыңдар.
4. «Менің елім – тәуелсіз Қазақстан» тақырыбына эссе жазыңдар.
5. Тәуелсіз Отанымыздың тарихын өткен шақта, осы шақта, келер шақта баяндаңдар.

6

Баға беру

Ақын неге: «Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім!» – дейді? Пікір алмасыңдар.

Артық болмас білгенің

1991 жылдың 16 желтоқсаны күні КСРО-ның ыдырауына байланысты Қазақстан өз егемендігін жариялады және Халықаралық қауымдастық тарапынан тәуелсіз мемлекет ретінде мойындалды. 1992 жылдың 2-наурызынан бастап, БҰҰ-ның толыққанды мүшесі. Сонымен қатар Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымына, Шанхай ынтымақтастық ұйымына және Еуразиялық экономикалық қауымдастығы сияқты басқа да бірнеше халықаралық ұйымдардың құрамына кіреді.

«Қазақстан тарихы» оқулығынан

Диалог құру

Тәуелсіз Қазақстан туралы диалог құрыңдар.

Кітапсүйерлер үшін

Т. Медетбектің өлеңдер жинағынан ақын өлеңдерінің мазмұнымен танысыңдар. «Күлтегін», «Тоныкөк», «Махамбет рухының монологы» дастандарын оқыңдар.

Әдебиет теориясы

Лирика туралы түсінік

Лирика – әдебиет тегінің бір түрі. «Лирика» – грекше музыкалық аспап атауы. Лирикаға қосып айтатын өлеңді «лирика» деп атаған.

Лирика – ақынның сезімін, көңіл күйін, қуанышы мен сүйінішін, арманын, өмірге деген көзқарасын, ішкі толғанысын, дүниетанымын сыр қып шертетін өлең.

Лирикалық шығарма өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге көзқарасын, оның сезімін, нақты ойын, көңіл күйін суреттеу әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі. Лириканың бірнеше түрлері бар: азаматтық лирика, махаббат лирикасы, табиғат лирикасы, философиялық лирика, көңіл күй лирикасы.

З.Қабдолов. «Сөз сыры»

Тапсырмалар

Лирикалық өлеңдерге мысал келтіріңдер, жатқа оқыңдар.

Достар! Шығармалары философиялық ойларымен ерекшеленетін, өзгеге ұқсаймайтын даралығымен, өмір шындығын бейнелеуде соны соқпақ салуға құштарлық тән жазушы шығармашылығы сендерді өз әлеміне шақырады.

ТӨЛЕН ӘБДІКОВ



ТӨЛЕН ӘБДІКОВ
(1942 жылы туған)

Зергер сөз

Төлен Әбдіков – әдебиет көгінде жарқ етіп көрінген аса үлкен талант. Осыдан жарты ғасыр бұрын алғашқы туындылары жариялана бастаған қаламгер атына айтылған жоғары құрмет күні бүгінге дейін өз биігінен еш аласарған емес. Керісінше, дүниеге келген әр шығармасы қазақ прозасында құбылыс саналған жазушының жұлдызы тым асқақтап, одан бетер жарқырай түскен.

Ж.Елшібек

Естеріңізге түсіріңдер:

Тәуелсіз Қазақстанның қандай ақын-жазушыларын білесіңдер?

Меңгерілетін білім:

Төлен Әбдіков кім?
«Қонақтар» атты шығармасындағы автор ойы.

Жазушы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіков 1942 жылы қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданында туған. Ең алғашқы әңгімелер жинағы *«Көкжиек»* деген атаумен жарық көрді. Одан кейінгі шығармалар жинақтары *«Күзгі жапырақ»*, *«Ақиқат»*, *«Айтылмаған ақиқат»* деп аталады.

Автордың прозалық шығармаларының тақырыбын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірі – адам мінезінің құпия сырлары, өмірдің қайшылықты құбылыстары, қоғамдық мәселелер. Оған *«Оң қол»*, *«Қайырсыз жұма»*, *«Бас сүйек»*, *«Қонақтар»*, *«Жат перзент»*, *«Қыз Бәтіш пен Ерсейіт»*, *«Парасат майданы»*, *«Ақиқат»*, т.б. шығармалары жатады. Екіншісін тарихи тақырыпқа жазылған *«Әке»*, *«Оралу»* повестері мен *«Өліара»* романы құрайды.

Көркем туындыларында халқымыздың озық салт-дәстүрін ардақтап, адамгершілік, ізгілік мәселелерін көтерген қаламгер, қазақ әдебиетіне философиялық проза жанрын ала келген белгілі жазушы Төлен Әбдіков – Еуропалық алтын медалінің және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері.

Жазушы – оннан астам повесть, әңгіме, бір роман, екі пьеса авторы. «Райхан» атты алғашқы әңгімесін қаламгер жиырма жасында жазыпты. Бұдан кейін де Төлен Әбдіковтің қаламы қарымды бола түсті. «Күзгі жапырақ», «Ақиқат», «Айтылмаған ақиқат» атты повестер мен әңгімелер жинағы оқырмандарға ұсынылды. «Өліара», «Біз үшеу едік» пьесасы республикалық театр сахналарында қойылды. Грек аңыздары «Эллада ерлерін» қазақ тіліне аударған. Сонымен қатар бірнеше шығармасы шетел тілдеріне аударылды.

2002 жылы жазылған «Парасат майданы» повесі тосындығымен ерекшеленіп, ПЕН-клубтың сыйлығын иеленіп, Халықаралық Франц Кафка атындағы медальмен марапатталды. Соңғы жылдары «Ардагер» атты пьеса мен «Тұғыр мен ғұмыр» атты повесін жарыққа шығарды.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы

Қонақтар

(ықшамдалып алынды)

Курорттан қайтып бара жатқан сапарларында жолдай үйге соқпақ болған балаларын күтіп, Ерғабыл шал түн ортасы ауғанда жатса да, ертеңіне күн шықпай оянды. Алагеуімде үндемей жүріп, киініп алды. Мәсісін де, шұлғауын да ешкімнен сұраған жоқ. Кенет әжептәуір қатал дауыспен:

– Әй, шақшам қайда? – деді ұйқылы-ояу жатқан кемпіріне.

Кемпір естіді ме, естімеді ме, міз бақпады. Ерғабыл оның үстіне сәл төне түсіп:

– Кемпір, шақша көрмедің бе? – деді жұмсарып.

– Байғұс, «қайдалайды да» жүреді екенсің. Қойған жеріңді ұмытып қаласың ба?.. Мә!

Ерекең ләм-мим демей, алдымен бір атым насыбайды ерніне тастап, шақшасын қалтасына салды. Кемпірі басын ұстап, қайтадан төсегіне жантайды.

– Басым сынып, өлейін деп жатырмын, мазалай бермеші.

– Өлсең, Бағила кемпірді алып келемін, – деді шал бағанадағыдай емес, көңілденіп.

– Иә, жетісерсің! Бала бір жақта, біз бір жақта. Мына қу моладан сүйегімізді табар бір күні. Осы Қаратүбектің басында жұмақ тұрғандай, екі елі қия

Даналық ойдан дән ізде

Әдебиет өзінің құнын жоғалтса, ұлттық сипат та бірте-бірте өз ерекшелігінен айырыла бастайды. Ал ұлттың құруы – адамдардың қырылып қалуы емес, әрине, ұлттың жойылуы – тілінен, дәстүрінен айырылып, сипатсыз тобырға айналуы.

Т.Әбдіков

баспайсың... Бүгін келсін балалар, көрерсің, еріп кетемін. Қал, жалғыз өзің омалып.

– Кеше ноқтаның сағағын байламапсың ғой, кер құлын ағытылып кетті.

– Иә, бұған бірдеңе айтсаң, бұл бірдеңе айтады.

– Е, не ғыл дейсің маған. Бала ыһ... тартып жіберші мына шетін, көтерсейші басыңды... мықтап ұста... ешқайда кетпес, оралар... Туып-өскен жері, елі... Ұста деймін, қаттырақ ұста. Қарайған малды тастап, қайда барасың?

– Сен шал, алжисың. Осы ғой, міне, алжыған деген осы шығар. Екі бие сенің басыңа көктас қоя ма? А-а-а, осыны алмаған Құдайдың тамағы тоқ.

Ерекең ыңырана әндетіп, таяғына сүйенді. Сыртқа шықты. Күншығыс аппақ. Ауа сәл-пәл дымқыл екен. Қолын көлегейлеп, маңайына қарады. Көкжиек шыңылтыр ашық болатын. Бірақ шалға тұманытып көрінді. «Кешке кер құлынды бастау қосақтап едім, оралып қалмады ма екен? – деп ойлады ол. – Анау Қарабидайықтың табанында жүрген солар шығар. Тұсауымен сонша жерге кетеді. Бұл иттерді байлап қоямын ба, не істеймін?»

Бір қолымен белін ұстап, шық басқан көк шөптерді таяғымен анда-санда қағып қойып, шабылған бидайықтың жиегімен келе жатты. Лезде белі ұйып, шаршап қалды. Таяғына сүйеніп аз тұрды да, буындары сытырлап, сүрлеу жиегіндегі төмпешікке келіп отырды.

– Кәрілік! Е-е, жарықтық-ай! Уһ! – Орамалын алып, терін сүртті. – Күн жылынған шығар, – деп, жұқа барқыт бешпентін шешіп, қолына алды. Уқаланған өңірін жазып жатып: «Ертең сүйегіме шапан жетпей қалса, – деді ішінен, – Бектемірден қалған жалғыз Ерғабылдың басында түк болмады деген атаққа қалармын».

Әлдеқалай шалдың көз алдына өлгеннен кейін мұны жұрттың қалай шығарып салатыны елестеді. Елестегенде, «құданың құдіретімен» өткендегі Айтбай шалдың сүйегін шығарғандағыдан бір айнымайды. Бірақ мұның жұртқа үлестіретін киімі одан көп екен. Аққұдық пен Сарыөзек тегіс келген секілді. Бата оқырын бергеннен кейін атпен жарысып мүше алып қашқандар да бар. Жұрттың бәрі:

– Е-е, қайран дүние, кімге опа берген, бұл кісілер де кетті-ау дүниеден. Мұндай кісілер енді тумайды, тумайды, – деп аза тұтып, енді біреулері:

Сөздің көркі – мақал

Қарсы келсе кәрілік
Қара нарды шөктірер.

Кәріге құрмет –
Балаға міндет.

– Шіркін, бала деген осы ғой: Сапабек әкесін қандай қып жөнелтті, ә! Ойпырмай, мұндай ұлы дүбірмен біздің елде әлі ешбір шал аттанбаған шығар, – десіп, таң қалысып бара жатқанға ұқсайды.

Шал күлімсіреп таяғын ұстады. «Айдалада өлген көрі қасқырға ұқсамай, ел-жұрттың алдында абыроймен өлу – осыдан артықтың енді керегі жоқ». Орнынан тұра беріп:

– Сапабекжандар кеше келмегені несі, – деді күшене сөйлеп, – тлеграмда кеше еді ғой.

Әлсін-әлсін дамылдаумен Қарабидайықтың табанына келді.

Бағанағы ойы бекер екен. Жылқылар әріде – Шайтанкөлдiң маңында жүр...

Ерекең қайтіп жаяу жетпесін білді де, кер құлынды ағытып, биені тұсауымен ноқталап алды. Арықтың ішіне енгізіп, жиектен асылып мінді. Әрең дегенде түзеліп отырды.

– А-а-а, жетпіс бес, – деді дауыстап, көзге көрінбейтін тап сондай біреумен сөйлесіп тұрғандай, – сен болар ма екенсің, мені алып кететін, жоқ, сексен бес пе екен. Түсімде айырып ести алмағанымды қарашы. Фью-фью, әй, жетер түнімен оттағаның...

...Кер бие үйреншікті желінің басына тоқтады.

– Немене, ұзап кетіп пе? – деді кемпірі құлынды байлап жатып. – Қажыған шығарсың, шай қояйын ба, мызғып аласың ба?

– Шөлдедік. Шайыңды қой.

Ерекең есік алдындағы бөгетке шықты. Әлдебір мұңды әнді ыңылдай айтып, таяғына сүйеніп біраз тұрды. Өзен жиегіндегі қыстауын көріп, бағанағы кемпірінің сөзін есіне алды: «Осы Қаратүбек басында жұмақ тұрғандай, екі елі қия баспайсың. Балаларға еріп өзім кетем».

«Әй, кемпір, – деді ішінен, бағанағы жерде айтатын сөзі ойына жаңа түсіп, – азды-көпті ғұмырымның ішінде талай бақтан айырылып, талай баққа қолым жетті. Дүние бірде алдын берсе, бірде артын береді. Бірақ әкем көрген, әкемнің әкесі көрген қара орнымнан айырылып көрген күнім жоқ. Не тантып отырсың!» Ерекең желі басында әлі күйбеңдеп жүрген кемпіріне зекіп жібергісі кеп, уыттана, шақшия қарады. Кенет оның түк жазығы жоқ екені есіне түсіп, сабырмен ойға шомды.

Сөзмаржан



Алагеуім – таң енді атып келе жатқан уақыт, апақ-сапақ.

Шақша – насыбай салатын ыдыс.

Сағақ – жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы.

Көлегейлеу – қолын маңдайына апарып күннен қорғану.

Сүйек шығару – өлген адамды жерлеу.

Мүше алу – (этно.) тарту-таралғы, сыйлық.

Аза тұту – өлген кісінің қазасына қайғыру рәсімі.

Желі – құлындарды байлау үшін екі қазыққа кере тартылған арқан.

Уыттана қарау – суық, сұсты жүзбен қарау.



Сөзмаржан

Китар – 1) екі көзінің жанары бір-біріне қиғаштала біткен, қисық.
2) (ауысп.) жөнге келмейтін бірбеткей, қыңыр, қиқар.

Жерошақ – қазан асу үшін жерден қазып, от жағатын шұңқыр ошақ.

Шіміркену – түршігу, тітіркену.

Шарбы бұлт – селдір, сирек бұлт.

Қапсағай – зор денелі, ұзын бойлы, сүйегі ірі.

Ертеректе, осыдан алпыс жылдай бұрын, сонау қыстау маңы тізілген үйлер болатын. Бектемір әулеті тегіс осы араны қыстайтын. Өмір-бақи жан-жаққа пышырап көрген емес, ағайыншыл еді ғой бәрі де. Көктемде ел қыстаудан көп ұзамай, өзен жиегіне қаз-қатар киіз үй тігеді...

Ол күндердің куәсі боларлық бір пендені тірі күйінде кездестірем бе деген үмітінің шындыққа үйлеспейтінін сезген шал өзін-өзі сөгіп, қай-қайдағы ойдың қайдан келетініне кейіп, шошынып, «алжыппын» деп мойындап, бөгеттен түсті. Жерошақ басынан қолын шайып, шайға отырды. Ерекең шай үстінде көп сөйлемейтін. Сол әдетімен үнсіз тұқыып, қолдарының білеуленген тамырларын ұстап, ақселеу сақалын сипап ойланып отыр. Бас жағында сүйеулі тұрған ескі домбыраға шұқшиып қарады, қолына алған жоқ.

– Бір құй, – деді тершіген ақшыл білегімен кесесін нұсқап, – шөл қанатын емес. Ішім кеуіп кетті. Сапаш-жандар неге кешікті екен. Кеше емес пе келем дегені.

– Келетін шығар бүгін. Сен шал, осы жөніңді айтшы дұрыстап. Осы келгенде Жеңістайды алып қаламын деп тұрсың ба? Жоқ, әлде еріп өзіміз кетеміз бе?

– Бос сөз сөйлеме.

– Несі бос сөз. Менің өлейін деп отырғаным мынау. Шай қайнатып беруге де шамам келетін емес.

– Ыһ. Баяғыда қосыларда көрісініп ең, жарамауға айналдың ба?..



Кемпір жауап қатпай, самауырды алып шығып кетті. Ерекең шалқасынан жатып, ашық түндіктен аспанға қарады. Ақ шарбы бұлттар көшпей бір орында тұр екен. «Қара арғымақ арыса, қарға адым жерге мұң болар», – деп мақалдап көзін жұмды.

Ерекең ұйықтамаса да көзін жұмып отыруды ұнататын. «Уақыт шіркін зымырап өтті де шықты. Тәңірінің құдіреті күшті-ау! Енді, міне, тірліктегі ырыздық, несібенің таусылуы да тақады. Әйтеуір артымызда бір жаман бар. Тұяқсыз пенде емеспіз... Жылда қолдарына шақырады. Ерекеңнің ойына кемпірінің сөзі түсті. Уай, ақымақ кемпір. Өлер шақта тұрмыс қуып тентіреп жүре алмаспын. Ағайын жұрт, өз еліңдей елді табамын деп отырсың ба басқа жақтан... Айдаладағы бір қаладан»...

Ерекең уақыт қуалап, өзінің ұзақ ғұмырындағы бірлі-жарымды ерлік істерін көз алдынан өткізіп жатты. Сөйтіп жатып, Ерекеңнің көзі ілініп кетті.

Машинаның гүрілінен оянды. Шаңқай түс. Іргеге созылған сол қолына күн сәулесі түсіп, қыздырып тұр.

– Ойбай, бала келіп қалды, – деп, кемпір үйге жүгіріп кірді. – Әй, біліп ем ғой бүгін келерін.

Заматта гүріл үй сыртына келді. Бір-екі рет үстемелете арылдап өшіп қалды. Машинадан улап-шулап түсіп жатыр. Бала дауысы, әйел дауысы... Ерекең қапелімде тұра алмай қалды. Тырбандап қолымен жер тіреп жатқанда:

– Ассалаумағалайкум, – деген бірнеше дауыс қатарынан шықты. Ауыл жігіттерінің бірі болу керек:

– Үйбай-үйбай, шалды қара, тұра алмай жатыр, – деп шиқылдап күліп жіберді.

– Қуаныш қой, қуаныш. Қуанған мен қорыққан бірдей дейді ғой.

– Қуаныш құтты болсын!

Ерекең жаңа қаз тұрған балаша тәлтіректей көтеріліп, ат жақты қапсағай сары жігітті құшағына қысты. Одан соң омырау, жеңдері ашық шұбар көйлек киген, шашын қидырған, топ-толық, ақ сары, ажарлы келіншекті шіміркеніңкіреп маңдайынан сүйген болды.

– Әлгі жаман қайда? Әкеліп пе едіңдер?

– Әкелдік қой. Әй, Жеңіс қайда? Жеңіс!

Жаюлы сөреден құрт алып үлгерген аяқ-қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасындағы ұл бала табалдырықты кесіп тұра қалды.

– Бар, бар, атаңа бар.

Сөздің көркі – мақал

Ата – балаға сыншы.

Бала – адамның бауыр еті.

Шал өзіне зорға келген немересін бауырына басып, бетінен сүйді. «Ой, тентек, атаны сағынбайсың-ау», – деп жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін сұртті.

– Кел, келе ғой, әй, – деді есік жақтан көрші кемпірлердің бірі қолын созып. – Шалдың баласысың ғой, кел.

Қитар ұл енді ешкімге бармады. Тіпті қайта шақырған Ерекеңнің өзіне де жолаған жоқ.

– Келсейші, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді, Сапабекжан? – деп әлгі кемпір қапсағай сары жігітке қарады.

Сапабек алдына келген баланың қысқа кекіліне қолын тигізіп:

– Ептеп түсінеді, – деді.

– Қой, қазақша үйретіндер.

– Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ, – деп Сапабек қазақша білмейтініне риза болғандай күлімсіреп, ақ сары келіншегіне қарады. – Тома, мынаның бет-аузы кір, жуындыршы, – деді орысшалап.

Көп ұзамай ауыл қонақтары да жиналып қалды. Ерекең сыртқа шығып, қой-ешкілерін жинап, бір семіз тоқтысын ұстап, бауыздап, «қолыңның қаруы бар ғой» деп кепкесін теріс киген бір жігітке терісін ірітіп, мүше-мүшеге бөлдіріп, қалғандарын қатындарға тапсырып, үйге кіргенде бағанағыдай емес, әңгіме қыза түсіпті. Көрші ауылдан шалдар келген. Сөйлеп отырған Сапабек:

– Жалпы геология халық тіршілігінің ең басты қажеттілігіне айналды, – деді ол, «мұны тыңдап алыңдар, бұл өте қажет жері» деп балаларды өзіне қаратқан мұғалімдей жастар жағын көзімен шолып. – Мынау тұрған жердің асты тұнған байлық. Біздің Қазақстанда өте сирек кездесетін элементтер бар. Асыл тастар қаншама! Меруерт, маржан, інжу, жақұт, гауһар – не керек, бәрі бар. Гранитке байланысты пайда болатын мөлдір, қызыл көк түсті слюда, ашық қызыл микролин, мөлдір көк флюорит, қою жасыл турмалин, қан қызыл граниттердің өзі неге тұрады. Бұл жөнінен бар ғой, бұл жөнінен біздің Қазақстан бүкіл дүниежүзіне әйгілі.

– Шырағым-ау, – деді қатар отырған қоңқақ мұрынды Абыл қарт. – Сол тасыңнан, өзі, пайда бар ма? Маған біреуін әкеп берсеңші.

Сөздің көркі – мақал

Атадан жақсы ұл туса,
елінің қамын жейді,
Атадан жаман ұл туса,
елінің малын жейді.

Тілі ащы шалдың қиқар сөзіне бұрын күліп үйреніп қалғандар қарқылдап күлісіп алды.

– Оның пайдасы деген шаш етектен, ақсақал. Мәселен, сонау Украина гранитті бізден алады. Оны өңдеу тәсілін шығарған да біздің ғалым. Жалпы мұның маңызы деген тіптен керемет.

– Қайдам, – деді Ерекең осының маңызына онша түсінгісі келмей, – осы тастардың соңында кеттің ғой өзіңмен-өзің боп. Тым болмаса, жылына үйге бір апта да түнеп кетпейсіңдер.

Сапабек әлденеге қынжыла күлді...

Бұдан соң Сапабек дүйім жұртты аузына қаратып, өзінің Лондонға, Будапештке, Мароккоға, Италияға барған сапарларын әңгімелейді. Бөтен, жат халықтардың дәстүрін, мәдениетін, адамдарын мақтады. Италиядағы кедейлердің ауыр тұрмысына аяныш білдірді. Шалдарға бұл әңгімені түсіну тым қиын еді. Сондықтан олар жастарға араласпай, өздеріне түсінікті басқа әңгімеге ауысты. Босағада отырған Тома мүлде жалғыз қалды. Қала қыздарына тән епсіздікпен кішкентай қиықша көрпенің үстінде қалай отырарын білмей, біресе қолымен жер тіреп, біресе бір жамбастап, жұрттың сөздеріне толық түсіне қоймай, әркімге бір қарап үнсіз отырды. Кенет енесінің самауыр көтеріп келе жатқанын көріп, жүгіріп барып:

– Аже, бер, дайте мне, дайте, – деді елпектеп.

Бұрқырап самауыр келді. Қызыл жолақ дастарқан жайылып, майы шылқыған күрең бауырсақтар төгілді. Шайды Тома құйды. Кемпір онша сеніңкіремей, қарсы отырып, қосарланып сүт құйып: «былай, былай, иә солай, сүт құй, ақ су, шай» – деп, бір-біріне байланыспайтын бір сөздерді айтып отыр. Сөйтсе жақсырақ түсінеді деп ойлайтын секілді. Сапабек жастыққа шын-тақтай жатып:

– Геологияның болашағы деген болашақ керемет қой. Әрине, ешбір қоғам мұнсыз күн көре алмас еді, – дегенде, әзілқой шалдардың бірі Ерекеңе:

– Өлетін кезің болды. Кезек сенікі, енді неге өлмейсің, – деп қолқалап отырған кезі еді.

– Иә, иә, Қазыбай тұқымында жетпіс беске келген ешкім жоқ.

– Мына Бектеміс жетпіске жаңа жетті. Кезек өзіңдікі. Киімдеріңді қимай отырсың ба? Бөрігінді, есінде болсын, өзім аламын, – деді шоқша сақалды қара шал

Сөздің көркі – мақал

Ана алдында – құрмет,
Ата алдында – қызмет.

Ата жолы – бала жолы.

Аталар сөзі – ақылдың
көзі.

Сөздің көркі – мақал

Ата-ананың қарызы –
Ұрпақтың өмірлік парызы.

Ананың көңілі балада,
Баланың көңілі далада.

Бала жетесіз болса,
Ата-анасын жерге
қаратады.

Бала жетелі болса,
Ата-анасын елге
қаратады.

Әке – асқар тау,
Ана – бауырындағы бұлақ,
Бала – жағасындағы құрақ.

қулана күліп. Ерекең көзі жұмулы, риза болғандай: «Е-е» – деп жымылып қояды... Даладан жүгіріп келген қитар ұл Томаның жанына тізерлеп отыра кетті:

– Мама, мама, ребята идут на озеро...

– Ты что, с ума сошел! – деді Тома әрі сөйлетпей. Даусы шаңқ ете қалғандай болды, өйткені осы кезде шалдар оқыс жалт қараған еді. Тома ұялғандай болып, баласының құлағына зәрін төгіп сыбырлады.

– Біздің мынау да геолог боламын деп жүр, – деді Сапабек иегімен ұлын көрсетіп.

– Әке жолын қуайын деген ғой.

– Бос сөз сөйлемендер! – Ерекең жастар жағына зекіп қалды.

– Әке жолын қуса, мына менің жолымды қусын! Ие болсын мына қу шаңыраққа!

Жұрттың бәрі тым-тырыс.

– Жастардың бәрі сол, Ереке, – деді Абыл күрсініп. Әлгілерге көзін қысып, жымылып қойды.

Жұрттың бәрі шай ішіп болып, Ерекең бөле-жаланың бәрін жатқа жіберіп, бақ пен ырыс, несібені отбасы, ошақ қасына қалдырып, шаңырақтың амандығын тілеп, бата қайырды. Шалдар да, жастар да, тіпті Тома да қолдарымен бетін сипады.

Күн еңкейіп, шаңырақтан құлаған ақ сәуле жоғарғы туырлыққа шығып кетті. Шалдар құбылаға қатар тұрып, бесін намаздарын оқыды. Біраздан соң ет келді...

Ерекең еттен соң ұзын сүйір аршасымен тісін шұқып отырғанда, Сапабек қайдағы бір қар адамы жайында, Америкадағы ұлттардың теңсіздігі жайында, қазіргі жетілген техника жайында қызық бір әңгімелерді соғып отыр еді.

– Әй, доғаршы енді, – деді Ерекең шыдай алмай. – Анау өзіміздің Аспандиярға домбыра берші, ән салсын.

– Ал, ән тыңдайық, – деп қисайып жатқан жұрт бастарын көтеріп алды.

Иегі шығыңқы, ірі, қапсағай жігіт кішкене ескі домбыраның ішектерін арбиған саусақтарымен еріне шертіп, құлағын бұрады. Біраз дыңылдап отырып, сен үшін айтып отырмын дегендей, Сапабекке қарап, жуан қоңыр дауыспен жеңіл бір әнді былқылдатып бастап кетті. Әнді толық айтпай, ортасынан үзіп тастап, домбырасын қайта бұрады. Ерекең ашық түндіктен жұлдыздарға қарап жатқан. Әлдеқалай көңілі онша көтерілмей, немересінің шақырғанға келмегеніне, келінінің аяқ-қолының

жалаңаш отырғанына, Сапабектің таусылып бітпейтін мылжың әңгімесіне қырыстанып отырған.

– Әй, айтатын болсаң, айтсаңшы, – деді ақырып. – Кешегі әкең Дүйсенбі домбыра саусағына тиер-тиместен айғайлайтын. Неден мұнша жаман болып тудыңдар?

Аспандияр бағанадан осы сөзді күтіп отырғандай, домбыраны тырнаңқырап қағып-қағып жіберіп, тамағын кенеп алды. Кенет соншалықты зор, биік дауыспен шырқай көтеріп тынып қалып, домбыраны қайта сөйлетті. Одан соң алғашқы ащы айқайға түк қатысы жоқ жоғарғы ішектен күмпілдеген бір әнге ілесіп кетті:

– А-а-а-а...

Неғылып жөнге келмей тұр,

Домбырамның пернесі...

Ерекеңнің көзінен бір от жылт етіп:

– Е, осылай термеңе бас, – деді.

– Балалы арқар баурайды,

Баласыз арқар зарлайды.

Атасы жаман қандай-ды?

Бас білмейтін нардай-ды.

– О, шіркін, сөз-ақ қой!

Аспандияр термені аяқтап, домбырасын қайта тыңқылдатып аз-кем отырды.

Сырттан ән тыңдауға келген қыз-келіншектерге есік жақтан орын болмай, қайсыбіреулері үйге кірмей, даладан сығалап тұр.

– Қарағым, басшы айқайға, – деді Ерекең қуана күлімсіреп.

Аспандияр іркілген жоқ. Бағанағыдан да зор, айбарлы, биік үнмен:

– Ей, қалқа-а-а, а-а, а-а, – деп толқындатып созып кетті. Көмекей бұғақтары қан толып, білеуленіп, күреңітіп кетті. Ерекең тұла бойы шымырлап, өтіп кеткен бір оқиғаны айқынырақ көргісі келіп, көзін жұмды... Ән бітті. Сапабек қайран қалып, басын шайқады:

– Тамаша, тамаша! Не істейсің қазір, Аспандияр?

– Тракторшы, – деді басқа біреу ол үшін.

– Тракториспін, – деді содан кейін Аспандияр өзі.

– Мынау дауысты құртуға болмайды. Мынау деген нағыз оперный баритон ғой. Так же, Тома? Тебе как, нравится?

– Мощный голос, – деді Тома басын шайқап.

Біраздан соң қонақтардың бәрі тарқап, үй-іші өздерімен-өздері қалды. Өз төсегінде малдас құрып отырған Ерекең:

Сөзмаржан



Қоңқақ мұрын – ортасы көтеріңкі, дөңес мұрын.

Қиықша – қиықшалап кесіліп жасалған ою-өрнек, құрақ түрі.

Туырлық – киіз үй жабдығы. Уықтың қарынан асырып, үзіктің етегін ала керегенің аяғына дейін жабылады.

Құбыла – намаз оқыған кезде бет қарататын тұс, Мекке жақ.

Бұғақ – адамның иек астындағы салпыңқы тұсы.

Қынжылу – кейбір ренішті жағдайдың жанға батуы, қиналу.

Артық болмас білгенің

Ата-ана – отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Дәстүрлі қазақ отбасында ата-ананың қадірі ерекше әспеттелген. Олардың тікелей үрім-бұтақтары ата-аналарын қартайғанда қамқорлыққа алуға міндетті. ҚР-ның Конституциясында ата-аналар мен олардан тараған балалардың құқықтық қарым-қатынастары заң түрінде бекітіліп, өркениетті жолдармен қорғалады. Ата-ана балаларының тәлім-тәрбиесіне қаншалықты жауапты болса, балалар да кейін әкешелері қартайған шағында қамқорлық жасауға міндетті.

wikipedia.org

– Тағы бір қонып кетесіңдер ме? Жоқ, боласыңдар ма біраз? – деп еді баласына тура қарап.

– Ертең жүруіміз керек. Отпускамыз бітті, көке-ау. Онсыз да кешігетін болдық. Курорттан қайтарда сіздерге соға алмай кетеміз бе деп, әбден састым өзім. Жол бойында самолетке отырудың өзі Құдайдың бір азабы, халық көп...

– Баланы ше? Жеңісті тастап кетпейсіңдер ме? Екеуден екеу қашанғы отырамыз сойдиып.

– Оны өздерің білесіңдер, мазаларыңды алады демесендер...

Ерекең үндеген жоқ. Төсегін салдырып жатып қалды. Бірақ ұйықтамады. Мазасы кетіп, жүрегі қатты соғып, әлдебір қолайсыз жағдайға тап болғалы тұрғандай, өреки берді. Біресе кемпірінің баяу қорылына, біресе шымылдықтың ар жағында сыбырласып жатқан баласы мен келінінің орысша сөздеріне құлақ түріп үнсіз жатыр. Ештеңеге түсінген жоқ. Бірақ келінінің ашынған батыл үніне қарап, онша жағымды бірдеңе айтып жатпағанын сезген еді. Сезіп қана қойған жоқ, анық білді. Ертеңіне тұрысымен, Сапабек қайтуға жиналды. Әке-шешесіне алған базарлықтарын, біраз жинаған ақшаларын қалдырды.

– Осының бәрі – Томаның жинап жүргені. Сіздерге деп осы шыбын-шіркей болып жүреді. Мен болсам, қалтама түскен затты сол күні құртам ғой, – деп қойды. Осыдан барысымен, посылка салатынын айтты. Одан соң:

– Ал, енді мына балаларың, – деді Жеңісті көрсетіп, – бір түйір қазақша білмейді. – Чемоданының аузын жаба алмаған болып біраз қиналды. – Таттанып қалған ба, немене?.. Ал енді оқу уже басталып қалды. Бұл арада орыс мектебі жоқ. Мұны қалай оқытамыз деп отырсыңдар. Биыл жетіге келді.

Ерекең төмен қарап, үн-түнсіз ұзақ отырды.

– Алып кет, өзіңмен бірге, – деді бір кезде даусы қарлығып. – Оқыт, өзіңдей қаңғыбас етіп шығар.

Сапабек тағы да қынжыла күлді.

– Ой, көке-ай, мені бір баласырап барады деп ойлайсың ба? Орыс мектебінің жоқ екенін айтып отырмын ғой. Әйтпесе...

– Бар, бар, алып кет, – деді Ерекең. – Жолдарың болсын!

Түстен кейін жалдап алған машиналарының кабинасына Жеңіс пен Томаны отырғызып, сыртқа

Сапабектің өзі отырып, әке-шешелерімен тура өткен жылғыдай сүйісе қоштасып, «ренжімеңдер» деп ақыл айтып, ауылдан шығып кетті. Машина қарасы үзілген кезде ғана кемпір үн-түнсіз жаулығының шетімен көзінің жасын сүртті.

– Көзің ағарсын сенің, – деді шал ақырып, – жылама!

Келесі күні Ерекең кетпенін алып, «қысқа отын жоқ, бар кезінде қи ойып алайын» деп, қыстау жанындағы қораға кетті. Уайымын басу үшін, тағы да жігіттік дәуренін, бұрынғының адамдарын еске түсірмек болды. Қаншайымды, баяғы Сырға көшкен ағайын жұртты ойлады. Бірақ құлазыған көңіліне ештеңе алданыш болмады...

1

Білу

1. Төлен Әбдіков туралы не білдіңдер? Қандай шығармаларын білесіңдер?
2. «Қонақтар» әңгімесінің кейіпкерлері кімдер?
3. Әңгімеде қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі қалай суреттелген?
4. Ерғабыл қарттың образы туралы не айтуға болады?
5. Сапабек кім? Ауылдастарының алдында өзін қалай ұстады?
6. Сапабектің ата-анасына деген қарым-қатынасы суреттелген жерді тауып оқыңдар.
7. Келіні Томаның қылығы: отырысы, шай құюы, киім киісі туралы не айтар едіңдер? Қайда өскендігін аңғардыңдар?
8. Қарттар өз өмірлерінің соңғы кезеңінде нені армандап еді? Сол армандарына жетті ме?
9. Қарттың ендігі үміті кімде еді? Ол үміті қалай үзілді?
10. Әңгімеде автор қандай мәселені көтеріп отыр?

2

Түсіну

1. Әңгіме неліктен «Қонақтар» деп аталған? Қонақтар деп отырғаны кімдер?
2. Қария не себепті ұлының жолын шыдамсыздана күтті?
3. Кемпірдің баласының қолына барып тұрғысы келуінің себебі неде деп ойлайсыңдар?
4. Ерекең баласының қолына баруға неге қарсы?

3

Талдау

Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

4


Жинақтау

Әңгіме кейіпкерлеріне тән қасиеттерді топтау сызбасы арқылы көрсетіңдер.

5

Қолдану

1. Шығармаға сатылай-кешенді талдау жасаңдар, әр бөлімнің түйінді ойын анықтаңдар.
2. Үзіндіні түсініп оқып, мазмұндау жоспарын құрыңдар.
3. «Балық қаңқасы» тәсілін қолданып, әңгіме мазмұны бойынша ой қорытынды жасаңдар.



4. Әңгіменің көркемдегіш құралдарын табыңдар:
Теңеу → Эпитет → Метонимия → Фразеологизм → Метафора → Ауыспалы мағынадағы сөздер → Дисфемизм → Мақал-мәтел
5. Әңгіменің сюжеттік-композициялық құрылысын талдаңдар.

Экспозициясы	Дамуы	Шарықтау шегі	Шиеленісуі	Шешімі

6. «Ата-ананы сыйлау – адамзаттың парызы», «Қарт адам – қазына» тақырыптарына эссе жазыңдар.
7. Сөйлемді аяқтаңдар: «Егер мен Сапабек болсам, ...»

6

Баға беру

1. Сапабек ата-анасының арман-тілектерін орындай алады деп ойлайсыңдар ма?
2. Авторлық шешіммен келісесіңдер ме? Неліктен?
3. Қарт неге ренжіді? Келінінің қылықтары неліктен ұнамады?
4. Қалаға асығыс аттанған Сапабек ата-анасына не ұсынды? Қалай ойлайсыңдар, перзентінің ата-анаға деген махаббаты ақшамен өлшене ме?
5. Автор Сапабектің сезімсіз, қатыгез болып өсуіне кімді кінәлі деп санайды?
6. «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы алты топқа бөлініп, өз көзқарастарыңды айтып, пікірлеріңді білдіріңдер. «Ақ қалпақ» (проблемаға қатысты деректерді талассыз келтіреді), «сары қалпақ»

(үзіндінің жағымды тұстарын айтады), «қара қалпақ» (шығарманың жағымсыз тұстарын айтады), «көк қалпақ» (талдау жасайды, «не үшін?», «неге?», «неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздейді), «жасыл қалпақ» (шығармаға қатысты тың идеялар мен болжамдар айтады), «қызыл қалпақ» (оқиганы оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды).

7. Ата-ана алдындағы парыз дегенді қалай түсінесіңдер? Шығарманы оқып шыққаннан кейін қандай ойға келдіңдер?

Диалог құру



Жазушы Т.Әбдіковтің «Қонақтар» шығармасының кейіпкерлері туралы екеуара сұхбат құрыңдар.

Кітапсүйерлер үшін



Т.Әбдіковтің «Оң қол», «Қайырсыз жұма», «Бас сүйек», «Қонақтар», «Жат перзент», «Қыз Бәтiш пен Ерсейiт», «Парасат майданы», «Ақиқат» атты шығармаларын оқыңдар. Кейіпкерлері туралы ой бөлісіңдер.

Әдебиет теориясы



Әңгіме туралы түсінік

Әңгіме – оқиганы баяндап айтуға негізделген, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгімеде әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Онда аса маңызды деген қысқа оқиға суреттеледі. Әңгіме кейіпкерлері көп болмайды. Сюжет желісі бір арналы ширақ келіп, тақырыбы мен идеясы айқын болады. Ол аз сурет арқылы көп жайды аңғартады, жазушыдан көркемдік шеберлікті талап етеді. Мұнда бір айтылған жайларға қайта оралуға, баяндауға, ұзақ суреттеуге орын жоқ. Онда адам, оның өмірі мен тағдыры, аса маңызды деген оқиға жинақы беріледі.

Қазақ әдебиетінде балаларға арнап тұңғыш әңгімелер жазған – Ыбырай Алтынсарин.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы

Тапсырмалар



Әдебиет теориясына сүйеніп, әңгіме жазып көріңдер.

Қымбатты достар! Біз тек қана қазақ әдебиетінің шеңберінде қалып қоймай, әлемдік құндылықтарды да танып-біліп, ана тіліміздегі әдеби шығармаларды әлем әдебиетінің озық үлгілерімен қатар оқып, жалпыадамзаттық мәдениетке ұмтылуымыз керек.

Шетел әдебиетін танып-білу халықтар арасында достықты нығайтуға, өзара ұғынысуға, ынтымақ пен бірлікті және әдеби байланыстарды күшейте түсуге ықпал етеді.

АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ ПУШКИН



АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ
ПУШКИН
(1799–1837)

Естеріңізге түсіріңдер:

Қандай шетел әдебиетінің өкілдерін білесіңдер?

Меңгерілетін білім:

Александр Сергеевич Пушкин кім?

Александр Сергеевич Пушкин 1799 жылы Мәскеу қаласында ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Болашақ ақынның әкесі Сергей Львович әдебиетке әуес, өзі де өлең шығаратын кісі болған. А.С.Пушкиннің үйіне сол кездегі көрнекті ақындар жиі-жиі келіп тұрған. Поэзия жайындағы әңгімелер, өлең оқу, әкесінің бай кітапханасы зерек, алғыр балаға үлкен әсер етіп, оның ақындық дарынының оянуына себепкер болған. Пушкиннің бала күндегі досы – тәрбиеші әйел Арина Родионовна еді. Қарапайым шаруа қызы болашақ ақынның халық поэзиясына құштарлығын оятуда зор әсер еткен. Пушкин өзінің әжесі Мария Алексеевнаны да өте жақсы көрген. Әжесі мен тәрбиеші әйел кішкене Сашаға халық ертегілерін, әндер мен әңгімелерді айтып беріп отырған. Кейіннен Пушкин естіген халық ертегілері бойынша өзінің тамаша шығармаларын жазған.

Ақын бала кезден-ақ орыс әдебиетінің сол кездегі тамаша туындыларымен, Батыс Еуропаның алдыңғы қатарлы ақын-жазушыларының еңбектерімен танысып үлгерген. Лицейде оқып жүрген кезінің өзінде-ақ белгілі ақындарды таңғалдыратын өлеңдер жазған.

Бостандықты аңсаған өлеңдері және декабристермен жақын достығы үшін Ресей патшасы оны әртүрлі жерлерге (Михайловск селосы, Кавказ, Молдавия)

Зергер сөз

Табиғат ақындық талантына қоса оған таңқаларлық зерде мен көрегенділік қасиет сыйлаған. Бірде-бір оқыған дүниесі, бірде-бір әңгіме, бірде-бір ой тебіренісі оның өмірінен біржолата сызылып қалмайтын. Оның басы түрлі қазыналар қоймасы секілді сан алуан істерге дайын материалдарға толы болатын.

П.Плетнев

айдауға жібереді. Пушкиннің аса дарындылығына көз жеткізген патша оны сарай ақыны етуді көздейді. Бірақ қашан да ақиқатты бәрінен жоғары бағалаған ақын өз жүрек қалауындағы дүниелерді ғана жазады.

1837 жылдың қысында ақынға тіл тигізгендердің бірі, орыс әскерінде қызмет етуші Дантес деген француз бен Пушкин арасында дуэль болды. Бұл дуэльде ақын қатты жарақаттанып, 10 ақпан күні қайтыс болады.

А.С.Пушкин шығармашылығы орыс әдебиетінің дүниежүзіне танымал болуына өз әсерін тигізді.

Бағалы дерек

Қазақ тарихында Пушкиннің мұрасына алғаш айрықша зер салып, өнеге еткен – Абай Құнанбайұлы. Ол Пушкиннің ең таңдаулы туындысы «Евгений Онегинді» жоғары бағалап, оның жеке үзінділерін асқан көркемдік шеберлікпен қазақшалап берді. Абай қазақ тіліне аударып, арнайы ән шығарған «Татьяна хаты» халық арасында ХІХ ғасырдың аяқ кезінде өте кең тарап, ең сүйікті өлеңдердің біріне айналуы – орыс ақынының қазақ халқына етене жақын болып кеткенінің айқын дәлелі.

«Абай» журналынан

Артық болмас білгенің

Е.Пугачев көтерілісі туралы көлемді шығарма жазуды ойлаған А.С.Пушкин шаруалар қозғалысының өрті шарпыған аймақтарды аралау үшін Петербургтен 1833 жылдың 17 тамызында сапарға аттанады. Москва, Нижний Новгород, Қазан, Сибирск қалалары арқылы бір айдай жүріп, 18 қыргүйек күні Орынборға келеді. Мұнда екі тәулік болады. Орынбордан 20 қыргүйек күні шығып, ертеңінде Орал қаласына келеді, онда үш күн болып, 23 қыргүйекте Болдиноға жүріп кетеді. Бүгінде ақын осы сапарында аялдаған үйдің қабырғасына сол тарихи күндерді көзге елестететін мемориал тақта қойылған. А.Пушкин Оралда болған сапарында Жайық бойын жағалап, оның төңірегін аралаған. Ол сол жерде қыруар тарихи деректер жинап, мұрағат материалдарын зерттеп, көтеріліс болған жерлерді аралады. Көтерілісті көзімен көрген адамдардың естеліктерін, ел арасында сақталған жыр, әңгіме-аңыздарды жаздырып алған. Мұның бәрі Пушкинге шаруалар көтерілісін, оның басшысы Пугачевтің бейнесін суреттегенде тарихи шындықты айнытпай дәл көрсетуге мүмкіндік берді. Ол Пугачев бастаған көтеріліске орыс шаруаларымен бірге басқа халықтар өкілдерінің – башқұрт, қазақ кедейлерінің де қатысқанын суреттейді. А.С.Пушкин хатында: «... Орал қаласына келдім. Мұндағы халық біздерді қуана қарсы алды. Елі қонақжай екен. Менің құрметіме түсте екі дүркін дастарқан жайылды», – деп риза болған.

«А.С.Пушкин және қазақ елі»

Ескерткіш

Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес,
Ел ізі оған салған суи білмес.
Асқақтап Александр мұнарасынан,
Жоғары оқшау шығып тұрар дербес.

Жоқ, өлмен, жаным жасар өлеңімде,
Шірімей, жасаңғырар денем мүлде.
Бар болса, жалғыз ақын ай астында,
Ардақтап, қасиеттер мені әр күнде.

Дабысым ұлы Россияға кетер жалпақ,
Тіл біткен жүрер менің атымды атап.
Славян елдерінің әр ұрпағы,
Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ.

Халқыма сүйікті ұзақ болар жерім –
Туғыздым өлеңіммен мейірлерін.
Жыр етіп тар заманда еркіндікті,
Мархабат пақырларға тілегенмін.

Уа, Муза! Құлағың сал, сөзіме бақ,
Жабықпа жәбірлеуден, тілеме атақ.
Мақтауды жала менен тыңда салқын,
Тіреспе тіл үйіріп, не десе ақымақ!

Аударған F.Омаров

1

Білу

1. А.С.Пушкиннің қандай шығармаларын білесіңдер?
2. Ақынның «Ескерткіш» өлеңінде болашаққа деген сенімі қай жолдарда берілген? Тауып оқыңдар.
3. Ақын өлеңі кімге арналған?

2

Түсіну

Өлең неліктен «Ескерткіш» деп аталған? Ақын қандай ескерткіш туралы айтып отыр?

3

Талдау

Берілген кестені толтыра отырып, өлең жолдарына талдау жасаңдар:

Маған ұнаған өлең жолдары	Ақынның айтар ойы	Менің ойым	Көркемдік қуаты

4

Жинақтау

Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

Қолдану

1. Ақын өмірі мен шығармашылығы туралы орыс әдебиетінен алған білімдеріңді пайдалана отырып, мазмұндап беріңдер.
2. Өлеңді мәнерлеп оқып, қалауларың бойынша жаттап алыңдар.
3. «Пушкин қазақ жерінде», «Пушкин және қазақ ақындары» атты тақырыпта шығармашылық жұмыс орындаңдар.

6

Баға беру

*«Дабысым ұлы Россияға кетер жалпақ,
Тіл біткен жүрер менің атымды атап.
Славян елдерінің әр ұрпағы,
Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ», –*
деген ақынның жыр жолдары туралы ойларыңмен бөлісіңдер.

Диалог құру

А.С.Пушкин шығармашылығы туралы диалог құрыңдар.

Кітапсүйерлер үшін

А.С.Пушкиннің «Руслан мен Людмила», «Кавказ тұтқыны», «Цыгандар» атты шығармаларының мазмұнымен танысыңдар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Бабалар сөзі» топтамасы. – Алматы, 2012.
2. «Бес ғасыр жырлайды» топтамасы. – Алматы, 1993.
3. «Жеті ғасыр жырлайды». Екі томдық. – Алматы, 2008.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. – Алматы, 2007.
5. «Қазақ әдебиеті». Оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
6. «Қазақ әдебиетінің тарихы». Он томдық. – Алматы, 2008.
7. «Қазақ балалар әдебиетінің қазынасы». – Алматы, 2003.
8. «Кім күшті?». Балалар фольклоры. – Алматы, 2003.
9. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы, 2009.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008.
11. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы, 2013.
12. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 2011.
13. «Қазақстан жазушылары. XX ғасыр». Анықтамалық. – Алматы, 2004.
14. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, 2011.
15. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1994.
16. Ахметов Ш. «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы». – Алматы, 2004.
17. Өуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы, 2001.
18. М.Өуезов. «Айтыс өлеңдері». //Айтыс. II том. – Алматы, 1965.
19. «Қазақ әдебиеті» анықтамалығы, Алматы, 2011.
20. Жарықбаев Қ., Қалиев С. «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы». I том. – Алматы, 1994.
21. Жолдасбеков М., Сейдімбек А., Салғараұлы Қ. «Елтұтқа». – Астана, 2001.
22. Жолдасбеков М. «Тастар сөйлейді». – Астана, 2002.
23. Жұмалиев Қ. «Қазақ әдебиеті». – Алматы, 1982.
24. Елікбаев С. «Қазақ әдебиеті» оқушы анықтамалығы. – Алматы, 2005.
25. Керімбаева А. Гуманитарлық циклдағы пәндер бойынша жоғарғы деңгейдегі сұрақтарды қолдану тиімділігі. Астана, 2016.
26. Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті». – Алматы, 2003.
27. Қалиев С., Ызғұттынова Р., Жексенбаева Г. «Тәлім-тәрбие хрестоматиясы». – Алматы, 1996.
28. Қасқабасов С. Таңдамалы. Жинақ. – Астана, 2014.
29. Қасқабасов С. «Жыраулар поэзиясы – авторлық ауыз әдебиеті». Таңдамалы. II том. – Алматы, 2014.
30. Сарғасқаев С. «Қайсар қыз». – Алматы, 1992.
31. Сарғасқаев С., Қайсенов Қ. Повестер. (Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы» топтамасы. 9-том). – Алматы, 1990.
32. Шаханов М. «Дара талғам қасіреті». – Алматы, 2007.
33. Ысқақов Б. «Ұмытылмас есімдер». – Алматы, 1994.
34. «Қазақ батырлары». Жинақ. Алматы, 1992.

Электрондық ресурстар

www.kitaphana.kz
<http://www.qazaquni.kz>
www.topreferat.kz
<http://classic.nlrk.kz>
<http://classic.nlrk.kz>
<http://turkiya.kz>
www.el.kz

<http://www.kazakhadebieti.kz>
www.kk.wikipedia.org/wiki
<http://www.ikitap.kz>
<http://www.ikitap.kz.books>
www.referat.kz,
[bilim-all.kz](http://www.bilim-all.kz)

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
КӨНЕ КҮНДЕРДЕН ЖЕТКЕН ЖӘДІГЕРЛЕР	7
Лиро-эпостық жырлар	8
«Қыз Жібек» жыры туралы.....	11
Қыз Жібек (<i>жырдан үзінді</i>).....	12
Орхон-Енисей ескерткіштері	22
Күлтегін жазуы.....	25
Күлтегін	30
«Күлтегін» жыры (<i>Бірінші жыр</i>).....	31
«Күлтегін» жыры (<i>Екінші жыр</i>).....	35
Жыраулар поэзиясы	45
Жиембет жырау	48
Еңсегей бойлы Ер Есім.....	50
Қазтуған жырау	54
Қазтуғанның қонысымен қоштасуы.....	55
ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ	59
Шортанбай Қанайұлы	60
Зар заман.....	62
Сүйінбай Аронұлы	66
Сүйінбайдың Қатағанмен айтысы.....	69
Жамбыл Жабаев	80
Зілді бұйрық (<i>Июнь жарлығы</i>).....	83
БАЛАЛАР МЕН ҮЛКЕНДЕР	89
Мағжан Жұмабаев	90
Батыр Баян (<i>поэмадан үзінді</i>).....	93
Мұхтар Әуезов	104
Көксерек.....	106
Қасым Қайсенов	126
Жау тылындағы бала (<i>повестен үзінді</i>).....	127
Сансызбай Сарғасқаев	141
Тәмшіш қара (<i>повестен үзінді</i>).....	142
ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ	155
Мұхтар Шаханов	156
Нарынкүм зауалы (<i>поэма</i>).....	157
Темірхан Медетбек	165
Тәуелсізбін.....	166
Төлен Әбдіков	172
Қонақтар (<i>ықшамдалып алынды</i>).....	173
Александр Сергеевич Пушкин	186
Ескерткіш.....	188
Пайдаланылған әдебиеттер	190

«Қыз Жібек», «Батыр Баян», «Көксерек» шығармаларында берілген суреттер кинофильмдерден алынған үлгілер бойынша салынды.

Оқулық басылым

Сәуле Чапайқызы Тұрсынғалиева
Руда Зайкенова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
7-сыныбына арналған оқулық

Суретші-бездірушілер	О.Подопригора, Е.Игнатенко
Суретшілері	А.Айтжанов, С.Пернебаева, А.Хақимжанова, Д.Қдыров, Ә.Төлебиев
Фотосуретшілері	В.Бондарев, А.Алина, Ә.Сапарғалиева
Бас редакторы	Қ.Қараева
Редакторы	А.Матаева
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редактор	Е.Мельникова
Мұқабаның дизайні	В.Бондарев
Беттегендер	Г.Илишева, Л.Костина

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 31.10.16 берілді. Басуға 13.06.17 қол қойылды. Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 20,16. Таралымы 30000 дана.

Артикул 707-001-001к-17